

X621
К96

М. А. ҚЫЗЫЛОВ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ
ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ**

М. А. ҚЫЗЫЛОВ

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ 2005

ББК 67.401.213я7

К11

*ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты ғы
кеңесінің шешімімен басылды*

Пікір берушілер: А. Е. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеттің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор *Е. Қ. Кобеев*;
Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының Әкімшілік құрылымының және ПО әкімшілік қызметі кафедрасы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты *М. М. Кәкімжанов*

Қызылов М. А.

К11 Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі (Жалпы бөлім): Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2005. — 216 б.

ISBN 9965-684-11-1

Оқу құралының жалпы бөлімі «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының оқу бағдарламасына сәйкес 050303 — «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша білім алатын Қазақстан Республикасы ИМ оқу орындарының тыңдаушыларының курсты қажетті деңгейде меңгеруіне және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін кәсіби дәрежеде жүзеге асыруға, дағдылық пен іскерлікті игеруіне байланысты білім алуға арналған.

Оқу құралын Қазақстан республикасы ИМ жоғары және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары), оқытушылары және тәжірибелік қызметкерлердің пайдалануына әбден болады.

К $\frac{4310020000}{00(05)-05}$

ББК 67.401.213я7

ISBN 9965-684-11-1

© *Қызылов М. А., 2005*

*Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта,
Ерінбей оқып көруге.*

Абай

АЛҒЫ СӨЗ

Құқықтық мемлекет құру заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, құқық қорғау органдарының, оның ішінде ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын-ала тергеу мен жедел іздестіру қызметтерін, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қайшы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган болып табылады.

Мемлекеттік арнайы орган ретіндегі ішкі істер органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды орындаудағы маңызды бағыттардың бірі әкімшілік-құқықтық құралдармен жүзеге асырылатын әкімшілік қызмет атқару болып табылады. Бұл қызмет нақты түрде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіпті қорғауға, және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықпен тікелей күресуге бағытталған. Оның тиімділігі құқықтық тәртіп жағдайына байланысты. Осыған байланысты ҚР ИІМ оқу орындарында ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін оқып-үйрену аса маңызды орын алады.

Осы аталған мәселелерді шешуге алғашқы арнаулы пәндердің бірі болып саналатын «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсы арналған.

ҚР ИІМ Қарағанды

Курстың мазмұны мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, әкімшілік құқық пәндерінің негізгі қағидаларымен тығыз байланысты.

Ұсынылып отырған «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» пәнінің дәрістері тыңдаушылар мен курсанттардың тиісті дәрежеде теориялық білім алып, жете игеруіне және күні ертең алған білімдерін ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде пайдалана білуін мақсат тұтады.

Оқу орындарындағы оқу процесін кәсіптік қызметке мейлінше жақындата түсу ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарының кеңейтілуі мен жетілдірілуіне байланысты. Осы орайда аталмыш оқу құралы осы талапқа сай және дер кезінде ұсынылып отыр деп ойлаймыз. Оқу құралы негізінен қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін шешудің мақсаттарын жүзеге асыруды бағытқа алған. Сол мақсаттардың бірі — құқық қорғаудың осы саласындағы қызметтері үшін білімді де білікті мамандар даярлау.

Оқу құралында қарастырылған барлық мәселелер ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне бағытталған және ішкі істер басқару мазмұнын тыңдаушылардың меңгеруіне, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау маңызын, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің ерекшеліктерін, полиция қызметінің құқықтық негізін, жүйесін, құрылымын және негізгі міндеттерін, сондай-ақ ішкі істер органдарының салалық қызметтері мен бөлімшелерінің құрылымын, құқық бұзушылықтың таралуының алдын алу, табу, ашу, жолын кесу және болдырмауын, полицияның әкімшілік қызметтің мазмұнын, нысандары мен әдістерін, сонымен қатар азаматтардың құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысудың ұйымдастыру-құқықтық нысандарын қамтиды.

Оқу құралының авторы, ішкі істер органдарының болашақ қызметкерілері — тыңдаушылар мен курсанттардың таңдаған мамандықтарына орай (жедел іздестіру қызметі, тергеуші, полицияның учаскелік инспектор тағы басқа да мамандық) ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін қандайда болмасын көлемде жүзеге асырушысы, қатысушысы болып немесе онымен тығыз әрекеттесетіндігін ескеріп осы салаға қатысты барлық мәселелерді қамтуға тырысты.

Оқу құралын дайындау барысында Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Парламенті мен Үкіметінің қаулылары, өкімдері және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құқықтық шешімдері, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған актілер, ведомствалық нормативтік актілер, оның ішінде «Қазақстан Республикасы ішкі істер орғанда-

ры туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы № 2707 Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 жылғы 15-маусымында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасының ПМ ішкі әскерлері қолбасшысы өкілеттіктерінің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2001 жылғы 11-маусымындағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Егемен Қазақстан» 30.12.2004, 8.01.2005 және 11.01.2005 газетінде жарияланған Қазақстан Республикасының заңдары) қолданылды.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы ПМ бекіткен «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курс бағдарламасы, КСРО және Ресей Федерациясының ішкі істер министрлігінің оқу орындарына арналған «Административная деятельность органов внутренних дел»¹ атты оқулықтары басшылыққа алынды.

Әртүрлі деңгейдегі ішкі істер органдарының қызметтері мен аппараттары жүзеге асыратын әкімшілік қызметтің барлық ерекшеліктері оқу құралында толық қамтылмағандықтан, «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсы жүргізетін оқытушылар және белгілі бір тақырып жөнінде қосымша мәлімет алғысы келетін тыңдаушылар курсты тереңірек оқу үшін оқу сабақтарында ҚР ПМ және басқа да ведомствалық актілерді, арнаулы әдебиеттерді және ішкі істер органдарының нақты материалдарын қолдану ұсынылады.

¹ Қараңыз: Административная деятельность органов внутренних дел: Учебник / Под ред. д-ра юрид. наук, проф. Л. Л. Попова. — М., 1983; Административная деятельность органов внутренних дел: Часть Общая / Под ред. Заслуж. деят. науки РФ, д-ра юрид. наук, проф. А. П. Коренева. — М., 1996.

I-ТАРАУ

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ КУРСЫНА КІРІСПЕ

1-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ КУРСЫНЫҢ ПӘНІ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

Курс пәні. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарында оқытылатын арнайы заңгерлік бағыттағы пән болып танылады. Курста мемлекеттің ішкі істерімен басқарудың мазмұны мен ерекшеліктері, ішкі істер саласындағы басқарудың елеулі объектісі — қоғамдық тәртіптің мәні, ішкі істер органдарының қызметінің мазмұны мен қағидалары, міндеттері, ұйымдастырылуы, қызмет бағыттары, субъектілері, ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және әдістері, осы салада болатын қоғамдық қатынас және осы қызметті реттейтін әкімшілік құқық нормалары оқытылады.

Курстың пәні (мазмұны) тыңдаушылар мен курсанттардың бұдан бұрын «ҚР әкімшілік құқық» курсына оқығандығы ескеріліп, енді «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының оның теориялық жақтарын меңгерудің негізге алынып отыр.

Курстың мақсатты бағыты — тыңдаушылар мен курсанттарды ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін іске асыруға дайындау, оларға кәсіпқойлық қызметтік міндеттерін орындау жолындағы білімділікке, біліктілікке және тәжірибеге үйрету.

Курс міндеттері. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының негізгі міндеті: тыңдаушылар мен курсанттарға мемлекеттің ішкі істерін басқарудың мәні мен маңызы, оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басқаруды жүзеге асыруда терең білім беру; тыңдаушылар мен курсанттардың ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін заңдарын дұрыс білуге; қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қандай да болмасын сұрақтарын дұрыс ше-

шілуін білу және оны қолдануға баулу; тыңдаушылар мен курсанттарға ішкі істер органдарының жұмысын, апараттары мен қызметтерін, әкімшілік қызметтің мазмұнын, нысандары және тәсілдерін әдістерен, сондай-ақ заңдылықты қамтамасыз ету әдістерімен таныстыру; тыңдаушылар мен курсанттарды ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің жеке түрлері, бағыттары және жүзеге асыру жолдарымен таныстыру; әкімшілік қызметтің түрлері мен бағыттарын реттейтін құқықтық негіздермен; ішкі істер органдарының қарау құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы әкімшілік-құқықтық күресті ұйымдастыру тактикасымен; күнделікті және ерекше жағдайларда қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырумен таныстыру.

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының маңызы үшін басқару ғылымы мен басқару жұмыстарын ғылыми тұрғыда ұйымдастыру жөніндегі, мемлекеттік басқару органдарының жұмысын жетілдіру, құқықтық тәртіпті және заңдылықты нығайту жөніндегі еңбектерді оқуды алға қояды.

Курсты оқуда ең басты орын құқықтық мемлекетті қалыптастыру, еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қатысты заң шығарушы және атқарушы органдарының заң актілеріне беріледі.

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының жалпы және арнаулы мәселелерін жетік білу үшін заң нормаларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің нормативтік қаулылары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және өкімдері, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары, жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың нормативтік құқықтық шешімдері, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған актілер, ведомствалық нормативтік құқықтық актілерін оқып-білу қажет.

Курс жүйесі. Курс жүйесінің негізіне ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі саласындағы қалыптасатын қатынастар жүйесі алынған. Бұл қатынастар екі топқа бөлінеді: әкімшілік қызметтің барлық түрлері мен бағыттарына арналған жалпы қатынастар және оның жекелеген түрлері мен бағыттарындағы қатынастар. Осыған байланысты «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлінеді. Курстың әрбір бөлімі тиісті тақырыптарға бөлінген.

Курстың Жалпы бөлімі сегіз тараудан тұрады.

Бірінші тарау курстың кіріспесіне арналған. Кіріспе ішкі істермен басқарудың мәнін, мазмұнын мен ерекшеліктерін, және ішкі істер саласындағы өкілетті және атқарушы органдардың құзырына талдау жасалады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті әлеуметтік-құқықтық категория және басқару объектісі ретінде оқыту елеулі орын алады. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік ұғымдары іс жүзіндегі осындай басқа да ұғымдармен салыстырмалы түрде түсінік беріледі. Қоғамдық тәртіптің мазмұнын ашатын элементтердің сипаттамасы беріледі. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздіктің мағынасы көрсетіледі. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» ұғымы, оның негізгі ерекшеліктері мен әкімшілік қызметтің қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ролі және осы қызметтің қағидалары беріледі.

Екінші тарау ішкі істер органдарының құқықтық жағдайы мен ұйымдық құрылымына, міндеттеріне, негізгі функцияларына, жүйесіне, құрылымына және ішкі істер органы қызметінің нысандарына арналған.

Үшінші тарауда ішкі істер органдарындағы мемлекеттік қызметтің ұйымдық-құқықтық негізгі, осы қызметті атқару тәртібі қарастырылады.

Төртінші тарауда ішкі істер органдарының арнаулы басқару аппараттарының (штабтық аппарат, кезекші бөлім) жағдайы және ұйымдық құрылымы оқылады.

Бесінші тарау материалдық-техникалық және ішкі істерді әскери жабдықтау, шаруашылық және қаржылық қамтамасыз ету, ішкі істер органдарының құрылыс жөніндегі аппараттарының құқықтық жағдайлары мен ұйымдық құрылымын білуге арналған.

Алтыншы тарау ішкі істер органдарының (полицияның) құқықтық жағдайы, ұйымдық құрылымы және қызметінің негізгі бағыттарын оқытады.

Жетінші тарау ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және әдістерін оқуға арналған. Онда ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мағынасы және осы қызметінің көрініс нысандары ашылады. Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінде сендірудің ролі және сендірудің ұйымдық-құқықтық нысандары көрсетілген. Ескерту, болдырмау, әкімшілік құқық бұзушылық істерін қамтамасыз ету, жаза салу сияқты ішкі істер органдарының (полицияның) қолданатын әкімшілік мәжбүрлеу шаралары көрсетіледі және оларды қолданудың тәртібі қаралады. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру тәртібі мен әкімшілік юрисдикциялық қызметті ұйымдастырылуы қаралады. Тақырыптарды оқу ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінде негізгі қағида болып саналатын заңдылықты қамтамасыз ету әдістерімен аяқталады.

Сегізінші бөлімде азаматтардың қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысудың нысандары қаралады.

Құрстың Ерекше бөлімін төрт тарау құрайды:

1. Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметтері. Бұл тарауда: осы қызметтің мазмұны және негізі, патрульдік-бекет қызметі, ішкі істер органдарының (полицияның) ұсталғандарды және қамауға алынғандарды күзету, ұстау, айдап апару қызметтерінің, полицияның учаскелік инспекторларының қоғамдық тәртіпті қорғаудағы функциялары және т.б. қызмет бағыттары оқытылады.

2. Кәмелетке толмағандар құқығына, меншікке қол сұғатын; кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы саласындағы; қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы; карантиндік ережелер және ветеринариялық қадағалау саласындағы; қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық; қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қарсы қол сұғатын; басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын; Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және Қазақстан Республикасының саласында болу тәртібіне қол сұғатын; көлікте, жол шаруашылығындағы және басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру тактикасы және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын ескерту мен жолын кесу, сонымен бірге полицияның табиғатты қорғау қызметі қарастырылады.

3. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің желілік-салалық түрлері. Бұл тарауда: ішкі істер органдарының лицензия-рұқсат беру жүйесі, көші-қон қызметін жүзеге асыру, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ азаматтардың Қазақстан Республикасында болу ережелері қамтамасыз ету, көліктегі ішкі істер органдары, жол полициясы қызметі, мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметі мәселелерін оқу қарастырылған.

4. Ерекше жағдайда қоғамдық тәртіпті қорғау. Бұл тарауда бұқаралық шараларды өткізу, төтенше жағдай, дүлей апат жұқпалы аурулар мен міндеттер кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, топтасып қоғамдық тәртіпті бұзу және жаппай тәртіпсіздікті ескерту және жолын кесудегі ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі, діни мерекелер кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету оқытылады.

Курстың Жалпы және Ерекше бөлімінің жүйесі «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының бағдарламасына сәйкес құрылды.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының пәні деп нені түсінуге болады?

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсы тығыз байланыстағы пәндерді атаңыз және осы байланыстықтарды негіздеңіз?

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының мақсаттылық негізі неде?

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсын толық меңгеру үшін қандай нормативтік актілерді оқу қажет?

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының жүйесі деп нені түсінеміз?

2-тақырып. ІШКІ ІСТЕРМЕН БАСҚАРУ, ҚОҒАМДЫҚ ТӨРТІП ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДА БАСҚАРУДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ

1. Ішкі істермен басқарудың мазмұны және ерекшеліктері

«Ішкі істер» терминімен мемлекет қызметінің бір саласы белгіленеді. Мемлекеттің ішкі істер саласы көп түрлі болып келеді. Ол өз алдына қоғамдық қатынастардың күрделі топтарын қамтиды, олар жеке азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, қоғамға және мемлекетке және басқа да құқыққа қол сұғудан қорғау; қылмыстық және басқа да құқық бұзушылықта ескерту, табу, жолын кесу; жедел іздестіру қызметін, анықтама және тергеуді жүргізу; жол және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету; лицензия-рұқсат беру мен төлқұжат қызметтерін жүзеге асыру; Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың болу ережелерін сақтауды қамтамасыз ету және тағы басқалар.

Аталған қоғамдық қатынас топтары қаралып отырған аумақтық бір бөлігі болып саналады. Осы топтардың бірлесуі мемлекеттің ішкі істер саласының көп түсінігін береді.

Аталған қоғамдық қатынастар объективті түрде байланыстылығы, мемлекеттің ішкі істер саласындағы басқарудың жеке объектісі ретінде қаралады, сонымен қатар қоғамдық қатынас басқару жүйесі түрінде болады. Ішкі істерді басқару сонымен бірге басқа да аумақта және салаларда басқару сияқты өз алдына мақсатты пен бағытты ұйымдық қызмет болып саналады.

Ішкі істер саласында басқару субъектісі белгіленген өкілеттілігі бар мемлекеттік органдар, оның лауазымды қызметкерлері, ішкі істер саласында функцияларын жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдар мен мекемелер, ар-

наулы құқықтарды иеленген өкілетті өкілдер, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтар болып табылады.

Ішкі істер саласында басқару объектісі болып, азаматтар, топтар, азаматтар ұжымы, мемлекеттік органдар, олардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар мен оның өкілдері саналады.

Субъекті мен объектінің арасындағы тура және жанама байланыстар бір жағынан, басқару субъектісінің биліктік мінездемесі бар және орындауға міндетті әмірлерінің (бұйрықтары т. б.) шығуымен, ал екінші жағынан басқару объектісінің басқару субъектісінен келген әмірлердің орындалуы немесе орындалуының жағдайы туралы ақпараттармен кескінделеді.

Ішкі істер саласында басқарудың мазмұнын, басқарудың міндеттері мен функцияларын, мақсаттарын белгіленген нысандарда және сәйкестірілген әдістерде іске асыру қызметін құрайды.

Ішкі істер саласында басқарудың негізгі мақсаты — елімізде құқықтық тәртіпті және заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Бұл мақсат қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыстылықпен күресу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, меншіктің барлық түрін қорғауда, басқаруда нақтыланады.

Ішкі істермен басқару әлеуметтік басқарудың бір түрі ретінде бірқатар функцияларға бөлінеді, олай деп басқарудың міндеттерін орындаудағы жеке-келеген бағыттарындағы қызметтерін айтамыз. Осыған байланысты басқару функциялары жалпы, арнаулы (негізгі) және қамтамасыз етуші болып бөлінеді.

Басқарудың жалпы функциясы, басқару жүйесінің барлық және жеке-келеген топтарына тән, басқарудың арнаулы (негізгі) функциясы басқарудың жекелеген әлеуметтік қызметін ұйымдастыруға әсер етеді, сонымен бұл аумақты әртүрлі жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді, басқарудың қамтамасыз ету функциясы жалпы және арнаулы функцияларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Басқарудың жалпы функциясына: есепке алу, талдау, болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу және бақылау жатады.

Ішкі істер саласындағы *басқарудың арнаулы функциясы* болып: азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғудан қорғау; қоғамдық тәртіпті қорғау; қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту, ашу және жолын кесу; тез және толық қылмыстарды ашу, қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды келтіретін себеп-салдарды жою; мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке тұлғаларды күзету т. б. Осы функциялар, басқарудың міндеттері және мақсаттарымен анықта-

лады және ішкі істер саласындағы қызмет мазмұнының негізгі функциялар болып саналады.

Басқарудың қамтамасыз етуші функциялары мынадай топтардан тұрады: кадрлық, материалдық-техникалық (шаруашылық), қаржылық, іс өндірістік және басқалар.

Жалпы, арнаулы (негізгі) және қамтамасыз ету функциялары қатар жүреді және бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Басқару әлеуметтік құбылыс ретінде сан қилы процесс, ол өзінің мазмұндылығымен, ұйымдастырылуымен және технологиялық жақтарымен сипатталады.

Басқару процесінің мазмұны, басқарудың мағынасымен, оның мақсаты, міндеттері, функциялары, қағидалары және қолданылатын басқарудың әдістерімен анықталады.

Басқарудың ұйымдастыру процесі динамикалық жағымен анықталады. Ол өз алдына басқару шешімдерін дайындау, қабылдау және оларды іске асыру басқару циклдарын құрайды. Әрқайсысы нақты басқару сатыларын құрайды. Басқару процесін ұйымдастыру басқару субъектісі мен басқару еңбегін ұйымдастыруды құрайды.

Басқарудың технологиясы өз алдына жинау, сақтау, әр түрлі ақпараттардың берілуін, басқару операциялар процесін жетілдіру және оны құжаттаудан тұрады. Басқару технологиясының аса маңызды жағы іс өндірісі және құжат айналымы болып табылады.

Ішкі істер саласындағы басқару әр түрлі нысандарда жүзеге асырылады: басқару шаралары (ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстар); материалды-техникалық операциялар; норма шығармашылық қызмет; құқық қолдану (реттеуші және құқық қорғаушы) қызметі.

Басқару қызметі, басқару жүйесінің ішінде жүзеге асырылумен бірге, сыртқы қызметінде де органдармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, лауазымды адамдармен және азаматтармен қарым-қатынаста жүзеге асырылады.

Басқару нысандары ішкі ұйымдық мәселелерді шешуге, басқару жүйесінің ішінде басшылық жасауға, сонымен бірге басқарудың арнаулы функциясын жүзеге асыруға қолданылады. Сонымен сыртқы қызмет ішкі істер саласындағы мемлекеттік міндеттерді шешуге бағытталған мұны іске асыру кезінде кең көлемде құқық қолдану нысаны, оның ішінде құқық қорғау нысаны ерекше қолданылады.

Ішкі істер саласындағы басқаруда қолданылатын негізгі әдістер сендіру мен мәжбүрлеу болып саналады. Басқарудың тәсілі ретінде сендіру құқық субъектілерінің, адамдардың санасына, олардың өз еріктеріменен заң талаптарын, ережелерін сақтауымен әсер етумен қортындыланады. Сендіру

мен қоса, мәжбүрлеу де бірге қолданылады. Сендіру мен мәжбүрлеу басқарудың әмбебап тәсілі болғанымен де, олардан туындайтын әкімшілік, психологиялық, экономикалық және басқарудың басқа да әдістері қолданылады.

Ішкі істерді басқару мемлекеттік басқару саласының бір түрі болып саналады. Ол барлық мемлекеттік басқару жүйесіне тән ерекшеліктер мен қағидаларды қамтиды, бірақ оны жүзеге асыруда өз ерекшеліктері бар, олар ішкі істер саласында болатын қоғамдық қатынас ерекшеліктері, оның құқық қорғау мінездемесі, басқарудың мақсаты және мағынасында.

Ішкі істер саласындағы басқарудың мақсаты заңдар мен заңнан туындайтын актілерді жүзеге асыруға; құқық бұзушылықты ескертуге, ашуға және жолын кесуге; азаматтарға, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың құқықтарын және оларға жүктелген міндеттерін орындауға жағдай жасау; азаматтарды құқықтық санаға, құқық нормаларына және жалпы азаматтық моральдық нормаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

Ішкі істер саласындағы басқару субъектілері үкімет өкілдері бола отырып, өздерінің өкілеттілік деңгейінде барлық азаматтар мен лауазымды адамдарға орындауға міндетті өкімдер мен талаптар қоюға құзіреттер берілген. Олар әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану өкілеттігіне ие (әкімшілік-ескерту шаралары, әкімшілік бұлтартпау шаралары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерін қамтамасыз ету шаралары және әкімшілік жаза) және жедел-ізвестіру, анықтама және қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Мысалы: Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 44-45-баптары, Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 жылғы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заңының 2-бабының 4-тармағы және т. б.

Ішкі істер саласындағы басқару қатынастарының көпшілігі «билік-бағынушылық» қатынасы болып саналады. Бірақ көптеген қатынастар олардың қатысушылар арасындағы теңдігімен де мінезделінеді. Мысалы: ішкі істер органдарының басқа да мемлекеттік органдармен қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және заңдылықты нығайтудағы өзара әрекеттестігі.

Ішкі істермен басқару жоғары қызметтік тәртіппен, дара басшылық және басқа да ерекшеліктермен мінезделінеді. Ішкі істермен басқару процесіндегі шешілетін міндеттер осы қызметке себепші. Мемлекетіміздің әрбір даму сатысы басқару құрылымдарының жұмыс бағытын жетілдірумен және өзгерістеумен жүргізіледі. Басқарудың динамикалығы ішкі істер саласындағы міндеттерді шешуге қолайлы жағдай туғызады.

Ішкі істермен басқару саласында, басқарудың көптеген субъектілері тек ұйымдастыруды ғана емес, және де тәжірибиелік түрде өздері нақты қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстылықпен күрес жүргізу т. б. іске асырады.

Басқару қызметіндегі ең елеулі орын қылмыстылық және басқа да құқық бұзушылық пен күрестің ең тиімді түрі, ескерту — профилактика жұмысын ұйымдастыру мен жүзеге асыру алады.

Ішкі істермен басқару процесінде апат, өрт, дүлей апат және басқа да төтенше жағдайлар зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ескертіледі.

Ішкі істермен басқару, басқа да аумақтар мен салалардағыдай мемлекеттік басқару қағидаларын құрайды. Оларға: азаматтардың басқаруға қатысу, жалпы мемлекеттік және жергілікті мүдделердің үйлесімділігі, ұлттық теңдік, заңдылық, жариялылық және қоғамдық пікірді есепке алу жатады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты, ішкі істермен басқару саласындағы мемлекеттік басқарудың анықтамасын құруға болады-бұл мемлекеттің міндеттері мен функцияларын, ішкі істер саласында тәжірибиелік түрде жүзеге асырудағы мақсатты бағытталған, ұйымдастырушы, өкілеттенген басқару субъектілерінің атқарушы және орындаушы қызметі.

Біздің мемлекетіміздің қазіргі кездегі алға басуы, оның құқықтық мемлекетке алмасуы, ішкі істер саласында басқаруды әрі қарай жетілдіру және деңгейін көтеруіне ықтимал жасауда.

Мемлекеттің заңдары және басқа да нормативтік актілері, мемлекеттік басқарудың нақты жетілдіру жолдарын анықтаған. Бұл жолдар ішкі істерді басқаруға да қатынасты: олар ішкі істер саласындағы заңдар мен басқа да нормативтік актілерді Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестендіру; жергілікті өзін-өзі басқаруды ұлғайту; қоғамдық процестерді басқарудың құқықтық негізін жетілдіру; басқаруда заңдылықты нығайту; басқаруға ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу; басқару аппараттарының кадрларын таңдау, тағайындау, тәрбиелеу және алмастырылуы; мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын жетілдіру; атқарушы билік органдарының жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру; атқарушы билік органдары және оның лауазымды адамдарының өз қызметтеріне деген нәтижелеріне ұйымгершілігін, тәртіптілігін және жауапкершілігін көтеру.

2. Заң шығарушы және атқарушы билік органдарының ішкі істер саласындағы өкілеттілігі

Мемлекеттік билік органдарының ішкі істер саласындағы өкілеттілігі қаралған аумақтағы өкілеттіктер көлемімен белгіленеді.

Заң шығарушы және атқарушы билік органдары ішкі істер саласындағы жалпы басшылықты жүзеге асырады. Олар Қазақстан Республикасының ішкі істер саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды.

Қазақстан Республикасы Президенті¹ — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағыттарын анықтайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарды Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды; Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте Премьер-Министр мен Парламенттің Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялар алысқаннан кейін бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл саласында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізеді; қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қылмыстылықпен күресті күшейту үшін жарлықтар мен өкімдер шығарады; құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған басқада шаралар қолданады; Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3-тармағында сәйкес «Премьер-Министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметінің құрамын белгілейді, оның мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады». Мысалы, Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Парламенті² — Қазақстан Республикасының заң шығарушы қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді орган.

Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға: жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне; меншік режиміне және өзге мүліктік құқықтарға; мемлекеттік органдар мен өзін-өзі жергілікті басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің негіздеріне; мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз

¹ Тоғызырақ Қазақстан Республикасы Конституциясының III-бөлімін қараңыз // Халық кеңесі, 09, 1995.

² Тоғызырақ Қазақстан Республикасы Конституциясының IV-бөлімін қараңыз.

етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілеген заңдар шығаруға хақылы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі¹ — атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесінің басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды; мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; өз құзіретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл саласында міндетті күші бар қаулылар мен өкімдер шығарады.

3. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ішкі істер саласындағы өкілеттілігі

Заңдылықты, құқықтық тәртіпті, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдарың өкілеттіктері.

Жергілікті өкілді орган — (*мәслихаттар*)² облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республиканың заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асыруын бақылайтын сайланбалы орган болып саналады, оның құзыретіне атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті орындарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу: ҚР заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру; ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, заң бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін ережелерді бекіту және т. б.

Жергілікті атқарушы орган (әкімият) — облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкім басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алкалы атқарушы орган болып саналады және мынадай құзыретті жүзеге асырады:

¹ Толығырақ Қазақстан Республикасы Конституциясының V-бөлімін қараңыз

² Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару органдары туралы» 23.01.2001ж. Заңының 5-бабын қара

- азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауға жәрдемдесу;
- облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) саласында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес; облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- 1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 3) облыстық бюджеттер және республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен қамтылатын әкімшілік полицияның қосымша штат санын ұстауды қамтамасыз етеді;
- 4) аумақтық ішкі істер органдарының қызметтік үй-жайларын, көлік құралдарын ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді, сондай-ақ, аумақтық ішкі істер органдары аппараттарына электрондық почта қызметін көрсетуге арналған шығындарды қоспағанда, байланыс қызметіне ақы төлеуді қамтамасыз етеді;
- 5) полицияның учаскелік инспекторларын олар қызмет көрсететін учаскелерде жиһазбен, байланыс құралдарымен жабдықталған жұмысқа арналған үй-жаймен, сондай-ақ көлік құралдарымен қамтамасыз етеді.

4. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік түсінігі және негізгі элементтері

Қоғамдық және мемлекет туралы ілімде, барлық материалдық игілік өндірістерінің әдістері әлеуметтік байланыстар мен қоғамдық қатынастарды жеңілдетуі белгіленген, оларсыз адамдардың өндірістік және басқа да әлеуметтік қызметті біріккен және мақсаттылықсыз болмайтындықтарын белгілейді.

КІТАПХАНАСЫ

Таптық қоғамда тәртіп әдет-ғұрыппен реттелінеді. Еңбектің бөлінуімен, жеке меншіктің және класстардың пайда болуымен қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік құқықпен, моральмен реттелінеді және мемлекетпен қорғалынады.

Қоғамдық тәртіп адамдардың ерікті қатынастарымен, олардың мінезінде, саналық қызмет әрекетінің нәтижесінде қалыптасады. Саяси жүйе (мемлекет, қоғамдық ұйымдар) қоғамдық тәртіпті біріктіреді, қоғамдық қатынасқа әлеуметтік мінез-құлықты орнықтырады, белсенді түрде әсер етеді және олардың орындалуы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты мынадай тұжырым жасауға болады, мемлекеттегі қоғамдық тәртіп, әлеуметтік құқықтық категория ретінде, әлеуметтік нормаларды сақтау нәтижесінде орныктандырылған, ешкімнің қол сұғуға болмайтындығына мемлекеттің барлық саяси жүйесі, қоғамы кепілдік берген қоғамдық қатынас жүйесі.

Қоғамдық тәртіпті әлеуметтік категория ретінде яғни, барлық әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесінде, заңдарды және әдебиеттерде қоғамдық тәртіптің өзгешелігін тар (арнаулы) мағынада көрсетеді. Ақырғысы, әлеуметтік нормалармен реттелінген қоғамдық қатынастардың барлық жүйесін емес, тек қоғамдық өмірдің белгілі саласында болатын бір бөлігін қамтымайды.

Қоғамдық тәртіптің түсінігін тар мағынада беру, қандай да болмасын әлеуметтік аумақта болатын қатынастардың көп жақтылығымен, арнаулы құқықтық нормалардың болуымен, құқықтық категория ретіндегі қоғамдық тәртіпке қиянат жасайтын, қоғамдық қатынастың әртүрлі түрлерін реттейтін және құқық бұзушылық үшін заңдармен жауапкершілік белгілейтін, сонымен бірге қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін арнаулы функциялар болуы және осы функцияларды жүзеге асыратын органдардың болуы қажеттілігіне себепші.

Қоғамдық тәртіп әлеуметтік категория ретінде деп, қоғамның қажеттілігімен белгіленген, қоғамдық орындарда адамдардың қарым-қатынасының арасында болатын, қоғамдық өмірдің тыныштығын қамтамасыз ету мақсаты бар, адамдардың еңбегі мен демалысын, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің дұрыс жұмыс істеуіне жағдай жасаудың әлеуметтік нормалармен реттеуін айтамыз. Сонымен қаралып отырған түсінік, адамдардың қоғамдық қатынастарын жүзеге асыратын орынмен байланысты, соған байланысты қоғамдық орын дегеніміз не? — деген сұрақ туады. Заңдарды «қоғамдық орын» деген түсінік берілмеген. Бірақ онда қоғамдық орындардың тізімі көрсетілген: көшелер, демалыс аландары, көліктік магистралдар, вокзалдар, аэропорттар және басқа да қоғамдық орындар.

Әдебиеттерде, қоғамдық орындарға адамдардың әртүрлі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы орындар жатқызылады. Қоғамдық орындар азаматтардың болуымен, олардың қарым-қатынастарын, бір жеке адамның мінез-құлық ережелерін бұзуымен, басқа адамдардың, топтардың, қоғамдық мүдделеріне зардаптарын тигізеді. Осымен, қоғамдық орындарды жасалған қандайда болмасын әрекет құқық бұзушылық болып саналады және ол үшін заңдылық жауапкершілік туындайды, қоғамдық орындардан тыс жасалған әрекеттер құқық бұзушылыққа жатпайды.

Қоғамдық тәртіп саласындағы, қоғамдық орындарда болатын қоғамдық қатынастар құқықтық нормалармен және басқа да әлеуметтік нормалармен реттеледі.

Қоғамдық тәртіп саласындағы қатынастардың құқықтық реттелудегі алдыңғы орын конституциялық нормаға берілген. Өйткені, Қазақстан Республикасы Конституциясының 34-бабының 1-тармағына «Әркімнің Қазақстан Республикасы Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройын, қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті» деп атап көрсетілген. Осыған байланысты барлық азаматтар, мемлекеттік билік органдары, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер қоғамдық тәртіпті сақтауға байланысты қабылданған барлық нормативтік актілерді сақтауға міндетті.

Қоғамдық тәртіп саласындағы қатынастарды реттеудең елеулі ролі мемлекеттік билік органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған заңдылық нормалары мен басқа да актілері жатады.

Қоғамдық тәртіп саласындағы қатынастарды реттеу, сонымен бірге қылмыстық,¹ әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде² және басқа да заңдарда көзделген. Аталып отырған аумақтағы қатынастар қоғамда жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен, моральдық нормалармен, әдет-ғұрыптармен және басқа да нормалармен реттеледі.

Өркениетті қоғамның моралі азаматтарды, заңдарды дәл және бұлжытпай орындауға, басқа адамдардың құқықтарын, абыройын, қадір-қасиетін құрметтеуге, қандайда болмасын теріс қоғамдық қылықтардың жасалуына келіспеушілікпен қарауға, өздерінің міндеттерін ұқыпты орындауға және қоғам алдындағы жауапкершілікке тәрбиелейді.

Осымен бірге моральдық нормалар қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қатынасты қоғамдық әсер ету шараларын белгілейді.

Қоғамдық тәртіпті нығайтудың сұрақтары әрқашанда мемлекетіміздің қарауында. Мемлекет, жеке тұлғаның заңдар мен мораль ережелерін құр-

¹ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-тарауын қара.

² Қазақстан Республиканың әкішілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 22-тарауын қара.

меттеуге, жоғары азаматтылыққа, заңдылықтың бұзылуына ымыраласпайтындық, қоғамдық тәртіпті қорғауға белсенді қатысуға дайындығына тәрбиелеуге үлкен мағына береді.

Біздің мемлекетімізде қоғамдық нығайтудың елеулі шаралары кейінгі кезде қабылданған заңдарды қарастырылған. Олар Қазақстан Республикасының 22 желтоқсан 1995 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 15 қыркүйек 1994 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасы жедел іздестіру-қызметі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 26 маусымы 1998 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы және т. б.

Қоғамдық тәртіптің мәні және элементтері. Қоғамдық тәртіптің мәнін қажетті, тұрақтылықты, ішкі заңдылық байланыстары, қоғамдық тәртіпке тән, олардың элементтерінің бір жақты қалыптасуынан тұрады. Қоғамдық тәртіптің мәні оның мазмұнымен, элементтердің жүйесімен, қоғамдық тәртіптің қасиеттерімен және оның функцияларымен түсіндіріледі.

Қоғамдық тәртіп материалдық, ерікті және құқықтық мазмұнымен (элементтерімен) сипатталады.

Материалдық мазмұны. Қоғамдық тәртіп деп нақты болатын қоғамдық қатынастарды түсінеміз. Қоғамдық тәртіптің материалдық негізі болып: қоғамның экономикалық құрылымы; мемлекеттік биліктің саяси құрылымы; демократияның түрі; қоғамдық қатынастардың жүйесі және оларды реттеу қажеттілігі; қоғам мүшелерінің нақты қажеттілігі мен мүдделері саналады.

Еріктілік мазмұны. Қоғамдық тәртіптің еріктілік мазмұны болады. Қоғамдық қатынасқа қатысушылардың мінез-құлқы ерікті. Бұл ретте ерік, адамның психикалық реакциясы түрінде (жеке еріктік) және қоғамдық ерік түрінде болады.

Жеке адамның еркі белгілі бір мақсаттарға жету үшін саналы әрекет жасауында көрінеді. Жеке тұлғаның еркі, адамның психикалық функциясы бола отырып, нақты өмірімен тығыз байланысты және оған тәуелді.

Қоғамдық тәртіп саласындағы жеке тұлғаның жасайтын әрекеттер мен қылықтары, оның талаптарына сай және қоғамдық тәртіпті оңайлатуға мүмкіндік беруге немесе оның мүдделеріне қарама-қайшы болуы мүмкін.

Қоғамдық еріктің бір түрі болып мемлекеттік ерік саналады. Бұл еріктіліктің мазмұны мемлекеттік билікке иеленген, экономикасымен, халықтың саяси мүдделері және мақсаттарымен белгіленеді.

Заңды (құқықта) белгіленген мемлекеттік ерік жалпыға бірдей болып саналады. Құқықтық нормалардың ұйғарымдары мен ережелері адамдардың қоғамдық тәртіп саласындағы мінез-құлқын анықтайды. Құқықта көрсетілген мемлекеттік ерік қоғамдық тәртіптің қатынастарын, ерекшеліктерін және оның аса маңызды жақтарын реттейді. Олар қоғамдық қатынасқа қаты-

сушылырдың ерікті-мінез құлқына, әрекеттеріне әсер етеді және де құқық нормаларында көрсетілген мемлекеттік ерікке сәйкес болуы қажет.

Құқықтық мазмұны. Қоғамдық тәртіп саласындағы адамдардың бір деңгейдегі мінез-құлқын белгілейтін мемлекеттің нормалары қоғамдық тәртіп саласындағы болатын, қоғамдық тәртіп субъектілерінің құқықтық мінез-құлықты, құқықтық нормаларда қатынастарды жүзеге асыру, оның заңдылық мазмұнын құрайды.

Қоғамдық тәртіп саласындағы күші бар құқықтық нормалар адамдардың мінез-құлқын мына жолдармен реттейді: тиісті немесе мүмкіндік мінез-құлықты белгілейтін ережелерді орнықтырады; қоғамға зиянды әрекеттерді жасамауға тыйым салу; тыйым салынған әрекеттерді жасаған үшін жауапкершілікті белгілеу; қоғамдық тәртіпті қорғау субъектілерінің өкілеттігін және реттелуін белгілеу арқылы жасалынады. Сонымен, қоғамдық тәртіп саласындағы болатын кең көлемдегі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді қамтиды.

Қоғамдық тәртіп саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мақсатында, құқықтық нормаларды мынадай топтарға бөлуге болады: қаралып отырған аумақта азаматтардың құқықтық мәртебесін белгілейтін нормалар; қоғамдық тәртіп саласындағы мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды өкілдерінің өкілеттілігін белгілейтін нормалар; қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын қоғамдық бірлестіктердің қызметін белгілейтін нормалар.

Қоғамдық тәртіп саласындағы азаматтардың құқықтық статусын белгілейтін нормалар. Бұл нормалар осы аумақта азаматтардың құқыққа, міндеттерін және жауапкершілігін белгілейді.

Азаматтар жұмыс істеуге, тыныштылыққа, демалуға қолайлы жағдайлар жасалуына құқылы. Қоғамдық тәртіп, адамдардың бос уақыттарын тыныштықта өткізілуін және қоғамдық орындарда болудың сенімді жағдайларын қамтамасыз етеді. Олар өздерінің жеке басына қиянат жасаудан қорғауға мемлекеттік құқық қорғау органдарына көмек сұрауға құқылы.

Азаматтар қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысуға құқылы. Олар, құқық қорғау органдарына дайындалып немесе болып жатқан қоғамдық тәртіптің бұзылуы туралы хабарлауға және де қоғамдық тәртіптің бұзылуының жолын кесуге құқылы¹.

Қылмыстық қиянаттың жолын кесуге және қылмыскерді ұстауға бағытталған азаматтардың әрекеттері заңды және осы әрекеттер арқылы қылмыс-

Толығырақ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 38-42-баптарын және ҚР Қылмыстық кодексінің 32-35-баптарын қараңыз.

керге зиян келтірілсе де ешқандай заңдылық немесе басқа да жауапкершілікке тартылмайды.

Азаматтардың «құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық әдістермен қорғауға құқылы»¹.

Құқықтық нормалар азаматтарға өкілетті органдарға қоғамдық тәртіпті нығайтуға және қоғамдық тәртіпті қорғайтын органдардың жұмысын жетілдіру туралы өтініштер мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық тәртіп саласындағы азаматтардың құқықтары, осы қаралып отырған аумақтағы міндеттерінен алшақ қарауға болмайды. Өркениетті қоғамда құқықтар мен міндеттер, қоғамдық және жеке тұлғаның мүдделерінің үйлесімділігінің бірлігімен негізделінеді. Қоғамда өмір сүре отырып одан алшақ болуға болмайды. Азаматтар құқық белгілеген нормаларды және басқа әлеуметтік нормалармен белгіленген қоғамдық тәртіпті, қоғамдық орындардағы тәртіптілікті сақтауға міндетті.

Азаматтар қоғамдық тәртіп саласында арнаулы тыйым салынған әрекеттерді жасамауға міндетті. Қоғамдық орындарда тіл тигізуге, азаматтарды қорлап тиісуге және қоғамдық тәртіпті, азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер жасауға (ұсақ бұзақылық); атылатын қарудан елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда немесе белгіленген тәртіпті бұза отырып атуға; тыныштықты бұзуға; спирт ішімдіктерін ішуге және қоғамдық орындарға мас күйде келуге; кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарға мас күйінде келуіне және басқа да әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Құқықтық тыйым салулар мен ұйғарымдар азаматтардың құқықтық міндет-құлықтарын қоғамдық тәртіп саласына бағыттайды. Тыйым салулар мен ұйғарымдар оларды сақтаумен, құқықтық нормаларымен тыйым салынған әрекеттерді жасауға өзін-өзі тоқтату. Тыйым салынған нормалардағы құқықтық қатынастар, тек қана тыйым олар бұзылған кезде ғана жүзеге асырылады. Құқықтық тәртіп саласында жасаған құқық бұзушылықтар және тыйым салынған нормаларды бұзған үшін заңдылық жауапкершілік белгіленеді. Бұл жауапкершілік әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық және басқа да заңдармен белгіленеді.

Аса маңызды реттеу функцияларын қоғамдық тәртіп саласында азаматтардың құқықтарына кепілдік орнататын құқықтық нормалар орындайды. Бұл нормалар қатарына, органдар мен лауазымды адамдардың қызметінде заңдылық принциптерін және қоғамдық тәртіпті бұзушыларға әсер ету ша-

¹ Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 1-тармағын және ҚР Қылмыстық кодексінің 32-35-баптарын қараңыз.

раларын бекітенін нормалар; органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттеріне шағым беру құқықтарын беретін нормалар; органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне жауапкершілікті белгілейтін нормалар және басқалар жатады.

Қоғамдық тәртіп саласында мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өкілеттілігін белгілейтін нормалар. Бұл топ, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін белгілейтін нормалардан тұрады. Бұл топтың құрамына, қоғамдық тәртіп саласында мемлекеттік органдардың норма шығармашылық өкілеттілігін белгілейтін, қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыспен күрестегі ішкі істер органдарының және басқа да құқық қорғау органдарының құқықтары мен міндеттерін, қоғамдық тәртіп саласындағы лауазымды адамдардың өкілеттілігін белгілейтін нормалар жатады.

Қандай да болмасын мемлекеттік органның қоғамдық тәртіп саласындағы өкілеттілік көлемі оның осы жүйедегі тағайындалуы мен орнына тәуелді болады: жүйенің звеносы неғұрлым жоғары болса, оның өкілеттілігі солғұрлым жоғары болады.

Органдар мен лауазымды адамдардың өкілеттілігін жетілдіру, мақсаттары, міндеттері және құқықтарын дәл және дұрыс анықтау және де әрбір орган мен лауазымды адамдардың жауапкершілігі, заңдылықтың одан әрі қарай нығайтуға, қоғамдық тәртіпті қорғайтын органдардың жұмысын жетілдіруге қоғамдық тәртіп саласында мүмкіндік жасауға бағытталуы қажет.

Қоғамдық тәртіп саласында қоғамдық бірлестіктердің өкілеттілігін белгілейтін нормалар. Бұл нормаларға кіретін топ заңдылық және басқа да олардың міндеттері мен құқықтарын белгілейтін актілерде қаралған. Міндеттері мен функциялары, жұмысын құру мен ұйымдастыру тәртібі, қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік органдар мен өзара әрекеттесуі белгіленген қоғамдық бірлестіктердің ережелерімен белгіленеді. Қоғамдық бірлестіктердің әкімшілік-құқықтық мәртебесі ҚР Конституциясында (23-бап, 1-тармағы), ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 ж. 31 мамырдағы Заңымен және т. б. нормативтік құқықтық актілермен анықталады.

Азаматтардың бірлесу еркіндігіне құқығы (бірлесу құқығы, одақтасу еркіндігі, әр адамның басқалармен еркін қауымдасу құқығы немесе әр адамның коммерциялық емес қоғамдар мен одақтарға кіру құқығы) азаматтардың ең маңызды және бөлінбейтін Конституциялық құқықтарының бірі болып табылады. Бірлесу еркіндігі азаматтық қоғамның демократиялық тұрғыда ұйымдасқан саяси жүйесінің міндетті қызметтік бөлігі ретінде көрінеді. Сондықтан, осы Конституциялық бірлесу бостандығын жүзеге асыру үшін, қоғамдық бірлестіктер, алдарына мынадай мақсаттар қояды: қоғам-

дық бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып, жұмыс істейді.

Міне қоғамдық тәртіптің мазмұны мен элементтері осындай.

Қоғамдық қауіпсіздік. Қоғамдық тәртіп өмір саласының бір түрімен тығыз байланысты, ол қоғамдық қауіпсіздік, оны қамтамасыз етуге мемлекет органдары, оның ішінде ерекше орын ішкі істер органдарына (полицияға) берілген. Қоғамдық қауіпсіздік ұғымы «ҚР Ұлттық Қауіпсіздік туралы» ҚР 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңның 1-бабында берілген, ол «Қазақстан азаматтарының өмірінің, денсаулығы және игілігінің, сондай-ақ Қазақстан қоғамның құндылықтарының оларға залал келтіре алатын ықтимал қауіптер мен қатерден саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік қорғалуы» деп берілген. Осыған байланысты қоғамдық қауіпсіздік саласына адамдардың өмірі және денсаулығы мен мүліктеріне келтірілетін зиянды азайту және жоюға байланысты қоғамдық қатынастар жатады. Ол адамдардың мынадай ережелерді сақтаумен байланысты, оларға: көлік және жолда жүрушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қоғамдық орындарда құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізудің ережелерін; өрт қауіпсіздігі ережелері; табиғи нәубеттер, жұқпалы аурулар мен індеттермен күрес жүргізу ережелері рұқсат беру жүйесі ережелері т. б. жатады.

Қоғамдық қауіпсіздік саласында болатын қатынастар құқықтық нормалармен реттелінеді. Оларды қорғау және орындау мемлекет және оның органдарының жағынан мәжбүрлеуді қолдану арқылы кепілденеді.

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздіктің арасында тығыз байланыстылық бар. Қоғамдық тәртіп нығайту қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары болуын мүмкіншілік туғызады. Бұқаралық шаралар (спорт ойындары, халық думаны, шерулер мен демонстрациялар және т. б.) өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау, сонымен бірге, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажет, өйткені адамдардың өмірі, денсаулығы және мүлкіне қауіп төнудің алдын алу болып саналады. Ал қоғамдық қауіпсіздіктің ережелері мен талаптарын сақтау (мысалы: жол қозғалысы ережелері) қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңызды жағдайы болып саналады.

Бірақ, қаралып отырған аумақтың бір-бірімен тығыз байланыстылығына қарамастан, олар бір-біріне тепе-тең емес. Олар нормалар және ережелермен реттелетін әртүрлі қоғамдық қатынас топтарын біріктіреді. Осыған байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заң, қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік саласында болатын құқық бұзушылықтар үшін әр түрлі жауапкершілік белгілейді. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 22-тарауы қоғамдық тәртіпке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарды қамтиды. Қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар Кодекстің бірқатар тарауларында бар, мысалы, 21-тараудың 312-бабында өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе орындамағандық үшін жауапкершілік белгіленген.

5. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің басқа да өмір саласымен қатыстылығы

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік ұғымын түсіну мен мәнін білу үшін маңызды мәселе, олардың басқа да өмір саласымен қатыстылығын білу қажет. Олар — құқықтық тәртіп, қоғамдық игілік, мемлекеттік тәртіп.

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті зерделеу осы өмір салаларымен қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің арасындағы қоғамдық қатынастар шектерін нақты білуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп. Құқықтық тәртіп саласы құқықтық нормалар реттеген қоғамдық қатынастар бөлігін құрайды. Тар мағынада қарастырылатын (арнаулы) қоғамдық тәртіп пен құқықтық тәртіп салалары едәуір көлемде бір-бірімен сәйкес келеді. Олар бір-бірімен әсіресе қоғамдық тәртіптің құқықтық нормаларымен реттелінген бөлігінде сәйкес келеді. Моральдық, адамгершілік нормалар және тұрғын-жай ережелерімен реттелген қоғамдық тәртіп саласындағы қатынастар, құқықтық тәртіп саласының шегінен тыс болады. Бұдан тәртіп саласы, құқықтық тәртіп саласынан тар деп тұжырымдауға болмайды. Құқықтық тәртіп саласына көптеген құқықтық қатынастар (мысалы: еңбек қатынастары, азаматтық-құқықтық және басқа да құқықтық қатынастар) кірмейді.

Құқықтық тәртіп қоғамдық тәртіптің дінгегін құрайды, сондықтан мемлекет құқықтың көмегімен құқықтық тәртіп саласындағы аса маңызды қатынастарды бекітеді. Бұл қатынастар мемлекетпен қорғалады, қажет болған жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп — жалпының құрамдас бөліктері. Мұндай қатыстылық қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қатынастардың құқықтық нормалармен реттелуіне байланысты. Демек, қоғамдық қауіпсіздік, құқықтық тәртіптің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық игілік. Қоғамдық игілік деп елді мекендерді, қоғамдық орындарды тиімді жоспарлау мен құрылыс жүргізу, көркейту және адамдардың еңбегі мен демалысына қатысты қолайлы жағдайларды қолдау танылады. Қоғамдық игіліктің көптеген мәселелері, мысалы, азаматтардың жаппай демалыс орындарын мақсатты түрде жоспарлау және жабдықтау, тұрғын жерлерде сауда кәсіпорындары мен қоғамдық тамақтандыру орындарын ашу, театр, кинотеатр, стадион және басқа да алаңдардың тазалығы мен көріктілігі қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің жағдайына елеулі әсер етеді. Сонымен, қоғамдық орындардағы тазалық пен тәртіп, адамдарды қоғамдық адамгершілікке, айналасындағыларға құрметпен қараудың қалыптасуына мүмкіндік жасайды, қоғамдық қауіпсіздіктің қатерлі дәрежесін төмендетеді. Басқаша айтқанда, қоғамдық орындардың антисанитарлық жағдайы, саяжай шаруашылығын аздырып-тоздыру, көшелер, алаңдар, саяжайлар, демалыс орындарының жарықпен қамтамасыз етілмеуі қоғамдық тәртіптің бұзылуына, қылмыс жасалуына, өрттердің, жұқпалы аурулар мен індеттердің болуына мүмкіндік жасайтындығын естен шығармау қажет.

Қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық игілік адамдар өмірінің бірдей емес саласы. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктен қоғамдық игілік саласының айырмашылығы негізгі түрімен, өзіне, адамдардың қоршаған ортаның материалдық заттарына қатынастығын қосады.

Қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және мемлекеттік тәртіп. Мемлекеттік тәртіп заңдарда қоғамдық тәртіппен бірге қолданылады. Заңдылықты талдау мынадай тұжырым жасауға әкеледі, тар мағынадағы қоғамдық тәртіппен салыстырғанда мемлекеттік тәртіп қоғамдық өмірді кең ауқымды саласы деп танылады. Сонымен бірге мемлекеттік тәртіп қоғамдық тәртіп саласын толығымен қамти алмайды. Ол құқықтық тәртіп сияқты оның негізін құрайды, қоғамдық тәртіп және құқықтық тәртіптің мәні мен мазмұнын белгілейді.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің басқа да аралас қоғамдық өмірдің салаларымен арасындағы өзара байланысты және шектерін белгілеу, құқық қорғау органдарының органдармен және ұйымдармен құзырын белгілеуге негіз болып табылады.

6. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мазмұны

Қоғамдық тәртіпті қорғау деп мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен біріге отырып адамдардың өмірін, денсаулығын, олардың ар-намысы мен абыройын қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, кәсіпорын, мекеме мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғау, тұрғын жерлерде тыныштық орнату, адамдардың жұмысы мен демалысын, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының жұмысына қолайлы жағдай жасауды айтамыз.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты — азаматтардың өміріне, денсаулығына, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың мүлкіне қатер туғызатын зиянды зардаптардың алдын алу, болдырмау және зиянды азайту.

Қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жүйелі шаралары осы аталған саланы құқықтық реттеу, тіршілік жағдайында адамдардың мінез-құлқын реттейтін заңдылық және басқа да нормативтік актілер қабылдау, осы актілерді мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің жүзеге асыруы балып табылады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласы қиын да кешенді сипаты, оны қорғаудың әртүрлі әдістерін қолдануға негіз болады. Қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелу ерекшелігіне қарай қаралып отырған сала шаралардың сипатына байланысты, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мынадай әдістер қолданылады: әкімшілік-құқықтық, жедел-іздістіру, қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық.

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әкімшілік-құқықтық қорғалуы норма шығармашылық және ұйымдастырушылықты қолдау шараларының көмегімен, аталған саладағы құқық бұзушылықтың алдын-алу және жолын кесу мен бірге құқық бұзушыларға әкімшілік жаза қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жедел-іздістірумен қорғау жедел-іздістіру заңына байланысты қаралып отырған салада азаматтардың өмірін, денсаулығын құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау, қылмыстық қол сұғудың алдын-алу, болдыртпау және де анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жазадан жалтарған адамдарды, хабар ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көрсетілген реттерде басқа да адамдарды іздістіру жөнінде шараларды жүзеге асырады.

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық қорғалуы, қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданумен, қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу заңдармен белгіленген тәртіппен кінәлі адамдарға жаза қолдану арқылы жүзеге асырады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің азаматтық-құқықтық қорғалуы азаматтар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүделерін моральдық және материалдық залалдардан қорғау арқылы жүргізіледі.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің түрлі әдістерінің болуы, мемлекеттік органдардың осы саладағы қоғамдық бірлестіктермен өзара қатынасы арқылы жүзеге асыру, бірқатар ұйымдық-құқықтық қызметінің (бағыттарының) түрлеріне негіз болады. Ішкі істер органдарының жалпы танылған негізгі қызметінің бағыттарына: әкімшілік, жедел-іздістіру, қылмыстық іс жүргізу және алдын алу қызметтері жатады.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Ішкі істер саласындағы басқарудың мазмұнын ашып беріңіз?

Ішкі істер саласындағы басқарудың негізгі элементтерін атап беріңіз?

Ішкі істер саласындағы басқарудың ерекшеліктерін атап беріңіз?

Ішкі істер саласындағы басқарудың түсінігін талдап беріңіз?

Ішкі істер саласындағы басқарудың функцияларын атаңыз және сарптаңыз?

Ішкі істер саласындағы басқарудағы мемлекеттік органдардың өкілеттілігі қандай?

Қоғамдық тәртіптің негізгі элементтерінің мазмұнын ашыңыз?

Қоғамдық тәртіптің қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіптен айырмашылығы неде?

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету дегеніміздің түсінігін қалай түсінесіз?

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері қандай?

3-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

1. Ішкі істер органдарының өкімшілік қызметінің мәні және негізгі ерекшеліктері

Ішкі істер органдарының көлемді және шешетін міндеттерінің көптілігіне байланысты ең елеулі орын әкімшілік қызметке беріледі. Басқару органы бола тұра, ішкі істер органдары атқарушы және орындаушы функцияларды атқарады, бұл функцияларды іске асыру көбінде әкімшілік құқық нормаларымен іске асырылады. Олар әкімшілік-құқықтық қатынас субъектісі ретінде болады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі — бұл нақты, күнделікті, гәжірибиелік түрде мемлекеттің ішкі істер саласындағы міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған, ұйымдастырылған атқарушы және орындаушы қызмет.

Өзінің мағынасы жағынан ішкі істер органдарының (полицияның) көптеген аппараттары мен қызметтері әкімшілік болып саналады, оның ішінде мыналарды құрайды: қоғамдық тәртіпті қорғау, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, лицензия және рұқсат беру жүйесі, әкімшілік қадалаууды жүзеге асыру, полицияның учаскелік инспекторларының, кәметке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметі, табиғат қорғау және мал дәргерлік полиция қызметі, миграциялық қызмет, жол полициясы, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және басқалар.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық орындардағы жағдайдың тыныштылығын, жеке тұлғаны қорғау, оның құқықтары мен бостандықтарын, азаматтардың, кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың заңды мүдделерін қорғау, заңға қайшы әрекеттерді ескерту, табу, жолын кесу, құқық бұзушыларға әкімшілік-процессуалдық қамтамасыз ету және әкімшілік жазаларын қолданудағы ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі маңызды бір бағытын құрайды.

Қоғамдық тәртіпті қорғауға бағытталған қызметінің мазмұны, біріншіден қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі із жүзіндегі міндеттерді шешу барысында, екіншіден, қоғамдық тәртіпті күнделікті тікелей қорғауды мемлекеттік органдар және қоғамның күшімен және құралдарымен міндеттерді шешу барысында қалыптасатын және дамитын әкімшілік-құқықтық қатынастарды құрайды.

Бірінші жағдайда, штаттарды анықтау, кадрларды таңдау, тағайындау және оқыту, қоғамдық тәртіпті қорғауға шешім дайындау және осы ше-

шімдерді тәжірибиелік түрде ұйымдастыру, бақылау функциялары мен ішкі ұйымдастыру қатынастарын іске асыру туралы сөз қозғалып отыр.

Екінші жағдайда, қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде болатын жағдайлар, мысалы: азаматтың қоғамдық тәртіпке қиянат жасайтын әкімшілік құқық бұзушылық жасау немесе ішкі істер органдарына кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың қару жөндеу шеберханаларын ашуға рұқсат алуы. Бұл жерде осы қатынастардың субъектісі ішкі істер органдарына қызметтік бағыныштылығы жоқ азаматтар, органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар және олардың лауазым иелері болып саналады. Қарастырылып отырған қатынастар ішкі істер саласындағы, азаматтардың, лауазымды адамдардың заңдылық талаптарын тікелей қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтарды ескертуге, жолын кесуге және құқық бұзушылары жауапкершілікке тартуға бағытталған шараларды іске асыруымен көрінетін ішкі істер органдарының сыртқы әкімшілік қызметіне тән.

Бұл жерде, ішкі істер органдарының ішкі ұйымдық және сыртқы қызметі бір-бірімен тығыз байланыста, басты мақсаты азаматтар мен лауазымды адамдардың еңбек етуі, демалысы, түрлі сұраныстарын қанағаттандыруға, құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға бар қажетті қолайлы жағдайларды жасау болып саналады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне тән ерекшеліктер: мемлекеттік-биліктік және ұйымдық сипат, тиісті мемлекеттік атқарушы билік органдарына бағыну мен бақылауында болу, жедел (тікелей) басқарудағы орталықтандырылған басшылық элементтерінің үйлесімділігі, заңға бағыншылығы, алдын алу бағыттылығы болып табылады.

Ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің мемлекеттік-биліктік сипаты, осы органдардың құзырының шеңберіндегі мемлекет атынан заңмен қатаң белгіленген әкімшілік-құқықтық өкілеттіктерді жүзеге асырумен көрінеді. Ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік функцияларын орындай отырып, орындауға міндетті нұсқаулар беруге, қажет болған жағдайларда мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығына ие болған басқару (өкімет өкілі) субъектісі ретінде танылады. Сондықтан басқару объектісіне байланысты ішкі істер органдарының қызметі өкімет ету болып саналады. Өкімдік өкілеттіктер әкімшілік қызметке тән билік етумен көрінеді.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі — тікелей ұйымдастырылатын қызмет. Әкімшілік қызметтің ұйымдық мәні оны ұйымдастыру барысында адамдардың ішкі істер мен қоғамдық тәртіп қорғау саласындағы міндеттерді шешуге және оны жүзеге асырудың мақсаттылығымен көрінеді. Бұл мақсатта ішкі істермен басқару жүйесінің жұмыс істеуімен, ішкі істер саласындағы қоғамдық қатынастарға қатысушылардың қызметін үйлесті-

румен біріккен жұмыс ұйымдастырылады, оны орындауға бақылау мен қадағалау жүзеге асыруға байланысты мәселелер шешіледі.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің тиісті мемлекеттік билік органдарына және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына бағынуы және бақылануы. Бұл аталған органдар құқық бұзушылықтармен күресті ұйымдастырудың, өздеріне жүктелген міндеттерін орындаудағы ішкі істер органдарының (полицияның) жауапкершілігін күшейтеді, олардың жұмысын бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етеді, түрлі құқық қорғау органдары мен қоғамдық бірлестіктердің қызметтерін үйлестіруге мүмкіндік жасайды және ролін көтереді. Мемлекеттік билік органдары және жергілікті мемлекеттік басқару органдары өздерінің саласындағы құқықтық тәртіптің жағдайында жауапты болады. Олар өздеріне бағынышты ішкі істер органдарының қызметіне белсенді түрде ықпал жасайды және әкімшілік қызметінің тиімділігін көтеруге жағдай жасауға шаралар қолданады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі жедел (тікелей емес) басқарудағы орталықтандырылған басшылық элементтерінің үйлесімділігімен сипатталады. Орталықтан басқару қызметі басымырақ бағыттарды, жалпы ережелер мен нормативтерді белгілеумен және басқа да анықтаулармен сипатталады. Жедел (тікелей) басқаруға субъекті мен объектінің арасындағы тура байланыс тән.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі заңға бағынышты. Бұл дегеніміз оның бағыттарын және мақсатқа жетудің негізгі құралдарын заңның белгілеуінде. Әкімшілік қызметтің бұл ерекшелігінің маңызы өте зор, өйткені оның әсер ету саласының көлемі кең. Ол әрқашан азаматтармен, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен және лауазымды адамдармен қарым-қатынаста жүзеге асырылады. Қандайда болмасын заңға қайшы әрекеттер азаматтар, кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың заңды мүдделеріне елеулі зардап келтіруі мүмкін.

Әкімшілік қызметтің заңға бағыныштылығының мағынасы зор, өйткені осы қызмет процесінде ең алдыменен заңның ережелері орындалынады. Ішкі істер органдары заңның нормаларын нақты өмірлік жағдайларға байланысты қолданылады. Осыған байланысты ішкі істер органдары (лауазымды адамдары) нақты ұйғарымдар белгілеуге немесе заңның нақты ұйғарымдары бар әрекеттер жасайды (мысалы: құқық бұзушылықтың жолын кесу). Сонымен бірге бұндай құқықтарды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының «ҚР ішкі істер органдары туралы» 1995 ж. 21 желтоқсанындағы Заңының 10-бабының 35-тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады, яғни, «қылмыстық және басқа да құқық бұзушылықтық жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар жөнінде заңды және жеке тұлғаларға орындауға міндетті ұйғарымдар, ұсынулар және ұсыныс-

тар беруге, сондай-ақ созылмалы маскүнемдік, есірткіқұмарлық, ұйтқұмарлық ауруына шалдыққан, жүйке бұзылуынан зардап шегетін және басқару азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатынын адамдарды еріксіз емдеу үшін денсаулық сақтау органдарына ұсыныстар мен материалдар жіберуге» құқылы.

Әкімшілік қызметті іске асыру барысында өкілеттілік берілген ішкі істер органдары ведомствалық нормативтік актілер дайындайды және шығарады. Мұндай актілер заң талаптарын орындау, талдап тексеру мен нақты істеу мақсатында қабылданғандықтан олардағы нормалар, тәртіп ережелері заңға бағынышты сипат алады.

Ішкі істер органдары (лауазымды адамдар) заңға сәйкес өз қалауы бойынша құқық бұзушыларды заңды жауапкершілікке тарту қызметін жүргізеді және оларға әкімшілік және қылмыстық-процессуалдық әсер ету шараларын қолдануға құқылы. Әрине, бұл қызмет заң талаптарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің алдын алу бағыттылығы ең алдымен барлық аппараттар, қызметтер, күштер мен құралдардың жұмысын ұйымдастыру, қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қатынастардың өркениетті дамуына мейілінше жағдай жасайтын, қатаң түрде белгіленген осы және басқа да ішкі істер салаларда заңдардың бұзылуының алдын алуға байланысты. Осы жұмыста тиісті нәтижеге қол жеткізу үшін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, құқық бұзушылықтың жасалуына итермелейтін себептер мен жағдайларды, күштер мен құралдардың тиімді және негізді пайдаланылуын, сонымен бірге ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкерлерінің біліктілігін терең де жан-жақты зерделей білу қажет.

Құқық бұзушылықтардың алдын-алу мен қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамның тұрақты өмір сүруінің және үдемелі дамуының, қазақстандық азаматтардың өмір сүру деңгейіне лайықты жағдайлар жасаудың конституциялық шарты болып табылады¹.

Егеменді еліміздің қазіргі құқықтық мемлекетке айналу кезеңінде, әрбір адамның, азаматтың құқыққа, заңға деген жеке көзқарасы болуы қажет, өйткені, ол мемлекеттің құқық қорғау органдарының заңды дұрыс қолдануының, сақтауының бірден-бір кепілі.

Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғаудың, алғы шарттарының бірі — олардың құқық

¹ Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмыстылыққа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы» 2002 ж. 29-желтоқсандағы № 1430 қаулысы // ҚР ПҰАЖ. № 28. 484-күжат.

бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жоюға бағытталған шаралар белгілеп, әрқашан жүктелген міндеттерін орындау.

Адамзаттың алғашқы өмір сүру кезеңдерінен бастап-ақ, қылмысты тек жазаның көмегімен тоқтату мүмкін еместігіне көз жетіп отыр. Белгілі италияндық криминолог Ч. Беккариа былай деген екен «...қылмысты жазаланғаннан төрі, оның алдын алу керек»¹. «Қылмыстың алдын алу, ұлы ғұлама Абайдың түсінігі бойынша, сәбидің бесіктен белі шықпай жатқан кезден бастап ата-анасының, ортаның, мемлекеттің тікелей міндеті болуға тиіс»².

Ал, отанымыздың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелерінің зерттелуіне елеулі үлесін қосқан ғалымдарының бірі профессор Н. М. Әбдіровтің «Қоғамға қарсы мүмкін болатын жөнсіздіктердің тізбектерін, яғни, моральдық нормаларды бұзушылық, қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылықтар мен қылмысты қысқартуға, үзуге ерте жеке алдын-алу бағытталған болуы керек. Олардың бір-бірімен байланысы қаншалықты ертерек үзілсе, соншалықты алдын-алу тиімді болады, сонымен бірге ол арқылы құқық бұзушылықтардан болуы мүмкін жағымсыз зардаптар ескертіледі» деген пікірін атауға болады³.

Бұл пікірлердің өзін жан-жақты талдайтын болсақ, бірі құқық бұзушылықтың алдын алуын көрсетіп, ал екіншісі, қоғамға жат құбылыстың пайда, болып өршіп кетпеуіне, үшіншісі қоғамға қарсы мүмкін болатын жөнсіздіктердің тізбектерін қысқарту мен үзуге және т. б. бағытталғандығын көрсетіп отыр.

Сондықтан құқық бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға байланысты құқықтық негіздер, еліміздің бірқатар нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген, оларға: ҚР ҚК 2-бабы «...қылмыстардың алдын алу»; ҚР ҚДЖК 117-бабының 3-тармағына сәйкес, қылмыс жасауға ықпал етуші мән-жайлар да қылмыстық іс бойынша анықтауға жатады, ал 204-бабына сәйкес; құқық қорғау органдарының анықтама, алдын-ала тергеу жүргізген органы (лауазымды адамдары) әрбір қылмыстық іс бойынша қылмыстың жасалуына мүмкіндік туғызатын жағдайларды жою үшін талап қою міндеттері белгіленген; ҚР ӘҚБТК 7-бабының 1-тармақшасы «Әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу» және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелденуге тиіс мән-жайлардың қатарына, әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар жатқызылған (605-бабы)

Беккариа Ч. О преступлениях и наказаниях. — М., 1939. — 393-бет.

Әбдіқұлы С. Абай және адам құқығы. — Алматы, 1995. — 57-бет.

Әбдіров Н. М. Ранее выявление несовершеннолетних с антиобщественным поведением — основа эффективной профилактики правонарушений. — Караганда, 1998. — 29-бет.

және тиісті ұйымға және лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізу (654-бап), сонымен қатар, құқық қорғау органы (лауазымды адамдарының) ҚР ӘҚБК 365-бабына «Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау» сәйкес талабы бойынша қылмысқа немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға итермелеген себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы, ұйым басшысының және басқа лауазымды адамдардың хабарламауы үшін әкімшілік жауаптылық белгіленген.

Құқық бұзушылықтың жасалуын ескертудің тиімділігі, нақты құқық бұзушылықтың себептері мен жағдайларының қаншалықты толық анықталғандығына белгілі шамада тәуелді болады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің құқықтық сипаты ішкі істер органдары азаматтар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және лауазымды адамдармен қатынастары әкімшілік-құқықтық реттеуден және әкімшілік-құқықтық қатынастардан тұрады.

Әкімшілік қызмет процесінде ішкі істер органдары басқа да мемлекеттік органдарымен, азаматтар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және лауазымды адамдармен, сондай-ақ жоғары тұрған, бағыныштағы және басқа да органдармен өз жүйесі ішінде күнделікті көптеген қатынастарға түседі. Бұл қатынастар әкімшілік құқық нормаларымен реттелінеді, солай болғандықтан әкімшілік-құқықтық деп саналады. Осы тәуелділікке байланысты қатынастар қайда болатындығын және жетілуіне (Ішкі істер органдарынан тыс немесе олардың жүйесінің ішінде) байланысты, осы қатынастарды жүзеге асырудың мазмұнын, нысандарын, әдістерін реттейтін нормаларға бөлінеді.

Органдардың ішкі әкімшілік қызметі, мысалы, «ҚР ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысымен реттелінеді. Бұл нормалар қызметкерлерді көтермелегенде, оларға арнаулы атактарды беруге, мадақтауға, тәртіптік жауапкершілікке тартуға т. б. құқықтық негізі болады. Бұндай жағдайлардағы қатынастар ішкі істер органдары мен оның қызметкерлерімен болады, сонымен бірге қатынас мазмұнының айтарлықтайы қатынасқа түсушілердің (субъектілердің) бір-біріне бағыныштылығымен анықталады.

Сыртқы әкімшілік қызмет, ішкі істер органдарының осы құқықтық қатынасының басқа жақтарына нұсқауларының (өкімдерінің) міндеттілігімен сипатталады. Мысалы, ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін іс-әрекеттері «Заң атыменен» деген сөздерді айта отырып жасалады. Кез келген адам мұндай жағдайда белсенді

с-әрекетті тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына сәйкесіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты құсқауларын орындауға міндетті¹.

Аталғандарға байланысты ішкі істер органдары қатысушысы болатын шаралық қатынастар «билік-бағыныштылық» принципіне сай болады деп негіздеуге болмайды. Ішкі әкімшілік қызметте органдар және олардың қызметкерлерінің мақсатты қажеттілігіне жоғары нәтижеге жетуге, қатынасқа түсуші жақтардың тепе-теңділігімен себепші болумен сипатталады. Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері және алдын алатын мағынадағы шараларды жүргізу үшін халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекет жасайды. Ішкі істер органдарының аппараттары, қызметкерлерінің жекелеген әкімшілік қызметінің толық мақсатта беру үшін, әрқайсының жалпы міндеттермен бірге өздерінің қоғамдық тәртіпті қорғаудың жекелеген жақтарын қамтитын нақты міндеттері бар екендігін еске алу қажет. Мысалы, ішкі істер органдарының (полицияның) нақты міндеттері арнаулы заңда белгіленген. Нақты міндеттерді орындау ерекше нысандарда жүзеге асырылады: мысалы, көшелерде, демалыс орындарында т. б. жерлерде тәртіпті қамтамасыз етуді патрульдік полиция қызметін қамтамасыз етеді. Осы міндеттерді орындау барысында туындайтын қарым-қатынастар арнаулы қабылданған заңдармен реттеледі.

Сонымен бірге, әкімшілік қызметтің қандайда болмасын бағытында болатын қоғамдық қатынастар ерекшелігі, біріншіден арнаулы құқықтық актілердің болуымен, ал екінші жағынан осы актілерді өмірлік ортаға кіргізу әрекеттерінің ерекше нысаны себепші болады. Бір текті міндеттерді әкімшілік-құқықтық құралдарменен шешу, осы жағдайда болатын қоғамдық қатынастардың бір жақты әрекеттер жасау сипатымен белгіленген түрде жүзеге асырылады. Осындай әрекеттердің жиынтығын әкімшілік қызметтің түрін құрайды.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің нысаны, бұл ішкі көрсетілген біржақты, алдарында тұрған міндеттерді орындау мақсатында тәжірибиелік түрде жүзеге асыруға бағытталған нақты ұйымдық-құқықтық әрекеттері. Сондықтан, нысан ішкі істер органдарының және әкімшілік қызметті жүзеге асыратын олардың лауазымды адамдардың қызмет мәнінің объективті көрінісі. Осыған байланысты нысан қызметінің мазмұнын ашап атырып, оның нақты жүзеге асырлу жолдарын көрсетеді.

¹ «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 ж. қабылданған Заңының 22-бабының 3-тармағын қараңыз.

Өртүрлі құқықтық нормаларда көрсетілген әрекеттерді жасау заңдылық зардаптарға соқтырады, ал құқықтық емес әрекеттер заңдылық зардаптар туғызбайды. Соңғысына басқаруда қолданылатын ұйымдық және материалдық-техникалық әрекеттер көрінісі жатады. Бұл жерде нысан әрекеттің мазмұнын аша отырып, оның жүзеге асырылуының нақты жолдарын көрсетеді.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі мынадай келесі нысандарда жүзеге асырылады: құқық шығармашылық (құқық орнықтырушы); құқық қолданушылық өз алдына мынадай түрлерге бөлінеді реттеуші және құқық қорғаушы; ұйымдастыру шарасын жүргізу; материалдық-техникалық әрекеттер, операциялар жасау.

Құқық шығармашылық қызметінің нысаны болып, мысалы, Қазақстан Республикасы ІІМ бұйрықтарын, жарғыларын, ережелерін, нұсқауларын шығару болып табылады. Құқық қолданушылық қызметінің нысаны мысалы, ішкі істер органы бастығының қандайда болмасын қызметкерді лауазымдыққа тағайындау (құқық қолданушылық қызметінің реттеуші нысаны), ал ішкі істер органдарының бастығының құқық бұзушыға айып салу туралы қаулысы (құқық қолданушылық қызметінің құқық қорғау қызметі) болып саналады.

Ұйымдық қызметінің нысанына мыналар жатады: мәжіліс, кеңес беру, нұсқау беру, тәжірибие алмасу, алдын алу әңгімелерін өткізу, жедел жағдайды зерттеу және бағалау, оқыту және т. б.

Материалдық-техникалық қызметінің нысаны құқық шығармашылық, құқық қолданушылық, ұйымдастыру шараларын жүргізудің қажетті алғы шартты бола отырып, ақпараттық материалдарды, анықтамаларды, жылдық, тоқсандық есептерді, іс-қағаздарын жүргізуді жүзеге асыруымен көрінеді.

2. Ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің принциптері

Принцип ұғымы. Ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің принциптері деп, әкімшілік қызметте басшылыққа алатын идеялар, негізгі ережелер танылады. Принципер қоғамдық даму заңдылықтарының объективтілігін, әлеуметтік басқарудың және әсіресе ішкі істер органдары әкімшілік қызметіне тән ерекшеліктерін көрсетеді.

Принциптердің мазмұны әкімшілік қызмет мәнінің объективтілігін, оған айрықша тән ерекшеліктерін білдіреді. Құқықтық нормалардың нысанына икемделгендіктен принциптер әкімшілік қызметтің құрылуына және жүзеге асырылуына қажетті жалпы ережелер ұсынады. Бұл ретте принциптер

эрындауға және сақтауға міндетті құқықтық талаптар мағынасына ие болады.

Сонымен бірге әкімшілік қызметті реттеуге әсер ететін кейбір идея-принциптер заңдарда бекітілмегендіктен құқықтық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне тән емес болып саналады. Бұндай идея-принциптерге мыналар жатады, адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік және басқалар. Бұлар — дүниетанымдық сипаттағы әлеуметтік принциптер. Дегенмен, адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік, ізгілік және басқа да принциптер ішкі істер органдарының барлық қызметіне етене сіңіскен.

Азаматтардың өмірі, құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін және қоғам мүдделерін қорғау мен басқа да ізгілік мақсаттарға ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіндегі, адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік және басқа да принциптер негізінде қол жеткізуге болады.

Мақсаттар (міндеттер) әкімшілік қызметтің сипаты мен принциптерін анықтап қана қоймайды, сонымен бірге, оның өзі принциптермен өлшенеді. Мақсат — бұл әкімшілік қызметінің неге бағытталғанын көрсетсе, ал принциптер қандай жолдармен жүзеге асырылатындығына жауап береді. Принциптер нысанға, тәсілге, құрылымға, кадрларға, іс барысына әсер етеді. Принциптерден ішкі істер органдарының құрылымы мен ұйымдастарылуы, қызметтер мен бөлімшелердің және функцияларын жүзеге асыру әдістері, әкімшілік қызмет саласына жататын жұмыс стратегиясы, тактикасы мен стилі, әкімшілік қызметтің субъектілері мен объектілерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына талап қоятын әдістердің негізгі талаптары көрініс табады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің принциптері өз алдына өздерінің жалпы ерекшеліктеріне тән, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің жалпы бастауы болып табылатын объективті заңдылықтар ықпалының нәтижесі ретінде танылады. Принциптерді адамдар белгілейді. Бірақ адамдардың принциптерді өңдеуі, субъективтік мінездемесі бар деп белгілемейді. Қоғамдық қатынастардың жетілу құбылыстары мен нақты процесстерінің мәнін, принциптер көрсетеді, яғни, олардың объективтік мағынасы бар.

Сөйтіп, принциптер әкімшілік қызметінің негізін құрайды. Сол негізден қалған қасиеттер мен қатынастар туындайды. Қызметтің принципті негізі қандай болса, оның мәні де сондай болады.

Принциптердің жіктелуі. Ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің принциптері қалай болса да өзара байланыстағы және бір-біріне негізделген жүйе құрайды. Осыған байланысты әкімшілік қызметтің тиімділігіне жету үшін барлық принциптер жүйесін және олардың әрқайсын жеке жүйелік түрде қолдану қажет. Сонымен бірге қандай да болсын принцип

жүйесін түрге бөлу әрбір принциптің рөлін нақты белгілеуге мүмкіндік береді және олардың іс жүзінде қолданылуын жеңілдетеді.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің принциптері жүйесі **әлеуметтік-құқықтық және ұйымдық принциптерге** бөлінеді.

Әлеуметтік-құқықтық принциптерге жалпы әлеуметтік сипаты бар және әкімшілік қызметтің қандай да болмасын органдарының, лауазымды адамдарының алып отырған орны мен деңгейіне карамастан әкімшілік қызметке айналатын принциптері жатады. Әлеуметтік-құқықтық принциптердің аса маңызды рөлі ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің әлеуметтік (моральдық, заңдылық) негізін салушы ережелеріне негізделген.

Ұйымдық принциптеріне ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің негізін құратын, ұйымдастыратын принциптер жатады. Әкімшілік қызметтің жүзеге асыратын аппараттар, қызметтер, органдар, бөлімшелер және басқалар да ұйымдастыру құрылымын құру кезінде осы принциптерді басшылыққа алады.

Айтылған принциптерді қолдану органның қызмет етуі мен құрылымының, қызмет субъектілерінің арасындағы өкілеттіліктерді тиімді бөлуде, әкімшілік қызметтің функцияларын жүзеге асыру кезінде қайталанушылықты болдырмаудың аса тиімді жолдарын таңдап алуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-құқықтық принциптер. Әлеуметтік-құқықтық принциптерге мыналар жатады: адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік, демократизм, халықтың қолдауы мен сеніміне тірек жасау, заңдылық, ғылымилық, жариялылық пен кәсіби құпияның үйлесімділігі.

Адамгершілік принципі. Ішкі істер органдарының және оның қызметкерлерінің қызметінің адамгершілік қасиеті бар, өйткені ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және басқада мүдделеріне қол сұғушылықтан қорғау, қоғамдық жерлерде тыныштықты, қоғамның өмір тұрмысын қалыпты болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ішкі істер органдары (полиция) және оның қызметкерлері азаматтардың өмірі, денсаулығы мен мүлкіне қатер төнген жағдайда, құқыққа қайшы қол сұғудан, авария, өрт, дүлей апат және басқа да төтенше жағдай зардаптарынан қорғау шараларын әкімшілік қызмет жүргізу барысында қолданады. Олар құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардың зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өзге де күйдегі азаматтарға көмек көрсетеді.

Ішкі істер органдарының әкімшілік-юрисдикциясын жүзеге асыру кезінде жаза қолданған жағдайда жасалған құқық бұзушылықтың сипаты, құқық бұзушының кім екені, оның кінәсінің дәрежесі, мүлктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдетін және ауырлататын мән-жайлар ескерілгенде адамгершілік қағидасы көрінеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің азаматтарды азаптауға, оларға зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік және қадір-қасиеттерін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды, бұларды жасағаны үшін олар заңда көзделген жауапкершілікке тартылады.

Әлеуметтік-әділеттілік принципі. Бұл қызмет принципі ретінде әрбір азамат ішкі істер органына өздерінің, өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарына қарсы қайшы қолсұғушылықтан қорғауға көмек алуға тең құқылы және ішкі істер органы азаматтың өтінішін қарап қажетті шараларды қорғауға міндетті.

Қаралып отырған принцип құқықтық нормалардың дұрыс қолданылуын талап етеді, мысалы, әрбір құқық бұзушы әділетті жазаға тартылуы және жаза заңға қарсы жасаған әрекетіне сәйкес болуы тиіс, сондай-ақ кінәсіз адам жауапқа немесе жазаға тартылуға тиіс емес. Басқаша айтқанда, кінәлі адам ғана жауапқа немесе жазаға тартылуы тиіс. Сонымен бірге ішкі істер органдарының және қызметкерлерінің барлық әрекеті әділетті болуға тиіс.

Демократизм принципі. Бұл принцип ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде, біріншіден, ішкі істер органдарының (полицияның) шешетін міндеттері азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заңдылықты нығайту, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен; екіншіден, әкімшілік қызметті демократиялық негізде жүзеге асыру, бұл қызметті жүзеге асыратын органдар қоғамдастықтың бақылауында болуы, ішкі істер органдарының (полицияның) өз жұмысы және құқықтық тәртіптің жағдайы бойынша тұрғылықты жерлерде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, еңбек ұжымдарының, жиналыстарда, азаматтардың жиналатын жерлерінде, яғни халық алдында есеп беру міндеттілігімен; үшіншіден, азаматтардың әкімшілік қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерге белсенді көмек көрсету үшін мүмкіндік жасаумен; төртіншіден, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының және қоғамдық қауымдастықтардың қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, яғни, ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінде негізгі мазмұнын құрайтын салаларда қатысуымен көрінеді.

Халық қолдауы мен сеніміне сүйену принципі. Қаралып отырған принцип демократизм принципімен тығыз байланысты. Әкімшілік қызмет басқа да қызмет түрлері сияқты жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, еңбек ұжымдарымен және тұрғылықты халықтармен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметтері мен бөлімшелерінің қызметкерлері құқықтық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтар, қоғамдық қауымдастықтардың сеніміне, көмегіне және қолдануына сүйенеді. Полиция бөлімшелері өзіне жүктелген міндеттерді орындауға ерікті түрде азаматтарды жәрдемдесуге қатыстырады. Ішкі істер

органдары белгіленген тәртіпке байланысты қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және қылмыстылықпен күресте көзге түскен азаматтарды ынталандырады.

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және өзге де ішкі істер органдарына жәрдем жасауға міндетті.

Заңдылық принципі. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу мен ашуға және кінәлілерді жауапқа тарту тек заңға және басқа да нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұлай дейтініміз, біріншіден ішкі істер органдары қызметкерлерінің барлық әрекеттері заңмен негізделінуі тиіс; екіншіден, заң және басқа да нормативтік актілерге сәйкестік шеңберінде болуы қажет; үшіншіден заң қойған қандайда болмасын қоғамдық қатынастарды реттеу мақсаттарына жету үшін заңға сәйкес орындалуы керек.

Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінде заңдылықты сақтаудың ерекше маңызы бар, өйткені қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғаумен тығыз байланысты. Ішкі істер жүйесіне кіретін полиция кең көлемде мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Осыған байланысты қандай да болмасын түрде заңдылықты бұзуға жол беруге болмайды, өйткені оны бұзу азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзғандық деп саналады. Полиция қызметкерлерінің заңға қайшы әрекеттері олардың беделін төмендетеді. Заңдылықтың жекелеген бұзылу фактілері бойынша тұрғындар барлық ішкі істер органдарының (полицияның) қызметін сынауы мүмкін.

Өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны және тиісті мәнде орындамағаны үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері заңға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де жауапкершілікке тартылады.

Қызметкерлер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған кезде ішкі істер органдары оларды орнықтыруға, келтірілген залалды өтеп және көпшіліктің алдында кешірім сұрауға міндетті.

Ғылыми принцип. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің тиімділігі жүзеге асырлатын мәселелердің шығармашылық ғылыми жолдармен шешілуіне байланысты. Бұл принцип әкімшілік қызметте және ішкі істер органдарының басқа да қызмет түрлерін және бағыттарын жүзеге асыру барысында және қоғамдық дамудың, ғылымның жетістіктерін, объективті заңдылықтарды әрқашан есепке алынатындығын білдіреді.

Әкімшілік қызметте ғылыми жол қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстылықтың жағдайы туралы ақпараттарды және құқық бұзушылықпен тиімді күрес жүргізу үшін қажетті мәліметтерді жинау, өңдеу, талдау және синтездеу ғылыми әдістердің қолданылуымен көрінеді. Ақпараттарды өңдеу мен сақтауға электронды-есептеу машиналары қолданылады. Ғылыми жол ақпараттарды талдау, көкейкесті мәселелерді табуды, жоспарлау, бағдарламалауды, құқық бұзушылықтармен болашақта күресуді жоспарлау, мәселелерді шешудің тиімді амалдарын өңдеуді, белгіленген бағдарламалары орындауда айрықша тиімді жолдар және құралдарды таңдауды болжайды.

Ғылыми принцип қызметтік мақсаттарға жетудің жолдарын анықтайтын мәселелерін шешуді кешенді, жүйелі тұрғыдан анықтауға, күштер мен құралдарды жұмсауда өте тиімді жетістіктерге жетудің жолдарын көрсетеді.

Ғылыми жол қызметкерлердің қызметтік міндеттерін, ішкі істер органдарының аппараттары мен қызметтерінің құрылымдарын анықтаудың қолайлылығын анықтаумен көрінеді.

Қаралып отырған принцип ішкі істер органдарында еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастарды, автоматтандырылған басқару жүйесін, басқа да ғылыми-техникалық құралдарды қолдануды қарастырады. Еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру елеулі түрде еңбек өнімділігін артырады, қызметкердің қызметтік және жеке уақыттарын тиімді қолдануға көмектеседі, жұмыстық операцияларды қолайлы етуге, сонымен де жұмысқа қолайлы жағдай туғызады.

Ғылыми принцип, ғылыми тұжырымдар мен ұсынымдарды күнделікті іс жүзіндегі қызметте қолдануға, тиісті тәжірибиелерді үйрену мен қолдануға, қабылданған шешімдердің салдарына объективтік баға беру үшін, өзін тәжірибиеде көрсете білген оң шешімдерді уақытында табуға және қолдануға, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге отандық және шетелдік тәжірибиелерді шығармашылық тұрғыда қолдануды қарастырады.

Әкімшілік қызметті жетілдіру үшін психологиялық жетістіктерді қолдану аса маңызды орын алады, былайша айтқанда, ішкі істер органдары қызметкерлерінің адамдардың мінез-құлқына әсер етудің психологиялық-педагогикалық әдістерін игеруі аса маңызды. Ол ІІМ оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылады.

Жариялылық пен кәсіби құпияның үйлесімділігі. Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметі жариялы, азаматтар, жұртшылық және бұқаралық ақпарат құралдары үшін ашық болып саналады. Органдар өздерінің қызметтері туралы еңбек ұжымдарын, мекемелерді, қоғамдық ұйымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын (радио, телеарна, баспа), мем-

лекеттік органдарды, тұрғындарды қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жағдайымен және оларды нығайту шараларымен таныстырып отырады.

Сонымен бірге ішкі істер органдарының қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі шаралары, ақпараттар алу көздері мен әдістері туралы мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мағұлматтар заңдарда көзделген реттерден басқа жағдайда, сондай-ақ азаматтардың жеке өміріне, ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қатысты мағұлматтар жария етілмейді.

Ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің ұйымдық принципі. Ұйымдық принцип жүйесі екі топқа бөлінеді: әкімшілік қызметті жүзеге асыратын аппараттар мен қызметтердің құрылымдық принциптері және олардың қызмет принциптері.

Бірінші топқа мынадай принциптер: салалық, аумақтық, желілік, функционалдық, екі жақты бағынушылық жатады.

Салалық принцип әкімшілік қызметті жүзеге асыратын аппараттар мен қызметтерді ұйымдастырудың жетекші буыны ретінде танылады. Соған байланысты қандай да болмасын әкімшілік қызметтің түрлерін (қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету т. б.) жүзеге асыратын аппараттар мен бөлімшелер құрылады. Салалық принцип бойынша аппараттар мен қызметтер құру мамандандыруды қамтамасыз етіп, әкімшілік қызметтегі түрлі ерекшеліктерді ескере отырып, қызметкерлердің кәсіби шеберлігі мен жұмыс тиімділігін арттыруға көңіл аударылады.

Аумақтық принцип. Осы принципке байланысты әртүрлі бағыттағы әкімшілік аппараттар мен қызметтерді қалыптастыру кезінде қай жерлерде орналасқаны мен жұмыс істеу әкімшілік-аумақтық бөліністердің (аудандар мен қалалар т. б.) ерекшеліктері ескеріледі. Әкімшілік-аумақтық бөліністердің ерекшеліктеріне мыналар жатады: географиялық орта, тұрғындардың саны, демографиялық орта, жедел жағдай және басқалар.

Желілік принцип. Оны қолдануды қамтамасыз ететін әкімшілік қызметті жүргізетін аппараттар мен қызметтерді ұйымдастыруда, әрбір басшы өзінің құзыреті шеңберінде өзіне бағыныштыларға басқарудың барлық құқықтары мен функцияларына иелік типін көрсетеді. Мұндай бірнеше құрылымда тікелей бағынатын құрылымның жалғыз ғана бастығы болады. Желелік принцип әдетте шағын ғана қызметкерлер топтары мен ұжымдарын ұйымдастыру кезінде және тар мамандықты талап етпейтін онша ауыр емес жұмыстарда қолданылады.

Функционалдық принцип. Ішкі істер органдарының аппараттары, қызметтері және бөлімшелерінің құрылымы күрделі болғандықтан жеке басшы

теке өзі барлық өкілеттіктерді жүзеге асыра алмайды. Осыған байланысты желелік, функционалдық құрылымдар қалыптастырылады.

Функционалдық принциптің мәні үйлестірушілік және қамтамасыз ету қызметтерін жүзеге асыратын кадрлық, қаржылық, материалды-техникалық (қаруашылық) қызметтер мен бөлімшелерді және органның жұмысын жосарлау функциясын және т. б. қызметтерді құруымен көрінеді.

Аппараттар (қызметтер) құрылымын құру кезінде функционалдық принципті қолдану басшыға нақты функционалдық бөлімшелер арқылы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Функционалдық принцип еңбекті мамандандыруды, мәселелерді біліктілікпен шешуді, бақылаудың әсерлілігі болуын және басшылардың жұмысын жеңілдетуді қамтамасыз етеді. Бұл жерде, функционалдық аппараттар жалалық және желілік бөлімшелерге тікелей емес, тек өздерінің құрамына кіретін органдардың басшылығы арқылы әсер етеді.

Екі жақты бағыныштылық. Осы принципке сәйкес ішкі істер органы, тікелей, яғни жоғары тұрған ішкі істер органына, ал екінші жағынан Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдарына бағынышты.

Тікелей бағынышты болу төменгі ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін мемлекеттік жалпы саясатына сәйкес, еліміздің барлық саласында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нысандары мен әдістерін, тәжірибиелерін талдап қорыту негізінде бағыттайды. Сонымен бірге көлденеңнен бағынышты болу, атқарушылық билік органдарына ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін бағыттауға және бақылауға, органның жұмысына жәрдем жасауға, барлық өзін-өзі басқару органдарымен байланысты нығайтуға және кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Мысалы, «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 ж. 23-қаңтарындағы ҚР заңының 27-бабының, 1-бөлімінің, 12-тармақшасына сәйкес «облыстың республикалық маңызы бар қаланың, астананың) саласында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады», 22-тармақшасына сәйкес «Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ішкі істер органдарының штат санын белгілейді.», ал облыс әкімі 29-бабының, 1-бөлімінің, 5-тармақшасына сәйкес «Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ішкі істер органдары қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді».

Соныменен, екі жақты бағыныштылық орталықтан басқарудың және жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктердің қажетті бастамаларын есепке алып үйлесімділікті қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру принциптерінің екінші тобына: әкімшілік қызмет субъектілерінің арасында өкілеттіліктерді ұтымды бөлу, осы қызмет субъекті-

ектілерілерінің өз жұмыстары нәтижесі үшін жауапкершілігі, дара басшылық пен алқалықтың үйлесімділігі кіреді.

Өкілеттіліктерді ұтымды бөлу тапсырмаларды, міндеттер мен құқықтарды әрбір органға, аппаратқа, бөлімшелер мен қызметкерлерге заң жүзінде бөліту, олардың әкімшілік қызметтегі қарым-қатынастарын реттеуді қамтиды.

Жұмыс нәтижесі үшін жауапкершілік. Өкілеттіліктерді ұтымды бөлу принципі мен әкімшілік қызметті жүзеге асыратын аппараттардың, бөлімшелердің және қызметкерлерінің жұмыс нәтижесі үшін жауапкершілік тығыз байланысты. Әкімшілік қызмет субъектілерінің қателіктері мен кемшіліктер үшін тәртіптік және басқа да заңда белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады. Жауапкершілікті белгілеу жұмыстың сапалы және тиімді болуына, қызметті міндеттерді орындауға ұқыпты қарауға тәрбиелейді, басшылардың бағынушыларына деген талапкершілігі, адамдарға сергектік және ықыластық қатынасқа мүмкіндік жасайды.

Дара басшылық пен алқалықтың үйлесімділігі. Ішкі істер органдарының қызметі жеке басшылық негізінде құралады. Ол қажетті тәртіпті, ұйымшылдықты, жұмыстығы жеделдікті, қызметкерге тапсырылған жұмыс үшін жеке жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге дара басшылықта аса маңызды және қиын мәселелерді шешуге алқалық принципі қолданылады. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіндегі дара басшылық пен алқалықтың үйлесімділігі басшының аппараттар, қызметтер және бөлімшелердің жұмыс нәтижесіне жеке жауапкершілігімен және әкімшілік қызметтің негізгі кешенді мәселелерін алқалық талқылау мен үйлесімділігін білдіреді. Бұл біржақты, субъективтік шешімдерді қабылдаудан сақтайды. Мәселелерді алқалық түрде қабылдаудың кең таралған нысандары болып органның, аппараттың, қызметтердің, бөлімшелердің бастықтарының қарамағындағы жедел мәжілістер болып саналады. Сондықтан жеке басшылық өкімдігі ағымды мәселелерді шешумен және алқалықты талқыланған шешімдерді өмірге енгізумен байланысады.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің мәні неде?

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің негізгі ерешеліктерін атаңыз?

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің принциптер түсінігін беріңіз және қызмет принциптерін атаңыз.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылық принципіне аса маңызды көңіл бөлінетіндік ерекшеліктерін атаңыз.

II-ТАРАУ

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ, НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

1. Ішкі істер органдарының міндеттері, функциясы, қызметінің нысандары мен әдістері

Қарастырып отырған саладағы басқарудың арнаулы субъектісі болып ішкі істер органдары саналады. Олар басқа да мемлекеттік органдар сияқты өздерінің қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген әлеуметтік-құқықтық басқару принциптеріне байланысты жүзеге асырады.

Ішкі істер саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік атқарушы билік органдары ретінде, ішкі істер органдары құрылады және қызмет етеді. Бұл органдарды Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі құрады, оларға бағынышты және бақылауында болады.

Атқарушы билік (басқару органдары) жүйесіндегі ішкі істер органдарының алатын орны заңмен белгіленген өкілеттілікпен, жүктелген міндеттермен басқару функциясының жиынтығыменен, соныменде қандай да болмасын ішкі істер органдарының нақты міндеттері мен құқықтары көлемімен анықталады. Өкілеттілік жалпы, типтік және жекелеген ережелерменен және арнаулы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының міндеттері мен құқықтарын анықтайтын заңдылық және нормативтік актілеріменен анықталады.

Сонымен, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының өкілеттілігі Қазақстан Республикасының 21-желтоқсан 1995 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасы ішкі істер органы туралы» Заңымен белгіленген, ал негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен және ведомствалық Ережелермен реттеледі.

Ішкі істер органы өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарын, конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасы Президи-

дентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Парламентінің нормативтік қаулыларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың нормативтік шешімдері мен өкімдерін, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Ішкі істер органдарының міндеттері. Ішкі істер органы өзінің өкілеттілігіне¹ байланысты мынадай негізгі міндеттерді орындауға бағытталған: қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету; қылмыс пен өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және тыю; заңдарда белгіленген өздерінің құзыреті шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуге; әкімшілік жазалау шараларын орындау; әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібі мен режимін қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде жол қауіпсіздігі қозғалысын қамтамасыз ету және тағы басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының қызмет мәні мемлекеттің ішкі істер саласында қоғамдық қатынастарды, қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыспен және басқа да құқық бұзушылықтармен күресті реттейтін заңдар мен заңнан туындайтын заңдарды жүзеге асыруда.

Ішкі істер органдарының негізгі функциялары (қызмет бағыттары). Ішкі істер органдары алдарына қойылған міндеттерге сәйкес және өздерінің құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол сұғудан қорғау; қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардың ерікті қатысуымен қорғауға және қамтамасыз етуге; қылмыстардың алдын алуға, оларды анықтауға, ашуға және тыюға қатысуға; жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыруға; анықтама жүргізуге; әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға және тағы басқа да функцияларды² жүзеге асыруға міндетті.

Ішкі істер органдарының қызмет нысаны. Ішкі істер органы өздерінің қызметін әртүрлі нысандарда іске асырады: ұйымдастыру шаралары (ұйымдық-бұқаралық жұмыс); материалдық-техникалық операциялар; құқықтық

¹ Толығырақ Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңының 2-бабын қараңыз // Егемен Қазақстан. 1995. 16 желтоқсан.

² Толығырақ Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңының 10-бабын қараңыз.

шығармашылық қызмет; құқық қолданушылық (реттеуші және құқық қорғаушы) қызмет. Бұл нысандар ішкі істер органдарының ішкі қызметі, аппараттары мен бөлімшелері ішінде және сыртқы қызмет саласында да қолданылады.

Ұйымдастыру шаралары (ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс) ішкі істер органдарының барлық жүйесінің тиімді жұмыс істеу мақсатында күнделікті қамтамасыз етумен жүргізіледі. Ұйымдастыру әрекеттері құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына тікелей араласпайды. Ол тек қана төмен тұрған органдар мен бөлімшелердің және олардың қызметкерлеріне нұсқаулық пен инспекторлық тексерістер жүргізеді. Нұсқаулық пен инспекторлық тексеріс жүргізу ұйымдастыру шараларын (мәжілістер, отырыстар, конференциялар және басқалар) дайындау мен өткізуге байланысты болуы мүмкін.

Ұйымдастыру шаралары арқылы ішкі істер органдарының қызметкерлерін оқытуға, алдыңғы шектегі ғылым мен техникалық жетістіктерді тәжірибелі жұмысқа кіргізуге байланысты өңдеулер жүргізіледі.

Материалды-техникалық операциялар көмекші сипатқа ие болады. Солардың көмегімен ішкі істер органдарының қызмет процесі қамтамасыз етіледі. Материалдық-техникалық операция іс-қағаздарын жүргізу, аппараттар мен қызметтерді техникамен қамтамасыз ету, анықтамалар, есептер және басқа да дайындау жұмыстарын қамтиды.

Құқықтық шығармашылық қызметтің тағайындалуы құқықтық нормаларды өңдеу, оларды жетілдіру, өзгерту мен толықтырулар және қайшылықтарды жоюда, яғни, ішкі істер органдарының ішкі ұйымдастыру қызметіне бағытталған нормативтік заң актілерін шығару мен құқықтық реттеуінде. Құқық шығармашылық заңдар, қаулылар, жарлықтар, шешімдер және басқа да мемлекеттік билік органдарының актілер негізінде, оларды орындау барысында жүзеге асырылады, сондықтан заңнан туындайтын сипатқа ие болады.

Құқық шығармашылықтың нәтижесі, ішкі істер саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған заңнан туындайтын құқықтық нормалар болып табылады. Бұл нормалар, бұйрықтарда, нұсқауларда, ережелерде, жарғыларда және басқа да ішкі істер органдарының өкілеттенген басшысының шығаратын актілерінде өз көрнісін табады.

Ішкі істер органдарының құқық қолданушылық қызметі жекелеген заңдылық күші бар актілерді қабылдауында, яғни, құқықтық нормалар негізінде жекелеген нақты істерді (мәселелерді) шешу. Қандайда болмасын ішкі істер органы құқық қолданушылық өкілеттігінің әртүрлі көлемділігіне ие, құқық қолдану субъектісі және құқық қолданушылық қызметі арқылы күнделікті басқару функцияларын жүзеге асырады.

Құқықтық нормалардың мазмұны мен сипатына, олардың нақты мақсаттарына қарай ішкі істер органдарының құқық қолданушылық қызметі реттеуші және құқық қорғаушы болып екіге бөлінеді. Құқық қолданудың реттеуші нысаны нақты басқару істері мен азаматтардың, кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың ішкі істермен басқару саласында құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асырудағы ұйымдастырушылық мінездемедегі сұрақтарын шешуге қолданылады. Ішкі істер органы заңдылық нормалардың негізінде және шеңберінде нақты қоғамдық қатынастарды жеке құқықтық реттеуімен бірге ішкі істер саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілу процесіне, қоғамдық тәртіпті қорғауға белсенді әсер етеді. Құқық қорғау қызметі заңдылық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастарды қорғауға және оларға ешкімнің тиіспеушілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осы қызметтің көмегімен азаматтардың, органдар мен ұйымдардың субъективтік құқықтарын, құқықтық мәртебесін қорғау жүзеге асырылады, заңдылық міндеттерді орындамайтын адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Ішкі қызмет нысаны ұйымдық-штаттық мәселелерді шешуде іс-қағаздарын тәртіпке келтіруде, органның өз ішіндегі қызметкерлер мен құрылымдық бөлімдер мен төменнен бағынатын органдарды басқаруда қолданылады.

Сыртқы қызмет нысаны ішкі істер органына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ішкі және сыртқы нысандар норма шығармашылық, құқық қолданушылық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық болуы мүмкін.

Ішкі істер органдарының қызмет әдістері. Әдістер — бұл ішкі істер органына жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға қолданылатын әдістер мен әсер ету құралдары. Ішкі істер органы басқару субъектісі бола отырып әдістердің көмегімен тиісті бір басқару (басқарылатын) объектілеріне ықпал етеді. Ішкі істер органы қызметінің, сонымен бірге басқа да мемлекеттік басқару органдары сияқты негізгі тәсілі болып сендіру мен мәжбүрлеу саналады. Олардың әлеуметтік бағытталуы, мемлекеттің ішкі істерімен басқару саласында дұрыс мінез-құлықты қамтамасыз ету болып табылады.

Ішкі істер органы қызметінің әдісі ретіндегі сендіру құқықтық тәртіп, ішкі істер саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды олардың өз еріктерімен сақтауы мақсатында адамдардың санасы мен еркіне әсер етуді қамтиды. Мұндай ықпал ету адамгершілікке тәрбиелеуде, құқықтық оқытуда, ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарында, мадақтауда және т. б. жағдайларда көрінеді.

Ішкі істер органы көндірумен қатар қызметінде мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Соңғысының әсер етуі, бір жақты заңдылық, міндетті ұйғарым шамалауында, оның орындауы кепілденеді, ал қажетті жағдайда мемлекеттің еріксіз күшімен қамтамасыз етіледі. Бірақ, ол жазалау қасиеттері мен белгілі бір шектеулерден тұрады. Мәжбүрлеу құқықтық нормалармен реттелінген қоғамдық қатынастарды қорғаудың құралы болып саналады. Мәжбүрлеу, сендіру тұрғысында және заңдылықтың талаптарына сәйкес қолданылады.

Сендіру мен мәжбүрлеу ішкі істер органы қызметінің әмбебаптық (негізгі) тәсілі болып саналады. Олар өздерінің нақтылығын (басқарылатындарға басқарушылық әсер ету мазмұнының тәуелділігіне байланысты) ұйымдастырушылық, әкімшілік, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік және басқа да әсер ету әдістерінде табады.

Қызмет міндеттері, функциялары, және әдістері ішкі істер органдарының өкілеттік ерекшеліктерін ескертеді, олар мынада, ішкі істер органдарының өкілеттілігінің құқық қорғаушы мінездемесіне. Осыған байланысты әдебиеттерде және заңдарға ол құқық қорғаушы деп аталады; басқа да мемлекеттік басқару органдарына қарағанда ішкі істер органы анықтама және тергеу өндірісін, жедел-іздістіру шараларын жүргізу құқысына иеленген. Айтылған қызмет бағыттарын жүзеге асыру барысында белгіленген қызметтер мен оның өкілеттелінген өкілдері және тергеушілер қылмыстық және қылмыстық істерді жүргізу заңдардың басшылыққа алады; ведомствоның үстінен қарауға ішкі істер органы әкімшілік-қадағалау функциялар өкілеттілігіне ие, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың сақталуына қадағалау жасайды, төлқұжат ережелерінің сақталуын, лицензия-рұқсат беру ережелерін, жол қозғалысын реттейтін ережелерді, қажет болған жағдайларда мемлекеттік өрттен қорғау органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдем көрсету; ішкі істер органы кең көлемде әкімшілік мәжбүрлеу (әкімшілік-ескерту шараларын, әкімшілік бұлтартпау шараларын, әкімшілік құқық бұзушылық істерін қамтамасыз ету шараларын, әкімшілік жазалау) шараларын қолдануға құқылы; ішкі істер органы тек қана өздеріне жүктелген құқық қорғау функцияларын жүзеге асырылуын ұйымдастырумен бірге, нақты тәжірибиелік түрде жүзеге асырады.

Ішкі істер органы өз құрылымының ерекшеліктерімен мінезделінеді. Олар өкілеттенген мемлекеттік органмен белгіленеді және белгіленген функциялар мен құқыққа ие әртүрлі құрамдық буындары болады. Көрсетілген ерекшеліктер ішкі істер органын мемлекеттік атқарушы билік органдарының арнаулы түрі туралы айтуға негіз береді.

2. Ішкі істер органдары жүйесі

Ішкі істер органдарының жүйесі мыналармен сипатталады: элементтердің болуымен; элементтердің субординациялық және үйлесімділік байланысымен; бүтіндікпен, сапалық өзіндігімен және қатынастылық жекелігімен. Сонымен бірге, өз алдына атқарушы билік органдар жүйесіне қарасты күрделі жүйесін құрайды. Ішкі істер органы және оның звенолары (элементтері) өз функцияларын орындау барысында, басқарушылық және мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, ұжымдармен және жекелеген азаматтармен басқа да (ішкі жүйелік және сыртқы, яғни, жүйеден тыс) қатынастарға түседі. Бұл қатынастар билік-бағынушылық, тікелей және келісушілік, көлденең болуы мүмкін.

Ішкі істер органы жүйесі әкімшілік-аумақтық бөліністер принципінде құрылған, және де олардың функцияларын, міндеттер көлемі мен мінездемесінің ерекшеліктерін есепке алып басқарудың объектісі солай болғандықтан — ішкі істер саласы оның мазмұны мен нысанының болуымен ғана емес, мемлекеттің ішкі істер саласында басқаруды жүзеге асыратын белгілі органдар жүйесін де қажет етеді.

Қаралып отырған органдар жүйесінің екі түрі: басқару субъектісі және басқару объектісі болады. Олардың қандайда болмасын буындары, бір жағынан басқарушы және басқарылатын жүйе болып саналады. Мысалы, аудандық ішкі істер органы облыстық ішкі істер органына қарағанда басқару объектісі болады, және бір жағынан бағынышты звеноларды (қызметтермен, бөлімшелермен, аумақтық полиция бөлімшелері) басқара отырып басқару субъектісі болады. Басқарудың субъектісі мен объектісінің арасында күнделікті тура және қайтымды байланыс бар. Тура байланыс, басқарудың субъектісінен әмірлер беру және басқару шешімдерін беруінде. Қайтымды байланыс басқару объектісінен әмірлердің орындалғаны туралы ақпараттар түрінде болады.

Жоғары және төмен тұрған ішкі істер органдарының қарым-қатынасы негізінде орталықтандыру және орталықсыздандыру (жергілікті мекемелерге орталық мекемелердің кейбір басқару міндетін тапсыру жүйесі) принциптерінің үйлесімділігінде жатыр. Біріншісі, төменгі тұрған органдардың қызметін бағыттайды және бақылайды, олардың шешімдері төмендегілерге міндетті болып саналады. Сонымен бірге, бұл принцип, бүтін орталықтан басқарушылық жергілікті органдардың бастамалық және шығармашылық белсенділіктерімен, әрбір органның жүктелген істеріне деген жауапкершілігімен үйлеседі. Төменгі тұрған органдарға қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің ағымды сұрақтарын шешуге, жедел құқықтарын беру бастамалықтың жетілуіне мүмкіндік жасайды. Бірақ, бұл жоғары тұрған орган-

дардың бағыныштылық органдарының қызметіне деген жауапкершілікті алмайды. Барлық ішкі істер органдарының қызметтерінің шығармашылық мінездемесі бар, мемлекеттің міндеттерін жүзеге асыруға, құқықтық тәртіп пен заңдылықты орнықтыруға әрекеттеседі.

Ішкі істер органдарының жүйесі өскелең, ол әрқашан дамып отырады және жетілдіріледі. Оның өскелеңдігі елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланысты. Ішкі істер органы жүйесін құруда әлеуметтік мәселелерді шешуге комплексік әдіс-амалын қатаң түрде жүйелік құрастыру және жүйеге әсер ететін барлық факторларды есепке алу қажет. Мемлекет әрқашанда ішкі істер органдарының қызметін жетілдіруге көңіл бөледі, және де ең елеулі орын оның ұйымдастырлу құрылымын жетілдіруге бағытталған шаралары алады.

Өткен жылдардағы ішкі істер органдарына қатынасты өзгерістерді алып қарасақ, Қазақстан Республикасы Президентіні «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» қаулысында ішкі істер органдарынан біркатар міндеттер мен функцияларды басқа мемлекеттік органдарға беру қарастырылды (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентіні «Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы» қаулысында Ішкі істер Министрлігі жүйесінде қолдағы жалпы сан есебінен арнаулы бөлімшелер құру көзделді (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентіні «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдар жүйесін әрі қарай реформалау шаралары туралы» Жарлығында Ішкі істер министрлігі жүйесінде криминалдық және әкімшілік полиция бөлімшелерін құру көзделді (1997 ж.), Қазақстан Республикасының жекелеген заңдылық актілеріне өзгертілер мен толықтырулар енгізу туралы Заңына байланысты ішкі істер органдарының бір тұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, оқу орындары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды¹.

¹ Қараңыз: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 31 желтоқсан 2004ж. Қабылданған Заңы // Егемен Қазақстан. 11 қаңтар. 2005.

Ішкі істер органы жүйесінің әрбір звеносының қызметі аумақтық қызмет масштабымен шектеледі. Бұл, Қазақстан Республикасы бүкіл аумағын немесе жекелеген әкімшілік-аумақтық бөліністерді қамтиды.

Аумақтық қызмет масштабымен және қандай да болмасын ішкі істер органы жүйесі звеносының өкілеттілігіне байланысты екіге бөлінеді: орталық және әкімшілік-аумақтық бөліністердің облыстық ішкі істер органы болып бөлінеді.

Білімді бақылауға және бағалауға арналған сұрақтар:

Ішкі істер органдарының функцияларының түрлерін атаңыз?

Ішкі істер органдарының қызметінің нысандары мен әдістері деп нені түсінеміз?

Ішкі істер органдарының жүйесі дегенімізді қалай түсінесіз?

Ішкі істер органдарының жүйесін құрудың негізіне қандай принциптер салынған?

5-тақырып. ОРТАЛЫҚ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құқықтық жағдайы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі — Министрлік) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесіне басшылық етуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда, қалалардағы аудандарда және көлікте аумақтық органдары, сондай-ақ ведомстволары: Ішкі әскерлер комитеті мен Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті бар.

Министрліктің негізгі міндеттері қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күрес, есірткі мен қару-жарақ айналымын бақылауды қамтамасыз ету, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және Ережеге¹ сәйкес жүзеге асырады.

Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. Егер Министрлікке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқысы бар.

Министрлік өз құзретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының барлық саласында міндетті күші болатын бұйрықтар² түрінде актілер шығарады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымы. Міндеттері мен функциялары, яғни, органдар қызметінің негізгі бағыттары Министрліктің ішкі құрылымын анықтайды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұйымдастыру құрылымы мынадай элементтерден тұрады: Министрліктің басшылығы, алқа, штаб-департаменттер және басқа да бөлімдер.

Құрылымының элементтері арасында басты рөлді басшылық атқарады, оның құрамына: Министр, оның орынбасарлары және Министрлік алқасы кіреді.

Ішкі істер министрлігін Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрі басқарады.

Ішкі істер министрі:

- ішкі істер органдарына басшылықты жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде ішкі істер органдары жүйесінің құрылымы мен штат санын белгілейді;
- ішкі істер органдары жүйесінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібін белгілейді;

¹ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі туралы Ереже» ҚР-ның Үкіметінің 2005 ж. 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген // ҚР ПҰАЖ. 2005. № 25. 311-құжат.

² Қазақстан Республикасының 1998 ж. 24-наурызда қабылданған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 1998. 28 наурыз.

- Ішкі әскерлер қолбасшысы қызметіне тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне кандидатура ұсынады;
- Ішкі істер министрлігінің атынан ішкі істер органдары орындауға міндетті актілер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауға міндетті актілер шығарады.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-1-бабына сәйкес, Ішкі істер министрлігі мынадай құзыреттерді атқарады:

- қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;
- криминалдық, әкімшілік полициясы және ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің, ішкі әскерлердің, әскери-тергеу органдарының, әскери, арнаулы полицияның және көліктегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді және оларды іске асырады;
- ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатының іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды;
- қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлейді;
- Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттарын әзірлейді және бекітеді;
- өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
- ішкі істер органдарында іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында құпиялық режимінің сақталуына ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;
- криминалдық, әкімшілік полициясының және полицияның өзге де қызметтерінің, сондай-ақ ішкі әскерлердің, әскери полиция мен әскери-тергеу органдарының, арнаулы полицияның, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

ішкі істер органдарының жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге құқығы бар бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

полиция органдары бөлімшелерінің режимдік және ерекше қорғалатын объектілердегі қызметін қамтамасыз етеді;

авариялардың, өрттің, апатты жағдайлардың зардаптарын жою кезінде және басқа да төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастырады;

қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдар өмірінің, денсаулығының, абыройы мен беделінің және мүлкінің қорғалуын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті ішкі істер органдары, ішкі әскерлер басшыларының және ұйымдар басшыларының кәсіби біліктілігіне аттестаттау жүргізеді;

лауазымдар санаттары бойынша үлгілік біліктілік талаптарын, ішкі істер органдарының номенклатурасын, олардың қызметі туралы ережелерді; лауазымдар мен мамандықтар номенклатурасын, ішкі істер органдарының құрылымын, үлгі штаты мен штаттық нормативтерін, жүктелім көлемінің нормативтерін әзірлеп, бекітеді және

ішкі істер органдары қызметкерлері мен қызметшілерінің деңгейін айқындайды;

ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрларды даярлау мен оқытуды ұйымдастырады;

ведомстволық, ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді және қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы ғылыми қызметті үйлестіреді;

қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық аппараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

ішкі істер органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

ішкі істер органдары жүйесін жарактандыруды қамтамасыз етеді;

түрлі елдер, тергеу және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де іс жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушілердің, алдын ала жауап алушылардың жазбаша тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады.

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын үйлестіреді, көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, оларға мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу, оларды пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеу мен есепке алу, емтихан қабылдау және жүргізу құқығына арналған куәліктер беру тәртібін анықтайды, көлік құралдарының жекелеген түрлерін жол қозғалысына қатысуға жібереді және оларды жүргізуге құқық береді;

қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында, сондай-ақ ішкі істер органдарының, қарауына жататын өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, режимдік, ерекше қорғалатын объектілерді және мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашууды және тергеуді, алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды түрлі елдерді жүзеге асырады,

ішкі істер органдары жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда министрліктің мүддесін қорғауды және жергілікті жерлерде осы жұмысты үйлестіруді қамтамасыз етеді.

сот министрліктің ішкі әскерлерінің қамауға алынғандар мен сотталғандарды күзетуді және айдап алып жүруін бақылауды жүзеге асырады.

ішкі істер органдары арнаулы мекемелерінің қызметін ұйымдастыруды және бақылауды, сондай-ақ айдап алып жүруді жүзеге асырады.

- Қазақстан Республикасының көшіп кету мен көшіп келу саласындағы заңдарының сақталуын ведомстволық бақылауды және азаматтың мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысады, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;
- күзет қызметі саласында, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын құрастыру, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы ІІМ басшылық жасау нысандары. Министрлік басшылықты екі негізгі нысанда жүзеге асырады: а) орталықтан басқару; б) нақты жедел басқару;

Орталық басқару ішкі істер органы қызметінің барлық маңызды мәселелеріне ықпал ете басқарумен қамтылады.

Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі істер саласында функцияларды атқара отырып, қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен құбылыстардың негізде қоғамдық тәртіп пен қылмыстылықтың жағдайын сипаттайтын статистикалық және басқа да мәліметтерді ғылыми тұрғыдан талдау және әлеуметтік-экономикалық жетілудің жалпы мемлекеттік бағдарламасының құрамдық бөлігі болатын ішкі істер органы қызметінің көп жылдық стратегиясын ғылыми тұрғыда өңдеуді; ішкі істер органы жұмысының басымды бағыттарын анықтайды; ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін есепке алып, ішкі істер органдарының міндеттерін шешуге аса тиімді құралдары мен әдістерін белгілейді; ғылыми негізде басқару және еңбек жүйесін жетілдіру; ведомствалық нормативтік актілер шығарады; материалдық-техникалық ресурстарды есепке алады және бөледі; үйлестірушілік және бақылаушылық функциялары мен инспекторлықты жүзеге асырады; қылмыстылықпен күрес пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізуді ұйымдастыру; ішкі істер органдарының алдыңғы қатардағы жұмыстарын оқиды, өңдейді және таратады; заңдар негізінде ішкі істер органдарының жедел-қызмет және ұйымдастыру қызметінің тәртібі мен әдістерін белгілейді.

Нақты жедел басқаруды Министрлік төмен тұрған ішкі істер органдарымен және басқа да барлық деңгейіндегі қызметтермен тікелей басқару байланысы жағдайында жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы ІІМ, оның құрамына кіретін департаменттер және басқа да құрылымды бөлімшелер, оларға бағынышты ішкі істер органдарын, ішкі әскерлер, оқу орындары, мекемелері мен өзге де ұйымдарын басқарады. Жедел басқару Министрліктің барлық қызметіне емес, тек қана

накты объектілерге немесе олардың топтарына басқару әрекетімен әсе туімен менезделінеді.

Білімді бақылауға және бағалауға арналған сұрақтар:

Қазақстан Республикасының ІІМ негізгі міндеттерін атаңыз.

Қазақстан Республикасының ІІМ ішкі істер органдарының орталы звеносы екендігінің мазмұны анықтаңыз?

Қазақстан Республикасының ІІМ функцияларын атаңыз.

Қазақстан Республикасының ІІМ ішкі істер саласында басшылықт және басқаруды қандай нысандарда жүргізеді?

Қазақстан Республикасының ІІМ құрылымын қандай элементтер құ райды?

6-тақырып. ЖЕРГІЛІКТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдарының құқықтық жағдайы

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министр лігіне тікелей бағынышты, әкімшілік-аумақтық бөліністегі және белгілі бір аумақ аралығында қызмет атқаратын органдар мен бөлімшелерге басшылықты жүзеге асыратын орган болып саналады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдарының құрамын оларға бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдары (бұдан әрі — Департаменттер) өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы ІІМ, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік шешімдерін және басқа да нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттердің негізгі міндеттері «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен ішкі істер органдарының алдына қойған міндеттерін толық көлемде өзіне бағынышты органдар мен бөлімшелердің қызмет өрсететін аумақта тиімді қызмет етуін ұйымдастыру болып табылады.

«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабының 1-тармақшасына сәйкес, департаменттер мынадай міндеттері жүзеге асырады:

- 1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) криминалдық, әкімшілік полициясы мен ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің қызметін бақылауды, сондай-ақ ішкі іскерлер бөлімдерін, бөлімшелерін жедел басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөнінде шаралар қолданады және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 5) ішкі істер органдарының бөлімшелерін кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 6) ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерін аттестациялаудан өткізеді;
- 7) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
- 8) ішкі істер органдарының бөлімшелерін жарақтандыруды қамтамасыз етеді;
- 9) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы өңірлік ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 10) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуды қамтамасыз етеді, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;
- 11) ішкі істер органдары бөлімшелерінің жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды;

13) мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін бақылауды қамтамасыз етеді;

14) өңірдегі қылмыстың алдын алу мен оған қарсы күрестің жай-күйі туралы тұрғын халықты хабарлар етеді;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, сондай-ақ алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

17) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) тікелей облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) басқару деңгейіне жататын бөлімшелердің күшімен тиісті әкімшілік бірлік саласында қоғамдық тәртіпті сақтауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын, көлік құралдарының жекелеген түрлерінің мемлекеттік техникалық тексеруден өтуін бақылауды жүзеге асырады, оларды мемлекеттік тіркеу және есепке алу арқылы жол қозғалысына қатысуға жібереді, көліктерді пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркейді және есепке алады, емтихан қабылдайды және көлік құралдарын басқару құқығына арналған куәліктер береді, жол қозғалысын реттейді;

20) ішкі істер органдары ұстаған, қамауға алған адамдарды айдап алып жүруді қамтамасыз етеді;

21) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты орны және құжаттары жоқ адамдарға арналған арнаулы қабылдау-бөлу орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін және оларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

22) медициналық айықтырғыштарда, кәмелетке толмағандарды уақыт-
оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұсталатын адамдар-
ның жағдайын қамтамасыз етеді;

23) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қар-
күрес саласындағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қор-
ғу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

24) халықаралық шарттар негізінде ішкі істер органдарының қарауына
тататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асы-
рады;

25) заңсыз көші-конның алдын алу, азаматтық, көшіп кету, көшіп келу,
етелдіктермен жұмыс мәселелерін қарау жөніндегі шараларды жүзеге
асырады.

2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары құқықтық жағдайы

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен жергілікті-аумақ-
тық бірліктегі ішкі істер Департаменттеріне бағынышты және де қызмет
өрсететін аумақтарында нақты түрде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіп-
сіздікті қамтамасыз етеді.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары
қызметінің құқықтық жағдайын Қазақстан Республикасының Конституция-
сы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Прези-
дентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері, Қазақстан Республи-
касы ІІМ-нің актілері мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құ-
қықтық тәртіпті нығайтуға байланысты нормативтік шешімдері анықтайды.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын-ала тергеу
мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қо-
ғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтық құқықтары мен
қоғамның өркендеуіне, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге
қандай да заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөнінде
атқарушылық және өкім етушілік функцияларын нақты және кең көлемде
жүзеге асыратын негізгі орган болып табылады.

«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Рес-
публикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабының 1-тар-
мақшасына сәйкес аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі
істер органдары мынадай міндеттері жүзеге асырады:

1) қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі, ашады және тергейді, ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады, қылмыстық қудалар органдарынан жасырылған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хаба-сыз кеткен адамдарды және Қазақстан Республикасының заңдарында кө-делген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алу мен жолын кесуді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде әкімшілік іс жүргізуді, кәмелетке толмағандар арасындағы қалағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтауды және оны жолын кесуді, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қалағалау жасауды, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұру үшін кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

4) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) қылмыс жасалды деп сезік туғызған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған адамдарды заңға сәйкес қамау және ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) ұсталғандарды және қамалғандарды айдап апаруды жүзеге асырады;

7) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, қабылдау-бөлу орындарының арнаулы қабылдау орындарының, медициналық айықтырғыштардың, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

8) медициналық айықтырғыштарда ұсталатын адамдардың жағдайын қамтамасыз етеді;

9) кадрларды іріктеуді, орналастыруды жүзеге асырады, аттестаттау жүргізеді, көтермелейді, жазалайды, сондай-ақ өз құзыреті шегінде жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындайды;

10) мемлекеттік күзетке жататын объектілерді күзетуді жүзеге асырады.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

*Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және
ліктегі ішкі істер органдарының міндеттерін атаңыз?*

*Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органа-
ның міндеттерін атаңыз?*

III-ТАРАУ

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

7-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

1. Ішкі істер органдарындағы қызметті ұйымдастыру

Ішкі істер органдарын қайта құру кезеңіндегі ең елеулі бағыттар қалар тиімділігін арттыру, мамандарды даярлау, оларды қолдану және қасаясатын жетілдіру болып табылады.

Социологтар, психологтар, басқару теориясы бойынша мамандар адам қызмет арқалаушы деп қарап қана қоймай, оған біртұтас және қоғамның функциясын атқаратын жеке тұлға ретінде қарауды мезгеп отыр. Қазіргі кезде адамға қоғамдық үрдістің субъектісі мен объектісі ретінде қарау керек, адамның ролі мен әлеуметтік саланың өркендеуіндегі адамның атқаратын рөлі ерекше, адамсыз технократиялық негіздегі, экономикалық ойлардағы әлеуметтік басқарудың дұрыс жетілуі мүмкін емес. Қызметшілермен және кадрлармен жұмыстың маңызы мен ролі осында.

Қызметші қоғамдық қатынастардың күрделі механизмдеріне қызмет етеді және қандайда болмасын әлеуметтік басқару жүйесінің нақты және қажетті элементі болып табылады. Бұл толық мәнінде ішкі істер органдарына да қатысты. Қызметтер мен бөлімдердің тиімді қызмет атқаруы кадрлармен жұмысты ұйымдастыра білуінде. Бағынышты орган мен бөлімшілердің бастығы осы жұмысты ұйымдастырады және жұмыстардың нәтижелі болуына жеке жауап береді. Басшы кадрлар басқару білімін игеріп, адамдармен жұмыс істеудің тәжірибесі мен қабілеттілігіне ие болып; кадрлармен жұмысты ұйымдастыра білуі қажет. Егер, бір органда қызметкерлер жұмысы шағын болса, ондағы кадрлармен жұмысты орган басшысы өзі жүргізеді, ал орган қызметкерлері көп құрылымды болса, басқару аппараты құрамында арнаулы кадр аппараты құрылады.

Ішкі істер органдарының кадр аппаратары болып: Қазақстан Республикасы ІІМ тәрбие және кадр жұмысы басқармалары, қала, аудан ішкі істер органдарының тәрбие және кадр жұмысы бөлімдері саналады.

Ішкі істер органдарының кадр аппаратары ішкі істер органының қызмет змұнымен айналыспайды, ол тек қана жеке құраммен жұмыс істейді. ымен ішкі істер органы ұйымдастыру құрылымы жүйесінде кадр аппаратының орны анықталады. Бұл басшының қол астындағы көмекші органы. Әр кадр аппараты қандайда бір бір мәселелерді шешетін болса (жеке куә және анықтама беру т. б.) ол ереже бойынша басшының рұқсат берген леттілік шеңберінде ғана болады.

Кадр аппараттарына ішкі істер органдары жүйесінде, мемлекеттің кадр қызметі талаптарын жүзеге асыру мақсатында, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан және әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау мақсатында қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Осы мақсатта кадр аппараттары кадрлар құрамының сапасын жетілдіру, қызметке талапкерлер таңдаудың нысандары мен әдістерін одан әрі нығайту және жас қызметкерлердің қызметке кәсіби деңгейде тұрақтануы мен бекітінуін ескере отырып қызмет жүргізеді. Кадр аппаратары жұмысында кадр қызметшілігінің сапасын нығайтуда, басшылардың лауазымын іріктеуде жоғары деңгейде тәжірибиесі бар өкілетті және белсенді қызметкерлермен қамтамасыз ету ерекше орын алады.

Кадр аппараттарының бірден-бір міндеті өсетін кадрлардың резервін дайындау болып табылады.

Кадрлар резерві деп, оқу, тәрбие жұмысы мен тексеру барысында келеңсіздіктен кең үміт күттіретін, ауқымды міндеттер мен жауаптылыққа ие болатын, біліктілігі жоғары, белсенді басшы болуға лайық деп танылған қызметкерлер тобы танылады.

Демократия жағдайында ішкі істер органдарының кадрлармен жұмыс істеуі бос орынға емес, лауазымды орындарға үміткерлердің қатысуын кезек қамтамасыз ету мақсатында болуы тиіс. Сондықтан резервтермен жұмыс істеуі ұйымдастырғанда, үміткерлердің уақыт өткен сайын лауазымдық орындарға ие болу сенімі мен кепілі арта түсетіндей болуы керек, олардың кәсіби, моральды-психологиялық және жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасып, басшы лауазымды орынға баламалы түрде сынға түсуге деген құлшынысы арта түсетіндей болуы тиіс.

Қатардағы және басшы құрамындағы адамдарды қызмет бойынша жоғарлату, әдетте жоғарлату резервінде тұрған қызметкерлер арасында олардың іскерлік және жеке басының қасиетіне, денсаулық жағдайына сәйкес тағайындау жүргізіледі.

Кадрлық аппараттарға кадрлардың біліктілік деңгейін көтеруге бағытталған бағдарлама дайындау мен жетілдіруді ұйымдастыру міндеті жүктеледі. Кадр дайындаудың барлық жүйесі жеке құрамның өздерінің қызметтік

міндеттерін іскерлік, кәсіби деңгейде және қолданыстағы заңдарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Кадр аппараттары ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімдері де кадрлармен жұмыс жіргізудің ұйымдық-әдістемелік басшылығын жүзеге асырады.

Оларға, жеке құрамның қызмет өткеру барысында құқықтық және әлеуметтік қорғау жүктелінген. Кадр аппараттары ішкі істер органдарының кадрлармен жұмыс және қызметті өткеруіне байланысты заңдардың нақты және біркелкі орындалуын қамтамасыз етеді.

Кадрлық аппарат кең көлемде жұмыстарын жүргізеді. Олардың міндеттеріне ішкі істер органдарын еңбек қорымен қамтамасыз ететін экономикалық және әлеуметтік-демографиялық факторларға ықпал етуі; кадрлар іріктеу, көтермелеу, тағайындау, оқыту мен тәрбиелеу жұмысын талдау; кадрлардың моральдық деңгейіне және кәсіптік дайындығын (құрамдық сапасын) тәртіп деңгейі мен заңдылықтың сақталуын талдау жатады.

Аналитикалық жұмыс қорытындысы негізінде кадрлармен жұмысты жіргізу тілдіру мәселелері бойынша ұсыныс, есептік және ақпараттық құжаттар дайындалынады.

Кадр аппараттары міндеттерінің бірі — ішкі істер органының қатардағы және басшысы құрамына қажеттілік және оларды орындауға ұсыныстар дайындау. Оларға ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамын аттестациялауды ұйымдастыру, оның ынталандырушы рөлін көтеру, аттестация жіргізудің тәртібіне, аттестациялық құжаттарға бақылау жіргізу жүктеледі.

Кадр аппараттары органдарының қатардағы және басшы құрамының қызметкерлерінің жеке істерін, жеке құрамдық алфавиттік және статистикалық есебін жіргізеді, жоғары тұрған органға кадрлармен жұмыстың мәліметтері мен статистикалық есептерін жібереді.

Олар өз құзреті шеңберінде қызметтік куәліктерді дайындайды және беріледі, қызметкерлердің демалыс құжаттарын дайындайды.

Кадр аппараттарының жұмысының негізгі учаскесі болып қызметкерлерді белгілі бір лауазым иесіне бекіту, арнайы атақ беру, Қазақстан Республикасы ІІМ кадрлар қатарына кіргізу, мемлекеттік марапатаулар, ІІМ кеудеге тағатын белгілермен және басқа да марапаттау, қатардағы және басшы құрамдығы қызметкерлерді қызметтен босату саналады.

Ішкі істер органына әскери қызметтің кейбір элементтері тән. Оларды қолдану ішкі істер органдарының орындау міндеттеріне негізделеді. Жеткілікті түрде қылмыстылықпен және құқық бұзушылықпен күресті жіргізу, азаматтардың заңды құқықтары мен меншіктің барлық түрлерін қорғау үшін нақты, тәртіптік және әскери жоғары дайындық қажет.

Ішкі істер органдағы тәртіп — мемлекеттік тәртіптің бір салалық бөлігі ретінде табылады. Оның негізінде жалпы еңбек тәртібі талаптары және әскер-тәртіпке жақын ерекшеліктер де бар. Ішкі істер органдарында арнаулы ұйымдар, киімдер және бөлектеу белгілері мен ант қабылдау белгіленген.

Ішкі істер органдарындағы (полицияның) тәртіп қатардағы және басшы лауазымындағы әрбір адамды: азаматтардың мәртебесін, қадір қасиетін және құқықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, қызметті қырағылықпен және қайсарлықпен атқаруға; заңдылықты сақтауға және нығайтуға, заңмен жарғының, бастықтардың бұйрықтары мен нұсқаулық талаптарын қатаң орындауға; мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтауға; адал және шыншыл болуға, өзінің біліктілігін әрқашан жоғарлатуға, жұмыстың мәдениеттілігін көтеруге; жеке құрам арасындағы тәртіпті нығайтуға; бастықтарға көмектесу, бастықтарды қызметтік лауазымы және атағымен жоғары адамдарды құрметтеуге, әдепті болуға, белгіленген тәртіптегі жұмыс үлгісін және қызмет көрсету ережелерін сақтауға қызметтен тыс жерде өзін мәртебелі және намысты ұстауға, қоғамдық тәртіп және мораль нормаларды сақтауға өнегелілікке міндеттейді.

Ішкі істер органында дара басшылық принципі белгіленген. Дара басшылық деп, басшы өзі басшылық ететін орган немесе бөлімшеге мемлекеттен жоғары тұрған ішкі істер органдарының жүктеген міндеттерін орындауға толығымен, жауаптылығы танылады.

Қызмет мәселелерін нәтижелі шешу үшін ішкі істер органдарының бастықтары нақты бір құқықтарға ие болады, осылар арқылы өзіне бағынышты қызметкерлер мен қызметкерлерді жедел басқаруды және кадр мәселесін шешуді Бастық жеке құрам үшін толық жауапкершілікті.

Кадр жұмысының басым бағыттары: ішкі істер органдарының құрамдық құрамын сатылы түрде ғылыми негізделінген деңгейге жеткізу, кадрларды дайындау мен тәрбиелеудің сапасын көтеру, кадрлық жұмыстың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, кадрлық процестерді реттеудің ғылыми негіздерін қалыптастыру және ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді жүйесін жасау болып табылады.

Ішкі істер органын кәсіби мамандарға деген сұраныстарын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесінде құрылған заң институттары мен заң колледждері, факультеттер, мамандықты жоғарлату және кадрларды қайта дайындау курстары мен бөлімдері, бастапқы арнаулы оқу орталықтары маңызды міндеттерді шешеді.

Ішкі істер органдарының қызметі адамдардың, қоғамның мүдделерін қорғау үшін қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау адамдармен жүзеге асырылады. Жедел-қызметтің барлық учаскелеріне кәсіби сауатты, мәдениетті және адамгершілікті қызметкерлермен қамтамасыз етуді қажет етеді.

Міне, ішкі істер органдарының кадрлармен жұмыс істеудің мақсаты мен мәні осында.

2. Ішкі істер органындағы қызметтің құқықтық негізі

Ішкі істер органындағы қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасы Конституциясы; «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» заңы¹, Қазақстан Республикасының «ҚР ішкі істер органдары туралы» Заңы², «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы қызмет өткеру туралы Ереже»³ және ведомствалық нормативтік актілер және ішкі істер органында қызмет өткеру туралы жеке келісім-шарттар құрайды.

Ішкі істер органдарында қызмет атқаратын немесе кадрлары болып табылатын, белгіленген тәртіппен арнаулы атак берілген адамдар, сондай-ақ ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері ішкі істер органдарының қызметкері болып табылады. Бұл ретте ішкі істер органдары қызметкерлері арнаулы атақтардың тізбесі және оларды беру тәртібі заңдармен анықталады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне олардың жеке басын және өкілеттілігін растайтын белгіленген үлгідегі куәліктер мен жетондар беріледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнаулы дайындықтан өткен соң құралдар мен атыс қаруын өзімен алып жүру, сақтау, не қоладну құқығы беріледі. Олар, сол сияқты күш, соның ішінде күрестің жауынгерлік әдістерін қолдануға хақылы.

Ішкі істер органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы заңында белгіленген мемлекеттік қызмет принциптеріне сәйкес жүргізіледі. Олар, заңдылық, азаматтардың құқықтарының бостандықтары мен заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдында басымдығы, мемлекеттік қызметтің жалпыға ашықтығы, яғни өздерінің кабинеті мен кәсіби даярлығына сәйкес азаматтардың оған кіруге тең құқылығы және т. б.

¹ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 ж. 23 шілдеде қабылданған № 453-І Заңы // Егемен Қазақстан. 1999. 6 тамыз.

² «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсанда қабылданған Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомстары. 1995. № 23. 154 құжат.

³ Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қатардағы және басыш құрамдағы қызметкерлерінің қызмет өткеруі туралы» 1996 ж. 27 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1644 қаулысы ҚР Үкіметінің 2000 ж. 21 тамыздағы № 1287 қаулысымен бекітілу өзгерістер мен толықтырулар.

Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдарда адамдар Қазақстан Республикасы Конституциясында және басқа да заң актілерінде сөзделген Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтары мен бостандықтарына толық көлемде ие болады және барлық жауапкершілікті мойнына алады. Қызмет жағдайындағы олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасы заңдарымен, антпен, жарлығымен және ішкі істер органдары басшыларының бұйрықтарымен, сондай-ақ ережемен анықталады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен құқықтары. Ішкі істер органдарының қызметкерлері республиканың бүкіл саласында, атқаратын лауазымына және ішкі ведомстволық бағыныштылығына, уақытына қарамастан, азаматтар мен лауазымды адамдар оларға құқық бұзышылық туралы арыз немесе хабар жасаған жағдайда, не осындай әрекет тікелей анықталған ретте құқық бұзушылықты ұстау, көмекке мұқтаждарға жәрдем беру, оқиға болған жерде күзету, сондай-ақ қаяу жердегі ішкі істер органының хабардар ету үшін өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға міндетті.

Ішкі істер органының қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын мақымша шектейтін іс-әрекеттері «Заң атымен» деген сөздерді айта отырып іске асырылады. Кез келген адам мұндай жағдайда белсенді іс әрекетін тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, қорлау, қарсылық көрсету, күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір қасиетіне, мүлкіне қастандық жасау, оларға жүктелген міндеттерді орындауға бөгет жасайтын басқа да әрекеттер, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызмет бабындағы міндеттері мен қызметтік борышын орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір қасиетіне, мүлкіне қастандық жасау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде тек тікелей және төте бастықтарына ғана бағынады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызметіне осыған заңмен тікелей өкілеттік берілген адамдардан басқа ешкімнің араласуға құқысы жоқ. Заңға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлері заңды басшылыққа алуға міндетті және оның қорғауына болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 28-бабаның, 4-тармағына сәйкес, «Мемлекеттік

қызметші өз іс-әрекетінің заңсыздығы үшін жауап береді. Аткару үшін алынған үкімнің заңдылығына күмәнданған жағдайда бұл жөнінде ол өзінің тікелей басшысына және үкімді берген басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлануға тиіс. Лауазымы бойынша жоғары тұрған басшы аталған үкімді жазбаша растаған жағдайда мемлекеттік қызметші, егер оны орындау қылмыстық жазалануға тиіс әрекеттерге әкеп соқпайтын болса, оны орындауға міндетті. Мемлекеттік қызметшінің заңсыз үкімді орындауының салдары үшін осы үкімді растаған басшы жауап береді» делінген.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері арнаулы құралдар мен әдістермен қару қолданып келтірген зияны үшін, егер олардың іс-әрекеті заңға сәйкес жүзеге асырылса, жауап бермейді. Мысалы, ҚР ӘҚБТ кодексінің 39-бабының сәйкес «Құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде, бұл адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылықтар жасауын болдырмау үшін, егер мұндай адамды басқаша құралдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін қажетті шараларды асырау қолдануға жол берілмесе, осы Кодексте көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды» делінген.

Өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісті мәнде орындамағаны үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері заңдарға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге жауапкершілікке тартылады.

Арнаулы атақтар. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне мынадай арнаулы атақтар:

каттардағы құрам:

– полицияның қатардағы қызметкері;

кіші басшы құрам:

– полиция кіші сержанты;

– полиция сержанты;

– полиция аға сержанты;

– полиция старшинасы;

орта басшы құрам:

– полиция кіші лейтенанты;

– полиция лейтенанты;

– полиция аға лейтенанты;

– полиция капитаны;

аға басшы құрам:

– полиция майоры;

– полиция подполковнигі;

– полиция полковнигі;

жоғары басшы құрам:

– полиция генерал-майоры;

полиция генерал-лейтенанты беріледі.

Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын Ішкі істер министрінің қысынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Жоғары басшы құрамды арнаулы атақтарынан айыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрамға арнаулы атақтар берудің және одан айырудың тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеде айқындалады.

Ішкі істер органдарының қызметтік тәртіпін. Қызметтік тәртіп деп, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңдармен, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерінің атымен, қызмет туралы контрактпен, сонымен бірге Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрінің бұйрықтарымен, тікелей бастықтары белгілеген тәртіп пен ережелерін, оларға жүктелген міндеттерді орындау барысында және өздерінде бар өкіліттілікті жүзеге асыру кезінде сақтауы танылады.

Ішкі істер органдарының бастығы өзіне бағынышты қызметкерлердің қызметтік тәртібінің жағдайына жауапты. Осыған байланысты: бағынышты қызметкерлерге қажетті жұмыс, демалу және іскерлігін көтеруге жағдайын жасауға; бағынышты қызметкерлерде қызметтік міндеттерін орындауға қауіпкершілікке деген сезімін тәрбиелеуге; бағынышты қызметкерлердің қызметтік жұмысын бағалағанда жариялық пен объективтілікті қамтамасыз етуге; бағынышты қызметкерлердің мәртебесі мен қадір-қасиетін құрметтеуге; жеке құраммен жұмыста тамыр-таныстықты болдырмауға, қызметкерлерді жеке мінездемелік себептермен немесе ішкі істер органдарының жұмысындағы жетіспеушіліктер үшін қудаламауға міндетті.

Лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз қызметі, аса маңызды әрі күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы өзге де жетістіктері үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы Заңының 23-1-бабына сәйкес мынадай көтермелеулер қолданылады:

- біржолғы ақшалай сыйақымен;
- алғыс жариялаумен;
- бағалы сыйлықпен марапаттаумен;
- кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын берумен;
- сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де көтермелеу түрлерімен көтермеленуі мүмкін.

Айрықша сіңірген еңбегі үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады.

Жаза қолдану тәртібі. Тәртіптік жазалау қызмет бабында, уақытша болса да бағынышты қызметкерлерге қатысты бастықтың (командирдің) билігімен қоланылатын жазалау болып табылады. Ол қызметкерге қызметтік және қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін қолданылады. Тәртіптік жазалау қызметкерді жауаптылықтың басқа түрлерінен босатпайды.

Қызметкер қызметтік немесе қоғамдық тәртіпті бұзғанда бастық оның міндеттері мен қызметтік парызы туралы есіне салумен шектелуі мүмкін, ал қажет болған жағдайда тәртіптік жазалау қолдана алады.

Өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісті мәнде орындамағаны үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері заңдарға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге жауапкершілікке тартылады. Көрнеу заңсыз бұйрықты немесе нұсқауды орындау ішкі істер органдарының қызметкерін жауапкершіліктен босатпайды.

Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған және қамауда ұстау түріндегі тыйым салу шарасы қолданылмаған ішкі істер органдарының қызметкері, сот осы қылмыстық іс бойынша шешім қабылдағанша, қылмыстық іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіппен тергеу жүріп жатқан мерзімге қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетіледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы Заңының 24-1-бабына сәйкес мынадай тәртіптік жазалаулар қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- қызметке толық сай еместігі туралы ескерту;
- атқарып жүрген лауазымынан босату;
- арнаулы атағын бір саты төмендету;
- ішкі істер органдарынан босату қолданылуы мүмкін.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қолданылатын тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан және теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады.

Мадақтау мен тәртіптік жаза салу бастықтарға берілген құқықтар деңгейінде қолданылады. Бастықтар лауазымы тізімі және олардың құқықтары, және де мадақтау мен тәртіптік жаза салу тәртібі Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрі белгілейді.

Тәртіптік жаза салудың алдында қатардағы және басшы құрамдағы адамдардан ауызша немесе жазбаша түсініктемелер алынады.

Әрбір, қызметтік тәртіпті бұзған үшін тек қана бір тәртіптік жаза салынады.

Жаза салу туралы бұйрықта негіздері көрсетіле отырып, жаза салынған қызметкердің қол қою арқылы оған хабарланып қолданылады.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға бұйрықпен салынған тәртіптік жаза, оны салған уақыттан бір жыл мерзім өткен соң, егер осы уақытқа жаңа тәртіптік жаза салынбаса, алынды деп есептеледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар өздеріне қатысты жоғары берілген басшылардың қолданылған шешімдері мен әрекеттеріне заңға сәйкес сотқа шағымдануға құқылы.

Қызмет жағдайы. Ішкі істер органдарының қызмет жағдайларына мыналар жатады: ішкі тәртіп; жұмыс және демалыс уақытының ұзақтығы; ақалай үлесі; мемлекеттік жеке және медициналық сақтандыру; жеңілдіктер; кепілдіктер және компенсациялар (шығындарды өтеу) беру.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жұмыс уақытының ұзақтығы еңбек туралы заңдарға сәйкес белгіленеді. ішкі істер органдары қызметкерлері қажетті жағдайларда белгіленген уақыттыан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндері қызметтік міндеттерін атқаруға шақырылуы мүмкін.

Ішкі істер органдары қызметкерлеріне: кезекті; қысқа мерзімді; ауруына байланысты; оқуына байланысты; қосымша (зиянды жағдайларда міндетін атқарған немесе қызметінің ерекше сипаты үшін) және әлеуметтік (босауына және балаларға күтім жасауға байланысты) демалыстар беріледі.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерінің басқаруында қызмет жағдайлары заңдар, қаулылар мен ведомствалық нормативтік актілерге¹ сәйкес жасалынады.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыру деп нені түсінміз?

Ішкі істер органдарының кадр аппараттар жүйесін және осы аппараттардың функцияларын атаңыз?

Ішкі істер органдары кадрларына қойылатын талаптар?

Толығырақ.: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 ж. қабылдаған Заңының IV, V, VI тарауларын, Қазақстан Республикасы Үкіметі 27 желтоқсан 1996 ж. № 1644 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет өткеру туралы» Ережені және Қазақстан Республикасы Үкіметі 22 желтоқсан 1996 ж. № 1598 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының уәскалік өкілі туралы» Ережені қараңыз.

Ішкі істер органдарының қызметінің құқықтық негізін қандай нормативтік актілер құрайды?

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне берілетін арнаулы атақтарды атап беріңіз?

Ішкі істер органыныңдағы тәртіп дегеніміз не?

Ішкі істер органдағы қызмет жағдайлары дегеніміз не?

Мемлекеттік қызмет дегеніміз не?

8-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ

1. Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің тәртібі мен ерекшеліктері

Ішкі істер органында қызметке қабылдаудың ерекше тәртібі белгіленген, ол азамат пен Қазақстан Республикасының ІІМ арасында келісім-шарт жасасу негізінде жүргізіледі. Ішкі істер органының кейбір лауазымды қызметіне конкурс жүйесі арқылы жұмысқа алу кең көлемде қолданылады. Ішкі істер органына қызметке алынушылар арнаулы тексерістерден өтеді, олардың бұрынғы жұмыс істеген жерлерінен мінездеме сұратылады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің функционалдық міндеттері қатаң және бұйрықтар, жарғылар, түсіндірмелер мен ережелер және басқа да нормативтік актілердің талаптарын сөзсіз орындау негізінде реттелінген. Заңмен белгіленген қызметті өткеру, ішкі істер органдарының кадрлар қатарына бекітілген адамдардың барлығына міндетті. Ішкі істер органдарының кадрлары дегеніміз — Қазақстан Республикасы ІІМ және жергілікті жерлердегі органдарында негізгі мамандығы бойынша мемлекеттік қызмет атқаратын белгілі адамдар категориясы.

Қызметті өткеру деп, ішкі істер органдарының қызметтерінің қызметтік-құқықтық жағдайын өзгертуге келтіретін заңдылық фактілердің жиынтығын түсінеміз. Оның қатарына: кадрлар қатарына кіргізу, лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарлату, арнаулы атақты беру, қызметтік аттестациялау және ішкі істер органдарындағы қызметтен босату жатады.

Ішкі істер органдарында қызмет өткеру тәртібі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27-желтоқсандағы № 1644 қаулысымен реттеледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік өкіметтің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Ішкі істер органдарындағы қызмет — Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекет және Қазақстан халқы алдындағы қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын атқаруына байланысты мемлекеттік қызметтің айрықша түрі.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметіне осыған заңмен тікелей өкілеттік берілген адамдардан басқа ешкімнің араласуға құқығы жоқ. Заңмен ішкі істер органдарына жүктелмеген міндеттерді орындауға ішкі істер органдарының қызметкерлерін көндіруге ешкімнің құқығы жоқ. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметіне құқыққа қарсы араласу заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Заңға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған жағдайда, ішкі істер органдарының қызметкері заңды басшылыққа алуға міндетті және оның қорғауында болады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің өздеріне қатысты қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттерге жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым беруге құқығы бар.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері арнайы құралдар мен тәсілдер, қару қолданылып келтірілген зиян үшін, егер олардың іс-әрекеті заңға сәйкес жүзеге асырылса, жауап бермейді.

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы Заңының 21-бабында, адамның ішкі істер органдарында қызметте болуымен байланысты оларға мынадай шектеулер белгіленген:

- ішкі істер органы қызметкерлерінің лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандатпен, өзге де ақы төленетін қызметті атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органдарының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды;
- ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға тыйым салынады;
- ішкі істер органдарының қызметкерлері партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да болсын саяси партияны жақтауға тиіс емес.

Қандайда болмасын адамның ішкі істер органдарының кадрлар қатарында болу белгісі Қазақстан Республикасы ІІМ кадрларында есепте тұруы және Қазақстан Республикасы ІІМ қызмет өткерудің ережелермен бекітілген арнаулы полиция атағын беру болып саналады.

Ішкі істер органдарында Ішкі істер Министрі анықтайтын тәртіп першарттарда кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқаруға немесе уақытша орынында болмаған қызметкердің міндеттерін атқаруға рұқсат етіледі.

Ішкі істер органдарының қызметінде немесе кадрында тұратын, белгіленген тәртіппен арнаулы атақтар берілген адамдар, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясының әскери қызметшілері ішкі істер органдарының қызметкерлері болып табылады. Оларға жеке бастары мен өкілеттіліктерін куәландыратын белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктер мен жетондар беріледі.

Ішкі істер органдарының кадрлар қатарына кіргізу дегеніміз ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының лауазымына тағайындалғандар немесе кадр қатарына алынған әскери міндеттілер, ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының белгіленген тәртіпте әскери есептен шығарылуын және ішкі істер органдарының арнаулы есебінде тұруы.

Ішкі істер органдарының кадрларына кіргізудің кезеңінің заңдылық фактісі болып лауазымға тағайындау және арнаулы атақты беру туралы бұйрық болып саналады.

Ішкі істер органдарына қызметке ұлтына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, діни көзқарасына қарамастан өздерінің іскерлік, жеке және адамгершілік қасиеттері, білімі мен денсаулық жағдайы бойынша қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті, 18 жасқа толған және 40 жастан аспаған (қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына — 32 жастан аспаған) Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында оқуға орта білімі бар, 18 жасқа толмаған адамдар қабылдана алады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына қабылдаудың тәртібін тиісті түрдегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес министр белгілейді.

Бұрын ішкі істер органдарынан босатылған және қызметке қайта қабылданатын азаматтар үшін жас шектеулері, Ереженің 13-тармағының талаптарына сүйеніп белгіленеді. Ерекше жағдайларда, жекелеген тәртіппен, Министрдің шешімі бойынша ішкі істер органдарына қызметке Қазақстан Республикасының 40 жастан асқан азаматтары ерікті негізде қабылданады. Ішкі істер органдарына қызметке қабылданушы азаматтар қызметке жарамдылығын анықтау үшін, міндетті түрде ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссиясының медициналық куәландыруынан өтеді.

Егер, Қазақстан Республикасының азаматы:

- сотпен белгілі бір мерзімнің ішінде мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған;

- күшіне енген сот шешімімен әрекет жасауға қабілетсіз немесе әрекет жасау қабілеті шектеулі деп танылған;
- соттылығы бар немесе бұрын болған және қылмыстық жауаптылықтан ақтауға жатпайтын негіздер бойынша босатылған;
- мемлекеттік қызметке орналасар алдындағы бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған;
- қызметке орналасар алдындағы бір жыл ішінде қасақана құқық бұзғаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
- бұрын жағымсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен шығарылған;
- алкоголизммен немесе нашақорлықпен созылмалы науқас ретінде денсаулық сақтау және ішкі істер органдарында есепте тұратын;
- науқасы бойынша мерзімді әскери қызметтен босатылған және әскери комиссариатта әскери (саптық) қызметке жарамсыз не шектеулі жарамды ретінде есепте тұратын, аталған Ереженің 4 және 6-тармақтарында көзделген талаптарға жауап бермейтін болса, ішкі істер органдарына қызметке қабылдана алмайды.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау мемлекеттік қызметшілер адрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын ала сұрау санынған және азаматтар міндетті арнаулы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау қызметке тағайындау жолымен, соның ішінде келісім-шарт жасау жолымен жүзеге асырылады. Бұл жетте келісім-шарттың нысаны мен шартын Ішкі істер министрі белгілейді.

Ішкі істер органына алғаш рет қызметке тұрушы адамдар мендетті түрде бастапқы арнаулы оқудан өтеді және олар үшін сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі мен тағалымдамадан өту тәртібі мен шартын Ішкі істер министрі белгілейді.

Лауазымға тағайындау соған өкілеттенген ішкі істер органдарының лауазымды адамы мен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет өткеруі тәртібі Ережесімен жүзеге асырылады.

Арнаулы атақтар. Қатардағы және басшы құрамның арнаулы атақтары ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданған адамдарға біліктілігі, білімі, қызметке көзқарасы, еңбек сіңірген жылдары және атқаратын штаттық лауазымы, сондай-ақ Ережеде көзделген басқа да шарттар ескерілетіріп жеке өзіне, сабақтас түрде беріледі.

Сабақтастығына қарай арнаулы атақтар *алғашқы және кезекті* болып бөлінеді. Бұл орайда полиция, ішкі қызмет арнаулы атағының берілуі атқа-

рып отырған лауазымы бойынша көзделген арнаулы атаққа сәйкес болуға тиіс. Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын (алғашқы және кезекті) қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындау құқығы берілген бастықтар береді. Орта және аға басшы құрамның алғашқы арнаулы атақтарын беруді және Ішкі істер министрлігінің кадрларына қабылдауды Министр жүргізеді.

Басшы құрамның кезекті арнаулы атақтары, Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, кезекті атақ атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атаққа сәйкес болған жағдайда және арнаулы атақтан еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткен соң жүйелі сабақтас түрде беріледі. Қарамағындағы қызметкерді кезекті арнаулы атақ беруге ұсынуды негізсіз кешіктірген ішкі істер органының бастығы тиісті жауаптылықта болады.

Кезекті арнаулы атақ беруді Ережеде көзделмеген қосымша шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

- полиция қатардағы қызметкері, ішкі қызмет қатардағы қызметкері атағында — 3 ай;
- полиция кіші сержанты, ішкі қызмет кіші сержанты атағында — 1 жыл;
- полиция сержанты, ішкі қызмет сержанты атағында — 2 жыл;
- полиция аға сержанты, ішкі қызмет аға сержанты атағында — 3 жыл.

Полиция старшинасы, ішкі қызмет старшинасы атағында еңбек сіңіру мерзімдері белгіленбейді.

Орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

- полиция кіші лейтенанты, ішкі қызмет кіші лейтенанты атағында — 1 жыл;
- полиция лейтенанты, ішкі қызмет лейтенанты атағында — 2 жыл;
- полиция аға лейтенанты, ішкі қызмет аға лейтенанты атағында — 3 жыл;
- полиция капитаны, ішкі қызмет капитаны атағында — 3 жыл;
- полиция майоры, ішкі қызмет майоры атағында — 4 жыл;
- полиция подполковнигі, ішкі қызмет подполковнигі атағында — 5 жыл.

Полиция лейтенанты, ішкі қызмет аға лейтенанты алғашқы арнаулы атағы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарын, сондай-ақ басқа да жоғары оқу орындарын бітірген бойда берілген және ішкі істер органда-

ында, оқу орнында алған немесе тектес мамандық бойынша қызмет өткеліп жатқан қызметкерлер үшін полиция лейтенанты, ішкі қызмет лейтенанты атағында еңбек сіңіру мерзімі 1 жыл болып белгіленеді.

Полиция полковнигі, ішкі қызмет полковнигі, сондай-ақ жоғары басшы құрамның атақтарында еңбек сіңіру мерзімі белгіленбейді.

Полиция кіші лейтенанты, ішкі қызмет кіші лейтенанты алғашқы арнаулы атақтары: қатардағы және басшы құрамның лауазымдарында тұратын, Министр бекіткен бағдарлама бойынша ішкі істер органдарының арнаулы курстарын, басқа да министрліктер мен ведомстволардың арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қызметкерлерге; қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарында тұратын, жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарының соңғы курстарында оқып жүрген, сондай-ақ аяқталмаған жоғары білімі (үшінші курсан төмен емес) бар және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қызметкерлерге; арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған азаматтарға беріледі.

Полиция лейтенанты, ішкі қызмет лейтенанты арнаулы атақтары: полиция кіші лейтенанттарына, ішкі қызмет кіші лейтенанттарына арнаулы атақта еңбек сіңірудің Ережеде белгіленген мерзімі өткен бойда, ал жоғары оқу орындарын бітіргендерге — бұл атақта еңбек сіңіру мерзіміне қарамас-тан; қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтары бар, жоғары оқу орындарын не Ішкі істер министрлігінің арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қызметкерлерге; Ішкі істер министрлігінің жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарын күндізгі оқу нысаны бойынша бітірген қызметкерлерге; жоғары білімі бар және орта немесе аға басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға беріледі.

Орта және аға басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын: полиция майорына, ішкі қызмет майорына дейін қоса алғанда — облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және республика астанасындағы, көліктегі Ішкі істер департаменттерінің, Ішкі істер министрлігі «жүйесінің» жоғары және арнаулы орта оқу орындарының бастықтары; полиция полковнигіне, ішкі қызмет полковнигіне дейін қоса алғанда — Министр береді.

Ішкі істер министрлігі оқу орындарының тыңдаушыларына, адъюнктері мен докторанттарына орта және аға құрамның кезекті арнаулы атақтар, оқуға түскеннен кейін енгізілген осы лауазымдар бойынша штаттағы арнаулы атақтарға өзгерістер ескерілместен, олар оқуға түскенге дейін атқарған штаттық лауазымдарына сәйкес, тиісті арнаулы атақтарда еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі аяқталған бойда; кезекті арнаулы атақтар қызметкерлер оқуды бітірген соң тағайындалатын штаттық лауазымдар бойынша

атақтарға сәйкес болған жағдайда — оқу орнын, адъюнктураны, докторантураны бітірген бойда беріледі.

Бір қызметтен (бөлімшеден), жеке құрамы үшін өзге арнаулы атақтар белгіленген, басқа қызметке (бөлімшеге) ауыстырылған қызметкерлерге мұндай атақтар Ереженің 44-тармағында көзделген тәртіппен беріледі. Бұл ретте жаңа арнаулы атақ қызметкерде бар арнаулы атақтан төмен болмауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұратын азаматқа, оны Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары басшы құрамының лауазымына тағайындағаннан кейін, онда бар әскери атаққа сәйкес арнаулы атақ беріледі. Запастағы офицерлерді орта, аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына тағайындау кезінде оларға, егер лауазымға тағайындау күніне олар міндетті әскери қызметті өткеру және запаста болу кезеңінде өздеріне берілген әскери атақтарда белгіленген мерзімдерді өткерген болса, алғашқы арнаулы атақ олардың әскери атақтарынан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

Басшы құрамның кезекті арнаулы атағы (полиция подполковнигіне, ішкі қызмет подполковнигіне дейін қоса алғанда), қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін көтермелеу ретінде бұған дейінгі атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін немесе атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

Арнаулы атақтар мерзімінен бұрын арнаулы атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімдерінің кемінде жартысы өткенде беріледі. Штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ: арнаулы атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткен соң — ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар әрі оқу орнында штаттық лауазым атқаратын басшы құрамның адамдарына, оның алдындағы арнаулы атақта еңбек сіңірудің кемінде белгіленген екі мерзімі өткен соң — басшы құрамның басқа да санаттарына беріледі.

Арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын не штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары беру ішкі істер органдарындағы қызметінің барлық кезеңі үшін бір рет жүргізіледі. Бұл ретте кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындау құқығы берілген бастықтар, ал орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарын — Министр береді.

Арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзімі сол атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

Арнаулы атақ беруді заңсыз кешіктірілген жағдайда арнаулы атақта еңбек сiңiру мерзiмi, оның алдындағы арнаулы атақта еңбек сiңiру мерзiмi аяқталған сәттен бастап есептеледi.

Орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған, қатардағы және кiшi басшы құрамның атағы бар қызметкерлер, орта басшы құрамның арнаулы атағын беруге, бар атағында еңбек сiңiрген мерзiмiне қарамастан есептеледi.

Iшкi iстердiң тиiстi органының қарамағындағы (резервiндегi) немесе тәрiптiк жазасы бар, сондай-ақ оларға қатысты қылмыстық iс қозғалған немесе қызметтiк тәрiптi бұзу фактiлерi бойынша қызметтiк тексеру жүргiзiлiп жатқан қызметкерлердi лауазымға тағайындалғанға, тәрiптiк жазасы алынғанға, қылмыстық iс ақтайтын негiздер бойынша қысқартылғанға дейiн немесе қызметтiк тексеру аяқталғанға дейiн кезектi арнаулы атақтар беруге ұсыну жүргiзiлмейдi.

Тәрiптiк жаза қолданудың заңсыздығы туралы шешiм қабылданған немесе қылмыстық iс ақтайтын негiздер бойынша қысқартылған жағдайда, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға кезектi арнаулы атақтар, кезектi арнаулы атақ атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша атаққа сәйкес болған кезде, оны берудiң мерзiмi басталған сәттен бастап берiледi.

Қызметкерлер соттың заңды күшiне енген айыптау үкiмi бойынша арнаулы атағынан айырылуы мүмкiн:

- кiшi басшы құрамды — кiшi басшы құрамның арнаулы атағын беру құқығы берiлген бастықтар;
- орта және аға басшы құрамды — Министр;
- жоғары басшы құрамды — қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес.

Арнаулы атағынан заңсыз айырылған жағдайларда, сот органдарының лауазыларына сәйкес бұрынғы атағын қалпына келтiру туралы шешiмдi арнаулы атағынан айыру туралы шешiм қабылдаған лауазымды адамдар қабылдайды.

Арнаулы атағынан заңсыз айырылған кезең қалпына келтiрiлген арнаулы атақта еңбек сiңiру мерзiмiне кiредi. Арнаулы атағынан заңсыз айырылған адамдарға материалдық зиян толық көлемде өтеледi.

Лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарылау. Қатардағы, кiшi, орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар атқаратын лауазымдар мен осы лауазымдарға сай келетiн арнаулы атақтарды Қазақстан Республикасының Үкiметi бекiтетiн үлгiлiк тiзбелерге сәйкес, Қазақстан Республикасының Iшкi iстер министрi белгiлейдi.

Лауазымға тағайындауды, қызмет бабында ауыстыруды және жоғарыла- в туды тікелей бастықтар өздеріне берілген құқықтарға сәйкес жүргізеді. Бұл ретте мынадай шарттар сақталады:

а) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды лауазымға тағайын- дау және қызмет бабында ауыстыру кезінде оларды негізгі немесе тектес мамандығы бойынша немесе тәжірибесіне сәйкес пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс, ал олар үшін жаңа мамандық бойынша лауазымдарда пайдалану қажет болған жағдайда, тағайындар алдында, олар тиісті курстарда (жиын- дарда) қайта даярлаудан өтуі тиіс;

б) бос тұрған лауазымның міндетін уақытша атқарудың үздіксіз мер- зімі екі айдан, ал бос емес лауазым бойынша - төрт айдан аспауы тиіс;

в) ұйымдық-штаттық шараларды жүргізу кезінде басшы құрамдағы адамдар 15 күннен аспайтын мерзімге ішкі істер органдарының қарамағына (резервіне) алынады. Айрықша жағдаяттардан туындайтын кейбір ерекше кездерде 15 күннен жоғары, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің рұқсатымен жіберіледі. Ережеде бел- гіленген қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың демалыстарда бо- луы, емдеу мекемелерінде (әскери-дәрігерлік комиссияның жолдамасы бой- ынша дәрігерлік тексеруде) емделуі билік қарамағында болу мерзіміне есептелмейді;

г) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру, әдетте, оларды тиісті ішкі істер органының қарамағына алмай-ақ жүзеге асырылуы тиіс. Тиісті органның қарамағында тұрған адамдарды лауазымға тағайындау мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ лауазымнан босатқан күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі. Ішкі істер ор- ганының қарамағында тұрған аталған адамдарды қызметте пайдалану тәрті- бін министр белгілейді.

д) тікелей бастыққа бос тұрған лауазымды шұғыл қоса атқару қажет болған жағдайда аудандық ішкі істер бөлімінің бастығынан оған тең және жоғары тұрған бастықтан бастап — осы лауазымға тағайындау құқына не бастықтың келісімімен басшы құрам адамын бір айдан аспайтын мерзімге уақытша тағайындауға рұқсат етіледі;

е) орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды басқа лауа- зымдарға, сондай-ақ басқа елді мекенге шұғыл ауыстыру қажет болған кез- де, бұл туралы шешімді, осы адамдардың даярлығы мен қызмет тәжірибе- сін, сондай-ақ оларда және олардың отбасы мүшелерінде медициналық қар- сы көрсеткіштердің жоқтығын ескере отырып, олардың келісімі бойынша тиісті тікелей бастықтар қабылдайды.

ж) Ереженің 13-тармағымен белгіленген қызметте болудың шекті жа- сына жетпеген, әскери қызметке жарамды немесе бейбіт уақытта саптан

ығыс қызмет атқаруға жарамды деп танылған, бірақ өзінің денсаулығына немесе отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы бойынша қызмет орнын (тұрғылықты жерін) өзгертуді қажет ететін басшы құрамдағы адамдарды басқа мекенге қызмет бабында ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысының негізінде тиісті бастықтардың рұқсатымен жүргізіледі;

з) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды лауазымдарға тағайындау, қызмет бойынша, жедел еместен жедел лауазымдарға ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның дәрігерлік куәландыруының нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру:

а) жоғары лауазымдарға - қызмет бабында жоғарылату ретінде;

б) тең дәрежелі лауазымдарға — басқа лауазымдарға тағайындау қажет болған жағдайда немесе оларды іскерлік және жеке қасиеттерін ескере отырып неғұрлым орынды пайдалану, жаңа мамандыққа даярлау үшін, сондай-ақ отбасы жағдаяты, денсаулық жағдайы немесе жасы бойынша осы адамдардың келісімімен;

в) ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарына оқуға түсуіне байланысты — атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқуын бітірген соң лауазымға тағайындалған кезде;

г) төменгі тұрған лауазымдарға: штаттар қысқарған кезде немесе ішкі істер органын қайта құру кезінде — осы адамдарды дәрежесі тең лауазымға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда және олардың келісімімен; денсаулық жағдайы бойынша — әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде және олардың келісімімен; аттестациялаудың нәтижесі бойынша анықталған, қызметіне сәйкес келмеуі бойынша; тәртіптік жаза қолдану ретінде; жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру:

а) жоғары лауазымдарға — қызмет бабында жоғарылату ретінде;

б) тең дәрежелі лауазымдарға — ұйымдық-штаттық шаралардың жүргізілуіне байланысты және жұмыс тәжірибесін ескере отырып, мамандығы бойынша неғұрлым орынды пайдалану үшін, сондай-ақ олардың тікелей және төте бастықтарының келісімімен жеке өтініші бойынша;

в) ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарына оқуға түсуіне байланысты — атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқуын бітірген соң лауазымға тағайындаған кезде;

г) мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдарға іссапарға жіберу ретінде;

д) төменгі тұрған лауазымдарға: штатты қысқарту немесе ішкі істер органдарын қайта құру кезінде — (штат қысқарғанға) немесе ішкі істер органын қайта құруға дейінгі лауазымы бойынша жалақысына тең (немесе жоғары) жалақысы бар лауазымға тағайындалғанға дейінгі мерзімде бұрынғы лауазымы бойынша алған жалақысы жалақысы сақтала отырып осы адамдарды дәрежесі тең лауазымда пайдалану мүмкін болмаған жағдайда және олардың келісімімен; денсаулық жағдайы бойынша — әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде; қызмет мүддесінде — министрдің шешімі бойынша жекелеген жоғары білікті мамандардың лауазымдық жалақысы кейінгі өзгерістерді ескере отырып, соңғы атқарған лауазымы бойынша жалақысы сақтала отырып, өздерінің келісімімен; жеке өтініші бойынша; аттестациялық тәртіппен, қызметіне сәйкес келмеуі бойынша; тәртіптік жаза қолдану ретінде жүргізіледі.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарындағы басшылық және арнайы пәндер бойынша педагогтық жұмысқа тағайындалған жағдайда, олардың оқу орнына тағайындалғанға дейінгі атқарған негізгі (уақытша атқармаған) лауазымдық жалақысы, сақталады. Әрбір нақты жағдайда лауазымға тағайындалғанға дейін, оқу орны басшылығының ұсынысымен, Ішкі істер министрлігі кадр аппаратының қорытындысы бойынша, лауазымдық жалақыны сақтау туралы шешімді министр қабылдайды.

Сақталынған лауазымдық жалақыны төлеу төменгі лауазымдық қызметке төмендетілгенде тоқтатылады.

Төмен тұрған лауазымдарға ауыстырылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Ереженің 63-тармағындағы талаптарын ескере отырып, кейіннен қызмет бабында жоғарылай алады.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамды қызмет бабында ауыстыру туралы шешім ауыстыру негізі көрсетіле отырып, жеке құрам бойынша бұйрықпен ресімделеді.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында жоғарылату, тәртіп бойынша резервте тұрған қызметкерлер қатарынан олардың іскерлік және жеке қасиеттері, денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі. Қызмет бабында ауыстырылған орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар істі және лауазымын тапсырғаннан кейін, қызмет бабында ауыстыру туралы бұйрықты немесе жазбаша хабарламаны ішкі істер органы алған күннен бастап аталған адамдар кезекті демалыста немесе емделуде жүрген жағдайларды қоспағанда, бір айлық мерзімінен кешіктірілмей, жаңа қызмет орнына іссапарға жіберілуге тиіс.

Өзіне қарсы қылмысты іс қозғалған және қамауда ұстау түрінде алдын алу шарасы қолданылмаған қатардағы және басшы құрамдағы адам осы

қылмыстық іс бойынша сот шешімі қабылданғанға дейін қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіпте, тергеу жүргізу кезеңінде лауазымды міндетін атқарудан шеттетіледі. Лауазымынан шеттетілген уақыты үшін оған ақшалай үлес толық көлемде төленеді.

А Қызметтік аттестациялау. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестациялау олардың атқаратын лауазымына сай келуі мен қызметтегі келешегін, кәсіптік даярлығының, құқықтық мәдениетінің деңгейін бағалау, адамдармен жұмыс істеу қабілетінің, қызметкерлердің жұмысының тиімділігін арттыру, ішкі істер органдарының кадрларын іріктеуді, орналастыру мен тәрбиелеуді жақсарту, олардың біліктілігін арттыруды, ынтымылығын, шығармашылық белсенділігін өсіру және тапсырылған іске ауапкершілігін ынталандыру мақсатында жүргізіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестациялаудан бұрын ырымдық және тәрбиелік шаралар, аттестацияланатын адаммен жеке әңгіме өткізу т. б.) дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестациялау кемінде үш жылда бір рет өткізіледі. Аталған адамдарды аттестациялау сондай-ақ жоғары лауазымдарға тағайындалғанда, төменгі лауазымдарға ауыстырылғанда, ішкі істер органдарынан аттестациялау тәртібімен шығарғанда өткізіледі.

Министрдің шешімі бойынша қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестациялау басқа мерзімде де өткізілуіне болады.

Аттестацияланушы адамның атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы алдын ала тұжырымдалса, аттестация міндетті түрде оның қатысуымен өткізіледі. Министр мен оның орынбасарлары заңдарға сәйкес аттестациялауға жатпайды.

Ішкі істер органдарында 1 жылдан кем қызмет атқарған қызметкерлер жоғары тұрған лауазымға жылжытылған немесе оқуға жіберілген жағдайлардан басқасында, сондай-ақ қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қатарындағы әйелдер екіқабат және үш жасқа дейінгі бала күту кезінде аттестациялауға жатпайды. Олар қызметке шыққаннан кейін кемінде бір жылдан соң аттестацияланады.

Аттестациялау комиссияларын кадрлар аппаратының ұсынысы бойынша ішкі істер органдарының басшылары құрады.

Аттестациялау комиссиясы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды атқаратын лауазымына сәйкес емес деп таныған жағдайда ол қайта кәсіптік даярлықтан өтуге жіберілуі, лауазымы төмендетілуі немесе ішкі істер органдарынан шығарылуы мүмкін. Аттестациялау комиссиясының қорытындысын ішкі істер органдарының басшылығы бекітеді.

Аттестация жүргізу, оның қорытындыларын жүзеге асыру, сондай-ақ аттестациялау кезіндегі бұзушылықтарға берілген шағымдарды қарау тәртібі мен шарттарын министр белгілейді.

Қызметтен босату. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен:

а) егер босатылушылар, тиісті әскери атақтары бар және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды адамдардың запаста болуы үшін «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген шектеулі жасқа жетпесе — запасқа (әскери есепке қойыла отырып);

б) егер босатылушылар, тиісті әскери атақтары бар немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарып отырып, әскери қызметке жарамсыз деп таныған адамдардың запаста болуы үшін «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген шектеулі жасқа жеткен болса, әскери есептен шығара отырып жіберіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен запасқа (әскери есепке қойыла отырып):

а) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша (зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша, өзінің қалауымен қызметтен босайтын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар жоспарлап отырған кететін күнінен кемінде бір ай бұрын өзі қабылдаған шешім туралы ішкі істер органының тікелей бастығына ескертіп, ол туралы команда бойынша рапорт береді);

б) осы Ереженің 13-тармағымен өздері үшін белгіленген қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;

в) әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысы (қаулысы) негізінде — денсаулық жағдайы бойынша;

г) штаттың қысқаруына немесе ішкі істер органдарының қайта құрылуына байланысты басқа лауазымды пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда;

д) контрактіні бұзуға байланысты (қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың кінәсінен контрактіні қызмет атқару мерзімі аяқталғанша бұзған кезде олар, соның ішінде үлгермегені және басқа теріс себептермен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарынан шығарылған курсанттар мен тыңдаушылар өздеріне берілген және тиісті мерзімі

бойынша, пайдаланылмаған киім-кешектің, оның тозуын есепке ала отырып, құнын төлейді);

е) өзінің қалауы бойынша (қатардағы және басшы құрамдағы адамдар өзінің қалауы бойынша босатылған кезде, зейнетақы алуға құқылы адамдардан басқа, олар өздеріне берілген және тиісті мерзімі бойынша пайдаланылмаған киім-кешектің, оның тозуын есепке ала отырып, құнын төлейді);

ж) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) ұмысқа ауысуына байланысты;

з) сынақ мерзімінің ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

и) әскери-қызмет тәртібін ұдайы бұзғандығы үшін (қатардағы және басшы құрамдағы адамдар осы негіздер бойынша қызметтен босатылған кезде олар өздеріне берілген және тиісті мерзімі бойынша пайдаланылмаған киім-кешектің, оның тозуын есепке ала отырып, құнын төлейді);

к) аттестацияның қорытындысы бойынша қызметке сай келмеуі бойынша (қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға осы негіздер бойынша қызметтен босатылған кезде, олар өздеріне берілген және тиісті мерзімі бойынша пайдаланылмаған киім-кешектің, оның тозуын есепке ала отырып, құнын төлейді);

л) ішкі істер органдарының қызметкері атағына нұқсан келтіретін тегісіз қылық (қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты болмаса да, бірақ көпшіліктің алдында ішкі істер органдарының абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер; қасақана құқық бұзушылықтар; қоғамдық орындарда ішімдікке немесе есірткіге мас болған күйде жүруі, тергеудегі, сотталған адамдармен рұқсат етілмеген байланыс жасауы, қылмыс жасаған адамдарға демеушілік етуі, қызмет бабын жеке басының қамы үшін және аялдама күнделікті ниетпен қолдануы, оқу орындарының қызметкерлерімен, оқытушыларымен және курсанттарымен жарғыдан тыс қарым-қатынастар жасауға жол беруі; мемлекеттік және қызметтік құпияны, ішкі істер органдарына зиян келтіретін оперативтік сипаттағы ақпараттарды жария етуі сияқты ішкі істер органдарының қызметкерлерінің намысына кір келтіретін қылықтар, ішкі істер органдары қызметкерлерінің атағына дақ түсіретін қылықтар деп саналады) жасағаны үшін (қатардағы және басшы құрамдағы адамдар осы негіздер бойынша қызметтен босатылған кезде, олар өздеріне берілген және тиісті мерзімі бойынша пайдаланылмаған киім-кешектің, оның тозуын есепке ала отырып, құнын төлейді);

м) заңды күшіне енген соттың айыптау үкімінің шығуына байланысты шығарылады.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мына негіздерде әскери қызметтен шығарыла отырып қызметтен:

а) тиісті әскери атақтары бар адамдардың запаста болу үшін «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген шекті жасқа жетуі бойынша;

б) әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыздығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде — сырқаттануы бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты ішкі істер органдарынан босатылады.

Ереженің 92-тармағының «а», «б», «в», «г» тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша қызметтен босатылатын адамдар бұл туралы, әдетте, босатылардан кемінде екі ай бұрын хабардар етіледі.

Сонымен қатар қызмет өткеруден бас тартуға байланысты, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің шығындарды өтеудің құқықтық негізі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы Заңының 17-1-бабының 1-тармақшасына сәйкес «Ішкі істер министрлігі оқу орындарының күндізгі бөлімдерін бітірген ішкі істер органдарының қызметкерлері ішкі істер органдарында кем дегенде бес жыл жұмыс істеуге міндетті.

Ішкі істер органдарының қызметкері Ішкі істер министрлігінің оқу орнын бітіргеннен кейін ішкі істер органдарында одан әрі қызмет еткеруден бас тартқан не келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда ол өзін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамактануға, мүліктік ризыққа жұмсалған қаржы қаражаттарын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома келісім-шарттың мерзімі аяқталғанға дейін әрбір толық өткерілмеген айға бара-бар есептеледі», ал 2-тармақшасына сәйкес «Әскерге шақыру жасына толған және үлгермеуі, тәртіпсіздігі үшін, сондай-ақ өз қалауы бойынша оқудан шығарышған Ішкі істер министрлігі оқу орындары күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары), егер олар оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген болса, арнайы есептен шығару үшін тұрғылықты жеріндегі әскери басқарманың органдарына жіберіледі. Олар өздерін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамактануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражаттарын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома оқу орнында болудың әрбір толық айына бара-бар есептеледі».

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды әскери есепке қою және әскери есептен шығару арқылы босатуды:

а) ішкі қызмет подполковнигін қоса алғанда, полиция подполковнигіне дейін — облыстардағы, республикалық маңызы бар қаладағы және республика астанасындағы, көліктегі ішкі істер бас басқармаларының, басқар-

ларының, Ішкі істер министрлігі жүйесі Академиясының, жоғары және орта оқу орындарының бастықтары;

б) ішкі қызмет полковнигін коса алғанда, полиция полковнигіне дейін сондай-ақ жоғары басшы құрамдағы адамдарды - Министр жүргізеді.

Ішкі істер органдарынан босатылған, қайтыс болған, қаза тапқан, хабары жоқ болып кеткен немесе хабар-ошарсыз кеткен қатардағы және басшы құрамдағы адамдар министр белгілеген тәртіпте ішкі істер органдарының кадрларынан шығарылады.

Ішкі істер органдарынан босатылғаннан кейін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды әскери комиссариаттар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген тәртіпте әскери есепке қояды.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың жекелеген санаттарының қызмет өткеру ерекшеліктері. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдар қызметке жіберіле алады. Іссапарға жіберілген ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары орнын баса алатын республиканың мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдарындағы лауазымдардың тізбесін, іссапарға жіберу тәртібін, көрсетілген санаттағы адамдардың қызмет өткеру ерекшеліктерін, оларға арнаулы атақтар беруді, оларды аттестациялауды, қызметтен босатуды, еңбекақы төлеу шарттарын, киім-кейім және басқа үлес түрлерімен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайларда олардың жасына қарамастан, бірақ 50 жастан аспаған, бұрын ішкі істер органдарының кадрында болмаған мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдарының, прокуратураның, әділет органдарының мамандарын, жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарына тағайындау үшін жібере алады, бұл ретте олардың еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме төлеу мен зейнетақы тағайындау үшін мамандығы бойынша бұрынғы жұмыс стажы, соның ішінде аспирантура мен докторантурада оқыған уақыты белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарындағы қызмет стажына есептеледі. Бұл адамдарға арнаулы атақтар есебімен көзделген тәртіпте беріледі.

Қазақстан Республикасының депутаттары болып сайланған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ішкі істер органдары қызметінен босатылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттіктері аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарына қайта қабылдануы мүмкін. Бұл ретте олардың депутаттық өкілеттіктерін атқарған кезеңі еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме төлеу, кезекті арнаулы атақ беру және зейнетақы

тағайындау үшін (ішкі істер органдарынан зейнетақысын ресімдеп, депутат болып сайлануына байланысты босаған адамдардан басқа) ішкі істер органдарындағы қызмет стажына есептеледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері Ішкі істер министрінің бұйрығымен, ішкі істер органдары жеке құрамының тізімдерінен шығарыла отырып, одан әрі қызмет атқару үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, салық полициясы органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің осындай құрылымдары мен құқық қорғау органдарына (халықаралық шарттардың негізінде) қызметке жіберілуі мүмкін. Қызметке жіберу ішкі істер органы қызметкерінің рапорты бойынша тиісті мемлекеттік органдардың келісімімен жеке түрде жүргізіледі.

Жоғарыда аталған ведомстволардың қызметкерлері ішкі істер органдарына қызметке ауысып, қатардағы және басшы құрамының тиісті лауазымдарына тағайындалған соң, олардың әскери және арнаулы атақтары Ішкі істер министрлігінің арнаулы атақтарына теңестіріледі, әскери қызметіндегі немесе еңбек қызметіндегі үзіліске карамастан оларға әскери және арнаулы атақтар беру, ескерілген лауазымдарда қызмет істеген уақыттары есепке алына отырып, ішкі істер органдарында еңбек сіңірген жылдарына саналады.

2. Ішкі істер органдары қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау мемлекеттің міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметті өтеудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақының қамтиды.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай қаражаты лауазымдық айлық ақыдан және арнаулы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері үлгілері мен тиесілі нормаларын Республика Үкіметі белгілейтін тегін нысандық әрі арнаулы киім-ке-

екпен камтамасыз етіледі. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қалауы бойынша оларға нысанды және арнайы киім-кешектің орнына ақшалай өтем төленуі мүмкін.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің іссапар куәлігін көрсеткен соң аралық көлік түрінде жүріп-тұру құжаттарын және мейманханаларда тұру үшін орынды бірінші кезекте алуға құқығы бар.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің демалысы. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы отыз тәулік демалыс, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де демалыс беріледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қосымша ақы төленетін демалыс (күнтізбелік есеппен) қызмет өткерген жылдарына қарай:

1) он жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға — ұзақтығы бес тәулік;

2) он бес жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға — ұзақтығы тәулік;

3) жиырма жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға — ұзақтығы он бес тәулік мерзімге беріледі.

Биік таулы жерлерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеріп жүрген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, қызмет өткерген жылдарына қарамастан, ұзақтығы қырық бес тәулік кезекті демалыс беріледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстар, сырқаттануына байланысты, жүкті болуына және бала тууына байланысты демалыстар уақытында, демалысын өткізу орнына бағамын және кері қайтатын жолға берілетін уақытты қоса алғанда, ақшалай өтеу атқаратын лауазымы бойынша еңбек демалысына кеткен күніне алаңдауға мөлшерде төленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертлікке жағдайда берілетін кепілдіктер. Ішкі істер органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңінде мертлікке жағдайда, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем (төлеу тәртібін Республиканың Үкіметі белгілейді) төленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезінде не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне оның соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), зақымдануы, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде, оларға:

- 1) I-топтағы мүгедекке — отыз айлық ақшалай үлесі;
- 2) II-топтағы мүгедекке — он сегіз айлық ақшалай үлесі;
- 3) III топтағы мүгедекке — алты айлық ақшалай үлесі мөлшерінде (жолғы өтем төленеді).

Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын ауыр зақым (жарақат, жаралану, контузия) алған жағдайда оларға бір жарым айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, жеңіл зақым алған жағдайда жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем сақтандыру сомасы төленеді. Ал егер, ішкі істер органдары қызметкерінің қазасы (өлімі) жаралану (мертігуі), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындауға қатысы жоқ жағдаяттарға байланысты болғаны белгіленген тәріппен дәлелденсе, бір жолғы өтем төленбейді.

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің балаларына олар кәмелет жасқа толғанға дейін ведомстволық денсаулық сақтау мекемелеріндегі медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсетуге құқық сақталады.

Ішкі істер органдарының қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін олардың үш айлық ақшалай табыс мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқығы. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады. Ішкі істер органдарының он күнтізбелік жылдан астам уақыт қызмет атқарған қызметкерлері тұрақты тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жайларын өздерінің қалауына қарай жеке меншігіне сатып ала алады. Егер бас тұрғын үй-жайлар берілмесе, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін қызметтік тұрғын үй-жайлардан шығаруға болмайды.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй қорының тиістілігіне қарамастан тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулері (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) жұмсалатын шығындарды төлеуге ақшалай өтемақы республикалық бюджетте тиісті жылға белгіленген мөлшерде төленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасы ол қаза тапқан күн

1) бастап бір жылдан кешіктірілмей заңмен белгіленген шарттар мен тәрбиенің мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

2) Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік бағамның өзге шаралары. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне және олардың бірге тұратын отбасы мүшелеріне Республика Әкіметі белгілеген шекте Республика Қорғаныс министрлігінің әскери қызматкерлері мен зейнеткерлеріне заңмен белгіленетін жеңілдіктер мен артықшылықтар қолданылады.

3) Ішкі істер министрлігінің туберкулез және басқа мамандандырылған ұйымдар аурулар мекемелерінде қызмет атқаратын ішкі істер органдарының қызметкерлері аталған қызметкерлерге заңмен белгіленетін жеңілдіктер қолданылады.

4) Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету. Ішкі істер органдарының қызметкерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық және санаторий-курорттық қызметті Республика Әкіметі белгілеген тәртіппен пайдаланады.

Білімді бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Ішкі істер органдарындағы қызмет мемлекеттік қызметтің қандай түрі?*

2. *Ішкі істер органдарындағы қызмет өткеру дегенді қалай түсінесіз?*

3. *Ішкі істер органдарының кадрлар қатарына кіргізу деген түсінікті қандай түсінесіз?*

4. *Қызметтік аттестациялау дегенімізді қалай түсінесіз?*

5. *Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жұмыс орындарын алмастыру негіздерін атап беріңіз.*

6. *Ішкі істер органдарындағы қызметтен босату негіздерін атап беріңіз?*

7. *Ішкі істер органдарындағы қызметтен босатылған қызметкерлердің міндеттерімен, төлеу мен жеңілдіктер қандай заңдарға сәйкес реттелінеді?*

IV-ТАРАУ

ЖАЛПЫ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

9-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ШТАБ- ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЖҮЙЕСІ

1. Ішкі істер органдарының штаб-департаментінің құқықтық жағдайы, жүйесі және негізгі жалпы басқару міндеттері

Ішкі істер органдары жүйесінде жалпы басқару функциясын арнаулы аппараттар (қызметтер) штабтар атқарады. Ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің жүйесінде орны және осы аппараттардың қызмет ерекшеліктері өкілеттілікпен (құқықтық статусымен), штабка жүктелген міндеттер мен функциялар және олардың міндеттері мен құқықтары көлемімен сипатталынатын жиынтығымен анықталады.

Штаб Қазақстан Республикасы Ішкі істер министріне бағынышты Штабтардың өкілеттілігі Қазақстан Республикасы ІІМ белгілеген тәртіппен бекіткен ережемен анықталады.

Штаб өз жұмысында Қазақстан Республикасы Конституциясын, қазіргі кезде күші бар Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелер және ІІМ нормативтік актілерін басшылыққа алады.

Штабтың негізгі міндеттері. Ішкі істер органдарының штабтарының құқықтық статусына сәйкес мынадай келесі негізгі жалпы басқару міндеттерін орындайды:

- Республикадағы жедел жағдайды, ішкі істер органдары жұмысының нәтижелерін, криминалдық жағдайдың жетілуіне комплексіні талдау жасау;

- ИМ жұмысының келешектегі және ағымды жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасы Президенті, Парламенті мен Үкіметінің актілерінің алқалық және жедел мәжілістер шешімдерін, Министрдің бұйрықтары, үкімдері мен ұйғарымдарын, ИМ жоспарлары мен бағдарламаларын орталық аппарат қызметтерінің орындалуын бақылау;
- Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қылмыспен күрестегі жұмысына аймақтық бақылауды жүзеге асырады;
- ИМ салалық қызметтерімен бірлесіп облыстарда, аймақтарда және көлік объектілерінде жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты көңіл бөлу шаралар ұсыныстарын өңдеу және олардың орындалуына бақылау жасау;
- ИМ облыстардың Бас ИБ, көліктегі ИБ, олардың органдары мен бөлімшелерінде ұйымдастырушылық және жедел-қызметтерін тексерулерді ұйымдастырады және өткізеді және басқа да негізгі міндеттерді жұмысының құқықтық жағдайын көрсететін Ережеге байланысты жүргізеді.

Аталған негізгі міндеттер штаб функцияларында жүзеге асырылады. Штабтарға мыналар жатады: талдау жұмыстарын ұйымдастыру; жоспарлауды ұйымдастыру; орындауды бақылау мен тексеру; жедел жағдайдың өзгеруіне үздіксіз бақылау және көңіл бөлу; әскери жұмылдыру және азаматтық қорғаныс жұмысы; жаппай бұқаралық құралдармен өзара әрекеттесу; құқықтық реттеуді жетілдіру; сыртқы байланыстарды жетілдіру; жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін талдау, енгізу және ішкі істер органдарының штабтарына басшылық жасау.

Ішкі істер органдары штабтарының жүйесі. Штабтардың жүйесін негізінде звенолар құрайды: Қазақстан Республикасы ИМ Штаб-Департаменті, облыстардың ИБ, КИБ, Республика астанасының қалалық, аудандық, аудандардағы аудандық және жергілікті ішкі істер органдарының штабтары.

Ішкі істер органдары штабтарының жүйесін министрліктің жеке құрамдық бөлімшесі болып саналатын Қазақстан Республикасы Штаб-Департаменті (одан әрі штаб) басқарады. ИМ, БИБ-ТИБ-ларының бөлімшелік аппараттарының күштерін қылмыспен күрес, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздік қамтамасыз етудің жалпы жүйелік, салааралық, аймақтық міндеттерін жүзеге асыруға; Ішкі істер министрінің басқару шешімдерін өңдеу және жүзеге асыруды ұйымдастыру түрінде қамтамасыз етуге; қала, аудандық және жергілікті органдарды басқарудың нысандары мен әдістерін

жетілдіруді координациялауға шақырылған басқару органы — Штаб болып саналады.

Қазақстан Республикасы Штаб-Департаментінің құрылымын Ішкі істер Министрі бекітеді, оның құрамына мынадай бөлімшелер кіреді:

- 1) Ұйымдастыру-инспекторлық басқармасы:
 - жедел басқару орталығы, оның құрамында;
 - кезекші бөлім;
 - кезекші бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру және арнайы ішкі шаралар әзірлеу жөніндегі бөлім;
 - әскери-жұмылдыру жұмысы және азаматтық қорғаныс бөлімі.
- 2) Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы;
- 3) Халықаралық байланыс басқармасы;
- 4) Бұқаралық құралдар аппараттарымен өзара әрекеттесу орталығы;
- 5) 2-арнаулы басқарма;
- 6) канцелярия.

Штабтың ұйымдастыру қызметінің негізі болып Министрліктің жән Штабтың жұмыс жоспары саналады.

Штаб Министрдің тапсырмасымен ІІМ салалық қызметтерінің жұмысын, ішкі істер органдарының алдында тұрған кешенді міндеттерін шешуі қорытады, үйлестіреді және бақылайды. Олардың басқару қызметтерін жетілдіруге ұсыныстар жасайды.

Штабтың жұмысы, оның үйлестіру рөлі арқылы ІІМ орталық аппараттарымен өзара әрекеттесуі негізінде желілік және зоналық принциптер негізінде құрылады. Өзара әрекеттесуі аппараттармен алмасу, комплекстік шараларды бірлесіп өңдеу мен жүзеге асыру, басқару шешімдерінің ұсыныстары мен жобаларын ІІМ басшылығына дайындау арқылы жүзеге асырылады.

Республиканың ішкі істер органдарының қызметі сұрақтарын, ІІМ басшылығына беретін басқару шешімдерінің жобаларын, талқылау үшін Штабта тұрақты жедел кеңес құрылады, оның құрамын Штаб бастығы анықтайды.

Штаб бастығы штабтың жұмысын ұйымдастыруға оған жүктелген міндеттерді орындауға, жеке құрамның қызметтік тәртібі мен кәсіпқойлы дайындығына, заңдылықтың және құпия режимін сақтауларына жек жауапкершілікті.

Өз орынбасарлары арасында міндеттерді бөледі, Штабтың құрамдық бөлімшелерінің жұмысының жағдайы мен нәтижелеріне жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

Штабтың жұмыс жоспарын, оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің функционалдык міндеттерін бекітеді және қызмет статусын белгілейтін жерге байланысты құрылғыларға ие.

Білімді бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Штабтық бөлімшелер жүзеге асыратын жалпы басқару функциялары мені түсінеміз?

2. Ішкі істер органдарының штабтық бөлімшелерінің құқықтық мәртебесіне статуттама беріңіз?

3. Ішкі істер органдарының штабтық бөлімшелерінің жүйесі қандай?

Тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ МЕН КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Штаб-Департаментінің Жедел басқару орталығының тағайындалуы, міндеттері және функциялары

Жедел басқару орталығы (бұдан әрі — ЖБО) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Штаб-Департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министріне туысбағынады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Штаб-Департаментінің тікелей бағынысында болады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ЖБО — ішкі істер органдарының және қажет болғанда, ішкі әскерлер бөлімшелерінің күштері мен құрамдарын жедел басқару органы және мына мақсатта құрылған:

- республикадағы жедел-жағдайдың ахуалын бақылау;
- ауыр қылмыстар, жаппай тәртіпсіздік, дүлей зіл-залалар, төтенше жағдайлар және басқа да жедел жағдайлардың шиеленісуі болғанда қызметтер мен бөлімшелердің жедел іс-қимыл жасауы жөніндегі қызметін үйлестіру;
- төтенше жағдайлар туындағанда басқарушылық шешімдер әзірлеу және іске асыру;
- төтенше жағдайларда оқшаулап шектеудің арнайы іс-шараларын әзірлеу, ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, басқа да

әлеуметті құрылымдармен және ведомстволармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің қызметтерінің, бөлімшелерінің арасындағы бірлескен (үлгілік, арнайы) жедел жоспарлар әзірлеу, оқу-жаттығулар ұйымдастыру және өткізу, ішкі істер органдары бөлімшелерінің әскери дайындығын тексеру және оларға іс жүзіндегі көмек көрсету жөнінде өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің құралдарын және күштерін жедел басқарудың түрлері мен әдістерін жетілдіру мақсатында қолданылған.

ЖБО өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

ЖБО, сондай-ақ оның жедел бағынышындағы Ішкі әскерлер комитетінің министрлік департаменттерінің және дербес басқармаларының, Астана, Алматы қалалары ІІД-нің, облыстардағы ІІД-нің, көліктегі ІІД-нің ЖБ және қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ішкі істер органдарының оқу орындары мен басқа да құрылымдық бөлімшелерінің қызметтік зекші бөлімдер Қазақстан Республикасы ІІМ жедел басқару органдарының бірыңғай жүйесін құрады.

ЖБО-ның қызметі оқиғалар, қылмыстар туралы ақпараттарды жинаудың жаңа механизміне және ішкі істер органдарының күші мен құралдары біріктіруге қажет болған жағдайдың өзгеруі кезінде әрекет жасауға негізделген. ЖБО-ның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мейлінше толық сақталуын, жеке адамның өмірін, денсаулығын, ары мен намысын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

ЖБО өз қызметін жүзеге асыру мақсатында алдыңғы қатарлы компьютерлік технологияларды, радиобайланыс және телекоммуникация құралдарын пайдаланады, ақпаратты-талдау жұмысын жаңа деңгейде сапалы жүргізеді.

ЖБО Астана, Алматы қалаларының ІІД, облыстардағы ІІД, ІІД, және көліктегі ІІД жедел басқару органдары қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру, олардың кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі базалық орган болып табылады.

ЖБО-ның қызметі қызметкерлердің қызметтік міндеттеріне шек қою және олардың тапсырылған учаскедегі істердің ахуалына дербес жауапкершілігінің, заңдылықты бұлжытпай сақтауының, ғылыми ұсыныстарды

ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануының, жұмысқа озық тәжірибелерді ұдайы енгізуінің негізінде жүзеге асырылады.

ЖБО-ның құрылымы мен штаттарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер Штaб-Департаменті бастығының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

Жедел басқару орталығының құрылымына мыналар енеді:

- (1) кезекші бөлім;
- (2) кезекші бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру және арнайы іс-шараларды әзірлеу жөніндегі бөлім;
- (3) әскери-жұмылдыру жұмысы және азаматтық қорғаныс бөлімі.

ЖБО-ның негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер Штaб-Департаментінің жалпы стратегиясын жасау;
- 2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер Штaб-Департаментінің органдары мен бөлімшелері арасында, сондай-ақ тұтастай алғанда министрліктің басқа да мемлекеттік органдармен құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыстарды уақытында тергеу және олардың жасалуына күдікті адамдарды ұстау, мүліктік қылмыстерді және азаматтардың қауіпсіздігін, сондай-ақ сақталынатын объектілерді қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау, республикалық маңызы бар автожолдардағы қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі істер органдарын және Қазақстан Республикасы Ішкі істер Штaб-Департаментінің әскерлерін төтенше жағдайлар кезінде, жедел жағдайдың, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, діни жанжалдармен, осының негізіндегі экстремистік көріністермен және террористік актілермен байланысты жағдайдың ушығуы кезінде іс-қимыл жасауға дайындауды жетілдіру мәселелері бойынша нормативтік базаны әзірлеу мәселелерінде өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру;
- 3) тиісті басқарушылық шаралар қабылдау, сондай-ақ осының негізінде қауіпсіздіктің жедел мәліметтерді Министрліктің, Штaб-Департаменттің басқарушылығына баяндауға, Қазақстан Республикасының жоғары билік және басқару органдарына хабарлауға арналған басқа да құжаттарды әзірлеу үшін республикадағы жедел жағдайлар туралы ақпараттарды жинауды, өңдеуді, тарату және бағалауды ұйымдастыру;
- 4) Қазақстан Республикасының Ішкі істер Штaб-Департаментінің ІІД, облыстардағы ІІБД, ІІД және көліктегі ІІД жедел басқару органдарының басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен (келісім бойынша) ағымдағы ақпараттармен өзара алмасуы, Қазақстан Республикасының Ішкі істер Штaб-Департаментінің ақпараттар орталығының жедел-ізвестіру, анықтамалық және бағалау-статистикалық мақсаттағы Шоғырландырылған деректер банкін ұйымдастыру және барлық мүмкіндіктерін пайдалану;

5) аумақтық органдардың, республикалық маңызы бар автожолдардың патрульдік нарядтарды басқару жөніндегі жол полициясы бөлімшелерінің қызметін үйлестіру; кезекшілік тәуліктердегі республиканың масштабтық көлік құралдарын іздестіруді ұйымдастыру және басшылық жасау жол полициясының бөлімшелеріне бағыт-бағдарларды және ақпараттарды жедел жеткізу, көліктік магистральдар бойынша тасымалдау барысында кездесетін адамдарды күзетіп жүруді және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

6) Қазақстан Республикасының Ішкі істерінің, Астана, Алматы қалаларының ПД-не, облыстардағы ПД-не және көліктегі ПД-не, оқу орындарының даярлық дәрежесін және төтенше жағдайлар кезінде ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын жедел басқаруды енгізуді қамтамасыз ету;

7) әлеуметтік және криминалдық жағдайлардың, табиғи-климаттық құбылыстардың және арнайы жоспарларды қажет ететін техногендік апаттардың күшеюі мүмкін болғанда болжам жасау, ішкі істер органдарының және ішкі әскерлердің кешенді күштерін тарту және қолдану;

8) жедел жағдайдың ушығуы кезіндегі үлгілік, арнайы жедел жоспарларды әзірлеу, оларды ұдайы түзету және жаңарту, өзара іс-қимыл жасау жөнінде ұсынылған іс-шараларды министрліктермен және ведомстволармен келісу;

9) ауыр қылмыстар жасалғанда, жаппай тәртіпсіздік, дүлей зілзала және басқа да төтенше жағдайлар болған кезде бағынысты ішкі істер органдарының қарамағындағы күштер мен құралдарды жедел басқаруды қамтамасыз ету;

10) ішкі істер органдарының және ішкі әскерлердің жеке және бірлескен оқу-жаттығулардың материалдарын әзірлеу, осы оқу-жаттығуларды тәжірибе ретінде жүргізуді ұйымдастыру;

11) істер органдарында үлгілік жедел жоспарларды әзірлеуді және қолдануды бақылау және оларға осы мәселелер бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

12) істер органдарының нақты әскери дайындығын тексеру, кешенді және мақсатты түрде инспекциялауды жүзеге асыру кезінде практикалық көмек көрсету;

13) жедел басқару органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық негізін жетілдіру, озық технологияларды, ғылымның, техниканың жетістіктерін енгізу, қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру болып табылады.

ЖБО-ның негізгі функциялары. ЖБО тапсырылған міндеттерді орындау мақсатында мынадай негізгі функцияларды атқарады:

1) жедел ақпараттарды үздіксіз жинауды және республиканың өңірлерінде криминалдық жағдайды кешенді талдауды қамтамасыз ету, арнайы

шараларды өткізгенде ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын тиімді пайдалану;

2) республикадағы жағдай туралы министрліктің басшылығына, мемлекеттік билік және басқару органдарына баяндау, сондай-ақ басқа да мүдделі ведомстволарға хабарлау;

3) бастапқы тергеу әрекетерін және республиканың масштабында немесе жекелеген өңірлердегі оқиға болған жерден жалтарған, қамаудан немесе айлауылдан, әскерден қашқан адамдарды іздестіру, ұрланған, айдап алынған автокөліктерді іздестіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің басшылығы бақылауға алған басқа да оқиғалар мен құқық бұзушылықтар жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларын өткізуді үйлестіруді қамтамасыз ету;

4) жедел-іздестіру, анықтамалық және талдау мақсатындағы шоғырландырылған деректер банкі арқылы сұрау салулардың тәулік бойы өндеуді қамтамасыз ету;

5) республикалық маңызы бар автожолдарда болған оқиғалар туралы хабар келіп түскенде жол полициясы күштері мен құралдарының уақытында әрекет етуін ұйымдастыру және басқа да функцияларды атқарады.

2. Астана, Алматы қалаларының ПД, облыстардағы ПД және көліктегі ПД жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру, кезекші нарядтың құқықтары мен міндеттері

Астана, Алматы қалаларының ПД, облыстардағы ПД және көліктегі ПД Жедел басқару орталықтары, кезекші бөлімдері:

- қызмет көрсетілетін аумақта жедел жағдай туралы келіп түскен ақпаратты тәулік бойы үздіксіз жинау мен талдауды және оны басшылыққа және инстанцияларға ұсынуды;
- қылмыстар, қоғамдық тәртіп бұзушылықтар, дүлей зілзалалар және басқа да төтенше оқиғалар туралы хабарлауға шұғыл ден қою;
- қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын күштер мен құралдарды үздіксіз басқаруды және кезекші тәуліктегі қылмыстарды ашуға дереу шараларды қабылдауды;
- дайындық дәрежелерін енгізу;
- басшылықтың тапсырмасы бойынша жедел жоспарларды енгізу кезінде бағынышты ішкі істер органдарының іс-қимылдарын бақылауды;

- ішкі істер органдарының, сондай-ақ көрші облыстардың және көліктегі ішкі істер Департаменттерінің және шекаралас мемлекеттердің ішкі істер органдарының өзара іс-қимылдарына қолдау жасауды;
- бағынышты ішкі істер органдарының қызметін бақылауды жүзеге асыруды;
- лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің, Астана, Алматы қалаларының ПД, облыстардағы ПД және көліктегі ПД және олардың қызметтерінің жұмыс мәселелері жөнінде өтініш білдірген кезде анықтамалық жұмысты орындауды хабарламалар мен өтініштерді белгіленген мерзімдерде қабылдауды және шешуді;
- кезекші бөлімде тіркелген мүліктің сақталуын;
- әкімшілік ғимараттарын күзетудің жай-күйін бақылауды;
- полицияның кешенді күштерінің (бұдан әрі — ПҚК) оқиға болған жерлерге жіберуді және келуін бақылауды жүзеге асырады.

ЖБО, кезекші бөлімдер өздеріне жүктелген міндеттерді заңдылықты азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қатаң сақтай отырып орындайды.

ЖБО, кезекші бөлімдер Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы және көліктегі ПД-нің бастықтарына тура, Штаб немесе Жедел басқару орталығының бастығына тікелей бағынышты болады.

ЖБО, кезекші бөлімдер ақпарат жинау және жағдайдың күрделенуіне ден қою жөнінде өзіне жүктелген міндеттерді бағынышты ішкі істер органдарының ПҚК басқару арқылы орындайды.

Қалалық, аудандық, қаладағы аудандық, желілік ішкі істер органдарының және өзге де құрылымдық бөлімшелердің кезекші бөлімдері жедел жағдай мен оның өзгеруі туралы, кезекші тәуліктердегі қылмыстардың ашылуы, оларды жасаған адамдарды қудалау мен ұстау, қоғамдық тәртіпті топпен бұзудың алдын алу мен жолын кесу жөнінде қабылданған шаралар туралы ЖБО-ға, кезекші бөлімдерге хабарлауға, сондай-ақ басқа да қажетті ақпаратты беруге міндетті.

ЖБО-ның, кезекші бөлімдердің қызметкерлері өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерің Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің ведомстволық актілерін және қызметінің негізгі бағыттарын анықтайтын Ережені басшылыққа алады.

ЖБО-ның, кезекші бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру. ЖБО-ның, кезекші бөлімнің жұмысын тәуліктік нарядтардың жұмысын бақылауды жүзеге асыратын бастық ұйымдастырады. ЖБО, кезекші бөлім бастығының

Әмекшісі — жедел кезекші кезекші ауысымының аға қызметкері болып
к. былады және оның жұмысы үшін дербес жауап береді.

**Ішкі істер органы бойынша тәуліктік нарядқа кезекші ауысымнан
сқа мыналар кіреді:**

- жедел тергеу тобы (топтар);
- қызметтік автокөліктердің жүргізушілері, ал облыстық және көлік-тегі ІД-де — ПҚК басқару тобының инспекторы, «02» операторлары, ал ЖБО бар жерлерде — инспектор-навигатор, деректерді талдау банкінің операторы, бейнебақылау операторы.

ЖБО-ның, кезекші бөлімнің бастығы:

- ЖБО кезекші бөлім қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін әзірлеуге;
- бағынышты қалалық, аудандық, желелік органдардың кезекші бөлімдерінің жұмыстарын, соның ішінде олардың кезекші тәуліктегі қылмысты ашуды ұйымдастыруын талдауға, азаматтардың өтініштері мен хабарламаларын шешу мерзімдерінің сақталуын бақылауға;
- кезекші нарядтың жұмысына тәулік сайын қорытынды жасауға;
- кезекші бөлімнің жедел басқару құрамының лауазымдарына тағайындау үшін үміткерлерді іріктеуді жүргізуге және тағайындау, ауыстыру мен орнынан босату үшін ішкі істер органдарының бастығына ұсынуға;
- ЖБО-ның, кезекші бөлімдердің кадрларын оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз етуге;
- ЖБО-ны, кезекші бөлімді штаттық және табельдік тиістілікке сәйкес құжаттамамен, қару-жарақпен, қорғаныс, байланыс құралдарымен, жедел компьютерлік және криминалистік техникамен, автокөлікпен, басқа да мүлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге;
- қызметкерлердің құпия, соның ішінде шифрланған байланыс желілері бойынша келіп түсетін (шығатын) құжаттармен жұмыс істеген кезінде құпиялылық режимінің белгіленген талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Кезекші нарядтың жеке құрамы күнделікті (жыл мезгіл бойынша), ал ереке күндері — осы жағдайлар үшін көзделген киім нысанында қызметкері және қызметтік куәлігі, сондай-ақ фотосуреті бар, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген кеудедегі табличкасы (бейдж) болуы, орта және аға басшы құрамның адамдарында жеке нөмірі жазылған жетонның болуы міндетті.

Кезекші нарядтың басшы құрамы оқталған екі магазині бар тапаншала мен ал орган бастығының өкімі бойынша автоматпен және басқа да қағ мен қаруланады.

Әр наряд жұмысының ұзақтығы 24 сағат болып белгіленеді. Кезекші кезінде қызметкерлерге кезекпен тамақтану және қысқа мерзімді демалу үшін жалпы ұзақтығы: үш ауысымдық кезекшілік кезінде — 6 сағат, тө ауысымдық кезінде — 4 сағат үзіліс беріледі. Кезекшілік аяқталғаннан соң ЖБО-ның, кезекші бөлімнің штаттық қызметкерлеріне тиісінше 48 немесе 72 сағаттық демалыс, басқа тәуліктік кезекші қызметкерлерге 48 сағат беріледі.

Кезекші нарядтың оқиға болған жерге шығуын талап ететін және айта алатын қоғамдық резонанс тудыруы мүмкін жағдайларды қоспағанда, оны жеке құрамы үнемі кезекші бөлімнің үй-жайында болуға міндетті.

ЖБО-дан, кезекші бөлімнен кеткен-кезде жедел кезекші өзінің орнына қызметкерлердің біреуін қалдыруға міндетті. Кезекші бөлімде кезекші нарядтың бір ғана қызметкерін қалдыруға тыйым салынады.

Органның бастығы, оның орынбасарлары, Штабтың бастығы ЖБО-ның, кезекші бөлімнің бастығы келген кезде жедел кезекші оларға жедел жағдай туралы белгіленген тәртіппен баяндайды.

Жедел кезекші ЖБО-да, кезекші бөлімде әкімдіктердің, прокуратура органдарының, жоғары тұрған ішкі істер органдарының басшыларына, сонымен қатар тексерушілерге өзін таныстырады, олардың келгендігі туралы органның бастығына немесе оны ауыстыратын адамға баяндайды, оларды қажет болған жағдайда облыстардың және көліктегі ПД-нің әкімшілік құраматтарында алып жүреді.

Прокуратура қызметкерлері тексеру жүргізген кезде жедел кезекші олардың талабы бойынша қажетті қызметтік құжаттаманы ұсынады, тексерумен байланысты басқа тапсырмаларды орындауды қамтамасыз етеді; тексерудің басталуы мен нәтижелері туралы Астана, Алматы қалаларының ПД, облыстардың және көліктегі ПД Штабының бастығына баяндайды.

Жедел кезекшіні тәуліктік нарядтағы қызметінен орган бастығы, оның орынбасарлары, сондай-ақ Штабтың бастығы босата алады. Тәуліктік нарядтың басқа адамдарын ЖБО-ның, кезекші бөлімнің бастығы орган бастығына баяндау арқылы босата алады.

Кезекші нарядтың құқықтары. Жедел кезекші:

- бағынысты ішкі істер органдарының кезекші нарядтарына орындауы міндетті өкімдер беруге және олардың орындалуын бақылауға;
- жедел жағдай қиындаған жағдайда кезекші тәуліктер барысында органның бастығына (оны ауыстыратын адамға) баяндау арқылы

ПКК-нің қызметтік нарядтарын орналастыруда уақытша өзгерістер жасауға;

- дереу ден қоюды қажет ететін жағдайларда кезекші тәулікте оқиға болған, қылмыскерді қудалаған және ұстаған жерлерді күзетуді ұйымдастыру үшін күзетілетін объектіде сигнализацияның іске қосылғандығы туралы дабыл алған мемлекеттік күзет қызметінің нарядтарын (экипаждарын) және қорғалатын адамдарды алып жүрумен айналысатын жол полициясының мамандандырылған бөлімшелерін қоспағанда, қоғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдырылған кезкелген полиция нарядтарын пайдалануға;
- белгіленген тәртіппен арнайы жедел жоспарларды қолданысқа енгізуге, жеке құрамды немесе облыстардың және көліктегі ПД-нің жеке бөлімшелерін дабыл бойынша жиналуды жариялауға;
- тергеушінің оқиға болған жерде өз бетінше іс жүргізу жұмысына араласпай жедел тергеу топтарының мүшелеріне және өзге де қызметкердің қызметкерлеріне оқиға туралы ақпаратты алу және органның бастығына ұсыну мақсатында орындау үшін қажетті нұсқаулар беруге;
- ЖБО, кезекші бөлім мүмкіндіктерін пайдалана отырып немесе тікелей ішкі істер органдарының криминалдық ақпарат орталықтарының деректер банкінен қажетті жедел ақпаратты сұратуға және алуға;
- жеке құрамнан белгіленген тәртіпті, тәртіптемені ұстануды, киім нысанын қию ережелерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық ережелерді сақтауды талап етуге;
- облыстардың және көліктегі ПД қызметтері мен бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінен сұрау салынған ақпаратты алуға;
- ЖБО-ның, кезекші бөлімнің қызметкерлерін және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде көзге түскен азаматтарды көтермелеу туралы, ал қызметіне жауапкершіліксіз қараған фактілер бойынша ЖБО-ның, кезекші бөлімінің қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс жасауға құқы бар.

Облыстардағы және көліктегі ПД-нің жедел кезекшісі қажет болған, жел ахуал қиындаған жағдайда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ішкі істеріне, сондай-ақ күшпен және құралдармен шұғыл көмек беру, қажетті ақпаратпен өзара алмасу үшін көрші ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне хабарласуға және қолда бар күштер мен құралдарды шоғырландыруды жүргізуге құқылы.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде кезекші нарядтың қолданылып жүрген заңнамаға, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы-

ның Ішкі істер органдары туралы» Заңын және қызметтік міндеттерін анықтайтын Ережеге сәйкес функционалдық міндеттерімен айқындалған құзыретінің шегінде құқықтарға ие.

Жедел басқару орталығының (ЖБО) жұмысы оқиға туралы ақпарат қозғалысының және Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көлік тегі ІІД қызметтерімен өзара байланыста алдыңғы қатарлы компьютерлік технологияны, радиобайланыс және телекоммуникация құралдарын пайдалана отырып, соған орай іс-қимыл көрсетудің жаңа тетігіне негізделген.

ЖБО-ның кезекші наряды:

- қылмыстар, құқық бұзушылықтар, сондай-ақ төтенше жағдайлар туралы келіп түскен ақпаратты үздіксіз қабылдауды, өңдеуді, мұрағаттауды;
- қоғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдырылған ПҚК-ні жедел басқару руды, жақын арадағы нарядтарды оқиға болған жерге бағыттауды және олардың белгіленген мерзімде оралуын;
- өзінің техникалық мүмкіндіктері арқылы ішкі істер органдарының, криминалдық ақпарат орталықтарының деректер банктің жедел тергеу қызметкерлеріне және патруль нарядтарына олардың сұрау салған ақпаратын беруді қамтамасыз етеді.

Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ІІД-нің кезекші нарядының адамдары мынадай тапсырмалады орындайды:

- ЖБО-ның жедел кезекшісі тәулік бойында кезекші нарядқа басшылық жасайды және бақылайды, оның іс-қимылдарын үйлестіреді. Жедел ахуал шиеленіскен жағдайда органның бастығына баяндай отырып, тиісті жедел шараларды қолданысқа енгізеді, қызметті нарядтың бағыныштылығына қарамастан ПҚК-ны орналаструда өзгерістер жасайды. Ішкі істер органдарының басшылығына, Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің Штаб-Департаментіне ЖБО-ның жедел кезекшісіне Жедел ақпарат тізбесіне сәйкес жедел жағдай туралы хабарлайды;
- «02» операторы — телефон арқылы дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс (құқық бұзушылық) немесе оқиға туралы хабар алған жағдайда ол туралы неғұрлым толық ақпаратты электрондық картаға енгізеді, одан кейін күштер мен құралдарды басқару тобының (бұдан әрі — ҚҚБТ) кезекші инспекторына береді. Қылмыс дағалада жасалған жағдайда қылмыс (құқық бұзушылық) жасаған адамдарды анықтау мақсатымен алынған ақпаратты бейнебақылау операторына береді;
- ҚҚБТ-инспекторы — «02» операторынан ақпарат алған жағдайда оқиға болған жерге жақын жердегі ПҚК нарядын жібереді; оның

уақытылы келуін және оқиға орнындағы жұмысын үздіксіз бақылауды жүзеге асырады. Өлімге, адамдардың жарақаттануына немесе айтарлықтай материалдық, шығын әкелген оқиға немесе қылмыс туралы хабарлама алынған жағдайда қылмыс іздерін анықтау және бақылау, қылмыскерлерді табу жөніндегі шұғыл іс-қимылдарды жүргізу үшін жедел-тергеу тобын оқиға болған жерге дереу жібереді;

- бейнебақылау операторы — ЖБО жедел кезекшісінен, КҚБТ инспекторынан көшеде жасалған қылмыс туралы ақпарат алған жағдайда бейнебақылау көмегімен оқиға болған жерге кіретін ауданды карап, тексеру жүргізеді, нәтиже оң болған жағдайда ол іздестірілген немесе күдікті адамдардың табылғандығы туралы баяндайды;
- инспектор-навигатор — «СР5» жүйесінің көмегімен ПҚК-нің жүйесіне жұмылдырылған автопатруль қызметтерінің және басқа да нарядтардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, олардың орналасқан жерін қызмет көрсететін аумақтың электронды картасына түсіреді, олардың қызмет көрсететін аумақтағы жылдамдықтарын бақылайды. Полиция күштерінің дереу талап ететін қылмыс, оқиға туралы дабыл алынған жағдайда нарядтардың оқиға болған жерге уақытылы келуін бақылауды жүзеге асырады;
- интеграциялық деректер банкінің (ИДБ) операторы — жедел-тергеу қызметкерлерінің және патруль нарядтарының оқиға орнынан оларға қажетті, объектілер мен оқиғалар туралы телефон арқылы беретін сұрау талаптарын қабылдайды. Одан кейін ЖБО-ның бағдарламалық қамтамасыз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оларға ішкі істер органдары ақпарат орталығының деректер банкінен алынған ақпаратты ұсынады.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары, полицияның бөлімдер мен бөлімшелері кезекші бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру

Кезекші бөлім — бұл ішкі істер органдарының жүйесіндегі жедел басқару құрылымдық бөлімшесі, ол өз алдына қызметтер мен бөлімдердің командтық тәртіпті қорғау мен қылмыстылыққа күрестегі міндеттерін екпінді үрде шешу мақсатында қызметтеріне басшылық пен бақылау жасайды.

Бұл жүйенің ең жоғары бөлігі болып Қазақстан Республикасы ІІМ Штаб-Департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Жедел басқару орталығы болып табылады, төменгі бөлігі болып облыстық қала,

аудандық, желелік және поселкелік ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелері саналады.

Ішкі істер органдарының өз алдына жеке құрылымдық бөлімшесі болғандықтан, оның қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасы ІІН бекіткен ҚР ІІМ, облыстық, көліктегі, қалалық, аудандық кезекші бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі құрайды.

Кезекші бөлімше ІІМ, ІІД, КІІД, Алматы және Астана қалалық ІІД штаб бөлімдерінің құрамдас бөлігі болып саналады. Олардың ішінде ең елеулі орын қала, аудандық ІІО-ның кезекші бөлімшелері алады.

Жоғары тұрған кезекші бөлімшелер басқару қызметін жүзеге асырса төменгі, яғни, қала, аудан ІІО-ның кезекші бөлімшелері нақты түрде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмыстылықпен күресті қамтамасыз етудегі міндеттерді шешуге қатысады.

Міне, бұл кезекші бөлімдер жергілікті жердегі жедел жағдайды жоғары тұрған органға хабарлап, жинап, өңдеп ІІО-ның басшысына баяндап, белгіленген тәртіппен мемлекеттік өкімет және басқару органдарына, сонымен қатар прокуратураға және басқа да мүдделі органдарға хабарлайды. Қылмыстар жайлы түскен арыздарды, басқа да құқық бұзушылық оқиғалар жайлы хабарларды қабылдап, шұғыл шешім қабылдау және қылмыс жасағандылығы туралы арыздар мен хабарлардың өз уақытында шешімін табуына бақылау орнатуды жүзеге асырады.

Тиісті ішкі істер органы қалалық, аудандық, желелік органдарының кезекші бөлімдері:

- жедел жағдай туралы келіп түскен ақпаратты тәулік бойы үздіксіз жиниу мен талдауды;
- қылмыстар, қоғамдық тәртіпті бұзулар, сұрапыл апаттар және басқа да төтенше құбылыстар туралы хабарларға кешіктірмей қимыл жасауды;
- қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын күштер мен құралдарды үздіксіз басқаруды және кезекші тәуліктердегі қылмыстарды ашуға дереу шаралар қабылдауды;
- қылмыстар мен әкімшілік бұзушылықтар жасаған, ұсталған және жеткізіліген адамдармен талқыласуды ұйымдастыруды;
- өз құзыретінің шегінде ұсталған және қамауға алынған адамдарды ұстау және айдауылмен алып жүрудің белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауды;
- заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қатаң сақтай отырып оларға жүктелген міндеттерді орындауды жүзеге асырады.

А Кезекші бөлімнің жұмысын ұйымдастыру. Кезекші бөлімнің бастығы, штатында осы лауазым көзделмеген ішкі істер органдарында, жедел кезекші кезекші нарядтың үлкені болып табылады және оның жұмысы үшін жеке жауап береді.

Ішкі істер органы бойынша тәуліктік нарядқа кезекші ауысымнан басқа жедел тобы (топтар) және қызметтік автокөліктердің жүргізушілері кіреді. Қалалық, аудандық, желілік органы бастығының шешімі бойынша тәуліктік наряд қосымша күштермен және құралдармен күшейтіледі.

Кезекші бөлімнің жұмысын оның бастығы немесе қалалық, аудандық, желілік органы басшыларының бірі ұйымдастырады. Ол:

1) кезекші бөлімнің кадрларын іріктеуді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз етуге;

2) кезекші бөлім қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін әзірлеуге;

3) кезекші бөлімдердің жұмыстарын, соның ішінде кезекші тәуліктегі ымысты ашуды ұйымдастыруын талдауға, азаматтардың өтініштері мен шағымдарын шешу мерзімдерінің сақталуын бақылауға;

4) кезекші нарядтың жұмысына тәулік сайын қорытынды жасауға;

5) кезекші бөлімнің жедел басқару құрамының қызметтеріне тағайындау үшін кандидаттарды іріктеуді жүргізуге және тағайындау, ауыстыру мен орнынан босату үшін қала, аудан желілік органдарының бастығына хабарласуға;

6) кезекші бөлімді штаттық және табельдік тиістілікке сәйкес құжаттамамен, қару-жарақпен, қорғаныс, байланыс құралдарымен оперативтік, компьютерлік және криминалистік техникамен, автокөлікпен басқа да мүлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге;

7) қызметкерлердің құпия, соның ішінде шифрланған байланыс жеткізушілері бойынша келіп түсетін (шығатын) құжаттармен жұмыс істеген кезінде құпиялылық режимнің белгіленген талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Кезекші нарядтың құқықтары. Жедел кезекші:

– кезекші бөлімшелерге, қызметтік нарядтарға ал қалалық, аудандық желілік органның басшылары болмаған уақытта барлық жеке құрамға орындалуға міндетті өкімдер беруге және олардың орындалуын бақылауға;

– жедел жағдай қиындаған жағдайда кезекші тәуліктер барысында қалалық, аудандық, желілік органның бастығына (оны ауыстыратын адамға) баяндау, арқылы күштер мен құралдарды орналастыруда уақытша өзгерістер жасауға;

- кезекші тәуліктерде оқиға болған, қылмыскерді қуғындаған жән ұстаған жерлерді күзетуді ұйымдастыру үшін күзетілетін объектід дабылнама ойнағандығы туралы дабыл алған мемлекеттік күзе қызметінің нарядтары (экипаждарын) және қорғалатын адамдард алып жүрумен айналысатын жол полициясының мамандандырыл ған бөлімшелерін қоспағанда, қоғамдық тәртіп қорғауға жұмылды рылған кез-келген полиция нарядтарын пайдалануға;
- белгіленген тәртіппен арнайы жедел жоспарларды қолданысқа енгі зуге, жеке құрамды және қалалық, аудандық, желілік органның же ке бөлімшелерін дабыл бойынша жиналуын жариялауға;
- тергеушінің оқиға болған жерде өз бетінше процессуалдық жұмы сына араласпай, өзге де қызметтердің қызметкерлеріне оқиға тура лы ақпаратты алу және қалалық, аудандық, желілік органның бас тығына ұсыну мақсатында орындау үшін қажетті нұсқаулар беруге;
- ішкі істер органдарының деректер қорынан бірінші кезекте қажетт ақпаратты сұратуға және алуға және қызметінің негізгі бағыттарын анықтайтын Ережеге байланысты т. б. құқықғы бар.

Кезекші нарядтың жедел жағдай туралы ақпаратты жинау және талдау жөніндегі міндеттері. Кезекші наряд жедел жағдайды назарда ұс тауға, оның өзгеруі туралы деректерді үздіксіз жинауға, жалпылауға, тал дауға, қарсы іс-қимыл көрсету ұсыныстарын жасаумен ол туралы қалалық, аудандық, желілік органның бастығына баяндауға, ал кейіге қалдыруға бол майтын жағдайларда өз бетінше шешімдер қабылдауға және патруль наряд тарына тиісті өкімдер беруге міндетті.

Осы мақсатта кезекші наряд:

- патруль нарядтарымен тұрақты байланыста болады;
- оларға жағдайды, қарсы іс-қимыл көрсету шаралары туралы орган бастығының шешімдерін жеткізеді;
- қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- көрші ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерімен, авариялық, құтқару, санитарлық-эпидемиологиялық, метеоқызметтермен, көлік ұйымдарының диспетчерлік қызметтерімен, байланыс, инкассация, жедел жәрдем және басқа кәсіпорындармен ақпаратпен алмасады;
- жағдай туралы деректерді жұмыс карталарына, сызбаларға, жоспар ларға енгізеді, бұл ретте қолда бар қазіргі заманғы техникалық құ ралдарды пайдаланады;
- белгіленген тәртіппен қызмет көрсетілетін аумақтағы жедел жағдай туралы тиісті журналдары мен деректердің автоматтандырылған қорын жүргізеді;

- ішкі істер органдарының қолда бар барлық жедел есептерін пайдаланады.

Кезекші нарядтың кезекші тәуліктегі қылмыстарды ашуды ұйымдастыру жөніндегі міндеттері. Қалалық, аудандық, желілік органның кезекші бөліміне азаматтар кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы өтінішпен немесе хабарламамен телефон арқылы немесе жеке хабарласқан жағдайда кезектілігіне және жасалған жеріне қарамастан жедел кезекші:

- өтінішті немесе хабарламаны Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның 2002 жылғы № 6 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағындарды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау туралы» нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қабылдауға және өтініштерді есепке алу кітабына (ӨЕК) тіркеуге;
- мүмкіндігінше қылмыстың уақыты, орны мен мән-жайы және зардап шеккендердің жай-күйі туралы, сондай-ақ, қылмыстың куәлары мен көрген адамдар, оны жасаған адамдардың белгілері, ұрланған заттар туралы деректерді неғұрлым толық және нақты анықтауға;
- қалалық, аудандық, желілік органның бастығына, ал ол болмаған кезде басшылықтан жауапты адамға қылмыс немесе оқиға туралы келіп түскен, тіркелген өтініш, хабарлама туралы баяндауға;
- қылмыстың алдын алу, жолын кесу және ашу, оны жасаған адамдарды ұстауға және зардап шеккендерге көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдау, оқиға болған жерге полицияның қызметтік нарядтарының уақытылы келуін бақылауға, адамдардың сыртқы пішіндерінің суреттемелері, фотосуретер, субъективті портреттер бойынша іздестіру үшін күштер мен құралдарды қатыстыруға;
- оперативтік тергеу тобының оқиға болған жерді тексеру мен оперативтік және криминалистік құралдар мүмкіндіктерін пайдаланумен қылмыстарды ашуды ұйымдастыру үшін жолға шығуын қамтамасыз етуге;
- оқиға болған жерлерде криминалистік мамандардың қатысуын міндетті бойынша қылмыстардың тізбесін білуге;
- оқиға болған жерді күзетуді, қылмыс жасаған адамдардың қашуы мүмкін болған жолдарды жабуды, олардың жасырынған жерлерін қоршауды қамтамасыз етуге шаралар қабылдауға;
- жедел жағдай туралы жаңа ақпаратты алу үшін оқиға болған жерге жіберілген полиция қызметкерлерімен байланыста болуға;

- бірінші кезектегі іс-қимылдарды жүргізудің нәтижелері туралы қала, аудан, желілік органның бастығына, қажет болған жағдайда ішкі істер органдарының кезекші бөліміне хабарлауға;
- ұсталған адамдар әкелінгенде қылмыстық-процессуалдық заңнамада белгіленген тәртіппен оларды дактилокоөшірмеден өткізу мен фотосуретке түсіруді білуге міндетті.

Кезекші ауысымның кезекші бөлімге жеткізілген құқық бұзушылар мен талқыласу жөніндегі міндеттері. Қалалық, аудандық, желілік органның кезекші бөліміне полиция қызметкерлері немесе азаматтар жеткізген құқық бұзушымен талқыласу кезінде жедел кезекші:

- жеткізудің негіздемесін, жәбірленушілер мен куәлар туралы деректердің бар-жоқтығын анықтауға;
- жеткізілген адамның жеке басын оның жай-күйін (мастығы, жаракаттығы және т. с.) айқындауға;
- құқық, бұзушыны жеткізген қызметкерден жазбаша рапорт, ал азаматтар жеткізілген жағдайда өтініш алуға, бұл ретте құқық бұзудың мән-жайының жазылуына, жеткізу негіздемелеріне ерекше көңіл аударуға;
- жеткізу фактісін қалалық, аудандық, желілік органға жеткізілген адамдарды есепке алу кітабында тіркеуге және жеткізілген адамды қалалық, аудан, желілік органның, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ІІД, қажет болған жағдайда ҚР ІІМ Криминалдық ақпарат орталығының қолда бар оперативтік есебі бойынша іздеуде және оған басқа да материалдардың болуына тексеруге; тексеру нәтижелерін жеткізілген адамдарды есепке алу кітабында тіркеуге;
- негізсіз жеткізілген жағдайда негізсіз жеткізуге жол берген адамға оның іс-әрекетінің заңсыздығын және жеткізілген адамнан кешірім сұрауын ұсынады, содан кейін жеткізілген адамды дереу босатуға, қалалық, аудандық, желілік органға жеткізілген адамдарды есепке алу кітабында қажетті белгілер жасауға;
- қалалық, аудандық, желілік орган қызметкерінің азаматты негізсіз жеткізгені туралы шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарының бастығына баяндауға міндетті.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қалалық, аудандық, желілік органға жеткізуге жатпайтындар (қылмыс үстінде ұсталған жағдайларды қоспағанда):

- депутаттар (Парламенттің Сенаты және Мәжіліс депутаттары);
- судьялар;
- сыныптық шендері бар прокуратура қызметкерлері;

дипломатиялық иммунитет пен жеңілдіктерді пайдаланатын шетел азаматтары.

Көрсетілген адамдарды жеткізген жағдайда жедел кезекші олардың жедел басын, істің мән-жайын анықтағаннан және құжаттағаннан кейін жеткізген адамдарды босатуға, болған оқиға туралы жазбаша баяндаумен орнының бастығына баяндауға және осы адамдардың жеткізілгендігі туралы докурорға хабарлауға міндетті.

Құқық бұзғандықтары үшін, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлері жеткізілген жағдайда жедел кезекші жеткізудің негіздемесін, еске басын, қызмет орнын анықтағаннан кейін әскери басқарма органдарының басшылығына, ішкі істер органдарының бастығына хабарлауға және олардың өкілдеріне беруге міндетті.

Кезекші бөлімшеге жеткізген қоғамдық тәртіпті бұзушылардың ісін қауіп кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерін басшылыққа алу қажет.

Білімді бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің Жедел басқару орталығының құрылымын атаңыз?

Жедел басқару орталығының құрылымын атаңыз?

Жедел басқару орталығының негізгі міндеттерін атаңыз?

Қала, аудан, желілік ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелерінің негізгі міндеттер мен функцияларын атаңыз?

Қала, аудан, желілік ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелерінің қызметінің негізгі принциптер мазмұнын атаңыз?

Қала, аудан, желілік ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелерінің негізгі құқықтары мен міндеттерін атаңыз?

Қала, аудан, желілік ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелерінің қызметіне бақылауды кім жүзеге асырады?

V-ТАРАУ

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

11-тақырып. ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1. Полицияның міндеттері, өкілеттілігі және құқықтары

Полиция — қоғамдық тәртіпті қорғау және қамтамасыз ету, адам ме азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам және мемлекет мүддесіне қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғынудың алдын ал мен жолын кесу жөніндегі атқару және үкім ету функцияларын жүзеге асыратын және мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығына иеленген атқарушы биліктің мемлекеттік органдар жүйесі.

Полиция органдары қызметінің принциптері заңдылық, дара басшылық ішкі істер органдарының жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қорғау және басқа да құқық қорғау органдарымен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдар мен және азаматтармен өз ара іс-қимыл жасау қағидаларына негізделіні құрылады.

Осы аталған принциптердің ішіндегі ең маңызды орын алатыны заңдылық принципі, біріншіден, полиция қызметкерлерінің барлық іс-әрекеттер заңға негізделуі тиіс; екіншіден, заң мен басқа да нормативтік актілерді негізінде және тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша жүргізілу тиіс; үшіншіден, заңмен қойған мақсаттарын жүзеге асыруға, байланысты болуы қажет.

Полицияның негізгі міндеттері:

- қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету;
- қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тыю, қылмыстарды ашу және тергеу, және де қылмыскерлерді іздестіру;
- заңдарда белгіленген өздерінің құзреті шегінде алдын ала тергеуді, анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асырады;

- әкімшілік жазалауларды орындау;
- әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібін қамтамасыз ету және адамдарды ұстау режимін сақтау;
- кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығын анықтау және тыю;
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік өрт сөндіру қызмет органдарына қажетті жағдайларда көмек көрсету;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау мен бақылау жүргізу;
- мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке тұлғаларды күзету, қамауға алынғандар мен сотталғандарды айдап апару, терроризмнің жолын кесуге, кепілге алынғандарды босатуға қатысу;
- виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы саласында болу тәртібін сақтауын бақылау;
- өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитарлық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына сұғанақ аңшылыққа қарсы күресуде жәрдем көрсету;
- Қазақстан Республикасының заңдарына байланысты лицензиялық және рұқсат етушілік қызметін жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;
- есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау болып табылады. Өзге міндеттер ішкі істер органдарына тек заңмен ғана жүктелуі мүмкін.

Полиция қызметінің құқықтық негізін: Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдары; Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы ішкі істер туралы Заңына қайшы келмейтін және реттелмеген бөлігінде басқармативтік құқықтық актілері; Қазақстан Республикасының халықаралық реттік және өзге де міндеттемелері; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғары Соттың нормативтік қаулылары; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет ету туралы Республика Үкіметі бекіткен ережесі құрайды.

Полиция органдарына адамның қадір-қасиетіне қол сұғуға, азаптау оларға зорлық-зомбылық жасауға басқадай қатігездік немесе қадір-қасиет қорлайтындай жәбір көрсетуде, не жазалауға тыйым салынады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Полиция қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын уақытша шектеу тін іс-әрекеттері «Заң атымен» деген сөздерді айта отырып жасалады. Келген адам мұндай жағдайда белсенді іс әрекетін тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

Полиция қызметкерлері өздерінің қызметін тиісінше орындау үшін Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Отанға, халыққа деген берілгендік, қызметін мінсіз орындау туралы антын қабылдайды.

Қызметкерлер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзба жағдайда ішкі істер органдары бұл құқықтарды қалпына келтіруге келтірілген залалды өтеуге, кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуге міндетті.

Полиция органдарының өкілеттілігі. Полиция органдарына жүктелген міндеттерді мынадай топтарға бөлуге болады:

- 1) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, жеке қауіпсіздігі қамтамасыз ету;
- 2) қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, тыю, ашу және тергеу;
- 3) қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) меншіктің қандайда болмасын түрін қорғау;
- 5) белгілі бір әрекеттер жасауға құқықтар беретін және шектейтін өкілеттілігі;
- 6) кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың лауазымды адамадарына және қоғамдық бірлестіктерге көмек көрсету;
- 7) төтенше және әскери жағдайы режимін қамтамасыз ету.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, жеке қауіпсіздігі қамтамасыз ету облысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол сұғудан қорғау полицияның бірінші міндеті болып саналады. Полиция органдары құқыққа қарсы әрекеттерді жасауға бейімделінгендерді анықтайды, олармен профилактикалық жұмыс жүргізеді. Ішкі істер органдарының аппараттары, қызметкер және қызметкерлері қылмыс, әкімшілік және басқа да құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтайды және оларды жоюға шаралар қолданады. Басқа да мемлекеттік органдармен және қоғам

қк бірлестіктермен бірлесін құқық бұзушылықтардың, оның ішінде жас
пірімдердің құқық бұзушылықтарын ескертуге байланысты жұмыстар
үргізеді.

Құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардан зардап
ккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өз-
нде күйдегі азаматтарға көмек көрсетуге міндетті.

Қылмыстық процесске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін,
енсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау жөнінде заң-
дарда көзделген шараларды қолданады.

Адамның жеке қауіпсіздігі оның азаматтылығына, тұрғын орнына, әлеу-
ттік, мүлктік және лауазымдық орнына, қай ұлтқа, қай дінге және қай
ртияға жататындығына, жынысына, жасына, біліміне және тіліне кара-
стан тең дәрежеде қамтамасыз етіледі.

Халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуда, құқық тәртібінің жай-күйі
н ішкі істер органдары қызметінің (полицияның) тиімділігін арттыру жө-
ндегі шаралар туралы қоғамдық пікірлерді зерттеу.

**Қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау,
шығу, ашу және тергеу облысында,** полиция органдары қылмыстарды жә-
не әкімшілік құқық бұзушылықтардың ескертуге, табуға, жолын кесуге,
жуға және тергеуге қатысуға; жедел-іздістіру, анықтама мен тергеу жүргі-
зді және әкімшілік істер бойынша өндірісті іске асырады; қылмыстық про-
цесске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-на-
мысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау жөнінде заңдарда көзделген ша-
раларды қолдануға; қылмыс жасаған, бірақ анықтаудан, тергеуден және
ақтан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаларын өтеуден жал-
танған, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздістіруге және заңмен
өзделген өзге де жағдайларға, сондай-ақ ұрланған мүлкті іздістіруге қа-
тысуға; заңда белгіленген тәртіппен жедел іздістіруді, қылмыс жасаған
адамдарды ұстауға байланысты операцияларды, тосқауыл қою шараларын
жүргізуге қатысуға, сондай-ақ өзге де жедел-іздістіру шаралары мен тергеу
әрекеттерін жүргізуге жәрдемдеседі; іздістіру, тергеу және өзге де заңмен
өзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдары,
адьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушінің және анықтама жүргі-
зудің жазбаша тапсырмаларын орындау ұсталғандар мен қамауға алын-
ғандар мен сотталған адамдарды күзету мен айдап апаруға; жаппай тәртіп-
сіздіктерді, соның ішінде еңбекпен түзету мекемелеріндегі жаппай тәртіп-
сіздіктерді тыюға, әскери қарауылдардың күзетуінен қашқан сотталғандар-
ды іздістіруге қатысуға міндетті.

**Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтама-
лау ету саласында** полиция органдары қоғамдық тәртіпті қорғауға және

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардың ерікті қатысуымен қорғауға және қамтамасыз етуге; авария, дүлей апат және басқа төтенше жағдайлар зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; жол қозғалысы ережесі мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтерді сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті және карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды өткізуге қатысады.

Меншіктің қандайда болмасын түрін қорғау облысында полиция органдары меншік иелерімен шарт жасасу негізінде оларға тиселі мүлікті күзетуді жүзеге асыруға; мемлекеттік маңызы бар объектілерді; ұйымдардың күзетудің жай күйін бақылауға; арнаулы және әскери тасымалдаулардың ұйымдастыруға; ессіз қалған мүлік пен қазыналардың тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қарауына берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шараларды қолдануға; табылған және ішкі істер органдарына тапсырылған құжаттардың, заттардың құндылықтардың және басқа мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды меншік иелеріне қайтару не белгіленген тәртіппен сату жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Белгілі бір әрекеттер жасауға құқықтар беретін және шектейтін өкілеттілігі. Ішкі істер органдары қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, әсер күшті химиялық, есірткі, психотроптық, улы және радиоактивті материалдар мен заттарды пайдалану мен қолданудың белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауға; әкімшіліктің қатысуымен аталған заттар, нәрселер, материалдар тұрғын үй жайларды тексеруге; қаруды есепке алуға және заңда көзделген жағдайларды алып қоюға; азаматтарды оқ-дәрілер мен олар сақталатын орындарды, оларды қолдану ережелерінің сақталуын бақылау мақсатында тексеруге; қару мен оқ-дәрілердің сақталу ережелері бұзылған сондай-ақ заңдарда көзделген басқа жағдайларда ұйымдар мен азаматтардан алып қою туралы мәселе қоюға; тыңшылық (детективтік) және күзет қызметіне, сондай-ақ заңда көзделген өзге де қызметтердің түрлеріне байланысты мемлекеттік емес субъектілердің заң қызметтерін көрсетуіне рұқсаттар (лицензиялар) беруге, осы қызметті бақылауға міндеті.

Кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың лауазымды адамдарына және қоғамдық бірлестіктерге көмек көрсету облысында ішкі істер органдары меншіктің барлық нысанындағы объектілерде өрт қауіпсіздігінің жай-күйін қадағалауда мемлекеттік өрт сөндіру қызметтеріне көмектесуге; денсаулық сақтау мекемелеріне шақыру бойынша келуден жалтарған алкогольизм, нашакорлық, уытқұмарлық, жыныс ауруларына шалдыққан немесе иммуни-

тапшылығы вирусын жұқтырған адамдарды олардың ұсыныстары бой-ша айдап алып келуді жүзеге асыруға міндетті.

Төтенше және әскери жағдайы режимін қамтамасыз ету облысын-ішкі істер органдары заңдарға сәйкес төтенше немесе әскери жағдай ре-мін қамтамасыз етуге қатысуға, соғыс уақытында Қазақстан Республика-ның аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындауға; ішкі істер органдарының қорғаныстық-жұмылдыру даярлығын, бейбіт ке-мен соғыс уақыты жағдайында төтенше ахауылдар туындаған кезде-рдың жұмысының тұрақтылығын және дер кезінде жұмылдыруға тұрақ-в әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға-ндетті.

Ішкі істер органдарының (полицияның) құқықтары. Ішкі істер орган-ына жүктелген міндеттерді қамтамасыз ету мақсатында оған белгілен-н құқықтар беріледі.

Полиция органдары азаматтардың қоғамдық тәртіпті және қоғамдық-іпсіздікті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-әрекеттер мен ішкі іс-р органдарының өкілеттілігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекет-рді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағ-йларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолданады.

Қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған деп сезіктелген жағ-йда азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ-ындалуын ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген ережелердің-талуын тексеруге қажетті басқа құжаттарды тексеруге құқылы.

Полиция органдарына кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан құ-ққа қарсы қол сұғу, соның ішінде оларың қарауына жатпайтындар тура-арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу,-арды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық қауіпті зардаптарға жол бер-у жөнінде нақтылы шаралар қолдануға, қылмыстарды анықтау, тыю, ашу-зінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға атқарылуы-ндетті тапсырмалар беруге құқық берілген.

Азаматтарды іс жүргізудегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша-ішкі істер органдарына шақыруға, олардың түсініктемелер, құжаттар, олар-ның көшірмелерін алуға, жауап алуға, сондай-ақ шақырылғанда келуден-делді себепсіз жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келуге құқық бе-нген.

Полиция органдарының қызметкерлері хаттамалар жазуға, әкімшілік-азалау шараларын қолдануға, тәртіп бұзушыларды жеткізуге, әкімшілік-тауды жүргізуге, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттар мен құ-ттарын тексеруге және алып қоюға, құқық бұзған әскери қызметшілерді-тауға және оларды әскери коменданттарға әскер бөлімшелерінің коман-

дирлеріне немесе әскери комиссарларға беруге, қозғалған қылмыстық іс жөнінде мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда ақпарат пен материалдарды кедергісіз және етеусіз алуға заңдарда көзделген жағдайлар белгілі тұрақты орны, құжаттары жоқ адамдарды оларды жеке басын қалдыру және кейіннен тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медицина, әлеуметтік және өзге де) беру мақсатында прокурордың санкция мен отыз тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау-бөлу орынында отырғызуға құқылы.

Полиция органдарының қызметкерлері адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығын белгіленген тәртіппен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге не жеткізуге; кідіртуге болмайтын жағдайда қызмет мақсатында, егер жерде орналасқанына және кімге тиеселі екендігіне қарамастан халықаралық және қала аралық сойлесуге кеткен шығындарды өтей отырып, байланыс құралдарын пайдалануға; өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдері мен халықаралық ұйымдардан басқа) жазатайым оқиғалар, дүлей апаттар барған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып көлік құралдарын пайдалануға құқықтары бар.

Полиция органдарының қызметкерлері азаматтардың қауіпсіздігіне ішкі тер төндіретін қылмыс жасаған, әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдардың ізіне түскен кезде не ол жерде қылмыс, әкімшілік құқық бұзшылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, сондай-ақ дүлей апаттар, күйреулер, авариялар, эпидемиялар, эпизотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және басқа жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй-жайларға (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге (басып кірген жағдайда осыған уәкілдік берілген ішкі істер органдары 24-сағат ішінде прокурорға хабарлар айтуға) және оларды тексеруге құқылы.

Полиция органдары қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қадір-қамтамасыздығын қорлайтындай мастық күйде жүрген не айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды — олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша арнаулы медицина мекемелеріне не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларды айтқанға дейін ұстауға құқылы.

Полиция органдары заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүргізуге, рды жүргізуге мамандарды тартуға, демек мәліметтерді жинауға және теу үшін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға, қамауға алынып, қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп сезікпен ұсталып, қылмыс жасады деп айып тағылған, әкімшілік қамауға алынғандардың те басын мүмкін болмаған жағдайда, тіркеуге, фотосуретке түсіруге, дыппен жазуға, кино және бейнекөрініске түсіруге, дактилоскопия жасауға ылы.

Полиция органдарының қызметкерлеріне арнаулы құралдар мен атысуын өзімен алып жүру, сақтау, қолдану және күш, соның ішінде күресжауынгерлік әдістерін қолдануға құқылы.

Полиция органдарының қызметкерлері арнаулы құралдар мен әдістер, у қолданып келтірген зияны үшін, егер олардың іс-әрекеті заңға сәйкес зеге асырылса, жауап бермейді.

Полиция органдарының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді анықтауда кезінде тек тікелей және төте бастықтарына бағынады, олардың қызметтеріне заңмен тікелей өкілеттік берілген адамдардан басқа ешкімнің қолына қатысуға құқығы жоқ, сонымен бірге оларға жүктелген міндеттерді орындауға көндіруге ешкімнің құқығы жоқ.

Заңдарға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлері заңды басшылыққа алуға міндетті және олардың қорғауында болады.

Полиция органдарының қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны үшін заңдарға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге жауапкершілікке тартылады.

2. Полиция органдары қызметінің негізгі бағыттары

Полиция органдары қызметінің негізгі бағыттары болып *әкімшілік, жедел іздестіру және қылмыстық іс-жүргізу қызметі болып саналады.*

Полиция органдарының әкімшілік қызметі. Бұл полиция органдарының қызметі жұмысының айрықша көп бағытты. Оның мазмұны нақты, тәжіригелік түрде қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстарды және әкімшілік құқық бұзушылықтарды табу, ескертуі жоқ, қорғау кесу, ашу, Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген өкілеттік шеңберінде анықтама және әкімшілік өндірісті жүзеге асыру, ұсталғандар мен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, оның ішінде құжаттары, тұрғылықты жерлері жоқ адамдарды да, жас

өспірімдердің қараусыздығы мен құқық бұзушылық, жасауларының а мен жолын кесу, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етілуіне мемлекет бақылау мен қадағалау және ішкі істер органдарына Қазақстан Респуб. қасы заңдарымен жүктелген басқа да міндеттерді іске асыратын аппарат қызметтер, бөлімшелер, Органдар мен әкімшілік полиция қызметкерлері қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық құралдармен жүзі асыруынан тұрады.

Бұл қызмет қылмыстық және әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі. **Әкімшілік қызмет ішкі және сыртқы болып екі түрге бөлінеді.**

Ішкі әкімшілік қызмет полицияның немесе басқа да аппараттар, қметтер және бөлімшелерінің жұмыстарын ұйымдастырады. Бұл қызмет та дау, тағайындау, кадрларды оқыту және тәрбиелеу, жұмысты жоспарла күштер мен құралдар қоюға шешімді өңдеу мен қабылдау, ішкі істер орга дарының бөлімшелерін жедел басқару, орындауды бақылау мен тексері тиімді тәжірибиелік жұмыстарды қорыту мен тарату және т. б. Былай айтқанда ол полицияның аппараттар мен бөлімшелерінің ішкі істер орга дарына жүктелген функцияларды орындауға ұйымдастырушылық мінезді медегі сұрақтарын шешуге бағытталған.

Сыртқы әкімшілік қызметі полицияның негізгі функцияларын қы мыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық әдістер және құралдармен ж зеге асыруынан тұрады. Олар мынадай негізгі түрлерге бөлінеді: қоғамды тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету; қылмыстарды жә әкімшілік құқық бұзушылықтарды табу, ескерту, жолын кесу, ашу, Қаза стан Республикасы заңдары белгілеген өкілеттік шеңберінде анықтама ж не әкімшілік өндірісті жүзеге асыру; ұсталғандар мен қамауға алынғанда ды ұстау орындарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету; жас өспірімде дің қараусыздығы мен құқық бұзушылық жасауларының ашу мен жоль кесу; жол қауіпсіздігін қамтамасыз етілуіне мемлекеттік бақылау мен қа дағалау; шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың Қазақста Республикасында болу ережелерін сақтауын қамтамасыз ету; лицензия ме рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру; меншік иелерімен шарт жасасу негізінд күзетуді жүзеге асыру және т. б.

Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету поли ция органдарының әкімшілік қызметінің түрі ретінде, азаматтардың жек қауіпсіздікті және қоғамдық қауіпсіздікті көшелерде, алаңдарда, демалы орындарында, көлік магистральдарында және басқа да қоғамдық жерлерд қылмыстарды және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, табу, жс лын кесу, ашу, Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген өкілеттік шең берінде анықтама және әкімшілік өндірісті жүзеге асыру мен қамтамасы етуінде.

Бұл қызметті полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толғандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қыз-, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және мал дәрігер-полиция, жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнау-мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер жүзеге асырады. Бұлардың ішінде қорғаныс тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде әкімшілік полицияның патрульдік қызмет бөлімшелері аса маңызды орын алады; жол полициясының күштері болып: ішкі істер органдарының саптық бөлімшелері; жол полициясының қызмет бөлімшелері; ішкі істер органдарының мемлекеттік қызмет бөлімшелері; ПМ ішкі әскерлерінің әскери қызметкерлері; ішкі істер органдарының арнаулы отрядтары (Сұңқар) болып саналады.

Полицияның патрульдік қызметкерлері азаматтардың қоғамдық жерде мінез-құлық ережелерін сақтауларын қадағалайды, қылмыстарды және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, табу, жолын кесу, ашуға және қылмыстарды және әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасады деп сезінген және анықтамадан, тергеу мен соттан бой тасалаған адамдарды ұстауға қатысады.

Полицияның патрульдік қызметкерлері қылмыстық және өзге де құқық-қайшы қол сұғудан жеке тұлғаларды қорғайды, жеке және заңды тұлғалардың мүліктерін, құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым мен оқыс-оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәріс-сіз немесе өзге-де күйдегі азаматтарға бірінші медициналық көмек көрсетуге міндетті.

Сонымен бірге қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ішкі істер органдарының басқа да салалық қызметтер мен бөлімшелері және қоғамдық бірлестіктер қатысады. Олардың жұмысын өкілетінген ішкі істер органдарының басшысы үйлестіреді.

Лицензия мен рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру қаруды, оқ-дәрілерді, қару-жарақ, әсері күшті химиялық, есірткі, психотроптық, улы және радиоактивтік материалдар мен заттарды алуға, сақтауға, өзімен алып жүруге жаттасымалдауға заңда белгіленген рұқсаттарды (лицензияларды) беруінде. Сонымен қатар рұқсат беру жүйесінің қарауына жататын басқа да заңда белгіленген әрекеттерді жасайды. Полиция органдары рұқсат беру жүйесінің ережелерін қамтамасыз ету мына жағдайларды көздейді: рұқсат беру жүйесіне бекіткен заттардың жоғалуы, ұрлануын ескерту мен алдын-алуға және оларды өз бағытына қарай қолдануды, рұқсат беру ережелері бұзылуының себептері мен салдарын зиянды залалдардың болуы мүмкіндігін табу мен жою.

Белгіленген ережелердің бұзылуын тапқан кезде полиция органдары мынадай құқықтар берілген: табылған ережелердің бұзылуын жөндеу ұйғарымдар беруге, берілген рұқсаттарды, белгілі объектілердің қызметін рұқсат бермеу, белгілі заттарды алып қою, кінәлілерді жауапқа тарту үшін материалдарды дайындау және т. б.

Жол қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауда, **жол полициясы**, өзінің қызметтері мен бөлімшелерінің қатысуымен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын орган.

Жол полициясының қызметінің мақсаты жүргізушілер мен жаяу адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көліктік мәселелерге байланысты шаруашылық және басқа мәселерді шешу болып саналады.

Осы мақсаттарға мынадай жолдармен жетеді, жол көлік оқиғаларын ескерту және төмендету мақсатында профилактикалық шаралар жүргізу, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауды қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарды ескерту, табу, жолын кесу.

Жол полициясы қызметінің негізгі бағыттары: жол қозғалысы ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылау мен қадағалау, көлік құралдарының техникалық жағдайына бақылау жасау, оларды есепке алу және тіркеу, жол қозғалысына қатысушылардың дайындалуына бақылау жасау, жол қауіпсіздігін насихаттау мен ұйымдастыру-талдау жұмысы.

Виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу тәртібін сақтауына бақылауды қамтамасыз ету. Төлқұжат-визалық қызметінің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, және оларды азаматтық тұру және жүріп тұру орындарын таңдау, шетелге шығу мен елге кіру мәселелерімен қамтамасыз ету, «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» заңға байланысты шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың және оларды қабылдайтын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдарының сақтауын қамтамасыз етуіне бақылау, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңдарын және халықаралық шарттардың, Қазақстан Республикасына кіру мен шығуды, көш қон туралы заңдардың орындалуын ұйымдастыру болып табылады.

Полиция органдары шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың Қазақстан Республикасында болу ережелерін сақтауын қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасында тұратын азаматтардың белгіленген тәртіппен берілген азаматтық туралы өтініштерін қарау, Қазақстан Республи-

ның азаматтығын алғандар және жойғандарды есепке алу, Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын анықтайды, Президентке Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы материалдар жібереді; мемлекеттік шекараны қиып өтуге Қазақстан Республикасының сала-та шетел азаматтарының болуын, шекара аймақтарына кіруге құқық берген құжаттарды дайындайды және береді; төлқұжаттық жүйенің мүмкіндерін қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қылмыстылықпен күресті жүргізуге пайдаланады; адрестік-анықтама берісін жүргізеді және паспорттық-виза жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Меншік иелерімен шарт жасасу негізінде күзетуді ішкі істер органдарының (полицияның) мамандандырылған *мемлекеттік күзет қызметі* жүзеге асырады.

Олар, ішкі істер органдарының әкімшілік полиция құрамында жеке құрамдық заңды тұлға ретінде өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру принципіне, меншіктің барлық нысандарындағы мүліктерді қорғауды ұйымдастырады, басқа да күзету қызметтерін шарттық негізде көрсетумен белгіленген тәртіппен құрылады.

Ішкі істер органдарының мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлеріне меншіктің барлық нысандарындағы мүліктерді қылмыстық қол сұғудан сақтау міндеттерін орындау кезінде мынадай құқықтар беріледі: өткізу рәсімдерінің сақталуын талап ету; материалдық құндылықтарды алып кетушілерді ұстау; құқық бұзушылықты жасады деп сезіктелінгендері ішкі істер органдарына апару, қол жүктерін және тікелей өздерін қарау; құқыққа қайшы әрекеттерін анықтау үшін техникалық құралдарды қолдану; күзетілуге тағайындалған объектілерде көлік құралдарын және ауыр заттарды алып баратын қан құжаттарға сәйкестігін тексеру; атыс қаруын арнаулы құралдарды пайдалануға күш жұмсауды қолдану; меншіктің барлық нысандарындағы мүліктердің лауазым иелерінен шарттағы міндеттерді орындауын талап ету.

Ішкі істер органдарының мемлекеттік күзет қызметі полицияның учаскелік инспекторлары, патрульдік қызмет, лицензия және рұқсат беру жүйесінде жол полициясы қызметтері, ішкі істер органдарының алдында тұрған міндеттерін орындауға қажетті бөлімшелермен қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, және басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту, табу, ашу және жолын кесуде өзара әрекеттеседі.

Полиция органдарының жедел-ізвестіру қызметі. Жедел ізвестіру қызметі¹ — азаматтардың өмірі, денсаулығын, құқықтарын, бостандықта-

¹ Қазақстан Республикасының 15 қыркүйек 1994 ж. қабылданған «Жедел-ізвестіру туралы» Заңы.

рын заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шетел азаматтары мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қол сұғуынан, сондай-ақ барлық бұл әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнаулы уәкілдік берген мемлекеттік ұйымдар өз құзреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-ізвестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделінген жүйесі.

Осыған байланысты ішкі істер органдарының криминалдық полиция бөлімшелері азаматтардың өмірі, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін, меншікті қорғау, қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз құзреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-ізвестіру, ұйымдық және басқару шараларының жүзеге асырады.

Жедел-ізвестіру шаралары — бұл жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы криминалдық полиция өз құзреті шегінде мына шараларды жүзеге асырады:

- азаматтарға, лауазымды адамдарға сауал-сұрақ қою, олардан хабарлама алу;
- азаматтармен жария және жасырын қатынастар орнату, оларды жедел-ізвестіру қызметіне пайдалану;
- қызметкерлерді қылмыстық ортаға енгізу;
- қылмысты іс-әрекетке еліктеу мінез-құлқын үлгісін қолдану;
- астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құру;
- берілетін өнімдерге жедел бақылауды жүзеге асыру;
- арнаулы техникалық құралдарды қолдану;
- мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың (олардың бағыныштылығына және меншік нысандарына қарамастан) есепте бойынша анықтамалар мен тексерулер жүргізу;
- зерттеу үшін сынамалар мен тексерулер жүргізу;
- бақылау үшін сатып алу;
- іздеу-қызмет іттерін қолдану;
- белгілері бойынша жеке адамды іздеу және ұқсастыру;
- құқыққа қарсы әрекеттер іздерін табу, жасырын анықтау және оларды алдын-ала зерттеу;
- қылмыс жасаушы немесе жасаған адамның ізіне түсу және оны ұстау;
- ұсталған адамдарды жеке тексеруді, қылмысты іс-әрекетке қатысты болуы мүмкін заттар мен құжаттарды қарауды және алууды, сондай

ак тұрғын жайларды, жұмыс орындары мен өзге де орындарды тексеруді, көлік құралдарын тексеруді жүзеге асыру;

карулы қылмыскерлерді қолға түсіру жөнінде операциялар жүргізу; жедел, қылмыстар есептері бойынша тексеру.

шікі істер органдарының криминалдық полиция бөлімшелері азаматтар конституциялық құқықтарын шектеуіне заңда тікелей белгіленген ретмен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. Ондай құқықтар болып:

сотталғандардың хат-хабарын цензуралау;

почта жәнелтімдерін бақылау;

байланыстың почта, телеграф арналарында сыртқы жедел іздестірулер;

телефонмен және өзге сөйлесулерді тыңдау;

байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге де техникалық құралдардан хабар алып тастау;

соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірімдемелерін және басқа техникалық құралдарды), жеке адамның өміріне, денсаулығына және айналадағы ортаға зиян тигізбейтін заттарды және материалдарды пайдалана отырып байқау;

тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру саналады.

Жекелеген адамдардың өмірі, денсаулығына, меншігіне қауіп төнген пайда олардың өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша жедел-іздестіру қызметін жүргізуші органның басшысы бекіткен қаулы негізінде, 24 сағат ішінде міндетті түрде прокурорды хабардар ете отырып, олардың теледранынан немесе басқа да сөйлесу құрылғыларынан жүргізілетін сөйлесуді тыңдауға рұқсат етіледі.

Сейінге қалдыруға болмайтын және террорлық әрекет, басқа да ауыр қылмыстар жасауға әкеліп соғуы мүмкін жағдайларда жедел-іздестіру қызметін жүргізуші органның басшыларының бірінің дәлелді қаулысы негізінде прокурорды хабардар ету және 24 сағат ішінде рұқсат алу арқылы жедел-іздестіру шараларын жүргізуге жол беріледі.

Жекелеген азаматтар өз қалауы бойынша қызмет жасау құпиялығын ескеріп отырып, өз келісімімен жедел-іздестіру шараларын әзірлеуге және жүргізуге (соның ішінде келісім шарт бойынша) тартылуы мүмкін. Бұл шаралар жедел-іздестіру шараларын әзірлеу немесе жүргізу барысында өзге де мәлім болған мағлұматтарды құпия ұстауға және криминалдық полиция бөлімшелеріне көрнеу жалған хабарламалар бермеуге міндетті. Ондай мағлұматтарды жария еткені және көрнеу жалған хабарлама бер-

гені үшін олар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жапқа тартылады.

Полиция органдарының қылмыстық іс-жүргізу қызметі. Бұл қызмет төрт бағытта кескінделінеді: заңның белгіленген өкілеттілігінде қылмыстық істер бойынша анықтама жүргізу; алдына ал тергеу әрекеттерін қажет ететін істер бойынша кідіртілмейтін тергеу өндірісін жүргізу, алдына ал тергеу әрекеттерін қажет етпейтін істер бойынша анықтама жүргізу, іздеу, тергеу және өзге де заңмен көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдары, судьялардың қаулыларын, прокурордың тергеушінің және анықтама жүргізушінің жазбаша тапсырмаларын орындау. Қылмыстық іс жүргізу қызметі Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелінеді. Қылмыстық істерді қозғауға себептер мен негіздер болып азаматтардың өтініштері, істеген қылмысын мынадап келу, мемлекеттік органның немесе ұйымдарын басқару функциясын орындайтын адамдардың хабарламалары, жаппай бұқаралық құралдардың хабарламалары; қылмыстық істі қозғауға өкілеттігі бар лауазымды адаммен органдардың қылмыстар туралы мәліметтерді тікелей анықтау. Мыналы, криминалдық полиция қызметкерлері жедел-іздік шараларын жүргізу кезінде қылмыстарды табуы.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заңына сәйкес ішкі істер органдары қандай да болмасын қозғалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдауға міндетті.

Қылмыстық істер туралы өтініштер мен хабарламаларды қабағаннан кейін мынадай: қылмыстық іс қозғау туралы; қылмыстық іс қозғамау туралы; өтініштер, хабарламаларды тергеулік қарастыруына беру, ал жеке айыптау істерін соттық қарауына беру туралы қортынды шешім қабылдайды.

Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 285-бабының 2-тармағында көрсетілген қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу әрекеттерін қажет етпейтін істер бойынша анықтама жүргізеді.

Ішкі істер органдарының тергеушілері Қазақстан Республикасы қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 192-бабында көрсетілген қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін жүргізеді.

Сонымен де, ішкі істер органдары қылмыстық-іс жүргізу кодексінің көзделген басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.

Полицияның қылмыстық іс жүргізу бағыты басқа да бағыттары сияқты азаматтармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады.

Қоғамда да қаралған полиция органдарының қызмет бағыттары-әкімшілік жедел-ізвестіру, қылмыстық-іс жүргізу бір-бірімен тығыз байланыста. Полиция органдарының барлық қызметкерлері тәжірибеде, бірлікті түрде қысым атқарады. Былайша айтқанда, әкімшілік қызметті жүзеге асыратын әкімшілік полицияның патрулдік қызметі қандай да болмасын қылмыстық істерге, жолын кесуге міндетті. Сонымен бірге жедел-ізвестіру қызметі (минималдық полицияның) және анықтау қызметкерлері жасалып жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтардың қасынан өтіп, оны тыюға көңіл бөлуіне болмайды.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Мемлекеттік атқарушы билік органы ретіндегі полицияның ерекшелігі не?

Полицияның міндеттері мен принциптеріне талдау жасаңыз?

Полиция қызметінің негізгі бағыттарын және құқықтық негіздерін сипаттаңыз?

Әкімшілік қызметтің, жедел-ізвестіру және қылмыстық-іс жүргізу қызметтен айырмашылығы неде?

Тақырып. ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

1. Полиция органдарының, ұйымдық құрылымы

Полиция органдарының аппараттары мен қызметтерінің ұйымдық құрылымын анықтайтын негізгі фактор болып оның атқаратын міндеттері мен функциялары және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуі саналады. Сонымен бірге, ішкі істер органдарының аппараттары мен қызметтерінің ұйымдастырылуына атқарылатын міндеттер көлемі, жедел-ізвестіру және олардың қызмет атқару ортасының жағдай ерекшеліктері де фактор етеді.

Полиция органдарының негізгі функциялары мен қызмет бағыттарына сәйкес полициялық, аппараттар мен қызметтер құрылады, олар кризистік полиция, әкімшілік полиция және полицияның басқа да қызметтері, сонымен қатар Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдық статусы және әскери-тергеу органдары мен әскери полиция болып келеді.

Полиция органдарына жүктелген функцияларды сондай және басқа көлемде қандайда болмасын ішкі істер органдарының полиция бөлімшелеріне жүзеге асырады, осы жағдай ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қызметтерінің құрылымдық, ұқсастығына себепші болады. Ішкі істер органдарының аппараттары мен қызметтері ұйымдастырылу түрлері бірдей емес. Бұл департамент, бас басқарма, басқарма, бөлімдік бөлімшелер, қызметкерлер тобы және т. б. болуы мүмкін. Аппараттар негізгі қызметтерді таңдауға мыналар: ішкі істер органдарының сатылық деңгейі, жұмыс көлемі, қызметінің аумақтық масштабы, құрамдық саны және басқа да факторлар әсер етеді.

Полицияның аппараттары мен қызметтері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жүйесіне кіреді. Ішкі істер органдарының типтік ұйымдастырылу құрылымы мен қажетті құрылымдық құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің ұсынысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Полицияның аппараттары мен қызметтері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне бағынады, ал Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынады. Оның ішінде әкімшілік полиция қалалық және аудандық, жергілікті атқарушы және өкімдік органдарға бағынады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрі барлық Қазақстан Республикасының полиция органдарына басшылық жасайды.

Ішкі істер органдарының құрамында: криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның басқа да қызметтері, сонымен қатар Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдық статусы бар әскери-тергеу органдары мен әскери полиция құрылады.

Криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның басқа қызметтері, сонымен қатар Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдық мәртебесі бар әскери-тергеу органдары мен әскери полицияны құруды, қалыптастыруды және жабуды Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрі жүзеге асырады.

Облыстарда полиция органдарын, ішкі істер Департаменттерінің бастықтары басқарады. Аудандарда, қалаларда, қалалық аудандарда ішкі істер бөлімдерінің (аудандық, қалалық) бастықтары басқарады. Темір жол, суды және әуе көлігіндегі ішкі істер органдарын, көліктегі бөлімдердің және Департаменттердің бастықтары басқарады.

Криминалдық полиция. Криминалдық полицияның негізгі міндетте болып: қылмыстарды табу, ескерту, жолын кесу, ашу және тергеу, ішкі істер органдарының қаруына жатқызылған қылмыстық істер бойынша анықтама өндірісін жүргізу, тергеуден, анықтаудан, соттан, қылмыстық жа

уден және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да дайларда бой тасалаған адамдарды іздестіруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру.

Криминалдық полиция құрамына жедел-іздестіру, тергеу ғылыми-техникалық және оның алдында тұрған міндеттерді шешуге қажет Қазақстан Республикасы ПИМ нақты бағынышты басқа да бөлімшелер кіреді.

Әкімшілік полиция. Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен заңсыз әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтардың қызыретінің шегінде анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, қылмыстарды алған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жердегі, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген лицензиялау мен рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік полицияны полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақталушылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және қорғаныс дәрігерлік полиция, жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Ішкі істер органдарының (полицияның) әртүрлі жекелеген аппараттарының қызметтері, және басқа да бөлімшелердің болуынан ішкі істер органдарының бір бүтін жүйелі емес деп санауға болмайды. Жүйенің барлық элементтері ішкі істер органдарының аппараттары, қызметтері, бөлімшелері тығыз байланыстылықта болады. Ішкі істер органының полициясының әрбір бөлімшесі, әрбір қызметі, әрбір бөлімшесі өздеріне жүктелген арнаулы функцияларын басқа да аппараттар мен қызметтермен тығыз өзара әрекеттестікте жүзеге асырады. Мысалы, әкімшілік полицияның патрульдік қызмет бөлімшелері криминалдық полиция қызметкерлерінің қоғамдық жерлердегі қылмыстық әрекеттердің жолын кесулеріне көп қиындықтар туғызып отырады. Басқа жағынан криминалдық полиция қызметкерлері әкімшілік полицияның патрульдік қызмет бөлімшелерсіз қылмыстарды болдырмауды, жолын кесуді және ашуды, сонымен қатар қылмыскерлерді іздестіруді жүзеге асыра алмайды. Демек, ішкі істер органдарының (полицияның) барлық аппараттары мен қызметтері жалпы мақсаттарға жету үшін қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстарды және әкімші-

лік құқық бұзушылықтарды ескерту, табу жолын кесуде өз ара әрекеттесу және бірлескен күш салуда объективтік қажеттілік бар.

Полицияның аппараттары мен қызметтері ішкі істер органдары жүйесінің құрылымдық бөлігі бола тұра, басқа да жүйелік құрылымдардан айырмашылығы бар өзіндік жүйелік белгілерге ие.

Ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қызметтеріне тән ерекшеліктерге мыналар жатады: полицияның жүзеге асыратын міндеттері мен маңызды функцияларының ерекшеліктері; мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудағы кең көлемдегі өкілеттілік; полициялық жүйенің өзгерулігі; жұмыстың ашық және жасырын әдістерінің үйлесімділігі; мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және қоғамдық, бірлестіктермен өзара әрекеттестігі және т. б.

Ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қызметтері орын алған жүйесімен ғана емес, сонымен қатар белгілі ішкі ұйымдастырылу құрылымымен де мінезделінеді. Бұндай құрылым деп нақты полицияның аппараттары, қызметтері, ішкі құрылымдық бөлімшелеріне туындайтын әрқайсысының, белгілі көлемде дәл белгіленген өкілеттіктерді бақылау ішкі ұйымдастырушылық құру түрі түсініледі.

Ішкі ұйымдастырушылық құрылым ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары қызметтерінің функцияларымен анықталады. Осы функцияларға байланысты полицияның аппараттары мен қызметтерінің бөлімшелері құрылады. Осылай, қоғамдық тәртіпті сақтау функциясына: қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету; қоғамдық жерлерді азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туғызатын құқық бұзушылықтардың жолын кесу; жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін және басқа да функциялары жатады. Сондықтан, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету қызмет аппараттарының құрылымдық бөлімшелерінің құрамында салалық бөлімшелер бар: әкімшілік полицияның патрульдік қызмет бөлімшелері, арнаулы мекемелері және т. б. Бұл бөлімшелер (басқармалар бөлімдер, бөлімшелер және т. б.) төмен тұрған аппараттар мен қызметтердің қоғамдық тәртіпті сақтауындағы тиімділігін көтеруге көмектеседі және қызметке жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға қатысады.

Салалық (қызметтердің жекелеген салалары, желілері бойынша мамандандырылған) құрылымдық бөлімшелерімен полициялық аппараттар мен қызметтерде бөлімшелер бар бөлімшелердің құрылымдық салалар қызметін үйлестіретін, олардың тиімді жұмыстарын, жұмысын өңдеп тарату, аппараттарды жинау, өңдеу және талдау, яғни жалпы басқару функциялары жүзеге асырады.

Құрылымдық жүйенің ұқсастығы ішкі істер органдарының (полиция-
) басқа да қызметтерінде де бар. Сонымен криминалдық полицияның
аппаратты мен қызметтері азаматтардың, өміріне, денсаулығына, мүлкіне,
заңдылықтары мен бостандықтарына қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін,
қорғанысты, қол сұғуды ескерту, табу, ашу, жолын кесу және соттан, тергеу-
шылықтан анықтамадан, қылмыстық жаза өтеуден бой тасалаған, сонымен бірге
қарар-шарсыз кеткен азаматтарды іздестіру функцияларын жүзеге асыра-
ды. Осы функцияларды жүзеге асыру үшін криминалдық полиция аппарат-
тарында салалық бөлімшелер құрылады. Сонымен бірге, криминалдық по-
лиция аппараттарында қамтамасыз ету функцияларын және жалпы басқару
функцияларын жүзеге асыратын бөлімшелер қызмет атқарады.

Ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қызметтерінің
құрылымды бөлімшелерін басқаруды ұйымдастырудың негізгі типтері бо-
лмай-ақ және желілік-функционалдық болып табылады.

Басқаруды ұйымдастырудың желілік типінде бөлімшелердің әрбір бас-
қару өз құзыреті шегінде бағыныштыларға байланысты барлық басқару
функцияларына ие, әрбір бағыныштының нақты бір бастығы болады. Бас-
қарудың бұл ұйымдық типі тікелей (желілік) бағыныштылықпен сипаттала-
ды. Әкілеттіліктің белгіленуімен және басшының жеке жауапкершілігімен,
қандай болғандықтан ол нақты түрде полиция бөлімшелерінің қызметінің
нақты жақтарына жауапты. Желілік тип негізінде аса үлкен емес бөлімше-
лерді (бөлімдерді, қызметкерлердің топтарын) басқару жүзеге асырылады.

Аса үлкен ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қыз-
меттері бөлімшелерді басқаруда желілік-функционалдық тип түрімен жүзеге
асырылады.

Бұл желілік басқару типі функционалдық басқару типімен үйлеседі, яғ-
на ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қызметтерінің
өзінше елеген функцияларын мамандандырылған басқару, бұнда бағынышты
басшысы ғана емес, бірнеше нақты басшыларына ие болады. Осы тип-
тік (желілік) бірінші жағы, ішкі істер органдарының (полицияның) аппарат-
тары мен қызметтерінің қандайда болмасын бөлімшелері төмен тұрған бө-
лімшелердің құрылымдық аппараттар немесе қызметтерін бастықтары ар-
қы ұйғарымдарды береді. Қаралып отырған типтің функционалдық жа-
ғынан мәні, бірқатар аппараттар мен қызметтердің (кезеңші бөлім, есептеу-
шіден; бөлімшелер және басқалар) бөлімшелері функционалдық, сонымен
салалық бөлімшелерге орындауға міндетті ұйғарымдар беру құқығына
иелі болуында.

Ішкі істер органдарының (полицияның) құрылымдық аппараттары мен
қызметтерінің арасындағы қарым-қатынас желілік, функционалдық немесе
денең сипатты болуы мүмкін.

Желілік қатынас бастық пен орындаушының, аппарат (қызмет) және ғылымдық бөлімшелердің аппараттарының (қызметтердің) қызметкерінің арасында болады. Функционалдық байланыс, функционалдық және лалық құрылымдық, бөлімшелердің арасында болады. Бұл байланыс ұйымдық-әдістемелік, консультациялық, бақылаулық сипатта болады. Іденең қатынастар, яғни, келісу және өзара әрекеттесу қатынастары бір несе сол деңгейдегі құрылымдық, бөлімшелердің арасында болады.

Қазақстан Республикасы ІІМ полициясының құрылымдық бөлімшелерінің аппараттары мен қызметтері болып, нақты бағыттағы жұмыспен айналысатын департаменттер, басқармалар, бөлімдер (бөлімшелер) саналады.

Облыстың ІІД полициясының құрылымдық бөлімшелерінің аппараттары мен қызметтері болып, нақты бағыттағы жұмыспен айналысатын басқармалар, бөлімдер (бөлімшелер) және қызметкерлердің тобы саналады. Осындай бөлімшелер — бөлімдер, бөлімшелер, қызметкерлердің тобы, лалық, аудандық, ішкі істер органдарындағы полицияның аппараттары мен қызметтерінде де болады.

Полиция аппараттары мен қызметтерінің жұмысын ұйымдастыру принциптері. Полиция аппараттары мен қызметтерінің ұйымдық-құрылымдық құрылымы, қандайда болмасын қызмет және аппараттың қызметкерлердің саны ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттары мен қызметтерінің жұмысын ұйымдастыруға маңызды әсерін тигізеді. Олардың жұмыс негізін ұйымдастыруға үш принцип салынған: желілік, аймақтық (аумақтық) және аралас (желілік-аймақтық).

Желілік принцип, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметтері немесе қызметкерлерін белгілі жұмыс бағыттарына бекітілуінде, олар олар қызмет көрсететін аумақтары немесе объектілер масштабында жүзеге асырылады. Желілік принцип жекелеген функциялардың орындалуын сапалық тұрғыда қамтамасыз етеді. Сондықтан, әрбір қызмет (қызметкерлердің саны мүмкіндік беретін) бөлімшелер мен қызметкерлерінің міндеттері мен функциялары нақты біліктілікпен орындалатын бағытта жүзеге асырылады. Мысалы, желілік принцип криминалдық полиция бөлімшелерінің аппараттары мен қызметтерінің жұмысы негізіне салынған. Қылмыс түрлерімен қарестік жүргізу үшін, осы принципке байланысты полиция аппараттары мен қызметтері мамандандыруға байланысты бөлінеді.

Аймақтық принциптің мәні полицияның жекелеген қызметтері немесе қызметкерлері өздеріне бекітілген аймақтар (аумақтар) немесе объектілер тобына қызмет жасауында. Олар ішкі істер органдарының (полицияның) аппараттың немесе қызметтің қызмет көрсететін аумақтар мен объектілерінде барлық міндеттері мен функцияларын орындалуын қамтамасыз етеді. Бұл принцип негізінде қандайда болмасын полициялық қызметтің шағын

қызметкерлермен бар ішкі істер органдарында жұмыс ұйымдастырылды. Аймақтық принцип негізінде мысалы, ауылдық аумақтарда қызмет көрсететін ішкі істер органдарының криминалдық және әкімшілік полицияның аппараттары мен қызметтері құрылады.

Аралас желілік-функционалдық, принцип желілік және зоналық принциптерінің үйлесімділігін білдіреді. Бұл принцип нақты ішкі істер органдарының және олардың, полициялық қызметтерінің, штаттық саны және оларға да факторлар ерекшеліктердің есепке алып, полицияның бөлімшелері қызметтер жұмысын айрықша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру. Полиция органдарын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ, ішкі істер органдарымен жасалған шарттар негізінде көрсетілген қызметтер үшін мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен жеке тұлғалардан түскен қаражат есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте аталған қызметті көрсету тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді.

Жергілікті атқарушы органдар ішкі істер органдарының қосымша адамдарын ұстауға жергілікті бюджет есебінен қаражат бөлуі мүмкін.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Полиция органдарының бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді.

Жергілікті атқарушы органдары ішкі істер органдарының полиция бөлімшелері мен мекемелеріне қызметтік үй жағдайларды, ал ішкі істер органдарының учаскелік инспекторларына қызмет көрсетілетін учаскелерде жұмыс істеу үшін жиындармен жабдықталған үй-жайлармен, байланыс құралдарымен, көлік құралдарымен оларды пайдалану жөніндегі шығыстарды да қамтамасыз ететін тиісті ұйымдардың есебінен тегін қамтамасыз етіледі.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Полиция органдарының ұйымдастырылу құрылымы негізіне салынған принциптерді атаңыз және талдау жасаңыз?

Ішкі істер органдарының жүйесін атаңыз?

Криминалдық және әкімшілік полицияның құрамына кіретін қызметтер мен бөлімшелерін атаңыз?

Ішкі істер органдары (полициясы) бөлімшелер құрылымына қандай факторлар себеп болады?

VI-ТАРАУ

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ, НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ТӘСІЛДЕРІ

13-тақырып. ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ НЫСАНДАРЫ

1. Полиция органдарының әкімшілік қызмет функциялары

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің мазмұны, оның функцияларын белгілеген нысандар және әдістермен жүзеге асыруы құрайды.

Полиция органдарының әкімшілік қызметі осы қызметтің белгілі бағыты деп танылатыны бірқатар функцияларға бөлінеді. Әрбір функцияның өзінше әрекеттерінің ерекшелігімен, біржактылығымен және бағыттылығымен сипатталады. Функциялар ең ақырында іс жүзінде қажет етілетін объективтік факторларға сүйенеді. Әрбір функцияның мазмұны әкімшілік қызметтің объектісінің ерекшелігімен анықталады. Функцияның саны мен сипаты сонымен бірге, яғни, мемлекеттің ішкі істер органдарының мақсаттары мен міндеттерінің субъективтік факторларына тәуелді болады. Сонымен бірге көптеген функциялардың мазмұны (құрылымы) қандайда болмасын жағдайда тұрақты болып қалады. Соған байланысты полиция органдарының әкімшілік қызметінің функциялары жалпы, арнаулы (негізгі) және қамтамасыздандыру болып бөлінеді.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің жалпы функциясын болжау және жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, есеп жүргізу, бақылау жатады.

Болжау және жоспарлау функциясы. Болжау — қандайда болмасын процестердің өзгерістеріне байланысты алынған мәліметтерді талдау негізіндегі ғылыми жетістіктерге сүйене отырып ғылыми тұрғыдан білу. Ішкі істер органдары полициясының әкімшілік қызметіндегі болжау ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің объектісі болатын белгілі бір процестер, қоғамдық тәртіп сақтау және басқа да салада қамтамасыз етудің бағыт

мақсаттарын анықтаудың және мақсатқа жетудің бағдарламасын жақсартады.

Ұйымдастыру функциясы әкімшілік қызметтің басқару және басқарылу жүйесін және осы жүйенің бірқалыпты қамтамасыз етуге белгілі бір құрылымы және оның ішіндегі процестерді реттейді. Ұйымдастыру, әкімшілік қызметті жүзеге асыратын қызметтерді, органдарды бөлімшелерді, топтарды және басқа да субъектілерді құру, қайта құру, жабу, олардың құқықтары мен міндеттерін, қарым-қатынас тәртібін анықтау, кадрлар тандау мен орындау және т. б. жүзеге асырады.

Ұйымдастырумен тығыз байланыста реттеу функциясы тұр, ол әкімшілік қызмет субъектілерінің бірқалыптылығын тиімді түрде сақтауға бағытталған. Реттеу арқылы әкімшілік қызметті жүзеге асыратын қызметтердің бағыттарын, ішкі істер органдары қызметкерлерінің мінез-құлықтамақпаны нақты басшылық жасауда жүзеге асырылады. Реттеусіз, осы қызметке берілген бағдарламаға сәйкес мақсатты бағыттылыққа жетуді жүзеге асыру мүмкін емес.

Әлеуметтік функциясы мәліметтерді жинау, беру, сақтау және қайта өңдеу және оның ішінде әкімшілік қызмет субъектілердің жұмысы, оларға жүктелген міндеттерді орындауы, ресурстардың саны мен шығындары, техникалық құралдардың және әкімшілік қызмет әсер ететін объектінің жағдайы туралы мәліметтердің сандық өлшеуді, тіркеу мен топтастыруды қамтиды.

Әлеуметтік, бақылаудың маңыздылығын құрайды, олай дейтініміз ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің жалпы функциясы сияқты, қызмет объектісінің нақты жағдайына берілген бағдарламаға сәйкестілігі немесе қамтамасыз еместілігін анықтайды.

Бақылау істелгендер, анықталған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестілігі туралы хабарлауға көмегін тигізеді.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің арнаулы (негізгі) функциялары. Полиция органдарының әкімшілік қызметтің мақсаты мен міндеттері азаматтардың және басқа да құқық субъектілерінің құқықтары, босшылықтары мен міндеттерін орындауға, өмірдің әртүрлі жағдайларында туындаған мәселелерді, оның ішінде заңды мінез-құлық және құқық бұзушылықтарды шешуге қолайлы жағдайлардың жағдайы мен тәртібін қамтуға бағытталған. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің мазмұны, ішкі істер органдары саласының сыртқы қатынасына байланысты әкімшілік қызметінің арнаулы (негізгі) функцияларын құрайды.

Сондай функциялар болып:

азаматтардың жеке қауіпсіздігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке тұлғалардың өмірі, ар-намысы мен мәртебесін, құқықтары, бостандықтары мен заңды мүделерін, қоғамның және

мемлекеттің мүделерін қылмыстық және басқа да құқыққа қайып қол сұғудан қорғау;

- қылмыстарды және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, бу, ашу және жолын кесу, олардың жасалуына итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар жасау, құқық бұзушылықтармен жеке алдын алу және азаматтар арасында құқық тәрбиелеу шараларын жүргізу; көшелерде, алаңдарда, демалыс орындарында, көлікте және басқа да қоғамдық орындарда, оның ішінде қоғамдық-саяси, мәдени спорттық және басқа да шаралар өткізу кезінде, төтенше жағдай режимі және басқарудың ерекшеліктеріне қатысты қылмыстарды және басқа да қоғамдық тәртіпті қорғау;
- лицензия және рұқсат беру қызметін жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтардың болу ережелерінің сақталуына бақылау жасау;
- жол қауіпсіздігіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасау;
- шарттар негізінде меншіктің нысанына қарамастан мүліктерді қорғау;
- тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету, құқыққа қол сұғудан, жаппай және оқыс оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәріменсіз немесе өзге де күйдегі азаматтарға жедел медициналық көмек көрсету;
- өз құзыреті шегінде азаматтар мен лауазымды адамдардың мемлекеттік билік органдарының қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы актілерін орындалулары бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;
- қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар істері бойынша өндірісті жүзеге асыру;
- өз құзыреті шегінде әкімшілік жазаларды орындау және т. б.

Қамтамасыз ету функциясы. Оларға: кадрлық, қаржыландыру, материалдық-техникалық және басқа да полиция органдарын қамтамасыздандыру жатады.

Жалпы, арнаулы (негізгі) және қамтамасыз ету функциялары бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді. Олардың жиынтығы полиция органдарының әкімшілік қызметінің саласын (көлемін, мазмұнын) білдіреді.

Полиция органдарының әкімшілік қызметі, ішкі істер органдары саласының, сыртқы қатынасының басымдылығына байланысты. Бұл қызмет ішкі істер органдары жұмысының айрықша кең, сыйымды бағыты. Осыған байланысты ішкі істер органдарының қызметкерлерінің үлкен бөлімі әкі

к қызметті жүзеге асырады. Әкімшілік қызметтің субъектілері болып ұлы қызметтер (учаскелік инспекторлар, жол полициясы және басқалардың бөлімшелері, топтары, полиция қызметкерлері, патрульдік полиция бөлімшелерінің және басқалар) саналады.

Қаралып отырған полиция органдарының қызметі қылмыстық және шілік-құқықтық нормалармен реттелінеді. Осы қызметті жүзеге асыру десі кезінде оның субъектілері азаматтармен, мемлекеттік органдармен, порындар, мекемелер, ұйымдармен, бірлестіктермен, мемлекеттік қыз-серлермен, қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің қызметкерлерімен (пдермен), шетел азаматтары және азаматтығы жоқ азаматтармен қыл-тық және әкімшілік-құқықтық қатынасқа түседі.

2. Полиция органдарының әкімшілік қызметінің нысандары

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің функциялары осы қыз-гі атқаратын субъектілердің нақты әрекеттерімен жүзеге асырылады. кет белгілі нысандарында қызметтің сыртқы көрінісін бейнелейді. Сон-тан, нысан деп, шын мәніндегі субъектілер әрекетінің объективтенді-ен көрінісін айтамыз. Әкімшілік қызмет функциялары нысандар көмегі-жүзеге асырылатын болғандықтан оның қандайда болмасын түрлерін дану қызмет тиімділігінің белгілі бір деңгейіне жеткізетінін ескеру ка-. Нысандар әкімшілік қызметтің функцияларын мақсатты түрде орында-н қамтамасыз етуге бағытталған.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің міндеттері мен функция-ының көп болуына байланысты осы қызметтің құқықтық нормалық ны-дары да көп болады. Нысандар ішкі істер органдарының құқықтық мәр-есін реттейтін заңдарда, ережелерде, жарғыларда, нұсқауларда және ің субъектілерінің және әкімшілік қызметті реттейтін басқа да актілерде ітілген. Сондықтан, әкімшілік қызметтің функцияларын жүзеге асыруға ің субъектілері, тек қана құқықтық нормаларда көрсетілген нысандарды дануы қажет. Қажетті нысандарды субъектілердің сақтамаушылық әре-і жарамсыз саналады және даулы мәселеге әкеп соқтырады.

Сонымен бірге, полиция органдарының әкімшілік қызметінің шығарма-лық сипаты, осы қызметтің субъектісіне заңмен белгіленген нысандар-жеке өзі қалауы бойынша таңдау мүмкіндігін береді. Белгіленген нысан-ды таңдау нақты тіршілік жағдайларын, тиімділік пен мақсаттылық та-тарын ескере отырып таңдалады.

Нысанның нақты түрі, әкімшілік қызмет субъектілерінің оларға, жүк-ген функцияларды жүзеге асырудағы әрекеттің сипатымен белгіленеді.

Бір жағдайда бұндай әрекеттер заңдылық зардаптарға әкеп соғады, ал ба жағдайда заңдылық зардаптарға әкеп соқпайды (мысалы, құқықтық на хат, қоғамдық тәртіпті қорғайтын қоғамдық бірлестіктерді оқытып-үйр және т. б.) Осыған байланысты ішкі істер органдарының әкімшілік қызме нің нысандары құқықтық және құқықтық емес болып бөлінеді.

Құқықтық нысандар мемлекеттік биліктік, басқарушы-атқарушылық әкімшілік қызмет субъектілерінің, өкілеттіктерінің заңнан туындайтынды лығы сипатталады. Қаралып отырған қызметтің құқықтық нысаны полиция органдарының басқа да қызметтің бағыттарының (жедел-ізвестіру, қы мыстық-құқықтық) айырмашылығы ішкі істер органдарының міндетті мен функциялары қылмыстық және әкімшілік-құқықтық құралдар ныса дармен тәжірибелік түрде ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің нысаны мазмұныма мақсатты бағыттылығымен, бейнелеу әдісімен жіктеледі.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің нысаны мазмұны жағ нан норма шығарушылық және құқық қолданушылық болып бөлінеді. Бі рақ, полиция органдарының әкімшілік қызмет субъектілері норма шығару шылықты қолданбайды, ол ішкі істер органдарының өкілеттілігіне жатқы зылған. Құқық қолданушылық — полиция органдарының әкімшілік қызме тінің негізгі құқықтық нысаны.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің құқық қолданушылығы оның субъектілерінің нақты әрекетімен, нақты мәселелерді және тіршілік жағдайларын шешуде заңдылық мағынасы бар фактіні белгіленген қы мыстық және әкімшілік құқық нормаларының негізінде, яғни, жеке актіні қабылдау мақсатында құқықтық нормаға сәйкестірумен көрінеді.

Құқық қолданушылық қызмет мыналарды қарастырды: норманы қолда нушы субъектінің істің мән-жайын анықтауы; белгілі бір жағдайда (норма ның заңдылық, күшінің шындығын тексеру, оның уақыт және кеңістіктегі әрекетінің шегін табу) қолданатын белгіленген құқықтық норманы табу таңдау; норманың мәні мен мазмұнын түсіну; іс бойынша шешім, жеке ам қабылдау; құқықтық норманы қолдану актісін орындау.

Шешілетін істер мен мәселелердің сипатына, құқықтық қасиетіне қара құқық қолданушылық реттеуші және қорғаушы болып екі нысанға бөліне ді.

Әкімшілік қызметте реттеуші нысаны азаматтардың, мемлекеттік орган дардың, кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері жүзеге асыруға және құқықтың басқа да субъектілерінің (қаруды, оқ-дәрі лерді, жарылғыш, әсері күшті химиялық, есірткі, психотроптың улы және радиоактивтік материалдар мен заттарды алуға, сақтауға, өзімен алып жү руге және тасымалдауға заңда белгіленген рұқсаттарды (лицензияларды

және т. б.) нақты ұйымдастырушылық, басқарушы-өкімді сипаттағы іс-шараларды (мысалы, лауазымға тағайындау, ішкі істер органдары қызметкеріне тағайындау, т. б.) шешу үшін қолданылады.

Құқық қорғаушы нысанының көмегімен полиция органдарының әкімшілік қызмет саласындағы құқықтық нормалармен реттелінген қоғамдық қарым-қатынас қорғауы жүзеге асырылады және ешкімнің тиіспеушілігі қамтамасыз етіледі. Жеке тұлғаның, азаматтардың мемлекеттік органдардың, кәсіпорының, мекеме, ұйымдардың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғау жүзеге асырылады. Қылмыстық және әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке басқа да заңдылық міндеттерді орындамаған адамдарға мемлекеттік қаражаттарды жұмсау шаралары қолданылады.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің құқық қолданушылық сипаты (реттеуші және құқық қорғаушы) нысаны мақсатты бағыттылығы жағынан (қолдану мақсаты) ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі нысан ішкі ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыру үшін қолданылады: штаттық жоспарларды бекіту, қызметкерлерді тағайындау, қызметкерлерді бағалау, еңбек ететіндерді шешу, әкімшілік қызметтің қызметтерімен, бөлімшелерімен және басқа да субъектілеріне нақты басшылық пен басқару және әкімшілік қызметті материалдық-техникалық және басқа да қамтамасыз ету. Ішкі нысанның мақсатына қолданушылық нысаны, әкімшілік қызметтің субъектілеріне жүктелген осы қызметтің мазмұнын құрайтын міндеттер мен функцияларды қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің құқық қолданушылық нысаны (реттеуші және құқық қолданушы, ішкі, сыртқы кескінделу әдісімен) сөздік (жазбаша және ауызша) және конклюденттік болып бөлінеді. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің қандай да болмасын нысанын таңдау мен қолдану, оның заңдылық қасиетімен анықталады.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің құқық қолданушылық нысанының ең көп таралған бейнелеу нысанының нәтижесі болып жеке жазба акт-құжат саналады. Оны құқық қолданушылықты дәлділігін, белгілі нәтижені қажет ететін мәселелерді (істерді) шешуде қолданады.

Сонымен бірге, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде кең көлемде ауызша сөздік нысан қолданады: ауызша бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, әмірлер. Бұл нысан күнделікті жедел сипаттағы сұрақтарды шешу үшін қолданылады.

Құқық қолданушылық белгілі әкімшілік қызметтің субъектісінің айқын кескінделген ымынмен (дене қимылымен), шартты белгілермен, қозғалыстарымен, белгілермен және басқа да конклюденттік әрекеттер көмегімен кескінделінеді. Мысалы, жол полициясы қызметкерінің көлік және жаяу жүрушілердің қозғалысын дене қимылымен реттеуі, патрульдік полиция қызметкерінің ысқыру-белгісі және т. б.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің құқықтық емес нысанына ұйымдық және материалдық-техникалық кескінделіну нысандары тады. Құқықтық емес нысандар, құқықтық нысандар сияқты, әкімшілік қызмет субъектілерінің өкілеттілігімен байланысты, сонымен бірге осы қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Полиция органдарының әкімшілік қызмет мазмұнын не құрайды?

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің арнаулы (нег. функциялар түрін атап беріңіз?

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің нысаны дегеніміз не?

Полиция органдары әкімшілік қызметінің мазмұны мен нысанының арасындағы байланысты көрсетіңіз?

14-15 тақырып. ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘДІСТЕРІ

1. Полиция органдарының әкімшілік қызметінің әдістері ұғымы және оның олардың түрлері

Әдістер ұғымы. Полиция органдарының әкімшілік қызметі сананы реттеудің факторы деп танылатын адамның мақсатты әрекет жасау қабілеті мен көрінетін, адамдардың еркіне қызмет субъектісінің қызмет объектісі мақсатты түрде ықпал етуі арқылы жүзеге асырылады.

Әкімшілік қызмет субъектісінің объект еркіне ықпал етуі, әкімшілік қызметтің әдістері деп аталатын түрлі құралдармен, әдістермен жүзеге асырылады. Олай болса, әдіс — ішкі істер органдарының мақсатын, міндеттері мен функцияларын іске асырудың жолы. Әдістің мазмұны әкімшілік қызметтің мақсатына қандай ұтымдырақ жолмен жету туралы мәселеге жауап береді.

Әдістер әкімшілік қызметтің мақсаттарымен диалектикалық бірлікте болады. Мақсат әдістерді қолдануға себепші болады, ал әдістерді таңдау қойылған мақсаттарға жетудің нақтылығын анықтайды. Ал басқа жағынан алғанда, әдіс қызметтің мақсатына қандай жолмен жетуді көрсетіп береді. Әдістерді жетілдіру қызметтің жақсарғандығын көрсетеді.

Әкімшілік қызмет әдістерінің сипаттық мазмұнынан келесідей тән ерекшеліктерді байқауға болады: әдістер әкімшілік қызмет субъектісінің өсі

зметтің объектісімен байланысын көрсетеді; әдістер — бұл басқару объектісіне субъектінің басшылық әсер етуді жүзеге асырудың жолдары, ішкі істер органдарының әкімшілік қызмет саласында болып жатқан үрдістерді етудеу, ұйымдастыру, қызмет мақсатына жеткізетін құралдар мен әдістер; ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің айрықша белсенді элементін құрайды; әдістер баламалы сипатқа ие болады.

Мазмұны мен бағытына қарамастан әкімшілік қызмет әдістеріне мыналар тән: ықпал ету, яғни басқару-өкімдік нұсқау (бұйрық, талап, рұқсат және т. б.) деп танылатын объективтендірілген ұйымдық нысан; ықпал етудің нәтижесі (нақты ықпал ету, ынталандырушы немесе шектеуші шарттармен бірге әсер ету); ықпал ету әдісі (дара басшылық, алқалылық, ұжымдық); сыртша сипат (қысқа мерзімді және көп мерзімді); тактикалық және стратегиялық сипаттардың болуы.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіндегі әдістер, басқа да қызмет бағыттарындағыдай (жедел-ізвестіру, қылмыстық-процессуалдық) ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін жоғарлатуға, қызметкерлердің жұмысын біріктіруге, әрбір қызметкердің шығармашылық ізденісін қолдауға жетілдіруге бағытталған.

Әдіс түрлері. Полиция органдарының әкімшілік қызметі түрлі әдістермен қолдаумен жүзеге асырылады. Әдістердің көп болуы әкімшілік қызметіндегі қиындықтардың көптігін көрсетеді. Әдістер әрқайсысы әкімшілік қызметтің жалпы мақсаттарын жүзеге асыру жолымен сипатталатын болғандықтан бірін-бірі толықтырып отырады. Әкімшілік қызмет әдістерінің тиімділігі мен өзара байланыстарын, жіктелуін дұрыс түсіну, олардың маңыздылығын және аса тиімді қолдану жағдайларын тануға зор әсер етеді.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің негізгі әдістері болып саналатын сендіру мен мәжбүрлеу саналады, өйткені осы қызметтің қандайда болмаған функциясын орындауда сендіру мен мәжбүрлеудің амалдық байланысы болып табылады. Бұл жерде бірінші болып сендіру, ал содан кейін мәжбүрлеу қолданылады. Әдістердің мұндай байланыстылығы мемлекетіміздің қолдаушылық сипатынан, оның мақсаттары мен міндеттерінен, адам мен азаматтың мүдделерінің сәйкестілігімен, сендірудің орасан зор тәрбиелік рөлінен туындайды.

Сонымен бірге ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде сендіру мен мәжбүрлеу әртүрлі жолдармен орын алып, осы қызметтегі нақтырақ әдіс түрлерін таңдап алуға негіз болады. Мәселен, басқару арқылы ықпал ету сипаты бойынша ұйымдастыру әдістері (үйлестіру, келісім, нұсқау беру және т. б.), психологиялық әдіс (психологиялық жолмен сана-сезімді ояту, әрекеттестіру, бедел және т. б.), әкімшілік және экономикалық әдістерге бөлуге

болады. Барлық әдістер заңды күші бар заңдардың мазмұнына, мақсаты бағытына және ұйымдастырушылық нысаны жағынан сәйкес болуы қажет.

Полиция органдарының қарастырылып отырған қызметінде аса маңызы мағынаға, әкімшілік әдістер ие болады. Ол бағынышты еркінің басқарушының еркіне тәуелді екендігімен сипатталады, яғни, «биліктік-бағыныштылық», оларда ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің басқарушылық-өкімдік табиғаты ашық көрініп тұрады. Әкімшілік әдістерді қолдану арқылы осы қызметтің субъектісі қызмет объектісіне тікелей әсер етеді және міндетті түрде бағынышты болуға мәжбүр етеді. Бірақ, әкімшілік қызметтің әдістерін қолданудың жолы осы екен деп бағыныштылардың мүдделерін естен шығаруға болмайды. Әкімшілік әдістер ықпал ету жолына қарап былайша болып бөлінеді: белгілі бір әрекеттер жасауды міндеттеуші белгілі бір әрекеттер жасауға өкілеттік беруші; әлеуметтік пайдалы әрекеттер жасағаны үшін көтермелеу; қандайда болмасын әрекеттерді жасамауға тыйым салушы.

Полиция органдары әкімшілік қызметінің әдістерін таңдау және қолдану. Әкімшілік қызметтің нақты әдістерін таңдау және оларды тәжірибелік қолдануда бірқатар субъективтік және объективтік сипаттағы факторлар себепші болады.

Әдістерді қолдануда субъективтік факторлардың маңызы ерекше. Ішкі істер органдарының біліктілігі төмендеу қызметкері үшін әдістерді таңдау мен қолдануға авторитарлық көзқараспен қарау жайсыз зардаптарға, әкімшілік қызметтің мақсаттарын бұрмалауға әкеп соқтыруы мүмкін. Осыған орай, ең маңыздысы қызмет субъектісі, қандайда болмасын ықпалға етпей, әдістерін таңдауда, жоғары біліктілікке, жауапкершілік сезіміне ие болуы тиіс.

Әдістер әкімшілік қызметтің нақты іс барысында қолданылады. Осыған орай, әкімшілік қызметтің алдында тұрған қызмет субъектілерінің және қызмет объектілерін ерекшеліктерін мен жағдайларын, нақты өмірлік жағдайдың сипаты мен ерекшелігін, бар әдістердің арсеналдарын қолдануды тиімді мүмкіндіктерін, әкімшілік қызмет жүзеге асырылатын сыртқы және ішкі жағдайын, әкімшілік қызметтің субъектісі еркінен тәуелді болмайтын басқа да объективтік факторларды ескеру қажет.

Әдістерді таңдау мен қолдануда, істі шешуге қолайлы әдістерінің ішіндегі ең тиімді дегенін анықтап алып, оларды әкімшілік қызмет барысында орынды қолдана білу қажет. Әдістерді таңдау мен қолдану шеберлігі әкімшілік қызмет саласындағы жай-күйді ықтияттылықпен қадағалап отыруды талап етеді. Объективті жағдайларды және қызметте болып жатқан өзгерістерді ескермеу әдістерді қолданудың әсерлілігін төмендетуге әкеп соғады. Және керісінше, әкімшілік қызмет саласында болып жатқан процестерді

жетілуін, жиналған тәжірибесін есепке алып қолдану әдістердің тиімді болуына қол жеткізеді.

2. Полиция органдарының әкімшілік қызметіндегі сендіру

Сендіру, әдіс ретінде полиция органдарының әкімшілік қызметінің объектісіне моральдық, психологиялық, материалдық жағынан, адамдардың мінез-құлқына, ерекше әсер етеді, сана-сезімді молайтып және жетілдіреді, әкімшілік қызметті жүзеге асыратын субъектінің қызмет талаптары белгілеген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес саналы түрде орындауға жетелейді. Әділ, дұрыс емес көзқарастарды, мінез-құлықты өзгертеді, жеке тұлғаның, ұжымның қажеттілігін, белгілеген құқықтық және моральдық талаптарды санаға қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әкімшілік қызметтің міндеттері мен функцияларын тиімді орындау мақсатында, құқықтық нормалар мен құқық қолданушылық актілердің нұсқауларын орындауда, тәрбиелеу, үздік тәжірибелерді көрсету, еңбекті адал және қоғамдық борышты үлгілі орындау үшін ең алдымен сендіру шаралары қолданылады. Сондықтан, сендіру құралдары тиісті мінез-құлықты қамтамасыз етудің қозғаушы (ынталандырушы) факторы болып саналады. Ол азаматтарды әкімшілік қызмет субъектілерінің заңды нұсқаулары мен құқықтық нормаларын саналы және ерікті түрде орындатуға бағытталған.

Сендіру әдісі негізінен алғанда тәрбиелеу құралы болып саналады. Полиция органдарының әкімшілік саласында сендіруді кең қолдану азаматтардың және басқа да әкімшілік қатынасқа түсушілердің мінез-құлықтарын, қысы қызмет барысында шешілетін міндеттерге елеулі дәрежеде жауап беруіне ынталандырады.

Сендіру қылмыстарды және басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту құралы болып табылады. Ол азаматтардың ішкі қажеттілігін және заңдылықты мінез-құлықтарын берікті әдеттікке. Теріс қоғамдық қылықтарды ескертуге тәрбиелеуге әсер етеді. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде сендірудің негізгі түрлері (шаралары) болып адамгершілікке және құқықтыққа тәрбиелеу; жаппай-ұйымдастырушылық жұмыс; мадақтау саналады.

Адамгершілік және құқықтық тәрбие. Әкімшілік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін нормаларды сақтау, аталған саладағы қоғамдық қатынасқа қатысушылардың жоғары саналығымен және тәртіптілігімен, өздерінің құқықтарын, міндеттерін және борыштарын түсіну еріктілігімен және үлгілілігімен жүзеге асырылады. Аталған қасиеттерді қалыптастыру үшін түрлі жолдар қолданылады: мемлекеттің саясатын түсіндіру; тұрғындар

мен құқық бұзушылыққа бейім деген жекелеген азаматтар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу; үгіт-насихат қызметі; қоғамға жат қылықтарды сынға алу және оларды жасағандарды жұртшылық алдында талқыға салу; ішкі істер органдарының қызметкерінің саяси және құқықтық мәдениеттілігін және азаматтармен, топтармен және ұжымдармен әңгіме-дүкен құру шеберлігін арттыру.

Сендіру шаралары жүйесінде әкімшілік қызмет субъектілерінің халық арасында өткізетін құқықтық насихат жұмысы ерекше орын алады. Олар, азаматтардың құқықтық нормалардың талаптарын түсінуіне және ерікті орындауға мен сақтауға, құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік жасайды. Тұрғындарға құқықтық тәрбие берудің кең тараған нысандарына мыналар жатады: ішкі істер органдары қызметкерлерінің тұрғындар мен мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың еңбек ұжымдары алдында, теледидарда және радио арқылы құқықтық тақырыптарға байланысты баяндамалар мен дәрістер оқуы; құқықтық мәселелер мен заңдарды қолданудың тәжірибесін талқылауға «сұрақ-жауап» «дөңгелек үстел» ұйымдастыру; заң әдебиеттерін шығару және т. б.

Сендіру шараларының жүйесінде аса маңызды рөлді жариялылық атқарады. Ішкі істер органдарының полициялық аппараттар мен қызметтер қызметкерлерінің тұрғындармен шынайы әңгіме-дүкен құруы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түрлі сыбыстар мен арандатушы пікірлерге байланысты түсінік беру қоғамдық тәртіпті қорғаудың ең ұтымды тәжірибелерінің бірі. Демократияның канат жаюы мен құқықтық мемлекет құруда, тұрғындардың жұртшылықтың еліміздегі және әкімшілік-аумақтық бөліністердегі құқықтық тәртіптің жағдайы туралы барынша, ақпарат алуы ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде де өзекті мағынаға ие болады.

Жариялылықты жүзеге асырудың кең тараған нысандары мен әдістері болып мыналар саналады: ішкі істер органдарының басшылары мен басқа да қызметкерлерінің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін жедел жағдайымен, жұмыстың, тиімді нәтижелерімен және құқықтық тәртіпті нығайтудың өзекті мәселелері туралы кездесулер өткізу (брифингтер, баспасөз конференциялары); ішкі істер органдарының басшылары мен басқа да қызметкерлерінің қылмыспен және басқа да құқық бұзушылықтармен күрес мәселелері туралы орталық және жергілікті басылымдарда, теледидарда, радиода хабарламалар жасау; ашық басылымдарда қылмыспен және басқа да құқық бұзушылықтардың жай-күйі және олармен күрес нәтижелері туралы мәліметтік және басқа да материалдарды шығару; ішкі істер органдары әкімшілік полициясының аппараттары мен қызметтері қызметкерлерінің тұрғындардың және мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорын,

мекеме және ұйымдардың, еңбек ұжымдарының алдында қаладағы, аудандағы және құқық бұзушылықтың өзекті мәселелері, ішкі істер органдарының жұмысы туралы сын-ескертпелер туралы есеп берулері; азаматтармен «Тікелей» телефон байланыстарын қамтамасыз ету және т. б.

Жариялылық азаматтарды қоғамдық тәртіпті қорғауға, құқықтық тәртіпті нығайтуға қатыстылық сезімін тәрбиелейді. Басқа жағынан, жариялылық ішкі істер органдары қызметкерлеріне тапсырылған іске деген жауапкершілігін көтереді және іс барысында заңдылықтың бұзылуын жоюға, және қорытынды есебінде оның мәртебесін нығайтуға мүмкіншілік жасайды.

Ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс. Сендірудің бұл түрінің мәні мынада: ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі субъектілерінің қоғамдық тәртіпті қорғаушыларға ұйымдастырушылық, әдістемелік және басқа да көмек көрсету; ұжымдардың, органдардың, жекелеген қызметкерлердің тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу тәжірибесін талдап қорыту; ақпараттық шолулар, ұсыныстар, оқытуларды дайындау мен тарату және т. б.

Көтермелеу (моральдық және материалдық ынталандыру). Көтермелеу — бұл адамның жұмыста немесе қоғамдық борышын өтеуде жеткен жетістіктерін, еңбегін мойындау, қоғамдық құрмет көрсету тағы с. с. көпшілік алдында марапаттау. Көтермелеу шаралары моральдық, материалдық және моральдық-материалдық сипатта болады. Көтермелеу шараларының үкүйесіне мемлекеттік наградалармен марапаттау, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Отан» (Отечество), «Даңқ» (Слава), «Айбын» (Доблесть) және басқа да ордендерімен марапаттау енеді¹.

3. Полицияның әкімшілік қызметіндегі мәжбүрлеу шаралары

Сендіру ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің негізгі әдісі бола тұрса да, құқыққа қарсы әрекет жасаушылардың мінез-құлқына тиімді әсер ететін шара болып табылмайды. Осыған байланысты мемлекет азаматтарының кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғай отырып ішкі істер органдардың қызметкерлері арасындағы сендіру шаралары әсер етпейтіндеріне мәжбүрлеу шараларын қолдануға өкілетті. Мәжбүрлеу, сендіру құралдары негізіндегі ықпал әсер етпеген жағдайда ғана қолданылады.

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 ж. 12 желтоқсанда қабылданған Жарлығының 12, 13 және 14 баптарын қара // Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің ведоместары. 1995 ж. № 23. 143-бап.

Мәжбүрлеудің әкімшілік-құқықтық сипатқа ие болады және заң талаптарының тәртібіне сәйкес қолданылады. Мәжбүрлеу полицияның әкімшілік қызметіндегі әдіс ретінде жеке тұлғаның сана-сезімі мен мінез-құлқын психикалық, материалдық әскер етумен және күш көрсету арқылы жүргізілуі мүмкін. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ете және әкімшілік қызмет саласындағы басқа да функцияларды жүзеге асыра отырып, ішкі істер органының қызметкерлері жеке тұлғаға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мекепілдігіне талап қоюға өкілеттенген, ал қажет болған жағдайда мәжбүрлеу шараларын қолдануды қамтамасыз етіледі.

Психикалық мәжбүрлеу ерікке, эмоцияға, санаға, яғни жеке тұлғаның психикасына ықпал етеді, оның еркін қалыптастырады, қажетті қоғамдық мінез-құлыққа, жеке тұлғаға пайдалы емес қандайда болмасын зардаптарын келудің әсер ету шараларын қолдану арқылы мәжбүрлеу. Психикалық мәжбүрлеуге мыналар жатады, мысалы, қоғамдық тәртіпті бұзушыға қоғамға жат қылық танытпауы жөнінде ресми түде ескерту жасау; ішкі істер органы қызметкерінің азаматтардың немесе лауазымды адамдардың құқық бұзушылықты тоқтатуы жөнінде ресми түрде талап қою.

Материалдық мәжбүрлеу жеке тұлғаның мінез-құлқына оның ақша қаражаты немесе мүліктері арқылы әсер етеді. Ол адамның мүлкін иемдену мен қолдануға байланысты шектеулер жасау арқылы немесе иесінің өз қарауындағы материалдық құндылықтардан айыру және құқық бұзушыға ақшалай айып өндіріп алу және басқалар арқылы көрінеді.

Күш көрсету арқылы мәжбүрлеуге жеке тұлғаның бостандық әрекеттеріне шектеу немесе құқыққа қарсы шығу жолын кесу мен нақты әсер ету жатады. Осы шаралардың көмегімен және тұлғаның еркіне бағынбастан ішкі істер органдарының өкілетті қызметкері әкімшілік құқық мақсаттарына жетуге бағытталған әрекет жасайды. Мысалы, ішкі істер органдарының қызметкері құқық бұзушыны ұстаған кезде, заңмен белгіленген мерзімге дейінгі құқық бұзушының бостандығын шектеу үшін күш жұмсау, кісендер және басқа да арнаулы құралдарды қолданады.

Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушылармен қатар құқық бұзбаған адамдарға қарсы қолданылуы мүмкін (құқық бұзушылықты, табиғи зілзала, жұқпалы аурулар, індеттерден келетін зардаптарды ескерту мақсатында).

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде қолданатын мәжбүрлеу шаралары, жеке тұлғаға зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуді, не жазалауды мақсат етіп қоймайды, бірақ ол мемлекет атынан және заңды тәртіп бойынша күш көрсету шараларын қолдану көздейді.

Мәжбүрлеуді қолданудың негіздері. Мәжбүрлеу ішкі істер органдары-
ң әкімшілік құқық саласында қоғамдық қатынастарға құқыққа қарсы кол
ушылықтан қорғаудың және азаматтардың жеке қауіпсіздігі мен қоғамға
іп төндіретін жағдайларының болуын ескерту және жолын кесудің әкім-
лік-құқық құралы болып саналады.

Қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қорғай отырып және басқа да
ішілік құқықтық, функцияларды жүзеге асыра отырып, ішкі істер орган-
ының қызметкерлері заңдардың тәртібіне сәйкес белгіленген құқықтық
імаларды, мінез-құлық ережелерін қасақана бұзушылардың, оларды сақ-
ға және еріксіз түрде белгіленген құқық тәртібіне бағындыруға және
н дереу құқық бұзушылықты болдырмауға және жолын кесуге шаралар
лдануға, және кінәлілерді жауапқа тарту қамтамасыз ету үшін жағдайлар
сайды. Ал теріс жағдайда шара қолданбау, азаматтарды жеке және мү-
тік қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіп, мемлекет, кәсіпорын, мекеме ұйым-
рдың құқықтар мен бостандықтарына нұқсан келтіретін зардаптарға әкеп
ғады. Мысалы, ұсақ бұзақылық жасаған жағдайда немесе басқа да қоғам-
қ тәртіпті бұзатын әрекеттер жасалған кезде ішкі істер органдарының
зметкері дереу сендіру әдістерімен мәжбүрлеуді қолдана отырып жолын
суге міндетті.

Қолдану мақсаттарын, құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті
мтамасыз ету әдістерін, осыған байланысты пайда болатын құқықтық қа-
настардың және әкімшілік мәжбүрлеу шаралардың ерекшеліктеріне қа-
й мынадай төрт топқа бөлінеді әкімшілік-ескерту шаралары; әкімшілік
лттартпау шаралары; әкімшілік құқық бұзушылық істерін қамтамасыз
у шаралары; әкімшілік жаза.

4. Полиция органдары қолданатын әкімшілік ескерту шаралары

**Полиция органдары қолданатын әкімшілік ескерту шаралары ұғымы
н мәні.** Әкімшілік ескерту шаралары полиция органдарының қолданатын
ішілік мәжбүрлеу шараларының бір түрі бола отырып, ішкі істер орган-
ры қызметкерлерімен құқық бұзушылықтар мен қоғам және азаматтар-
ң жеке қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін жағдайларды ескерту мақса-
нда қолданылады. Ол азаматтар мен лауазымды адамдарға қатысты әкім-
лік-құқықтық сипаттағы шектеулер мен әкімшілік-мәжбүр ету шарасы
тінде көрінеді.

Әкімшілік ескерту шараларын қолданудың негізі азаматтың құқық бұзу-
лық жасау ниетінің анықтығы, қоғамға жат, құқыққа қарсы әрекеттер-

дің, адамдардың жеке қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін жағдайлар болып табылады.

Осыған орай, әкімшілік ескерту шаралары деп ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқық бұзушылықтар мен олардың теріс әрі зиянды заңдарына жол бермеу және азаматтардың жеке қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін жағдайларды болдыртпау танылады.

Әкімшілік ескерту шараларының саралануы. Қарастырылып отырған әкімшілік ескерту шаралары сан қилы. Олар көптеген белгілер бойынша (ұқсас белгілері бойынша, қолданудың түрлі негіздері мен мақсаттары бойынша) жіктеледі. Шараларды қолдану мақсаттары бойынша жіктеудің елеулі түрдегі тәжірибелік маңызы бар. Осы сияқты белгілер бойынша жіктелу нәтижесінде әкімшілік ескерту шаралары екі топқа бөлінеді.

Бірінші топқа азаматтардың жеке қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін жағдайларды, қажеті жоқ және зиянды зардаптарды болдырмауға бағытталған шаралар жатады.

Ал бұл шаралар тобының құрамына мыналар енеді:

- адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттар қолданғанын белгіленген тәртіп бойынша куәландыру үшін оларды медициналық мекемеге жеткізу;
- мүмкіндігінше меншік нысанына қарамастан көлік құралдары пайдалану;
- бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар, қадағалау;
- азаматтардың тұрғын-жайларына және өзге де орындарға кедергісіз кіру;
- азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарға кіруін шектеу немесе оған тыйым салу;
- карантиндік шаралар жүргізілген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер өсетін, балықтың асыл тұқымдары ұылдырық шашатын жерлерге, ұлттық парктердің, мемлекеттік парктер мен қорықтарда бакылау-өткізу пункттерін орнату және т. б.

Аталған әкімшілік ескерту шаралары құқыққа қарсы әрекеттер болмаған жағдайда қолданылады. Өйткені азаматтар мен қоғамға қатысты қауіп-қатер тек құқық бұзушылық жағдайында ғана емес, сондай-ақ дүлей апат күйреулер, авариялар, жұқпалы аурулар мен індеттер т. б. жағдайларда пайдалана болады. Мұндай жағдайларда мемлекет (өкілетті органдар) құқық бұзушы болып саналмайтын адамдарға еріксіз шаралар қолдануға құқылы. Бұндай шараларда әкімшілік жазалау сипат болмайды. Мысалы; жүктерін қарау, көшелер мен жолдарда, көлікті және жаяу адамдардың жүріс-тұрысын сондай-ақ онда жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарды тоқтату. Әкімшілік

ескерту шараларының тағы бір түрі — қоғамға жат мінез-құлық көрсеткен адамдарға, олардың жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатындағы ескерту шаралары. Мұндай шараларға нақты көрсетілген алдын алу бағыты қажет. Солардың біріне мысалы, бас бостандығын айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау жүргізу жатады. Әкімшілік қадағалау қылмыстардың алдын алу шарасы болып табылады, бостандықты азаматтардың құқықтары мен бостандықтары кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығын айыру орындарынан босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылардың алдын алу мақсатында заңға сәйкес белгілі бір шектеу қойылған осындай адамдардың мінез-құлқын байқау түрінде мәжбүр етудің соңғы шарасы ретінде қолданылады. Қадағалау әкімшілік ескерту шаралары адамның адамгершілік дәрежесін қорлау мақсатын және қадалаудағы тұрған жері мен жұмыс орны бойынша беделін түсіруді көздемейді.

5. Полиция органдары қолданатын әкімшілік бұлтартпау шаралары

Әкімшілік бұлтартпау шаралары органның немесе лауазымды адамның құқық бұзушылықты болдыртпау мақсатындағы шұғыл әрекетті. Оларды қолдану құқық бұзушылық жасау әрекетіне оларды тыю және зиянды әрекеттерді болдырмау мақсатында тікелей араласуға байланысты. Психикалық немесе күш көрсету арқылы ықпал ету және ұйымдастырушылық немесе мүлікті шектеумен байланысты құқық бұзушылықтардың заңсыз әрекеттерін әрі қарай жасалу мүмкіндігінен айырады және міндеттерді орындауға мүмкіншілік жасайды.

Ішкі істер органдары әкімшілік бұлтартпау шараларын көптеген жағдайда әкімшілік қылықтардың жасалуына байланысты қолданады. Бірқатар жағдайларда олар әсерлі болса, ал кейбір жағдайларда қылмыстардың жолын кесудің жалғыз ғана жолын қолдануға мәжбүр етеді (мысалы: қару қолдану).

Полиция органдары қолданатын әкімшілік бұлтартпау шараларын екі түрге бөлуге болады, олар жалпы және арнаулы тағайындалған.

Жалпы тағайындалған шараларға мыналар жатады:

- ішкі істер органдарының шақыруына дәлелді себепсіз келуден жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келу;
- тәртіп бұзушыларды жеткізу;
- әкімшілік ұстау;

- құқық бұзған әскери қызметшілері ұстауға және оларды әскери юмендатураға, әскери бөлімдердің командирлеріне немесе әскери юмиссариатқа тапсыру;
- оларды жеке оқшалау қажет болған жағдайда құқық бұзған, сондай-ақ арнаулы оқу тәрбие мекемелеріне жіберілген 18-жасқа толмаған адамдарды ұстауға кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау бөлу орындарында отырғызуға, қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді қорғаншылық және қамқорлық органдарына жеткізу;
- заңдарда көзделген жағдайларда белгілі тұрақты орны, құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын куәландыру және кейінне тиісті органдар мен мекемелерге (көш-қон, медицина, әлеуметті және басқа) беру мақсатында прокурордың санкциясы мен 30-тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау-бөлу орындарын отырғызу;
- жергілікті атқарушы немесе басқа да өкілетті мемлекетті органдардың өкілінің ұйғарымымен жиын, митинг, демонстрация, шеру, пикет өткізуге байланысты оның ұйымдаструшылары аталған шараларды өткізу тәртібі туралы заң талаптарын сақтамаған жағдайда тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдану;
- техникалық жай-күйі жол қауіпсіздігіне қауіп төндіретін көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу;
- ұйымдардың көлік құралдарын пайдалану жол қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайда олардың жолға шығарылуын тоқтату;
- мас адамдарды көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құқықтары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңда көзделген басқа да жағдайларда, көлік құралын жүргізуден шеттету;
- заңда көзделген негіздер бойынша уақытша сақтау үшін көлік құралдарын ұстауға және арнаулы алаңдарға жеткізу;
- қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мас күйде жүрген адамдарды медициналық айықтырғышқа апару;
- лицензия және рұқсат беру жүйесі объектілерінің жұмысын тоқтату.

Жалпы әкімшілік бұлтартпау шараларының кейбір түрлеріне тоқтала кеткен жөн. Медициналық айықтырғышқа көшеде және басқа да қоғамдық орындарда орташа және ауыр дәрежедегі адамдар апарылады. Бұл шараны қолдану құқық бұзушылықтың (қоғамдық орындары адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйде жүрген) жолын кесуге және ауыр дәрежедегі мас күйде адамға медициналық көмек көрсету

жүзеге асырады. Ұстаудың әкімшілік мерзімі¹ оның айықтыру уақыты етіп есептеледі.

2) Көлік құралдарын жүргізуден шеттету². Ішкі істер органдарының қызметкері мас күйде деп жорамалдауға жеткілікті негіздер болғанда көлік құралдары жүргізушілерін немесе осы көлік құралын айдауға құқығы жоқ жәбірленуші жол қауіпсізді ережесін өрескел бұзған адамдарды көлік құралы жүргізуден шеттету құқысына ие болады.

3) Жол қауіпсіздігінің қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуды ішкі істер органдарының қызметкері жүзеге асырады, ол техникалық ақауы бар көлік құралын пайдалану жолымен әкімшілік құқық бұзушылық және қауіпті зардаптарының жолын кесу үшін қолданады. Бұл шараны қолдану ӘҚБК 461-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және көлік құралын техникалық байқау-өткізу туралы арнаулы акт жасау арқылы жүзеге асырылады.

Лицензия-рұқсат беру жүйесінің жұмысын тоқтату, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жасалады. Лицензия немесе рұқсат беру жүйесіндегі ішкі істер органдарының негізгі міндеттері:

- айналысына ерекше талап қойылатын нәрселер мен заттардың жоюға қолдануы мен ұрлануына жол бермеу;
- олардың қылмыстық немесе басқа да мақсатта қолданылуына жол бермеу;
- белгіленген ережелерді бұзушыларды уақытында табу және жою болып табылады.

4) Ішкі істер органдары жүзеге асыратын қызметтердің бірі лицензия және рұқсат беру жүйесінде өз алдына әкімшілік-құқық нормаларында белгіленген нәрселер мен заттарды өндіру, дайындау, сату, алу, алып жүру және қолдануының тәртібі, азаматтардың жеке қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың ашылуы мен қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады.

5) Әкімшілік бұлтартпау шаралар басқа да шараларға карағанда қоғамға қауіпті әрекетті тоқтатуға, құқық бұзған адамға қолданатын күш көрсетудің негізгі құралы саналады. Оның көптеген түрін қолдану қажетті қорғану институтының қолданумен байланысты, осыған сәйкес мемлекеттік немесе қоғамдық, тәртіпті, меншікті, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, басқарудың белгіленген тәртібін сақтау, құқыққа қайшы қиянат жасауды болдырмау ішкі істер органдарының басты міндеттерінің бірі.

¹ Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 622-бабын, 4-тармағын қараныз.

² Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 629- бабын қараныз.

Полиция органдарының қызметкерлері күш көрсету, арнаулы құралдарды (кол кісендерін, резеңке сойылдарды, көзден жас ағызатын газдарды, жарық және дыбыс арқылы әсер ету құралдарын, тұрғын жайларды ашу және көлік құралдарын еріксіз тоқтату құралдарын, су атқыштарды, көлік құралдарын, қызметтік иттерді, аттарды және т. б.), сонымен бірге атыс қаруын қолдануға құқылы.

Бұл шараларды қолданудың жағдайлары мен тәртібін «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы¹ және басқа да нормативтік актілер реттейді.

Полиция органдарының қызметкерлері күш пен арнаулы құралдарды соның ішінде күрестің жауынгерлік әдістерін, кол кісендерін, резеңке таяқты, көзден жас ағызатын заттарды, назарды басқа жаққа аударатын жарық дыбыс құрылғыларын, үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтату арналған құрылғыларды, су атқыштарды, қызмет жануарларын, бронды машиналар мен Үкімет белгілеген басқа да арнаулы және көлік құралдарын:

- азаматтарға, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген басқа адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
- кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктер мен қоғамдық тәртіпті топтасып бұзуды тыю үшін;
- азаматтарға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиселі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер учаскелеріне жасалған шабуылды тойтару үшін, сол сияқты басып алудан босату үшін;
- егер құқық, бұзушылар ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген басқа адамдарға бағынбаса және қарсылық көрсетсе, оларды ұстау, ішкі істер органдарына жеткізу үшін, ұсталған, әкімшілік қамауға алынған адамдарды не олардың, қашып кетуі немесе айналасындағыларға не өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға толық негіздер болса айдап апару және күзету үшін, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлеріне заңмен жүктелген міндеттерін орындауына қасқан кедергі келтіретін адамдарға қатысты қолдануға құқығы бар.

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңының 12, 13, 14 баптары.

Әйелдерге, мүгедектерге, жас балаларға қарсы, айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуыл жасаған, топтасып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен реттерді қоспағанда, арнаулы құралдармен әдістерді қолдануға тыйым салынады.

Полиция органдары қызметкерлері атыс қаруын мына жағдайларда қолданады:

- азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сол сияқты кепілдерден босату үшін;
- ішкі істер органдары қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық немесе қоғамдық борышын атап жүрген басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
- азаматтардың тұрғын жайларына, ішкі істер органдары күзететін объектілерге, мемлекеттік ұйымдардың үй-жайларына жасалған шабуылды тойтару, қызметтік немесе әскери нарядқа жасалған шабуылды тойтару үшін; қарсылық көрсеткен немесе қылмыс үстінде көзге түскен, қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік қамауға алынғандардан басқа) ұстау, қарулы адамдарды ұстау үшін.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері атыс қаруын мына жағдайларда қолданады:

- егер жүргізуші ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаса және азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген көлік құралдарына қауіп келтіру жолымен тоқтату үшін;
- хайуанаттар шабуылынан қорғану үшін;
- дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін.

Әйелдерге және кәмлетке толмағандарға қарсы, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адам алған, көлік құралдарын, соның ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған реттерді қоспағанда, қару қолдануға тыйым салынады.

Қару қолданылған барлық жағдайларда ішкі істер органдарының қызметкері айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге жедел медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, қару қолданғаны жөнінде тікелей баяндауға міндетті.

Кісі қазасына немесе өзге ауыр зардаптарға әкеліп соққан қару және арнаулы құралдар қолданудың әрбір оқиғасы жөнінде прокурорға дереу хабарланады.

Жоғарыда айтылғандай ішкі істер органдарының қарамағында әр түр арнаулы құралдар бар, оларды қызметкерлер мынадай жағдайларда қолданады:

- азаматтар мен ішкі істер органдары қызметкерлеріне жасалған шабуылға тойтарыс беруге резеңке таяқтар, көзден жас ағызатын заттарды (Черемуха), назарды басқа жаққа аударатын жарық дыбыс құрылғылар, қызметтік иттер;
- қол кісендері, резина таяқтары, көзден жас ағызу газдар, жарық және дыбыс арқылы алаңдататын әсер ету құралдары, қызметтік итер, аттар — ішкі істер органдары қызметкерлеріне қарсылық көрсетуді жолын кесу үшін;
- қол кісендері, қызметтік аттар, иттер — қарсылық көрсеткен немесе қылмыс үстінде көзге түскен қамаудан қашқан адамдарды ұстау үшін;
- суатқыштар немесе бронды машиналар, тосқауылдарды бұзу құралдары резина оқтары — қарулы шабуылды жасауға негізгі ниеттегі бар адамдарды ұстау үшін ;
- қол кісендері, қызмет иттері — ұсталғандарды ішкі істер органдарына жеткізу, күзету және айдап апару, сонымен бірге әкімшілік қамауға және қамауға алынғандардың қашуы мүмкін деген жағдайға, не болмаса айналасындағыларға зиян келтіруі мүмкін немесе ішкі істер органдары қызметкерлеріне қарсылық көрсеткен жағдайда;
- басып алған ғимараттар, тұрғын үйлер, құрылыстар, көлік құралдары және жер учаскелерін босату үшін; жаппай бұзақылық кезінде көлік, байланыс, кәсіпорын, мекеме және ұйымдарды жұмысына жасалған топтық әрекеттердің жолын кесу үшін; резеңке таяқтары көзден жас ағызу газдары, жарық және дыбыс арқылы алаңдататын әсер ету құралдары, тұрғын жайларды ашу және көлік құралдарын еріксіз тоқтату құралдары, суатқыштар, көлік құралдарын, қызметтік иттер, аттар;
- жүргізуші ішкі істер органдарының қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаса — көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арнаулы құрылғылар;
- арнаулы бояу құралдары (химиялық қақпандар) қылмыс жасағандарды табу үшін қолданылады.

Көрсетілген және басқа да арнаулы құралдар, осы қаруды қолдануға негіз беретін жағдайда да қолданылуы мүмкін.

Арнаулы құралдарды қолдануға шешімді қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және нақты операцияның басшысы

уапты) лауазымды адам қабылдайды. Жеке әрекет жасайтын ішкі істер идарының қызметкерлері мұндай шешімді өзі қабылдайды.

3. Полиция органдары қолданатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауға сезіктінің е басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жасау ікін болмағанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау, іс-уақытылы және дұрыс қаралуы мен іс жөнінде қабылданған қаулының идалуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкі-тігі шегінде жеке адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шараларды (ҚР ӘКБК 618-бабы) қол-уға құқылы:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жікізу;
- 2) жеке адамды әкімшілік түрде ұстау;
- 3) алып келу;
- 4) жеке тексеріп шығу және көлік құралын, шағын көлемді кемені жә-заттарды тексеріп шығу;
- 5) құжаттар мен заттарды алып қою;
- 6) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету және оның алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаю күйін қландыру;
- 7) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және идалануға тыйым салу;
- 8) тексеру;
- 9) жеке адамның алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйін медициналық куәландыру.

Занды тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- 1) заңды тұлғаға тиесілі үй-жайларды, аумақтарды, сондағы тауарлар-ды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қа-тып шығу;
- 2) заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды алып қою;
- 3) заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу.

Лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын заңсыз қолданудан келтірген зиян үшін жауап береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға ҚР ӘҚБТ Кодекстің¹ 633-бабының ережелері бойынша шағым жасалуы мүмкін.

Жеткізу (ҚР ӘҚБТ кодексінің 619-бабы). Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалуы міндетті болып, оны сол болған жерінде жасау мүмкін болмаса, хаттама жасау мақсатында жеке адамды мына жағдайларда:

1) көлік құралдарын пайдалану ережелерін, жүріс тәртібі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі ережелерді, көлікте жүктің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді, өрт қауіпсіздігі ережелерін, көлікте санитариялық-гигиеналық және санитариялық эпидемиологияға қарсы ережелерді бұзғанда, егер оның жеке басын куәландыратын құжаттары және ол туралы қажетті деректер хабарлауы мүмкін куәгерлер жоқ болса, сондай-ақ оны көлік құралына деген қажетті құжаттары болмаса, уәкілдік берілген адамның ішкі істер органына (полицияға);

2) орман бұзылғанда немесе аң аулау ережелері, балық аулау және балық қорғау ережелері бұзылғанда және жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы заңдар басқаша түрде бұзылғанда — орман және аң шаруашылығы мемлекеттік және ведомстволық күзетінің қызметкерлері аң аулау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, уәкілдік берілген балық қорғау органдарының уәкілетті лауазымды адамдары, жануарлар дүниесінің қорғалуы мен пайдаланылуын мемлекеттік және ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын басқа органдардың лауазымды адамдары, қорықтардың және басқа да айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың лауазымды адамдары, сондай-ақ ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкерлері ішкі істер органдарына (полицияға) немесе жергілікті басқару органына;

3) қорғалатын объектілерге, басқа да бөтен мүлікке қол сұғушылықпен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда — әскерилендірілген күзет қызметкерлері әскерилендірілген күзеттің қызметтік үй-жайына немесе ішкі істер органына (полицияға);

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі, кеден режимі, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өту бекеттеріндегі режим бұзылғанда, Қазақстан Республикасы шекара қызметі органдарына;

¹ Әрі қарай Кодекстің.

зы әскери қызметшісінің, өзге әскерлер, әскери құрамалар әскери қыз-
тшілерінің, ішкі істер органдары (полиция) қызметкерінің заңды өкіміне
месе талабына қасақана бағынбағанда — әскери қызметші, ішкі істер ор-
ндарының (полицияның) қызметкері немесе Қазақстан Республикасының
эмлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі міндетті атқарушы басқа азамат
лімшеге, әскери бөлімге, Қазақстан Республикасы шекара қызметі орга-
на, ішкі істер органына (полицияға), жергілікті басқару органына;

5) кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасалғанда — кеден орган-
рының, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкерлері кеден ор-
ндарының, ішкі істер органдарының қызметтік үй-жайына (полицияға);

6) өзге де әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда әкімшілік құқық
зушылық туралы хаттамалар толтыруға уәкілетті лауазымды адамдар та-
пынан тиісті өтініш болған жағдайда — ішкі істер органдары қызметкер-
рі ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға
әткізуді, яғни мәжбүрлеп келтіруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында құқық бұзушы-
лық жасалған жағдайда кім екені жергілікті жерде анықталуы мүмкін емес
ртіп бұзушы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайра-
нда заңсыз әрекетті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, тексеру кезінде
мдікі екені анықталуы мүмкін емес кемелер мен әкімшілік құқық бұзу-
ылық жасау құралдары құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін, сондай-
; тәртіп бұзушының кім екенін және ұсталған кемелердің, құқық бұзушы-
ық жасау құралдарының кімдікі екенін анықтау және әкімшілік құқық бұ-
шылық туралы хаттама жасау үшін Қазақстан Республикасының портына
етел кемелері — шетел кемелерінің келіп кіруіне ашық Қазақстан Рес-
убликасы порттарының біріне) жеткізілуге тиіс.

Жеткізу мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылуға тиіс. Жеткізу
ралы хаттама жасалады не әкімшілік құқық бұзушылық немесе әкімшілік
стау туралы хаттамаға тиісті жазба жазылады.

Әкімшілік ұстау (Кодекстің 620-бабы). Әкімшілік ұстауды, яғни жеке
амды жеке бас бостандығынан, атап айтқанда, оның құқыққа қарсы әре-
еттерін тыю мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнаулы орында мәж-
үрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан уақытша
ыруды:

— ұсақ бұзақылық жасалған, ішкі істер органдарының (полицияның)
ызметкері, әскери қызметші қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі өз міндет-
ерін орындау кезінде олардың заңды үкіміне немесе талабына қасақана ба-
ынбаған, сондай-ақ сотты сыйламаушылық танытқан, шетел валютасымен
әне төлем құжаттарымен заңсыз операциялар жасаған, тауарларды немесе
зге де заттарды заңсыз сатқан, еркін сатылуына тыйым салынған немесе

шек қойылған тауарлармен заңсыз сауда жасаған, шығармалардың даналарын немесе фонограммаларды сатқан, жалға берген және өзге де жолмен заңсыз пайдаланған, тіркелмей немесе лицензия алмай кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырған, қоғамдық орындарда спирттік ішімдіктер ішіп немесе қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық әдепті қорлайтын мас күйде жүрген кезде ішкі істер органдары (полиция) қызметкеріне немесе өзге де уәкілетті лауазымды адамға бағынбаған, өрт қауіпсіздігі мен жоқозғалысы ережелері, аң аулау, балық аулау және балық қорларын қорғау ережелері бұзылған және жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдар басқаша бұзылған, жиналыстар, митингілер, шпірулер, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі бұзылған, қызметіне тыйым салынған бірлестіктер құру жөнінде іс-әрекетте жасалған және оларға белсенді қатысқан, төтенше жағдай кезінде режим бұзылған және құқықтық тәртіпті бұзуға арандататын іс-әрекеттер жасалған, қаруды алып жүру мен сақтау ережелері бұзылған, нысанды киім мен айырым белгілері заңсыз киіп, тағылған, бөлімнен өз бетімен кеткен жағдайда — ішкі істер органдарының (полиция) лауазымды адамдары жүзеп асыра алады.

Әкімшілік ұстау жөнінде хаттама жасалады, онда жасалған күні, уақыты және орны; хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; ұсталған адамның кім екені туралы мәліметтер; ұсталған уақыты, орны және негізі көрсетіледі. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам мен ұсталған адам қол қояды, ұсталған адам хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда бұл туралы хаттамада жазылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның қайда екендігі туралы туыстары, жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігі, сондай-ақ қорғаушысы хабардар етіледі. Кәмелетке толмаған адамның ұсталуы туралы оның ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға міндетті түрде хабарланады.

Әкімшілік ұстау Кодекстің 618-бабында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және үш сағаттан ұзақ болмауы керек.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимін, кеден режимін немесе Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өту беткеіндегі режимді бұзғаны туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам — қажет болған жағдайларда жеке басын анықтау үшін және құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау үшін бұл туралы ұсталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жазбаша хабарланып, қырық сегіз сағатқа дейін ұсталуы мүмкін. Төтенше жағдай жарияланған жерде

коменданттық сағат енгізілуіне байланысты белгіленген тәртіпті бұзуға ал берген адамдарды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери сақшылар коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал қол-қолында құжаттары жоқтарды — олардың кім екенін анықтағанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа ұстай алады.

Әкімшілік айып шараларының бірі ретінде әкімшілік қамауға алынатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы (Кодекстің 136, 330, 332, 336, 338, 355, 362, 366, 373, 388, 393, 536 баптары.) іс жүргізу қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа әкімшілік ұстауға тартылуы мүмкін.

Әкімшілік ұстау мерзімі Кодекстің 619-бабына сәйкес жеке адам жеткілікті кезден, ал мас адамға — медицина қызметкері оны айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі.

Әкімшілік ұстауға тартылған адамдар арнайы осыған бөлінген, санитария талаптарына сәйкес келетін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігін болдырмайтын үй-жайларда ұсталады. Әкімшілік ұстауға тартылған адамдарды ұстаудың талаптарын, ондай адамдарды тамақтандыру нормалары мен оларға медициналық қызмет көрсету тәртібін атқарушы билік органдары белгілейді.

Өздеріне қатысты әкімшілік ұстау қолданылған кәмелетке толмағандар мен ересек адамдардан бөлек ұсталады.

Алып келу (Кодекстің 625-бабы). Кодекстің 618-бабында көзделген жағдайларда, өздеріне қатысты әкімшілік іс жүргізіліп жатқан жеке адамды тексеру заңды тұлғаның заңды өкілін, әкімшілік жауапқа тартылушы кәмелетке толмаған адамның заңды өкілін алып келу жүргізіледі. Алып келуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан соттың, органның (лауазымды адамның) ұйғарымы негізінде ішкі істер органы (полиция) жүргізеді.

Адамның жеке басын тексеру және оның қолындағы заттарды тексеру (Кодекстің 626-бабы). Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру қажет болған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не оның тікелей объектілерін табу мақсатында жүргізіледі. Жеке басын тексеруді Кодекстің 620-бабында тізіп келтірілген лауазымды адамдар жүргізеді. Жеке басын тексеруді тексерілушімен бір жыныстағы адам және осы жыныстас екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

Жеке адамның қолындағы заттарды (қол жүгін, теңдеме жүкті, аң және құлпытас аулау құралдарын, олжалаған өнімі мен өзге де заттарды) тексеріп алуға, яғни олардың құрылғылық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді Кодекстің 620-бабында тізіп келтірілген, оған уәкілетті лауазымды адам жүргізеді.

зымды адамдар осы заттарды меншіктенуші немесе иеленуші адамның тысуымен және екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

Жеке адамның қолында айналасындағылардың өмірі мен денсаулығы зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге заттар бар деп негіз болған ерекше жағдайларда жеке басын тексеру, заттарын тексеру б туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланып, куәларсыз жүгізілуі мүмкін.

Қажет болған жағдайларда фотоға және киноға түсіру, бейнежазба жүгізіледі, заттай дәлелдемелерді көрсетудің белгіленген өзге де әдістері қданылады.

Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру жөн де хаттама жасалады. Адамның жеке басын тексеру жөніндегі хаттаманы көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға, оның заңды өкілі тапсырылады. Хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, жеке басы тексерілген адам, заттардың түр саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы, соның ішінде қарудың түрпты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, белгілері, оқ-дәрілер саны және түрі, арнайы жедел іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы те никалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасында фото және кино түсірілімінің, бейнежазбаның құжаттарды көрсетудің өзге де әдістерінің қолданылғаны туралы жазба жа салады. Фото- және кино түсірілімдерін, бейнежазбаны, заттай дәлелдеме лерді көрсетудің өзге де белгіленген құралдарын қолданып, тексеру жүрг зу кезінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Адамның жеке басын тексеру, заттарды тексеру хаттамасына оны жаса ған лауазымды адам, жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иес куәгерлер қол қояды. Жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иес хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, хаттамаға тиісті жазба жасала ды.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру (Кодекстің 627 бабы). Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру әкімшілік құ қық бұзушылық жасау құралдарын не оның тікелей объектілерін табу мақсатында жүргізіледі.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеруді, яғни құрылғылық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді екі куәгердің қатысуымен уәкілдік берілген Кодекстің 620-бабында тізіп келтірілген лауазымды адамдар жүргізеді.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру оларды иеленуші адамдардың қатысуымен жүргізіледі. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, оларға иесінің қатысуынсыз-ақ тексеру жүргізілуі мүмкін.

Қажет болған жағдайларда көлік құралдары мен шағын көлемді кемелерді тексеру кезінде анықталған заттарды көрсету мақсатында фотоға, киізге түсіріліп, бейнежазба жасалады.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру туралы хаттама жасалады. Бұл хаттаманың көшірмесі тексерілген көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді иеленуші адамға, оның заңды өкіліне тапсырылады.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру хаттамасында хаттаманың жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, тексерілген көлік құралын, шағын көлемді кемені иеленуші адамның жеке басы туралы мәліметтер, көлік құралының, шағын көлемді кеменің құрамы, маркасы, үлгісі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасында фото- және кино түсірілімдері, бейнежазба, құжаттарды көрсетудің белгіленген өзге де әдістері қолданылғаны туралы хаттама жасалады. Фото- және кино түсірілімдерін, бейнежазба, заттай дәлелдемелерді көрсетудің белгіленген өзге де құралдарын қолданып, тексеру жүргізу кезінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, тексеру жүргізілген көлік құралының, шағын көлемді кеменің иесі, куәгерлер қол қояды. Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, тексеру жүргізілген көлік құралының, шағын көлемді кеменің иесі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Тексеру (Кодекстің 627-1, 627-2-бабы). Әкімшілік құқық бұзушылықтың іздерін, өзге де материалдық объектілерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттіктері шегінде сол объектілерді, заттарды, құжаттарды, тірі адамдарды тексеруге құқылы.

Тексеру, әдетте, қажеттілік туындаған жағдайда дереу жүргізіледі. Тексеру жүргізілгені туралы хаттама толтырылады.

Тексеру куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Айрықша жағдайларда тексеру кету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті байланыс құралдары болмаған жағдайда немесе басқа объективті себептерге байланысты азаматтарды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) тексеру куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда тексеру құқық бұзушының, жәбірленушінің куәлердің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

Табылған іздер мен өзге де материалдық объектілерді тексеру әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырылады. Егер тексеру үшін қосымша уақыт қажет болса немесе табылған затты сол жерде тексеруге елеулі қиындықтар туындайтын болса, объектілер алып қойылуы жән буып-түйілген, мөр басылған күйінде, зақым келтірілмей, тексеруге қолайлы жерге жеткізілуі мүмкін.

Тексеру кезінде барлық табылған және алып қойылған заттар куәгерлерге, басқа да тексеруге қатысушыларға көрсетілуге тиіс, ол жөнінде хаттамаға белгі қойылады. Тек қана іске қатысы бар объектілер алып қойылуға тиіс. Алып қойылған объектілер буып-түйіліп, мөр басылады және уәкілетті лауазымды адам мен куәгерлердің қол қойуы арқылы расталады.

Тексеруге қатысушы адамдар өз пікірлерінше істің мән-жайын анықтауға септігін тигізуі мүмкін дегеннің бәріне уәкілетті лауазымды адамның назарын аударуға құқылы.

Қажет болған жағдайларда тексеру кезінде тексерілетін объектілер өлшенеді, олардың жоспарлары мен сызбалары жасалады, сондай-ақ суреткі түсіріледі және өзге де құралдармен түсіріліп алынады, ол туралы хаттамаға белгі жасалып, оған аталған материалдар қоса тіркеледі.

Жеке адамның қолындағы заттар мен құжаттарды алып қою (Кодекстің 628-бабы). Құқық бұзушылық жасалған жерде не Кодекстің 618-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған құқық бұзушылық құралы немесе объектілері болып табылатын құжаттар мен заттарды алып қоюды іс жүргізуді қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолдануға уәкілетті лауазымды адамдар екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырады.

Заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалып, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға немесе оның заңды өкіліне тапсырылады, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Құжаттар мен заттарды алып қою туралы хаттамада (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада) алып қойылған құжаттардың түрі мен реквизиттері, алып қойылған заттардың түрі, саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы, соның ішінде алып қойылған қарудың тұрпаты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері, оқ-дәрілердің саны мен түрі, арнаулы жедел іздестіру шараларын өткізуге арналған арнаулы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары туралы мәліметтер болады.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, тиісті құжаттары мен заттары алып қойылған адам, куәгерлер қол қояды. Өзінен тиісті құжаттары мен заттары алып қойылған адам хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Алып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін алып қояды жүргізген лауазымды адам белгілейтін құжаттарда тиісті атқарушы билік органы белгілейтін тәртіппен сақталады.

Алып қойылған атыс қаруы мен өзге де қару, сондай-ақ оқ-дәрілер, арбалық, қарулы жедел іздестіру шараларын өткізуге арналған арнайы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейтін тәртіппен сақталады.

Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сақталады, немесе сақталады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады.

Алып қойылған орден, медаль, Қазақстан Республикасының, қазақ СР-інің, КСРО-ның және басқа да мемлекеттердің құрметті атағының иесіне тағатын белгісі олардың заңды иесіне қайтарылады, ал егер ол белгісіз болса, Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігіне жіберіледі.

Көлік құралын, шағын көлемді кемеіні жүргізуден шеттетуді және мас күйін куәландыру (Кодекстің 629-бабы). Көлік құралын, шағын көлемді кемеіні жүргізетін жүргізуші, кеме жүргізуші, ол мас күйде деуге жеткілікті негіздер болса, көлік құралын, шағын көлемді кемеіні жүргізуден шеттетіліп, мас күйін куәландыруға жатады.

Көлік құралын, шағын көлемді кемеіні жүргізуден шеттетуді, мас күйін куәландыруды және медициналық куәландыруға жіберуді, тиісінше, жол полициясы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және шағын көлемді кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның көлік құралын жүргізуші адам құқық бұзушылық жасаған жағдайда - әскери автомобиль полициясының лауазымды адамдары жүргізеді. Жол полициясының лауазымды адамдарымен қатар мас күйде деуге жеткілікті негіздер бар жүргізушіні көлік құралын жүргізуден шеттетуге полицияның учаскелік инспекторларымен, одан басқа бұл жағдайда тәртіп бұзушылық фактісін құжатпен бекітуші және жүргізуші мен көлік құралын таяу жердегі ішкі істер органына жеткізу жөнінде шаралар қолдануға міндетті ішкі істер органдарының басқа да қызметкерлерінің құқығы бар.

Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі № 528 қаулысымен бекітілген «Мас күйін куәландыруға жіберу» туралы Заңымен бекітілген.

ру, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу Ережесінде» белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Жүргізуші, кеме жүргізуші куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайда ол медициналық куәландыруға медициналық мекемеге жіберіледі.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету туралы, сондай-ақ мас күйін куәландыруға жіберу туралы әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасында белгі жасалады.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету, мас күйін медициналық куәландыруға жіберу туралы хаттамада жүргізуден шеттету куәландыруға жіберу күні, уақыты, орны, негіздері, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, көлік құралының, шағын көлемді кеменің тұрпаты, маркасы, үлгісі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері, жүргізуден шеттетілген, куәландыруға жіберілген жүргізушінің, кеме жүргізушінің жеке басы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету, мас күйін куәландыруға жіберу туралы хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, сондай-ақ жүргізуден шеттетілген, куәландыруға жіберілген жүргізуші, кеме жүргізуші қол қояды. Жүргізуші, кеме жүргізуші хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Мас күйін куәландыру актісі тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу (Кодекстің 630-бабы). Кодекстің 283-285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302-306, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451, 453, 457, 460, 461, 463 (екінші және үшінші бөліктерінде), 467-471-баптарында көрсетілген бұзушылық жасалған кезде уәкілетті лауазымды адам көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептері жойылғанға дейін оларды ұстауға, уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды), шағын көлемді кемені пайдалана отырып жеткізу немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алып қою арқылы көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Көлік құралын уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға жеткізу (эвакуациялау) көлік құралдарын жүргізушілер тоқтау немесе тоқтап тұру ережелерін бұзған және өздері сол жерде болмаған жағдайларда, сондай-ақ жүргізушілердің қайда екенін анықтау мүмкін болмаса, олар жолда қараусыз қалдырған көлік құралдарына қатысты да қолданылуы мүмкін.

¹ Егемен Қазақстан. 2005. 13 маусым.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстауды, жеткізуді және пайдалануға тыйым салуды жол полициясының лауазымды адамдары жүргізеді.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу туралы белгіленген нысандағы акт жасалып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса тіркеледі.

Пайдалануға тыйым салынатын ақауы бар немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе мемлекеттік техникалық тексеруден өтпеген, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жоқ не жасырын, қолдан жасалған немесе мемлекеттік стандартқа сай емес нөмірлік белгілері бар көлік құралын, шағын көлемді кемені пайдалануға тыйым салынады.

Ұсталған көлік құралын, шағын көлемді кемені сақтау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын және коммуналдық меншік болып табылатын арнаулы алаңдарда немесе тұрақтарда жүзеге асырылады.

Занды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру (Кодекстің 631-бабы). Занды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді осы Кодекстің 636-бабына сәйкес заңды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылығы туралы хаттамалар жасауға уәкілетті лауазымды адамдар жүргізеді. Тексеру заңды тұлға өкілінің және екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі. Тексеру жүргізілгені туралы хаттама жасалады. Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның өкіліне тапсырылады.

Занды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасында оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, тиісті заңды тұлға туралы, сондай-ақ оның заңды өкілі не өзге қызметкері туралы мәліметтер, тексерілген аумақтар мен үй-жайлар, тауарлар мен басқа да заттардың түрлері, саны, өзге де такылеттестік белгілері, құжаттардың түрлері мен реквизиттері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасында оны жүргізу барысында фото және кино түсірілімдері, бейнежазбалар, құжаттарды көрсетудің өзге де белгіленген әдістері қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото, кино түсірілімдерінің, бейнежазбаларды, заттай дәлелдемелерді көрсетудің өзге де белгіленген құралдарын қолдану нәтижесінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

— Занды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, тиісті заңды тұлға болып табылатын ұйымның заңды өкі-

лі, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ұйымның өзге қызметкері, сондай-ақ куәгерлер қол қояды. Аталған заңды тұлғаның заңды өкілі немесе өзге қызметкері хаттамаға қол қойудан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Заңды тұлғаға тиесілі құжаттар мен мүлікті алып қою (Кодекстің 632-бабы). Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, көлік құралдарына, тауарларға, өзге де мүлікке тексеру жүргізу кезінде табылған әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті, заттарды алып қоюды Кодекстің 620-бабында аталған лауазымды адамдар жүзеге асырады. Заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті алып қоюды, сондай-ақ оларды сақтауды ресімдеу Кодекстің 628-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу (Кодекстің 632-1-бабы). Заңды тұлғаға тиесілі әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары немесе оның тікелей объектісі болған тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы, оларға билік етуге (ал қажет болған жағдайларда пайдалануға да) тыйым салынғаны туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның заңды өкіліне хабарлана отырып, аталған тауарлардың, көлік құралдарының және өзге де мүліктің тізімдемесі болып табылады және егер осы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті алып қою мүмкін болмаған және (немесе) олардың сақталуын алып қоймай қамтамасыз ету мүмкін болатын жағдайда қолданылады. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік тыйым салған лауазымды адам тағайындаған басқа да адамдардың жауапкершілікпен сақтауына берілуі мүмкін.

Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салуды, тауар, көлік құралы және өзге де мүлік иесі мен екі куәгердің қатысуымен Кодекстің 620-бабында, 636-бабының бірінші бөлігінде аталған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жүзеге асырады. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу олардың иесінің қатысуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін. Қажет болған жағдайларда фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылады.

Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттама жасалады. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-

көні, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлға туралы және иелігінде тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлкі бар адам туралы мәліметтер, олардың тізімдемесі және бірдейлендіру белгілері көрсетіледі, сондай-ақ фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылғаны туралы салуды жүзеге асыру кезінде алынған материалдар хаттамаға қоса біркелкі.

Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік қажет болған жағдайларда буып-түйіледі және (немесе) оларға сүргіш салынады. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның заңды өкіліне тапсырылады.

Заңды тұлғаға тиесілі тыйым салынған тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның не тыйым салынған мүлікті сақтауды жүзеге асыратын адамның иеліктен айыруы немесе жасырып қалуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адам аталған шаралар қолданылғаннан бастап он күн ішінде жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағым бере алады.

Өзіне қатысты іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті тиісті хаттамалар мен материалдардың көшірмелері жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің талабы бойынша оған дереу тапсырылады.

Шағым жазбаша нысанда беріледі және бес күн мерзімде қаралуға тиіс.

Шағым қарау нәтижелері бойынша шағымды қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданады.

Жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға шағым беру аталған шараларды қолдануға сотқа қайталап шағым беру үшін кедергі болмайды.

Ұйғарымның көшірмесі жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне дереу тапсырылады, ал бұл адамдар болмаған жағдайда оларға ұйғарым шығарылған күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі.

Лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген зиянны заңдарда белгіленген ережелерге сәйкес орны толтырылуға тиіс.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Әкімшілік мәжбүрлеудің сипаттамалық белгілерін атаңыз.

Әкімшілік мәжбүрлеуді жеке түрге саралаудың негізі қандай?

Әкімшілік ескерту шараларын қолданудың мәні мен мақсаты не де?

Әкімшілік бұлтартпау шараларын қолданудың мәні мен мақсаты неде?

Полиция органдарының әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолданудағы өкілеттігі қандай нормативтік құқықтық актілермен анықталады?

Әкімшілік ескерту, бұлтартылу және іс жүргізуді қамтамасу ету шараларының айырмашылығы неде?

16- тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУЫ

1. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалау түсінігі

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдар туралы» Заңына, заңды күші бар заңдардың, басқа да мемлекеттік билік және басқару органдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, ішкі істер органдары азаматтар мен лауазымды адамдардың, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты нормативтік актілерді орындауына қадағалау (бақылау) жасайды.

Дей тұрғанмен, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметі қарастырылып отырған сала бойынша бақылау жүргізумен шектеліп қана қоймайды.

Бақылауға жататын субъектілердің әрекеттерінде (қылығында) белгіленген тәртіпке сай келмейтін әрекеттер әшкерелене қалған жағдайда ішкі істер органдарының (полиция) қызметкерлері осы фактілерге байланысты белгіленген тәртіп бойынша ықпал етудің кең көлемдегі ұйымдастырушылық және құқықтық нысандарын қолдана отырып басқарушы жүйелерді белгілі бір деңгейге келтіруге, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етуге, құқықтық нормаларда реттелінген құқықтық қатынастарды бұзуға итермелейтін себептер мен жағдайларды жоюға міндетті.

Сондықтан осы қадағалауды іске асыру әкімшілік құқық нормалармен және әкімшілік құқық құралдарымен реттелінгендіктен, ол әкімшілік қадағалау деп аталады.

Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қадағалауы бірқатар факторлармен сипатталады. Ең алдымен оған мемлекеттік-биліктік сипат тән екендігін аңғаруға болады. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысында ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкерлері әкімшілік мәжбүрлеудің түрлі шараларын қолданады, олар өз құзыреті шегінде орындауға міндетті талаптар мен өкімдер беруге құқылы.

Әкімшілік қадағалауға тән келесі сипаттама белгісі оның айқын көрінетін алдын алуының бағыттылығымен бақалады. Нақ әкімшілік қадағалау барысында ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыс пен құқық бұзушылыққа итермелейтін жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді; қоғамға жат қылыққа бейім тұрған адамдардың құқық бұзушылық жасауына тосқауыл қою мақсатында; дер кезінде құқық бұзушылықтың жолын кесуді және құқық бұзушыларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етеді.

Әкімшілік қадағалаудың ұйымдастырушылық бағыттылығы ішкі істер саласында бақыланатын қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіруімен; құқықтар мен заңды мүдделерге қайшы қол сұғушылықтар мен болған жайсыз жағдайларды қалпына келтіруімен көрінеді.

Әкімшілік қадағалау тіршілік қызметі саласының бақылауға жататын барлық саласында ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметтерімен жүзеге асырылатын болғандықтан жалпыға бірдей сипатқа ие болады.

Әкімшілік қадағалаудың кезең-кезеге бөлінуі оның жүзеге асырылуы бірнеше сатымен өтуді қамтиды: көңіл аударуды талап ететін фактілерді (мән-жайларды) қадағалау, әшкерелеу мен құжаттау, міндетті нұсқаулар мен өкімдер беру, құқық бұзушыны заңмен белгіленген жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету.

Әкімшілік қадағалау кезеңділікпен қатар, жоғарыда аталған кезеңдердегі ішкі істер органдарының (полицияның) түрлі қызметтерінің заңмен нақты белгіленген міндеттерге жетудегі үздіксіздігімен айғақталатын біртұтастылығымен сипатталады.

Бұл жерде, әкімшілік қадағалаудың мазмұны, нысандары мен әдістері бағытталған адамдар шеңберіне, қатынастарға және объектілерге байланысты әр түрлі болады.

Осыған байланысты ішкі істер органдарының (полицияның) жүзеге асыратын әкімшілік қадағалауын үш түрге бөлеміз.

Біріншіден, ол ішкі істер органдарының ұйымына кірмейтін немесе бағынышты емес адамдардың (жеке және заңды тұлғалар) белгісіз топтарына

қатысты жүзеге асырылады. Қадағалаудың бұл түріне мысалы, ішкі істер органдары (полиция) нарядтарының жұртшылықтың арасында шаралар өткізу кезіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуін жатқызуға болады.

Екіншіден, қадағалау белгілі субъектілер тобына немесе белгілі мәселелерді реттеуге араласалы. Мысалы, жеке және заңды тұлғалардың лицензиялық және рұқсат беру жүйесін, тауар сату ережелерін сақтауды қадағалау жасау және т. б.

Үшіншіден әкімшілік қадағалау белгілі бір адамдар шеңберіне байланысты жүзеге асырылады. Ондай адамдар шеңберіне бас бостандығынан айыру орындарынан босаған азаматтардың кейбір санаттары жатады.

Ішкі істер органдары әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде құқықтық және ұйымдастыру қызмет нысандарын қолданады.

Ұйымдастыру нысандарына мысалы мыналарды жатқызуға болады: кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшіліктерінің, сондай-ақ жұртшылықтың қоғамдық қауіпті зияндар әкелетін құқық бұзушылық фактілеріне немесе мәнжайларға назарларын аудартыру; жеке меншік күзетшілерінің атыс қаруларын қолдану ережелерін білуін тексеру; азаматтарды өзін-өзі қорғауда газды қаруды пайдалануға үйрету; бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан азаматтар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізіп оларға әлеуметтік көмек көрсету.

Реттеуші сипаттағы құқық қызмет нысандары ретінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтар мен кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға ішкі істер органдарының рұқсат беру бөлімі қадағалайтын салада өздерінің субъективті құқықтарын жүзеге асыру үшін лицензиялар мен рұқсаттар және басқа да құжаттар толтыру мен беру қызметін, сол сияқты мемлекеттік автомобиль инспекциясы, төлқұжат-визалық бөлімдерінің қызметін қарастыруға болады.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыруда елеулі орын азаматтарға, меншік нысанына қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйымдар мен бірлестіктерге беріледі. Олар өздері қоғамдық қатынасқа түсу кезінде тиісті әрекеттерін жүзеге асырады.

Қоғамдық тәртіп бұзушылармен күрес төмендегідей түрлі әдістермен жүзеге асырылады:

- құқық бұзушылық фактілеріне қоғамның назарын аудартыру;
- құқық бұзушылықты алдын алу шараларын қолдану;
- тұрғындар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу;
- құқық бұзушыларға әсер ету шараларын қолдану.

Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті бұзу фактілерін әшкерелеу мақсатында заңда көрсетілген шараларды қолдану

үшін мынадай әкімшілік қадағалау әдістерін қолданады: нақты азаматтар мен лауазымды адамдардың белгіленген ережелерді сақтауын бақылау, кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың белгіленген ережелерді сақтауына қадағалау жасау; азаматтардың шағымдары мен өтініштерін тексеру кезінде құқық бұзушылықтарды анықтау.

Ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалауды іске асыру кезінде әшкереленген құқық бұзушылықтар бойынша хаттама жасайды және әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарауға өкілеттігі бар органға жібереді. Сонымен бірге ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік жаза ретінде құқық бұзушылық жасаған әрекет орнында (мемлекеттік автоинспекция қызметкерлері), ескерту немесе еңбек ететін қандай да меншіктің нысанына байланысты мекеме, ұйым және кәсіпорынға құқық бұзғандығы туралы хабарлайды.

Ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру барысында азаматтар, лауазымды адамдардың, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау арқылы құқық бұзушылықтарын анықтайды, құқық бұзушының жеке басын, істің мәнжайына байланысты заңдылық баға береді және заңдар негізінде әсер ету шараларын қолданады.

Айтылғандарды қорыта келе, ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қадағалау түсінігін тұжырымдауға болады, ол — азаматтар, лауазымды адамдар және шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдардың қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті реттейтін ережелерді нақты және бұлтартпай орындаулары және осы ережелерді бұзушыларды ескерту, алдын алу және жауапкершілікке тарту мақсатындағы күнделікті бақылауы.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау жасау

Ішкі істер органдарының қызметінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау ең елеулі орын алады.

Бұл — олар жағынан қылмыстың жасалуын ескертуге, қажетті тәрбиелеу әсер етуіне бағытталған әлеуметтік бақылаудың нысаны. Осы қадағалауды ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының «Бас бостандығы»

нан айыру босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» заңына байланысты жүргізіледі¹.

Әкімшілік қадағалау кәнігі қылмыстың алдын алу нысаны болып табылады, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдармен белгілі бір шектеулер қойылған осындай адамдардың мінез-құлқын байқау түріндегі мәжбүр ету шарасы ретінде судьяның қаулысы негізінде ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Өздеріне әкімшілік қадағалау орнатылатын адамдар. Әкімшілік қадағалау:

а) аса қауіпті түрде қайталанып жасалған қылмыстар үшін;

б) егер жазаны өтеу кезінде олардың мінез-құлқы түзелу жолына мүлдем түскісі келмейтінін және қоғам үшін қауіпті күйінде қалып отырғанын дәлелдесе, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған;

в) егер жазаны өтегеннен немесе жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаннан кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың құқықтарын үнемі бұзатын болса, өзге де құқық бұзушылықтар жасаса, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған жазасын өтеген адамдарға орнатылады.

Әкімшілік қадағалау орнату негіздемелері. Әкімшілік қадағалау орнатуға:

а) аталған Заңның 2-бабының «А» тармақшасында аталған адамдарға қатысты заң күшіне енген сот үкімі;

б) аталған Заңның 2-бабының «Б» тармақшасында аталған адамдарға қатысты түзеу мекемелерінің материалдары;

в) аталған Заңның 2-бабының «В» тармақшасында аталған адамдарға қатысты ішкі істер органдарының материалдары негіздемелер болып табылады.

Әкімшілік қадағалау орнату мерзімі мен орны. Әкімшілік қадағалау:

а) аталған Заңның 2-бабының «А» және «Б» тармақшаларында аталған адамдарға — түзеу мекемесінен босатылған кезде;

¹ Толығырақ Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру органдарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңын қараңыз / Егемен Қазақстан. 1996. 20 қаңтар.

б) аталған Заңның 2-бабының «В» тармақшасында аталған адамдарға — түзеу мекемесінен босатылған сәттен бастап үш жыл бойы тұрғылықты жері бойынша орнатылады.

Әкімшілік қадағалау орнату тәртібі. Әкімшілік қадағалауды:

- аталған Заңның 2-бабының «А» және «Б» тармақшаларында аталған адамдарға түзеу мекемесі бастығының ұсынуы бойынша түзеу мекемесі орналасқан жердегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі сот мәжілісінде;
- аталған Заңның 2-бабының «В» тармақшасында аталған адамдарға ішкі істер органы бастығының ұсынуы бойынша бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі белгілейді.

Ұсыныспен бірге сотқа үкімнің көшірмесі және тиісті адамға әкімшілік қадағалау орнату қажеттігін дәлелдейтін материалдар жіберіледі. Сот мәжілісіне өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныс енгізілген адам, ал өтініш бойынша — қорғаушы да, сондай-ақ бастығы ұсыныс енгізген органның өкілі шақырылады.

Мәселені қарау ұсыныстың және сонымен бірге келіп түскен материалдардың мазмұны туралы баяндамадан басталады, содан соң сот мәжілісіне келген адамдардың түсініктемелері тыңдалады. Іс қаралып болғаннан кейін судья шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне шығады, содан соң мәжіліс залына қайта оралып, қаулыны жария етеді.

Судьяның қаулысы өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнатылған адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығына, ал Заңның 2-бабының «А» және «Б» тармақшаларында көзделген жағдайларда түзеу мекемесінің бастығына орындау үшін жіберіледі.

Әкімшілік қадағалаудың қолданылу мерзімі. Әкімшілік қадағалау алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Қадағалауға алынған адам әкімшілік қадағалау ережелерін немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған, сондай-ақ ол құқық бұзушылық жасаған жағдайларда ішкі істер органдарының дәлелді ұсынысы бойынша судьяның қаулысымен қадағалау мерзімі әр жолы алты айға ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі жылдан аспауға тиіс.

Қадағалауға алынған адамдарға қатысты қолданылатын шектеулер. Әкімшілік қадағалау орнатылатын адамдарға қатысты тұрмыс салтына, отбасындағы және тұрғылықты жеріндегі мінез-құлқына, қадағалауға алынған адамның жеке басын сипаттайтын басқа да жағдайларға байланысты мынадай шектеулер толық көлемінде немесе жеке-жеке қолданылуы мүмкін:

а) ішкі істер органдары белгілеген уақытта тұрған үйінен кетуге тыйым салу;

б) ішкі істер органдары белгілеген аудан (қала) мекендерінде болуға, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органына хабарламай аудан (қала) шегінен тыс жерлерге кетуге тыйым салу;

в) жергілікті ішкі істер органына тіркелу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін міндетті түрде келу.

Қадағалауға алынған адамға белгіленген шектеулерді өзгерту. Шектеулер тізбесін судья ішкі істер органдарының ұсынысы бойынша қадағалауға алынған адамның тұрмыс салты мен мінез-құлқын ескере отырып, бірақ аталған Заңның 7-бабында көзделген шектеулер шегінде қысқартуы немесе толықтыруы мүмкін.

Енбекпен түзеу мекемесі әкімшілігінің қадағалауға алынған адамның тұрғылықты жері бойынша әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны жіберу тәртібі. Өздеріне әкімшілік қадағалау орнатылған адамдар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылар алдында түзеу мекемесінің әкімшілігі қадағалауға алынған адам қалап алған тұрғылықты жердегі ішкі істер органына сотталған адамның келетін уақытын хабарлай отырып судьяның әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулысын жібереді.

Әкімшілік қадағалауды орнату, ұзарту немесе шектеулерді өзгерту туралы қаулыны қадағалауға алынған адамға жариялау. Әкімшілік қадағалау орнату туралы не әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде оның мерзімін ұзарту туралы немесе шектеулерді өзгерту туралы судьяның қаулысын қадағалауға алынған адамға қолын қойғыза отырып, аудандық (қалалық) ішкі істер органдарының бастығы, ал бас бостандығынан айыру орындарындағы адамға — түзеу мекемесінің бастығы хабарлайды. Бұл орайда қадағалауға алынған адамға оның міндеттері, әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі, ал бас бостандығынан айыру орындарынан босатылар алдында қадағалау орнатылған адамға қалап алған тұрғылықты жеріне белгіленген мерзімде келмегені үшін жауапкершілігі түсіндіріледі.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдардың міндеттері. Ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

а) қадағалауға алынған адамдардың тұрғылықты жері мен жұмыс орнындағы мінез-құлқын жүйелі түрде байқауға;

б) қадағалауға алынған адамның қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылығының алдын алуға және оны болғызбауға;

в) әкімшілік қадағалау ережелерінің бұзушылық туралы белгіленген тәртіппен хаттамалар жасауға және оларды қарау үшін сотқа жіберуге міндетті.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің:

а) қадағалауға алынған адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жері бойынша, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың әкімшілігінен, сондай-ақ азаматтардан оның мінез-құлқы туралы мәліметтер сұратуға және алуға;

б) қадағалауға алынған адамды ішкі істер органына әңгімелесуге шақыруға, әңгімелесуді оның туған-туыстары келісім берген жағдайда солардың қатысуымен өткізуге;

в) әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша қадағалауға алынған адамнан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

г) қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау мақсатында оның үй-жайына тәуліктің кез келген уақытында баруға құқығы бар. Бұл ретте Заңмен белгіленген жағдайлар мен тәртіптен өзгеше тексеру, тінту жүргізуге жол берілмейді.

Әкімшілік қадағалауды тоқтату негіздемелері. Әкімшілік қадағалау:

а) егер әкімшілік қадағалау орнатылған мерзімді ұзарту үшін негіздемелер болмаса, сол мерзім өткен соң;

б) егер қадағалауға алынған адамның түзелу жолына бүтіндей бет бұрғаны анықталса, тұрғылықты жері немесе еңбек қызметі бойынша жақсы мінездеме берілсе, мерзімінен бұрын;

в) қадағалауға алынған адамның соттылығы өтелген немесе алынып тасталған жағдайда;

г) қадағалауға алынған адамның арнаулы емдеу-алдын алу мекемесіне еріксіз емделуге жіберілуіне байланысты;

д) қадағалауға алынған адамның бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

е) қадағалауға алынған адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

Әкімшілік қадағалауды тоқтату тәртібі. Заңның 14-бабының «а», «б», «г», «д» және «е» тармақшаларында көзделген жағдайларда әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы шығарып, оны аудандық, аудандық (қаладағы), қалалық ішкі істер бөлімінің (баскармасының) бастығы бекітеді.

14-баптың «б» тармақшасында көзделген жағдайда ішкі істер органдарының бастығы әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы сотқа дәлелді ұсыныс жібереді, ол он күн мерзім ішінде қаралуға тиіс.

Судьяның немесе ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулысы қадағалаудағы адамға қолын қойғыза отырып жарияланады.

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың міндеттері. Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдар:

а) өзіне қатысты белгіленген, осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді сақтауға;

б) шақыру бойынша ішкі істер органдарына көрсетілген мерзімде келуге, әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;

в) әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органдарының қызметкерлерін жұмыс орны мен тұрғылықты жері өзгергені туралы, сондай-ақ қызмет бабындағы және жеке істері бойынша аудан (қала) шегінен тысқары кетісіні туралы бір тәулік ішінде хабардар етуге;

г) ішкі істер органдарының рұқсатымен басқа елді мекенге барып, онда бір тәуліктен астам уақыт болған кезде өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін жергілікті ішкі істер органына тіркелуге міндетті.

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың құқықтары. Әкімшілік қадағалауда жүрген адамның:

а) сотта әкімшілік қадағалау белгіленуі және шектеулер қолданылуы туралы іс материалдарымен танысуға;

б) түсініктемелер беруге дәлелдемелер табыс етуге;

в) әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату, өзіне қатысты белгіленген шектеулерді алып тастау, тұрғылықты тұратын жерінен қысқа мерзімге кететіні туралы өтініш беруге;

г) ішкі істер органында әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулымен танысуға құқығы бар.

Әкімшілік қадағалауды бұзғаны үшін жауапкершілік. Әкімшілік қадағалау орнатылған адам қадағалау ережелерін немесе өзіне қатысты белгіленген шектеулерді бұзған жағдайда Қазақстан Республикасы ӘҚБТ кодексінің 366-бабына сәйкес, «1. Өзіне қатысты қадағалау белгіленген адамның әкімшілік қадағалау туралы заңдарды бұзуы, — ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, — айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, ал егер істің мән-жайы бойынша және тәртіп бұзушының жеке басын ескере отырып бұл шаралардың

қолданылуы жеткіліксіз деп танылатын болса, — он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады» немесе ҚР ҚК 362-бабының 3-тармағына сәйкес, «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау ережелерін қасақана бұзуы, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалуы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен белгіленген мерзімде бармауы — бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Тәжірибеге сүйенсек, қылмыстың қайталанумен күрес жүргізудің тиімділігі көптеген жағдайда бұрын сотталғандармен дұрыс ұйымдастырылған және ауқымды алдын алу жұмыстарының жүзеге асырылатындына байланысты. Әкімшілік қадағалауды кәсіптік деңгейде жүзеге асыру қылмыстың қайталануын төмендетуге игі әсер тигізетіні сөзсіз.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Ішкі істер органдарының (полицияның) жүзеге асыратын әкімшілік қадағалау түрлері қандай?

Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіптің және қауіпсіздіктің бұзылу фактілерін анықтау үшін қандай әкімшілік қадағалау әдістері қолданылады?

Ішкі істер органдарының қызметінде ең елеулі орын алатын әкімшілік қадағалауды атаңыз?

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы адамдардың құқықтары мен міндеттері қандай?

Әкімшілік қадағалаудың мерзімдері мен тоқтату негіздері?

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың міндеттері?

Әкімшілік қадағалаудың ережесін не құрайды және оған қолданылатын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті атаңыз?

17-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Әкімшілік юрисдикция ерекшеліктері

Құқық қорғау қызметінің негізгілері құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен солар бойынша шешім қабылдау болып табылады. Міне осы

әкімшілік-юрисдикциялық деп аталатын қызмет барысында істің мәні қаралады және белгілі бір құқықтық санкцияны қолдану туралы шешім қабылданады.

Заң **юрисдикцияны** бірнеше түрге бөледі (қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік) және олардың әрқайсысының өзіндік жүйесі бар. Юрисдикция¹ (jurisdictio — латын сөзінен алынған *сот, соттық ондіріс*) — соттық және әкімшілік органның нақты фактілерге құқықтық баға беруді, оның ішінде дауларды шешуді және заңда көзделген санкцияларды қолдануды білдіреді.

Әкімшілік-юрисдикциялық қызметті іске асыруда ішкі істер органдары ерекше орын алады. Өзінің заңдылық табиғаты жағынан әкімшілік-юрисдикция, атқарушы-өкімді органдардың заңдық актілерінен туындайтын, құқықты қолдану, құқық қорғау қызметінің құралы болып саналады.

Әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің құқық қорғау бөлігіне:

- а) қадағалау-бақылау қызметі;
- б) құқық нормаларының орындалуын қамтамасыз ету қызметі;
- в) құқықтық келіспеушіліктерді (дауларды) талқылау және құқық бұзушылық істері бойынша қызмет;
- г) мемлекеттік мәжбүрлеуді іске асыру қызметі жатады.

Әкімшілік-юрисдикция құқықтық келіспеушіліктер (даулар) туындаған және құқықтық нормалар бұзылған немесе сол сияқты басқа жағдайларда қолданылады.

Әкімшілік-юрисдикция өз алдына басқару қызметі, оның мазмұны ақпарат жинау, зерттеу, бағалау және басқару шешімін қабылдау болып саналады.

Әкімшілік-юрисдикциялық процес іске байланысты фактілер мен кінәлі адамдарды анықтаумен шектеліп қалмайды, сонымен бірге ақпараттарды зерттеу, бағалау, оның толықтығын, ақиқаттылығын, жан-жақтылығын анықтайды.

Жалпы әкімшілік-юрисдикциялық қызметті (әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар)) жүзеге асыратын, яғни ҚР ӘҚБТ кодексінің 538-бабына сәйкестікте, мыналар қарайды:

1) мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары;

2) кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар;

3) ішкі істер органдары, мемлекеттік инспекциялар органдары және Кодекстің 543-576-3-баптарымен осындай істерді қарауға уәкілеттік беріл-

¹ Советский энциклопедический словарь. М., 1980.

ген басқа да мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары (олардың лауазымды адамдары).

Әкімшілік-юрисдикцияның бір ерекшелігі, оны басқару органдарының іске асыру болып саналады, ол қызметтің бағыты — қорғаушы (юрисдикциялық) — жеке және заңды тұлғалардың заң нормаларын бұзған жағдайларында мемлекеттік мәжбүрлеу (әкімшілік) шараларды қолдану.

Әкімшілік-юрисдикция қызметі атқарушы-өкімді қызметтің бір бөлігі бола тұра құқықтық қасиетімен сипатталады, сондықтан әрбір құқық бұзушылық бойынша істі қарау нәтижесінде, арнаулы құқықтық актіні қабылдаумен аяқталады.

Әкімшілік-юрисдикцияға ие орган өзінің шешімін қаулыда бекітеді және істі қарау аяқталғаннан кейін жария етеді. Құқықтық табиғаты жағынан қолдануға ие органның қаулысы құқықты қолдану актісі болып саналады. Онда, әкімшілік жауапкершілік туралы норма, белгілі бір әкімшілік құқық бұзушылық түріне әсер ету түрінде жүзеге асырады.

Әкімшілік-юрисдикцияны жүзеге асыру¹, әкімшілік жауапкершілікке тарту және әкімшілік жаза салу тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу нормаларында белгіленген.

Әкімшілік-юрисдикциялық қызмет функциялары.

1. *Қорғаушы функциясы*, әкімшілік қадағалауға қарағанда құқық бұзушылықтың өсу динамикасына әсер етпейді, нақты құқық бұзушылықтың алдын ала алмайды, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін заңның белгіленген санкциясын қолдануымен тынады. Әкімшілік жаза, қашанда әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаннан кейін барып қолданылады, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, сол сияқты басқа адамдардың да санасына, жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында, әсер етудің құқықтық қорғау функциясын орындайды. Сонымен бірге, бұл функция әкімшілік-юрисдикцияны жүзеге асыру барысында әкімшілік құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау барысында және осы туралы кәсіпорын, мекеме, ұйымдарға және лауазымды адамдарға орындауға міндетті оларды жоюға ұсыныстар² береді.

2. *Тәрбиелеуші функция*, құқық бұзушыларды құқықтық нысандар және жауапкершілікті белгілейтін нормаларды қолдану арқылы тәрбиелеу, яғни, әкімшілік жазаларды қолдана отырып, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заңдар талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу.

¹ ҚР ӘҚБТ кодексінің 543-бабын қараныз.

² ҚР ӘҚБТ кодексінің 654-бабы. Әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс.

3. **Реттеушілік функция**, норма құқықтық қатынастың пайда болуын реттемейді, тек әкімшілік құқықтық өкілетікке иелеген органдар немесе лауазым иелері қолдана бастамаса. Әкімшілік-юрисдикция, ішкі істер органдары қорғайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің құралы болып саналады. Осыған байланысты құқықтық ұйғарымдар нақты құқықтық қатынасқа түсетін субъектілердің мінез-құлқын айқындыққа келтіреді.

Әкімшілік қызметтің бір түрі ретінде ішкі істер органдарының әкімшілік-юрисдикциялық қызметі жоғарыда келтірілген функциялардан басқа, бірқатар арнайы белгілермен сипатталады.

Біріншіден, оны жүзеге асырудың негізі әкімшілік құқық бұзушылық¹ болып табылады.

Екіншіден, ол заңмен² белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық туралы ерекше іс жүргізу нысандарында жүргізіледі.

Үшіншіден, оның нәтижесі юрисдикциялық қаулы³ (әкімшілік жаза қолдану және іс жүргізуді қысқарту туралы) шығару болып саналады.

Әкімшілік-құқық бұзушылықтың әр түрлілігі мен көптігіне байланысты әкімшілік-юрисдикциялық органдары құрамының жүйесінің ерекшелігіне әсер тигізеді. Егер, қылмыстық іс бойынша жаза қолдануды тек бір орган — сот жүргізсе, ал әкімшілік санкция қолдануда субъектілердің көптілігімен сипатталады.

Әкімшілік-юрисдикция құқық қорғау қызметтің бір түрі болғандықтан ол көптеген мемлекеттік басқару органдарымен жүзеге асырылады және аумақтық-салалық принциппен құрылған әкімшілік-юрисдикция органдары⁴ жүйесін құрайды.

Әкімшілік-юрисдикциялық өз алдына басқару қызметінің мазмұны ақпаратты жинау, зерттеу, бағалау және басқару шешімін қолдану болып табылады.

Юрисдикциялық қызмет атқарушы-өкімді қызмет бөлігі болғандықтан ол құқықтық сипатқа ие болады, сондықтан әрбір іс бойынша қарау арнаулы құқықтық акті қолданумен аяқталады. Әкімшілік-юрисдикциялық өкілетікке ие орган өз шешімін қаулымен бекітеді және ол істі қарау аяқталғаннан кейін шығарылып, хабарланады.

Әкімшілік-юрисдикциялық қызмет құқық бұзушылыққа тез көңіл бөледі және алдын алу бағыттылығын қарастырады. Бұны қамтамасыз ету тек әкімшілік құқық бұзушылықтармен жедел күрес жүргізуді және құзыретті органдардың кең көлемде болуын талап етеді.

¹ ҚР ӘҚБТ кодексінің 28-бабын қараңыз.

² ҚР ӘҚБТ кодексінің IV бөлімін қараңыз.

³ ҚР ӘҚБТ кодексінің 651-бабын қараңыз.

⁴ ҚР ӘҚБТ кодексінің 32-тарауын қараңыз.

2. Ішкі істер органдары әкімшілік-юрисдикция субъектісі ретінде

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам және мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі атқару және өкім ету функциялары жүзеге асырады.

Осыған байланысты ішкі істер органдарының, әкімшілік юрисдикция субъектілері арасындағы орны оның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге құқықтық баға беру, қарауы және заңда көзделген санкцияларды қолданумен анықталады.

Өйткені, ішкі істер органдары ҚР ӘҚБТ кодексінде, әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін 67-ден аса әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамын қарауға және олар бойынша шешім қабылдау өкілеттілігіне жатқызылған.

Ішкі істер органдары халықтың денсаулығы, меншікке, көлік, сауда және қаржы саласындағы, қоғамдық тәртіпке, басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті.

Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтары мен кәметке толмағандардың құқықтарына, меншікке, кәсіпкерлік қызметке, қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына, қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғушылық және т. б. әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әкімшілік заңды орындаудың 2003 жылғы көрсеткіштеріне қарайтын болсақ барлық тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтар 3 981 665 миллион болған екен, оның ішінде ұсақ бұзақылық — 70111; маскүнемдікпен заң бұзушылық — 1 101 781. Салынған айыппұлдың мөлшері 3 млн. 231 мың 928 тенге құраған.

Міне, осы көрсеткіштердің өзі-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың қалай орындалатындығын, ал соған байланысты ішкі істер органдарының қандай көлемде жұмысы атқаратынын және осы сала бойынша қызмет атқаратын негізгі мемлекеттік арнаулы орган екенін дәлелдеп отыр.

Ішкі істер органдарының әкімшілік құқық бұзушылық істерді қараудағы міндеттері ҚР ӘҚБТ кодексінің тиісті баптарында нақтырақ айтылған.

«Ішкі істер органдары» деген түсінік кең көлемде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті

камтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық жөн өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнаулы орган болып табылады, ал әкімшілік-юрисдикция саласына келетін болсақ нақты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап және шешім қабылдайтын ішкі істер органдарының лауазымды адамдарын айтамыз, оларға:

- ішкі істер органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары;
- ішкі істер органдары қалалық, аудандық бөлімшелерінің бастықтары;
- ішкі істер органдары жол бөлімшелерінің, жол пункттерінің бастықтары;
- ішкі істер органдары полициясының учаскелік инспекторлары;
- ішкі істер органдары патрульдік учаскелерінің бастықтары;
- ішкі істер органдары жол полициясы департаментінің, баскармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;
- арнайы шендері бар жол полициясының қызметкерлері;
- ішкі істер органдарының табиғат қорғау және мал дәрігерлік полициялары бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;
- ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;
- ішкі істер органдары жүйесі тергеу изоляторларының бастықтары;
- ішкі істер органдары полициясының балық қорларына қылмысты қол сұғушылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары жатады.

Әкімшілік санкцияны қолдану, құқық қызметінің жеке нысанын құрайды, ол қадағалау қызметінің және онымен тығыз байланыстағы материалдар негізінде жүзеге асырылады. Бірақ, қадағалау мен юрисдикциялық қызмет бірдей емес. Бір қатар қоғамдық тәртіпті бұзушылар ішкі істер органдарының қызметкерлерімен анықталады, бірақ олар туралы шешімді басқа орган (мысалы: соттар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар) қабылдайды.

Қоғамдық тәртіпті, жол қозғалысы ережелерін бұзушылармен күрес шұғыл шаралар жүргізуді қажет етеді. Өйткені құқық бұзушылықтың бұл түрлері кездейсоқтан пайда болып, тез өршіп, көптеген адамдардың мүддесіне нұқсан келтіріп және аса қауіпті зардаптар туғызуы мүмкін.

Юрисдикцияны жүзеге асырудың негізі болып, заңмен байланысты тәртіпте жазылған құқық бұзушылық туралы хаттама саналады.

Сондықтан, мемлекет ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін жүктегендіктен, оларды құқық бұзушыларға құқықтық санкция қолдану үшін өкілеттіктермен қамтамасыз етеді.

Мұндай өкілеттіктер Қазақстан Республикасының «ҚР ішкі істер органдар туралы» Заңның 11-бабының 6-тармағында «заңдарға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыруға; хаттамалар жазуға, әкімшілік шараларын қолдануға құқылы» делініп және ҚР ӘҚБТ кодексінің 543-бабында қарастырылған.

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерді талдау ішкі істер органдарының әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің қосымша ерекшеліктерін көрсетеді:

1. Әкімшілік-юрисдикциялық өкілеттіктерге ие түрлі деңгейдегі ішкі істер органдарының көптігі;
2. Ішкі істер органдарының өкілеттігіне 67-ден аса әкімшілік құқық бұзушылықтардың қарауға және олар бойынша шешім қабылдаудың жатқызуы;
3. Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хаттамалар толтыру құқығы (ҚР ӘҚБТ кодекстің 636- бабының 1-тармағы.)
4. Ішкі істер органдарының көптеген лауазымды адамдарының істі қарау өкілеттілігі.

Ішкі істер органдарының қоғамдық қатынастарды қорғаудағы қызмет ауқымының кеңдігіне байланысты, басқа салалы органдарға қарағанда юрисдикциялық өкілеттіктің кең көлемдігіне ие.

Оларға мынадай әкімшілік құқық бұзушылық туралы оларды қарау жүктелген:

- кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын;
- меншікке қол сұғатын;
- кәсіпкерлік қызмет саласындағы;
- сауда және қаржы саласындағы;
- қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы;
- қарантиндік ережелер мен мал дәрігерлік қадағалаудағы;
- қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын;
- қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын;
- басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және Қазақстан Республикасының саласында болу тәртібіне қол сұғатын;

- көлікте, жол шаруашылығында және байланыстығы әкімшілік құқық бұзушылықтар.

Міне, бірде-бір әкімшілік-юрисдикцияға ие болатын салалық орган дәл осындай юрисдикциялық өкілеттіктерді жүзеге асыра алмайды. Осыған байланысты өкілеттіктер қоғамдық өмірдің түрлі саласындағы қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталғандықтан салалық әкімшілік-юрисдикциялық органдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауы мен шешім қабылдау құқығы инспекторлық құрылымдарға берілген болса дұрыс болар еді.

Осыған байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлерімен күресті жүргізетін қызметкерлерді мамандандыру мәселесі айқын көрініп-ақ тұр.

Ішкі істер органдарының юрисдикциялық қызметін жүзеге асыру әртібінің бірқатар ерекшелігі бар. Әкімшілік істер бойынша қарау және шешудің жалпы тәртібі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен белгіленеді. Бұл ерекшеліктердің түрлерін қарап өтейік. Мұндай процестің негізгі мақсаты — нақты және іс бойынша тиісті қортындыға келу, кінәлілерді анықтау және заңдарды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету, әрбір әкімшілік құқық бұзушыға әділетті әкімшілік жаза қолдану. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті ішкі істер органдарында, мынадай процессуалдық тәртіп бойынша жүзеге асыруға болады:

1. Істің мағынасы бойынша қаралуын және шешілуін қамтамасыз ететін бастапқы іс жүргізу әрекеттері.
2. Істі мағынасы жағынан қарау.
3. Іс жөнінде шағым беру және наразылық білдірулерді шешу.
4. Іс бойынша шешімді орындау.

Аталған сатылар барлық әкімшілік-юрисдикция орындарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуімен бірдей. Бірақта, ішкі істер органдары (лауазымды адамдары) жүзеге асыратын процессуалдық әрекеттердің мазмұнды ережелері бар.

Әкімшілік өндірістің көп түрлілігі. Ішкі істер органдарының лауазымды адамдары істерді әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама негізінде қарайды, ішкі істер органдарының басқа да қызметкерлері хаттама жазуға құқысы бар. Бұл жерде қадағалау функциясы (бұзушылықты анықтау және бекіту, құқық бұзушыны ұстау) және юрисдикциялық функция айқын шектелген.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Төмендегі аталғандардың қайсысы ішкі істер органдарының әкімшілік юрисдикциясына жатады:

- а) ішкі істер органдарының бастығы азаматқа қару сатып алуға рұқсат берді;
- б) ішкі істер органның бастығы азаматты жұмысқа қабылдаудан бас тартты;
- в) ішкі істер органның бастығы әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша істі тоқтатуға байланысты қаулы қабылдады;
- г) ішкі істер басқармасының бастығы, криминалдық полиция қызметкерлеріне тәртіптік жаза салу туралы бұйрық шығарды.

2. Ішкі істер органдарының бастығы, бір азаматтың бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйектеп ұрлау туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісін қарап, тоқтату туралы қаулы қабылдады және оны, оның жұмыс істейтін жері бойынша қарауға жіберіу туралы шешім қабылдады. Ішкі істер органдарының бастығының шешімі заңды ма ?

3. Ішкі істер органдарының жедел іздестіру бөлімінің бастығы, қараған ісі бойынша, келіп түскен шағымды, қарау кезінде қаулыны құқығы жоқ полицияның учаскелік инспекторы шығарғанын анықтап, қаулының күшін жойып, істі ведомстволық бағыныштылығы бойынша қарауға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Мұндай шешім заңды ма ?

4. Ішкі істер органдарының қандай лауазым адамдары әкімшілік — юрисдикциялық өкілеттікке ие болады?

5. Әкімшілік—юрисдикциялық қызметтің функцияларын атаңыз?

18-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіндегі заңдылық

Заңдылық — ішкі істер органдары қызметінің маңызды принципі. Бұл принцип ішкі істер органдарының құқық қорғаушы қызметінде және заңдар мен заңнан туындайтын нормативтік құқықтық актілерді қатаң және бұлжытпай орындау негізінде жүзеге асырылады.

Заңдылық — заңдардың құқықтық ұйғарымдарын қатаң, толық және он да негізделген заңдылық актілерді барлық құқық субъектілерін жүзеге асыруы.

Біріншіден, заңдылық нақты, заң нормалары құқықтық күші бар деңгейіндегі талаптарды сақтауы тиіс. Ешкім мемлекет белгілеген талаптарды орындаудан бас тарта алмайды, осы негізде мемлекет жеке тұлғаның құқықтарын қорғау және қамтамасыз етуден бас тарта алмайды. Құқықты реттеу субъектісінің басты тұлғасы болып мемлекет азаматы саналады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Сондықтан, мемлекет азаматтары жалпылық заңдылықтың қажетті белгісі ретінде, бірқалыпты түрде мемлекеттік және оның азаматтарына қатынасты. Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты.

Құқықтық ұйғарымдарды сақтаудың жалпылығын қамтамасыз ету мемлекеттің және оның органдарының міндеті. Заңдылықты жүргізудің және сақталуын қамтамасыз ету үшін, мемлекет өзінің биліктік функцияларын, тек күші бар заңдардың негізінде және шеңберінде жүзеге асыруы қажет. Ол өзінің органдары мен лауазымды адамдардың және азаматтардың қандайда болмасын құқық бұзушылықтарына тыйым салуы керек.

Екіншіден, заңдылық құқықпен (заңдылық нормалармен) үзіліссіз байланысты. Елімізде заңдылық режимінің жағдайын, мемлекет заңдары қандай шамада қоғамдық жетілдірудің объективтік қажеттілігін бейнелейтіндігінің негізінде ғана бақылауға болады. Егер мемлекет шығаратын құқықтық нормалар жекеленген адамдардың, топтардың немесе жеке ұлт өкілдерінің мүдделерін еске алып, мүдделерін белгілеп және қорғайтын болса, заңдылық жоқ деген сөз.

Сонымен, заңдылық — бұл заңдылыққа қатынасты байланыстығымен және оларды өмірге енгізудің жаппай, жоспарлы талаптарының жиынтығы; заңдар бағытталғанына байланысты бұлжытпай орындалуы тиіс.

Ішкі істер органдары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтар мен лауазымды адамдардың қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздік ережелерін сақтауларына қадағалауды жүзеге асыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу, заңға қайшы әрекеттерді жасағандары жауапкершілікке тартады және араларындағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтады.

Ішкі істер органдары сонымен әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстың жолын кесуде, заңдар мен заңнан туындайтын нормативтік актілерге сәйкес, өздерін өкілеттік шеңберінде және заңның белгіленген тәртібінде күрес жүргізуі тиіс.

Ішкі істер органдарының қызметінде заңдылықты сақтау өте маңызды, өйткені оған құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесу міндеттері жүктелген. Ішкі істер органдары азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің және қоғамның мүдделерін қылмыстық басқа құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау кезінде кең көлемде құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолданады. Осыған байланысты, қандай да болмасын заңдылықты бұзушылыққа жол беру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, тұрғын үйіне қол сұғушылық, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерін, почта, телеграф арқылы және басқа да жолдармен алысқан хабарларының құпиялығын сақтамау, конституциялық принциптерді бұзуы болып саналады.

Сонымен бірге, ішкі істер органдарының заңға қайшы әрекеттерді жасауы олардың мәртебесін түсіреді, және де жекелеген заңдылықты бұзушылықтар арқылы азаматтар ішкі істер органдарының қызметіне дұрыс баға бермеуі мүмкін.

Адамның кадр-қасиетін қорлайтындай азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Қандайда болмасын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шектеу жасау тек заңда көзделген реттерде ғана жүргізіледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңының 22-бабының 3-тармағында «ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін іс-әрекеттері «Заң атымен» деген сөздерді айта жасалады және осы шектеулерге байланысты мемлекеттің, қоғамның барлық маңызды мәселелері, оның ішінде қоғамдық тәртіпті және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету, заңмен реттеледі.

Құқықтық мемлекетте ең жоғары заңдық күші бар құжат Конституция болып табылады. Осыған орай Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының, 2-тармағында Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және ол Республиканың барлық аумағында тікелей қызмет етеді, деп көрсетілген. Ол қоғамдық қатынастардың негізгі басты реттеушісі болып саналады. Объективтік жағдайдың күшіне байланысты құқықтық әсер ету саласында болатын қатынастар заңмен реттеледі. Заңнан туындайтын актілер, тек заңмен қандайда болмасын бір қатынас реттелген жағдайда ғана

әсер ету күші бар. Бұл ретте олар тек заңға сәйкес және заңның негізінде ғана шығарылуы қажет.

2. Заңдылықтың принциптері және талаптары

Заңтылықтың ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіндегі мәнін түсіну үшін заңдылық принциптері мен талаптары туралы мәселелер маңызды орын алады. *Заңдылық принципі* — бұл заңдылықтың мазмұнын көрсететін негізгі идеялар, ережелер, ал талаптары — заңдылықтың қажет ететін мәселелері, яғни әкімшілік қызмет барысындағы құқықтық нұсқауларды сақтау мен орындау ішкі істер органдары қызметкерлерінің іс-қимылы (әрекеті).

Заңдылық принциптеріне мыналар жатады: заңның жоғарылығы; заңдылықтың бірлігі; заңдылық пен мақсаттылықты қарама-қарсы қоюға жол бермеу; заңдылықтың ақиқаттылығы.

Құқықтық нормативтік актілер жүйесінде заңның жоғарылығы оның басшылыққа алынумен көрінеді, өйткені ішкі істер органдарының қызметіндегі заң шығарушылық пен құқықты жүзеге асыру заңға сәйкес жүргізіледі.

Заңдылық тек құқықтың негізгі қайнар-көздері нормативтік құқықтық актілер негізінде болуға тиіс. Сонымен бірге, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде заңдарды жағдайдың ерешеліктері мен өзгешеліктерін ескере отырып қолдану керек.

Заңдылық пен мақсаттылықты қарама-қарсы қоюшылық деп, тәртіпті қамтамасыз етуде заң шеңберіндегі тиімді жолдарды тандап алуды айтамыз. Мақсаттылық деп норманы жүзеге асыру кезіндегі нақты жағдайды, уақытты, орынды есепке алу. Заңдылық пен мақсаттылық арасындағы айырмашылық құқықтық норма нұсқауларын дәл орындау мен құқықтық нормамен реттелетін әкімшілік қызмет субъектілерінің шұғыл дербестігі арасындағы айырмашылық деп түсінуге болады.

Мақсаттылық әкімшілік көзқараспен тығыз байланысты, олай дейтініміз, нақты жеке басқарушылық істі, заңның белгіленген шеңберінде, құқықтық тұрғыдан іс бойынша тиімді шешім қабылдау мақсатында өкілетті органға (лауазымды адамдарға) берілген бостандық.

Әкімшілік көзқарас ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңдылық фактілеріне өз көзқарасымен баға беру арқылы көрінуі мүмкін. Мысалы, әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген зиян елеусіз болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға ауызша ескерту жа-

заумен шектеліп, әкімшілік жауаптылықтан босата алады. Бұл жердегі әлеусіз зиян қызметкердің көзқарасымен анықталады.

Әкімшілік көзқарастың тағы бір түрі ішкі істер органдары қызметкерлерінің істі шешу кезінде құқық нормаларға көрсетілген заңға сәйкес деген жолдарды таңдау негізінде акті шығаруымен (шешім қабылдауымен) көрінеді. Мысалы, ішкі істер органдарының жол полициясы бастықтары мен олардың орынбасарлары ҚР ӘҚБТ кодексінің 461-469, 476-баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған көлік құралдары жүргізушілерін Кодекстің 58-бабына сәйкес, жолда жүру ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы шешім қабылдауға құқылы, яғни әкімшілік құқықтық-ықпал ету шаралары әкімшілік жаза тағайындаумен қатар қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік көзқарастың келесі түрі ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқық нормалары негізінде түрлі шешім қабылдауымен көрінеді, мысалы, өзге де мүмкіндіктер болмағанда, ішкі істер органдарының қызметкерлері күш пен арнаулы құралдарды¹ қолдануға шешім (әрекет жасау) қабылдау. Ішкі істер органдарының қызметкері осы түсініктердің мағынасы мен тағайындалуын өзі анықтайды.

Ішкі істер органдары қызметкерлеріне жекелеген істерді шешуге бірдей мүмкіндік беру құқықтық нормалар ережелерін жүзеге асыруға айрықша жағдай туғызады. Дегенмен, құқықтық нормалар жұмсақтығының да шегі бар, сондықтан ішкі істер органдарының қызметкерлері одан асып кетпеуі тиіс.

Демек, ішкі істер органдарының қызметкерлері мүлдем еркіндікпен әрекет жасауға тиіс емес. Әкімшілік көзқарас қашан құқықтық сипатқа ие болып, құқықтық көзқарас болып табылады. Көзқарасты қолдану келесідей белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін: ол тек заң шеңберінде ғана жүзеге асырылуы тиіс; әкімшілік көзқарас ішкі істер органдарының әкімшілік және басқа да қызметтерін тиімді, мақсатты, үйлесімді атқару үшін қолданылады; көзқарастың негізінде қабылданған акт ішкі істер органдарының қызметкерлері өз көзқарасына байланысты жетістіктерге жету мақсаттарын көздеуі тиіс; әкімшілік көзқарастың негізінде қабылданған актіде ішкі істер органдары қызметкерлерінің көзқарас құқығын қолдану себептері көрсетілуі керек.

Сөйтіп, әкімшілік көзқарас ішкі істер органдарының қызметінде заң шеңберінде жүзеге асырылатын «еркін» көзқараспен ешқандай бірей бола алмайды.

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңының 12-14-баптарын қараныз.

Заңның ақиқаттылығы принципі ретінде ішкі істер органдарының қызметінде құқықтық норма нұсқауларын іс жүзінде орындалуына қол жеткізуді және олардың қандайда болмасын бұзылуына жауапкершіліктің болмай қалмайтындығын көздейді.

Заңдылық талаптары құқықтық нормалардың мазмұнына негізделген бағытты қамтиды. Заңдылықтың мағынасы мен мазмұнын білдіретін принциптерден талаптардың айырмашылығы ішкі істер органдарының нақты қызмет түрлерімен байланысты, олар азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, белгіленген тәртіпте әкімшілік және басқа да мәжбүрлеу шараларын қолдану және т. б. заңдылық принциптерінің талаптарымен көрінеді.

Ішкі істер органдарының қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету әдістері. Әкімшілік қызметте заңдылықты қамтамасыз ету әдістеріне мыналар жатады: бақылау, прокурорлық қадағалау, ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне шағымдану, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жауапкершілігі.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне сыртқы және ішкі бақылау жүргізіледі. Сыртқы бақылауды атқарушы билік және жергілікті өзін өзі басқару органдары мен соттар жүргізеді.

Ішкі істер органдарының қызметіне, оның ішінде әкімшілік қызметке бақылау функциясын Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметі, жергілікті өкілетті және атқарушы органдары¹ жүзеге асырады.

Аталған атқарушы билік органдары ішкі істер органдарындағы заңдылықтың жағдайын сипаттайтын материалдарды зерделеу, заңдылықты нығайтуға байланысты шаралар қолдану туралы жазбаша есеп беруді сұрату арқылы, баспасөз материалдары бойынша ішкі істер органдарының жұмысы туралы қоғамдық пікірді және азаматтардың, кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты шағымдар мен өтініштерді зерттеу, өздерінің қызметіндегі заңдылықтың жағдайы туралы ішкі істер органдарының бастығын тыңдау арқылы бақылау функциясы жүргізіледі. Атқарушы билік органында ішкі істер органдарының бастығын тыңдау ұжымдық (мәжілістерде, алқа мәжілісінде т. б.) және жеке түрде жүргізіледі.

Жоғары аталған атқарушы билік органдары ішкі істер органдарының жұмысына бақылау жүргізу барысында, олардың қылмыстық процессуал-

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңының 47-бабын қараңыз.

дық, жедел-іздігіне қызметіне және әкімшілік құқық бұзушылық істерді жүргізуіне араласуға құқығы жоқ.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне сыртқы бақылауды соттар жүргізеді. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сондықтан жоғарыда аталған істерді қарау кезінде соттар істі мағынасына қарай шешіп, атқарушы билік органдарының лауазымды әрекеттерінің заңдылығын заң тұрғысынан қарайды. Егер сот істі қарау органның жұмысында заңдылықтың бұзылуын анықтаса, ол органның басшысына, оның ішінде ішкі істер органдарының басшысына жеке ұйғарым шығарады. Жеке ұйғарым соттың заңдылықтың бұзылуына байланысты көңіл бөлетін құқықтық нысан. Қажетті жағдайда сот кінәлі адамдарды жауапқа тартуға шаралар қолданады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз етуде сот аса маңызды функциясын ішкі істер органдарының әкімшілік жаза салу қаулыларына азаматтар және лауазымды адамдардың шағымдарын қарау барысында орындайды. Сот шағымның негізділігін анықтағаннан кейін, жаза салу қаулысын заңсыз деп шешім қабылдайды, өтініш берушінің талаптарын қанағаттандыруға міндеттейді және оған салынған жауапкершіліктің түрін жояды.

Сот азаматтардың шағымдарын қарау және шешім қабылдау барысында ішкі істер органдарының қызметіне және лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу саласында қызметкерлердің жасаған әрекеттеріне және шығарған актілерінің заңдылығына бақылау жасайды. Сонымен осылай сот ішкі істер органдарының әкімшілік заңдылықты қамтамасыз етеді.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз етуге ішкі (ішкі ведомствалық) бақылауды Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрі, жоғары органдар және олардың басшылары жүзеге асырады. Заңдылыққа бақылау айрықша көп таралған үш нысанда жүзеге асырылады: нақты тексерістер орындаушылардың орнында заңдылықты сақтауын көрсетуі; ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз етілуіне байланысты ақпараттық материалдары; ішкі істер органдарының әкімшілік полиция басшыларын заңдылықтың сақталуы туралы тыңдау.

Орындаушылардың заңдылықты қамтамасыз етуі нақты бөлімшенің бастығымен жүргізіледі (патрульдік бөлімшелердің қызметкерлерінің қыз-

мет көрсетуінде, әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде, азаматтарды ұстау және жеткізу кездерінде және т. б.).

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықтың қамтама сыз етілуіне сипаттайтын ақпараттық материалдар: бағынышты бөлімшелер, қызметтер мен қызметкерлердің әкімшілік қызметінде заңдылықты жағдайына байланысты жедел және статистикалық ақпараттарды күнделікті талдау; қызметкерлердің жұмысын сипаттайтын әкімшілік құқық бұзушылық істерін оқу; ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметкерлерінің азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуына байланысты өтініштері мен шағымдарын оқу; өздері басқаратын әкімшілік полицияның және ішкі істер органдарының бөлімшелерінің басшыларын заңдылықтың жағдайы туралы жоғары тұрған ішкі істер органдарының алқа жиынында, мәжілістерінде тыңдау.

Заңдылыққа бақылау жасаудың әртүрлі нысандарын қарай отырып олардың әрқайсының жергілігі мен жетіспеушіліктері бар, сондықтан шынайы мүмкіндіктерді ескере отырып әртүрлі нысандарды дұрыс үйлестіру қажет.

Бақылаудың ведомствалық әдістері болып мыналар саналады: жедел бақылау, кешенді тексеру нәтижелері бойынша кешенді және бақылаулық тексеру, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметі мен қызметкерлердің әрекеттеріне байланысты шағымдардың қаралуын бақылау.

Жедел (күнделікті) бақылау — ішкі істер органдарының басшылығына тікелей бағынышты бөлімдерді, қызметтер мен қызметкерлерді бақылау.

Комплекстік тексеріс — бұл тексерілетін органның барлық жұмыс бағыттарын қамтитын белгілі бір уақыт аралығындағы бақылау.

Инспекторлық тексеріс әдетте кешенді тексерістен бір жыл өткеннен соң, тексеріс барысында белгілі болған кешіліктерді жою және жұмысты жетілдіруге байланысты ұсынымдарды оындау мақсатында жүргізіледі.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне байланысты шағымдарды қарау кезінде шағым жасалған органға (лауазымды адамға) жібермеу талаптарын сақтау қажет.

Прокурорлық қадағалау. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заңында Қазақстан Республикасының Прокуратурасы — Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңды-

лығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган¹ деп көрсетілген.

Осыған байланысты прокуратура адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуына қадағалау жүргізеді. Қадағалау міндеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, кәсіпорындар мен ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қамтамасыз ету; заңдылықтың кез келген бұзылуын, сондай-ақ бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шараларын қолдану болып табылады.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысындағы прокурордың өкілеттілігі:

- жүргізілетін тексеріс мәселелері жөнінде азаматтар мен лауазымды адамдардан көрсетулер алуға;
- қызметтік куәлігін көрсетіп, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың саласы мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;
- басшылардың және басқа да лауазымды адамдардың заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету жөніндегі қажетті құжаттарды, материалдарды, мәліметтік деректерді алуға және т. б. заңда көзделген өкілеттерді жүзеге асырады.

Тексеріс нәтижелері бойынша прокурор:

- наразылық енгізеді;
- заң бұзушылықты болдырмау жөнінде ұйғарым береді;
- қылмысты іс қозғау, тәртіпті іс жүргізу немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөнінде қаулы шығарады, материалдық залалдың өтелу шараларын қолданады;
- адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда заңдардың басқа заңсыз актінің күшін тоқтата тұрады;
- мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары енгізген тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе алып тастайды;
- мемлекеттің, заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен олардың заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауды соттан өтінеді;

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 ж. 21 желтоқсанда қабылданған № 2709 Заңының 1-бабын қараңыз.

- органға немесе лауазымды адамға заңдылықты бұзуды болдырма туралы ұсыныс енгізеді.

Прокуратура ішкі істер органдарының әкімшілік іс жүргізуінің заңдылығына қадағалау жүргізеді. Бұл тұрғыдан прокуратура мына мақсаттарды жүзеге асырады: әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде, сондай-ақ істерді қарау мен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалау шаралары белгілеген кезде заңдардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде адамның және азаматтың лауазымды адамдар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру; азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде жүргізілген істерге байланысты кез келген актіге шағымдау құқығын қамтамасыз ету; әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды бұзуға кінәлі адамдарға шара қолдану.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне қадағалау жасаумен бірге прокуратура жедел іздестіру, анықтама мен тергеу сот тағайындаған жаза лау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығына байланысты заңдардың орындалуына қадағалау¹ жасайды.

Заңдылықты қамтамасыз етудің әдісі болып ішкі істер органдарының қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінің шағымдау құқысы саналады. Өзінің құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерін ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігімен шектеледі деп санайтын азамат, оның әрекетін жоғары тұрған органға, прокуратураға және сотқа шағымдауға құқылы.

Ішкі істер органдарының басшылары күнделікті өзіне бағынышты бөлімшелер мен қызметтердің азаматтардың өтініштері мен шағымдары қарау жағдайын тексеру керек, сонымен де ішкі істер органдарына азаматтардың келіп түсетін құқықтары мен заңмен қолғалатын мүдделеріне баланысты өтініштері мен шағымдарынан туындайтын себептер жағдайлардың жойылуын қамтамасыз ету қажет.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды бір түрі болып қызметкерлердің жауапкершілігі саналады. Өздерінің міндеттерін орындамағаны немесе тисінше орындамағаны үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері заңдарға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге жауапкершілікке тартылады.

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 ж. 21 желтоқсанда қабылданған № 2709 Заңының 34, 37, 43-баптарын қараңыз.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Заңдылықты қамтамасыз ету не үшін қажет?

Заңдылықтың принциптері мен талаптары қандай?

Ішкі істер органдарының қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету әдістеріне талдау жасаңыз.

Ішкі істер органдарының қызметінде заңдылықты қамтамасыз етуде прокуратураның рөлі қандай?

VII-ТАРАУ

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІПТІ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

19-тақырып. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІПТІ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ҰЙЫМДЫҚ НЫСАНДАРЫ

Елімізде қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету заңдылық пен құқықтық тәртіпті қорғауға азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету маңызды орын алады. Оған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңында «ішкі істер органдары қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде халықпен өзара қимыл жасайды» деп көрсетілуі айғақ.

Сондықтан, азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің қолдауына сүйену — құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықты ескерту, алдын алу, ашу және оларды тудыратын себептер мен салдарды жоюдағы тиімді қызметтің қажетті жағдайы.

Азаматтар құқық қорғау органдарына, оның ішінде ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жеке-еріктік негізде, контракт бойынша және қоғамдық бірлестіктер арқылы көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқық тәртібін, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғауға қатысуға белсенді тарту мақсатында мемлекет Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9-шілдедегі «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңын¹, сондай-ақ осы саладағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12-тамыздағы «Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу Ережелері туралы»² № 1243 қаулысын бекітті.

¹ Егемен Қазақстан. 30 шілде. 2004.

² ҚР ПҰАЖ. № 36-37. 2000. 426-күжат.

Бірінші аталған заң қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен қатысуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оның күші жедел-ізвестіру қызметіне байланысты туындайтын, Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы аталған заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, олардың ішкі істер органдарына ерікті түрде жәрдемдесуі арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар өз қызметін заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу мен сақтау принциптері негізінде жүзеге асырулары қажет.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу мәселелері жөніндегі құзыреті:

1. Жергілікті өкілді органдар:
 - тиісті әкімдіктер қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ішкі істер органдарына жәрдемдесетін азаматтарды көтермелеуге қаражат бөлуге қатысты әзірлеген бюджеттік бағдармаларды қарайды және бекітеді;
 - тиісті әкімдіктердің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияларының қызметін бақылайды.
2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланын) жергілікті атқарушы органдары:
 - қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркейді және олардың дербес есебін жүргізеді;
 - қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қалалардағы қалалық) комиссияларды құрады;
 - қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындайды.
3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:
 - қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың өңірлік есебін жүргізеді;

- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияларын құрады;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындайды.

Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу мәселелері жөніндегі құзыреті. Ішкі істер органдары:

- бакылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тартудың тәртібін, нысандары мен түрлерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындайды;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар куәлігінің үлгісін және эмблемасының нышанын әзірлейді және бекітеді;
- жергілікті атқарушы органдармен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар қызметінің мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;
- полицияның учаскелік пункттері базасында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды құқықтық даярлауды ұйымдастырады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркеу тәртібі. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға ниет білдірген азамат ішкі істер органына өтініш береді, оған Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің не төлқұжатының көшірмесін қоса береді. Азамат көрсетілген құжаттарға өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы куәлігінің көшірмесін қоса беруге құқылы.

Ішкі істер органы өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде азаматты наркологиялық, психоневрологиялық және өзге де есепке алу бойынша тексереді, одан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына тиісті колдау хат беріп, оған ұсынылған құжаттардың көшірмелерін қоса тіркейді, не қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, өтініш берушіге жазбаша түрде бас тартады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы келіп түскен колдау хатты жеті жұмыс күні ішінде қарайды, азаматты тіркеуді жүргізеді және оны қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын

азаматтардың есебіне қояды, бұл туралы ішкі істер органына жазбаша түрде хабардар етеді.

Кәмелетке толмаған азаматтардың және өздеріне қатысты қылмыстық, іс қозғалған не Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған, сондай-ақ наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын не соттың шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуына жол берілмейді.

Өтінішті қабылдамай тастау бас тартуға негіз болған себептер жойылған жағдайда өтініш берушінің қайта өтініш жасауына кедергі болмайды.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтың қатысуын тоқтатуға негіз болатын жағдайлар мыналар:

- азаматтың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуға ниетінің жоқтығы туралы өтініші;
- қылмыстық жауапқа тартылуы;
- бірнеше рет (бір жыл ішінде екі және одан да көп рет) қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;
- Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуі;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуын болдырмайтын мән-жайлардың туындауы (психикасының бұзылуы, маскүнемдікпен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыру не Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес айналасындағы адамдар үшін қауіп төндіретін ауру, не өлім).

Заңның 5-бабының 6-тармағында аталған мән-жайлар туындаған кезде (қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде, құқық қорғау органдары қаруланатын арнаулы құралдарды пайдаланса) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы тиісті ішкі істер органдарының ұсынымы бойынша бұл азаматты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар есебінен шығарады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың қызметін шектеу негіздері. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға:

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың айрықша құзыретіне жатқызылған іс жүргізу қызметі мен өзге де қызметті жүзеге асыруға; құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өкілеттігін иеленіп алуға;

- құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі жасауға;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде куәгер болуға;
- адам мен азаматтың ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын не азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектейтін іс-әрекеттер жасауға;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде аталған Заңның 7-бабының 3-тармақшасында аталған құралдарды қоспағанда, құқық қорғау органдары қаруланатын арнаулы құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтары мен міндеттері.

Қоғамдық, тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың:

- бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларда ішкі істер органдарына жәрдемдесуге;
- қылмыстар мен өкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;
- құқық бұзушылықтың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау мақсатында, егер аталған мақсаттарға өзге тәсілдермен қол жеткізу мүмкін болмаса, дене күшін және басқа құралдарды қолдануға құқығы бар. Бұл орайда ол үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмеуге тиіс. Әйелдерге, мүгедектік белгілері айқын адамдарға, жасы белгілі немесе анық көрініп тұрған кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қаруланып не топтасып шабуыл (зорлық-зомбылық) жасаған жағдайларды қоспағанда, дене күшін және басқа құралдарды қолдануға тыйым салынады;
- заңдарда көзделген жағдайларда қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстауға және құқық қорғау немесе өзге мемлекеттік билік органдарына алып келуге құқығы бар. Қажет болған жағдайда, ұсталған адамда қару немесе өзге де қауіпті заттар не қылмыстық іс үшін мәнді нәрселер бар деп ұйғаруға негіздер болған кезде, ұсталған адамның киімін тексеруге және аталған органдарға тапсыру үшін оларды алып қоюға;
- құқыққа қарсы қол сұғушылықтан, жол-көлік оқиғаларынан, дүлей зілзалалардан және өзге төтенше жағдайлардан зардап шеккен азаматтарға медициналық және өзге де көмек көрсетуге қатысуға;

- құқық бұзушылық, маскүнемдік, нашакорлық және уытқұмарлық алдын алу жөнінде түсіндіру және құқықтық жұмысты жүзеге асыруға;
- азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге құқығы бар.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар:

- 1) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;
- 2) ішкі істер органдарын өздеріне мәлім болған дайындалып жатқан не жасалған қылмыс фактілері туралы дереу хабардар етуге;
- 3) заңдарда көзделген жағдайларда азаматтардың талап етуі бойынша өзінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуының заңдылығын растайтын куәлігін көрсетуге;
- 4) қылмыс немесе әкімшілік құқық, бұзушылық жасағаны үшін ұсталған азаматтарға мәжбүрлеу шараларын оларға қолданудың негіздерін түсіндіруге;
- 5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысуы алдында құқықтық дайындықтан өтуге міндетті.

Көтермелеу шаралары. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу шаралары мыналар:

- алғыс жариялау;
- грамотамен марапаттау;
- ақшалай сыйлық ақы беру;
- жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз құзыреті шегінде айқындайтын өзге де шаралар.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін тиісті жергілікті атқарушы органның шешімімен құрылатын комиссия ішкі істер органдарының ұсынымы бойынша қарайды.

Комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ азаматты көтермелеуге ұсынған ішкі істер органының өкілдері енгізіледі. Комиссия жергілікті атқарушы органдарда тіркелмеген азаматтарды да, егер олар қылмыстардың алдын алуға, жолын кесуге немесе оларды ашуға септігін тигізсе, аталған заңда белгіленген тәртіппен көтермелеуге құқылы.

Екінші аталған қаулымен бекітілген Ереже қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселесін реттейді:

1. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін облыстар, қалалар мен аудандар әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссиялар қарайды.

2. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдарының жергілікті атқарушы органдар мен ішкі істер органдарының өкілдері енгізіледі.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды ақшалай сыйақымен көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына ішкі істер органы ұсынады.

4. Комиссия қабылдаған шешім — көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге ішкі істер органдарының басшысының бұйрығы — көтермелеу ақы төлеу үшін негіз болады.

5. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермелетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтіруі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

6. Ақшалай сыйақы төлеуді, көтермелеуге ұсыныс енгізген ішкі істер органдары жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеуге ақы төлеуге арналған қаржат ішкі істер органдары шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделетіндігін айқындайды.

Сонымен бірге азаматтардың қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысу негіздері Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер» туралы Заңының 2-бабында көрсетілген, «Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға сәйкес келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп аталады» делінген. Сондықтан қоғамдық бірлестіктер өздерінің жарғысына байланысты азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи органы қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдени ескерткіштерін қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық, ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңдарына тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылып, жұмыс істейді.

Қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтаста болу және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасауы мүмкін, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңдарда көзделген белгілі жұмыстар орындауы мүмкін.

Азаматтардың, меншік нысанына қарамастан кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де қызметтердің түрлеріне байланысты (детективтік) және күзет қызметі функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдар құрылады. Мұндай қызметтерді ұйымдардың жүзеге асыруына ішкі істер органдары рұқсаттар (лицензиялар) береді.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге нақты қатысатын қоғамдық құрылымдар. Қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылықпен, сонымен де басқа да құқық бұзушылықтармен күрес жүргізудегі маңызды рөл, арнаулы қоғамдық құрылымдар: халық жасақшылары және сарбаздары; полицияның учаскелік пункті; ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтары, және т. б. жатады.

Қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылықпен, сонымен қатар басқа да құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде ішкі істер органдарының жұмыс тиімділігінің маңыздысы олардың қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауында.

Мемлекет ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылықпен, сонымен де басқа да құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде нақты функциялар жүктелгендіктен, құқықтық тәртіпті қорғауға қатысатын қоғамдық бірлестіктер мен өзара қимыл жасаудың басты рөлі жатады. Қоғамдық бірлестіктермен өзара қимыл жасау мемлекетті басқарудың жалпы принциптері негізінде жүзеге асырылады. Ішкі істер органдарының қоғамдық бірлестіктер мен құқықтық тәртіпті қорғаудағы өзара қимыл жасау принциптері мен нысандары, олардың қызметін реттейтін нормативтік актілерінде және басқа да актілерде бекітілген.

Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасаудың айрықша кең тараған нысандары:

1. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік жағдайы туралы ақпарат алмасу. Бұл ақпарат құқық бұзушылықты ескерту және алдын алудың көкейкесті міндеттерін анықтау, жұмысты жоспарлау, оның тиімділігін нығайту және соңғы нәтижелерді (қорытындыларды) бағалау үшін қажет. Ішкі істер органдарының қоғамдық бірлестіктерді ақпарат пен қамтамасыздан-дырудың көлемі мен мазмұнын ішкі істер органдарының бастығы анықтайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен бірге, басқа құқық бұзушылықтармен күреске бірігіп шараларды жоспарлау мен өткізу.

3. Ішкі істер органдарының қоғамдық бірлестіктерге құқықтық тәртіп саласында жүктелген міндеттерді орындауға көмектесу және қолдау жасау.

4. Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қоғамдық бірлестіктердің мүшелерін құқық бұзушылық пен күрестің әдістері мен нысандарына оқыту; олармен құқықтық оқыту жұмыстарын жүргізу; жұмысын жоспарлау мен есепке алуға әдістемелік және басқа да көмек көрсету;

5. Азаматтардың ішкі істер органдарымен ақылы-шартты негізде қызметті жүзеге асыруы.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуының құқықтық негіздерін атаңыздар?

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу мәселелері жөніндегі құзыретін атаңыздар.

Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу мәселелері жөніндегі құзыретін атаңыздар.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркеу тәртібін атаңыздар.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың қызметін шектеу негіздерін атаңыздар.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтары, міндеттері мен көтермелеу шараларын атаңыздар?

Құқықтық тәртіпті қорғауға қатысатын қоғамдық (мемлекеттік емес) бірлестіктерді атаңыздар.

Қоғамдық (мемлекеттік емес) бірлестіктер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдана ала ма?

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтардың қызметіне басшылық жасаудағы міндеттерін атаңыздар.

Қоғамдық (мемлекеттік емес) бірлестіктермен өзара қиын жасаудың негізгі нысандарын атаңыздар.

20-тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ (ПОЛИЦИЯНЫҢ) ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН, ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСТІГІ.

Ішкі істер органдарының құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі тиімділігінің табысты болуы еңбек коллективтерімен, тұрғындармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен нақты байланыста болуында. Мұндай өзара іс-қимыл жасау «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңында «қоғамдық тәртіп қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды» деп көрсетілген.

Осыған орай, құқық қорғау тәжірибесіне сүйенсек, ішкі істер органдары қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттерін шешуде еңбек коллективтеріне, тұрғындарға және бұқаралық ақпарат құралдарына сүйене отырып жергілікті шешуде көп жетістіктерге жетуде.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері еңбек ұжымдарында және тұрғындар арасында ақпараттық-консультациялық қызметті жүзеге асырады. Қоғамдық тәртіпті, жеке қауіпсіздікті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, меншіктік құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға байланысты заңдар мен басқа да құқықтық актілерді түсіндіреді. Олар қаладағы және басқа да тұрғын мекендердегі құқықтық тәртіптің, яғни нақты қызмет көрсететін аумақтағы жағдайы туралы ақпараттандырады.

Еңбек ұжымдарымен (меншіктің нысандарына қарамастан) және тұрғындармен мынадай бөлімдер мен қызметтер байланыс жасайды: әкімшілік полицияның патрульдік қызмет бөлімшелері — көшелерде, демалыс парктөрінде, бау-бақшаларда және басқа да қоғамдық жерлерде қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде; жол полициясы бөлімшелері — жол қауіпсіздігінің қамтамасыз етуде автокөлік кәсіпорын ұжымдарымен; полицияның учаскелік инспекторлары — өздері қызмет ететін аумақтағы кәсіпорын, мекеме ұжымдарымен және тұрғындармен құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жүргізу барысында; лицензия және рұқсат беру жүйесінің қызметкерлері — жеке меншік күзет бірлестіктерінің ұжымдарымен, қару-жарак және жарылғыш материалдары бар кәсіпорындармен; мемлекеттік күзет қызметтері өздері күзететін объектілердің ұжымдарымен; криминалдық полиция қызметкерлері, анықтамашы мен тергеушілер — кәсіпорын, мекеме ұжымдарымен және тұрғындармен қылмысты ескерту, алдын алу, жолын кесу және ашуға байланысты шаралар өткізген кезде өзара әрекеттесе қызмет атқарады.

Кәсіпорын, мекеме ұжымдары және тұрғындармен осындай қарым-қатынасты ішкі істер органдарының басқа да қызметтері де жүзеге асырады.

Қарастырылып отырған өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы маңызды мәселе ішкі істер органдарына бекітілген аумақтағы кәсіпорын, мекеме ұжымдары және тұрғындарымен байланысты нығайту болып табылады. Осы мақсаттарда азаматтардың қатысуымен алдын алу шаралары ұйымдастырылады және өткізіледі. Тұрғындарды қоғамдық тәртіптің жағдайы, қылмыстардың ашылғандығы мен жолы кесілгендігі туралы хабардар етеді.

Ішкі істер органдарының басшылары, полицияның учаскелік инспекторлары және басқа қызметкерлері өздері қызмет ететін аумақтарда ішкі істер органдарының жұмысы туралы кәсіпорын, мекеме ұжымдары және тұрғындардың алдында есеп береді.

Ішкі істер органдары қала немесе аудан тұрғындарына, немесе жекелеген азаматтарға жазбаша және ауызша (радио, теледидар арнасы арқылы) заңдылықты, құқықтық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуге байланысты үндеулер жасалынады. Үндеу е қала, аудан аумақтарында тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты ішкі істер органдарының қызметкерлеріне көмекке шақыру және т. б. Азаматтарға өздерінің құқықтары мен бостандықтарына, мүліктеріне және басқа да заңды мүдделеріне заңға қайшы қолсұғушылық жасалғандығы туралы ақпараттарды күні бұрын хабарлау үшін ішкі істер органдарының сенім телефондарының нөмері хабарланады.

Ішкі істер органдары қылмыстарды іздеу, куәгерлерді, дәлелдемелерді табу, танылмаған адамдардың мәйітін кім екендігін анықтау, ұрланған балаларды іздестіру үшін, сонымен де басқа да қылмыстылықпен күреске қарсы қолдануға қажетті ақпараттар алу үшін тұрғындардың көмектесуіне шақырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс. Ішкі істер органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды табысты орындау үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыста болу қажетті жағдайлардың бірі болып саналады.

Осы мақсатта ішкі істер органдары ресми хабарлар, яғни бұқаралық ақпарат құралдары арқылы одан әрі тарату мақсатында «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының, 22-тармағына сәйкес, «Ішкі істер органдарына қызметін жария ету, анықтама алудан және соттан бой тасалып, жүрген адамдарды және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру үшін, қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында пайда болған өзге де жағдайларда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін тегін пайдалануға» құқығы бар.

Журналистер және бұқаралық ақпарат құралдарының басқа да өкілдерімен байланыс жасау кезінде олардың ақпараттарды алу мен тексеруіне ішкі істер органдары көмек көрсетеді. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында журналистің құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Осыған байланысты журналист:

- ақпарат іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға, мемлекеттік органдарға барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдануында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға;
- Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға,
- журналисттің куәлігін көрсету арқылы дүлей апаттар болған аудандарда, митингілер мен демонстрацияларда, сондай-ақ қоғамдақ, топтық және жеке мүдделер мен наразылақтарды өзге де білдіру нысандарына қатысуға,
- құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда олармен танысуға рұқсат алуға және т.б. құқылы¹.

Бұқаралық ақпарат құралдарында таратылатын хабарлар мен материалдарда адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке, қоршаған ортаға, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығына, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне байланысты қол сұғушылықтар белгілі болған жағдайда ақпарат агенттігі құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті және ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 177-бабы бойынша қылмыстық іс қозғауға себеп пен негіз болады.

Ішкі істер органдары қызметінің аса маңызды және көкейкесті мәселелері бойынша баспасөз конференцияларын, брифингтер, ішкі істер органдарының басшылары, қызмет және бөлім басшылары мен ақпарат құралдары өкілдерінің кездесулері, қабылдаулар өткізіледі.

¹ Толығырақ Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 ж. 23 шілдеде қабылданған № 451-І Заңының 20-бабын қараңыз // Орталық Қазақстан. 1999. 11 тамыз.

Баспасөз конференциясы — бұл ішкі істер органдарының, қызмет және бөлім басшыларымен заңдылықты, құқықтық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуге байланысты аса маңызды мәселелер бойынша және ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.

Брифинг — бұқаралық ақпарат өкілдерімен өткізілетін мәжіліс, онда жұртшылықтың назар аударатын мәселелері бойынша ішкі істер органдарының басшылары өз позициясын білдіреді, белгілі бір уақыт аралығындағы оқиғалар, органның нақты жұмысы бойынша ақпараттар, қаралып отырған мәселелер бойынша шешім табуға байланысты пікірлер айтылады.

Пресс-релиз — ішкі істер органдарының бұқаралық ақпарат құралдарына (өкілдеріне) арнап дайындалған бюллетені. Әдетте онда қандайда болмасын жағдайларды, проблемаларды және т. б. қамтитын хабарламалар мен ақпараттар болады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері журналистер және бұқаралық ақпарат құралдарының басқа да өкілдерінің алдында, радиода, теледидарда, сөз сөйлейді, дайындалып жатқан хабарлар, радио және теледидар бағдарламалары бойынша редакцияларға ақыл-кеңес береді.

Ішкі істер органдары мен депутаттар, партиялар, қозғалыстар, діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың құқықтық тәртіпті нығайту бағытында қоғамдық оң пікір қалыптастыру үшін маңызы зор.

Аталған бірлестіктер өкілдері және басшыларымен байланыстың кең тараған нысандары мыналар болып саналады:

- ұлттық жершілдер, діни бірлестіктердің өкілдері және басшыларымен күнделікті қарым-қатынаста болу, тұрғындар арасында ұлттық қақтығыстарды болдырмауға күш жұмылдыру, сондай-ақ жаппай бұқаралық құралдардың басқа да нысандарын пайдалану;
- ішкі істер органдары өкілдерінің қоғамдық бірлестіктер өткізетін съезд, конференциялар, демонстрациялар және басқа да шараларына қатысуы;
- депутаттар, партиялар, қозғалыстар, діни бірлестіктермен ақпарат алмасу;
- партиялар, қозғалыстар, діни бірлестіктердің басшыларымен тұрғын жерлердегі ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының (полицияның) жұмысы туралы қоғамдық пікірді анықтау мақсатында әңгіме-сұхбат жүргізу.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының бұқаралық ақпарат құралдармен байланысының алатын орны қандай?

Ішкі істер органдарының журналистер және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен байланыс жасаудағы кең тараған нысандардың түрлерін атаңыздар?

Ішкі істер органдарының қандай қызметтері мен бөлімшелері кәсіпорын, мекеме ұжымдары және тұрғындармен байланыстарды жүзеге асырады?

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
---------------	---

1-ТАРАУ.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ КУРСЫНА КІРІСПЕ

1-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ КУРСЫНЫҢ ПӘНІ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ.....	6
---	---

2-тақырып.

ІШКІ ІСТЕРМЕН БАСҚАРУ, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДА БАСҚАРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ.....	10
---	----

1. Ішкі істермен басқарудың мазмұны және ерекшеліктері.....	10
2. Заң шығарушы және атқарушы билік органдарының ішкі істер саласындағы өкілеттілігі.....	14
3. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ішкі істер саласындағы өкілеттілігі.....	16
4. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік түсінігі және негізгі элементтері.....	17
5. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің басқа да өмір саласымен қатыстылығы.....	25
6. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мазмұны.....	27

3-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ.....	29
--	----

1. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің мәні және негізгі ерекшеліктері.....	29
2. Ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің принциптері.....	36

II–ТАРАУ.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ, НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ	45
1. Ішкі істер органдарының міндеттері, функциясы, қызметінің нысандары мен әдістері.....	45
2. Ішкі істер органдары жүйесі	50

5-тақырып.

ОРТАЛЫҚ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ	52
1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құқықтық жағдайы	52

6-тақырып.

ЖЕРГІЛІКТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ	58
1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдарының құқықтық жағдайы	58
2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары құқықтық жағдайы	61

III–ТАРАУ.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

7-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ	64
1. Ішкі істер органдарындағы қызметті ұйымдастыру	64
2. Ішкі істер органындағы қызметтің құқықтық негізі	68

8-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ	74
1. Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің тәртібі мен ерекшеліктері ..	74
2. Ішкі істер органдары қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау	90

IV-ТАРАУ.

ЖАЛПЫ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

9-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ШТАБ-ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЖҮЙЕСІ..... 94

1. Ішкі істер органдарының штаб-департаментінің құқықтық жағдайы, жүйесі және негізгі жалпы басқару міндеттері 94

10-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ МЕН КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ..... 97

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Штаб-Департаментінің Жедел басқару орталығының тағайындалуы, міндеттері және функциялары 97
2. Астана, Алматы қалаларының ПД, облыстардағы ПД және көліктегі ПД жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру, кезекші нарядтың құқықтары мен міндеттері 101
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары, полицияның бөлімдер мен бөлімшелері кезекші бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру 107

V-ТАРАУ.

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

11-тақырып.

ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ..... 114

1. Полицияның міндеттері, өкілеттілігі және құқықтары..... 114
2. Полиция органдары қызметінің негізгі бағыттары 121

12-тақырып.

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ 129

1. Полиция органдарының ұйымдық құрылымы 129

VI-ТАРАУ.

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ, НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ТӘСІЛДЕРІ

13-тақырып.

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ НЫСАНДАРЫ	136
1. Полиция органдарының әкімшілік қызмет функциялары	136
2. Полиция органдарының әкімшілік қызметінің нысандары.....	139

14-15-тақырып.

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘДІСТЕРІ	142
1. Полиция органдарының әкімшілік қызметінің әдістері ұғымы және оның олардың түрлері.....	142
2. Полиция органдарының әкімшілік қызметіндегі сендіру.....	145
3. Полицияның әкімшілік қызметіндегі мәжбүрлеу шаралары.....	147
4. Полиция органдары қолданатын әкімшілік ескерту шаралары	149
5. Полиция органдары қолданатын әкімшілік бұлтартпау шаралары	151
6. Полиция органдары қолданатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.....	157

16-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУЫ	170
1. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалау түсінігі	170
2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау жасау	173

17-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	179
1. Әкімшілік юрисдикция ерекшеліктері	179
2. Ішкі істер органдары әкімшілік-юрисдикция субъектісі ретінде.....	183

18-тақырып.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	187
1. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіндегі заңдылық.....	187
2. Заңдылықтың принциптері және талаптары.....	190